

С.Б.Қазыбе
0-54

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

An illustration of a warrior on a dark brown horse, wearing a dark helmet with a plume and armor. He is pointing his right hand towards a distant city with domes and arches under a blue sky with clouds. The scene is set in a field of tall grass.

АҚСАҚ ТЕМІРДІН
алмас қылышы

Повестер мен әңгімелер

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

АҚСАҚ ТЕМІРДІН АЛМАС ҚЫЛЫШЫ

282057



Повестер мен әңгімелер

“Zaman Print” баспасы

ОТЫРАР” ҚАЛАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘМБЕБАП
КІТАПХАНАСЫ”

Алматы. 2019.

КІТАП САҚТАУ
БӨЛІМІ

УДК 821. 512. 122
ББК 84 Қаз-44
О-34

ОЛЖАБАЙ Сабырбек.

О-34 Ақсақ темірдің алмас қылышы (Повестер мен әңгімелер). – Алматы, «Zaman Print», 2019 – 254 б.

ISBN 978-601-80719-6-6

Бірнеше кітаптың авторы Сабырбек Олжабайдың есімі әдебиет сүйер қауымға сатиралық шығармаларымен, лирикалық өлеңдерімен танылды. Бүгінде кемел ой тоқтатқан қаламгер ретінде байыпты прозаға қалам тартып жүр. Онын «Жылыбұлақ» атты прозалық кітабын оқырман қауым жылы қабылдады. Жазушының әр шығармасынан қазақы леп еседі. Әңгімелері алған нысандарын жан-жақты аша білуімен құнды.

Осы кітапқа енген туындыларынан автордың қара сөздің қаймағын қаламына орай білетін жазбагерлігін тануға болады. Жазушы «Ақсақ Темірдің алмас қылышы» атты повесін тарихи деректер негізінде жазғанымен, өзінше ой түйеді, байлам жасайды, дәуір дүрбелендеріне өзіндік көзқарасын білдіреді.

Жазушы әлеуметтік өзгерістердің астарына да өзіндік көзқараспен үңіледі. Автордың тілі жеңіл болғанымен, адам құпиясының қалтарыстарын ашудағы шеберлігі оқырмандарын бей-жай қалдырмаса керек.

Кітап қалың оқырманға арналған.

УДК 821. 512. 122
ББК 84 Қаз-44

ISBN 978-601-80719-6-6

© Олжабай Сабырбек, 2019 жыл

АЛҒЫСӨЗ

Осыдан біраз жыл бұрын «Егемен Қазақстан» газетіндегі (6 сәуір, 2017 жыл) «Табиғат терезесі» айдарымен жарияланған «Көктемді қондырып қанатына...» атты Сабырбек Олжабайдың мақаласынан: «Сол жылы қыс қатты болды: құдасына келген қытымыр шалдай сарыжамбастанып жатып алды, атан түйені жел шайқады...жуан жіңішкерді, жіңішке үзілді» деген сөйлемін оқып, «Достарым, қандай көркем, суреткер-қаламгерге тән образды сөйлем! Жанды. Қарапайым мақаланы да осындай көркем, ұлттық ойлау жүйесінен өрген сөз-сөйлемнен бастап жазуға болады екен. Бір деммен оқып шықтым! Мұндай болмыс-көркем әдебиет өкілі талантты жазушыға тән қадір-қасиет! Соңғы сөйлемдегі «түйенің шайқалып, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілгені» гипербола. Бұл көркем әдебиетке тән көркем сурет.

«... Құдасына келген қытымыр шалдай сарыжамбастанып жатып» алған қыс қандай мағыналы-мәнді бейне. Көз алдыңызға келтіріп көріңізші. Керемет! Жақсы мағынадағы қазақы жазушының аузына Алла салған сөйлем. Бұлай бірде бір басқа ұлт өкілінің жазушысы жаза алмайды. Өйткені, бұл тек қазақ жазушысының менталитетіне (ділі, сосын, салт-дәстүр, әдетіне) тән қасиеттен өрген суреттіркес! Осыны орысшаға немесе басқа тілге аударып көріңізші, мұншалықты әсері болмайды. Осы сөйлемге қатты қызықтым! Өлеңге сұранып тұр. Сабырбек бермейді-ау» депмін.

Шындығында да, жоғарыда жазып-айтқан сөздерімнің растығына, оның назарларыңызға ұсынып отырған жинақ-қолжазбасын оқу барысында тағы да көзімді жеткізе түстім. Сабырбек Олжабай қазақ әдебиетіндегі соңғы кезде қатқылданып, қасанданып бара жатқан, бастауында Сайын Мұратбеков, Қарауылбек Қазиев, Нәсрәддин Серәлиев секілді лирикалық проза жанрының өкілдеріне жататын, соңғы жазушылардың санатындағы қаламгер.

Жинақтағы «Төркіндеп қайтқан келіншек», «Соғыстың соңғы солдаты», «Мен оны кінәлай алмадым», «Жанардағы жұмбақ мұн», «Жаңа үйдегі бөтен әйел» әңгімелері мен «Ақсақ Темірдің алмас қылышы», «Сұңғұла» повестерін оқып отырып, жоғарыдағы айтып отарған ойым мен пікірімнің дұрыстығына тағы да көз жеткіздім. Автор-қысқа әңгімелер шебері. Автор әңгімелеріндегі жинақылық,, нақтылық, арасынан ши жүгірте алмайтын оқиға дамуы барысында логика ағыны, көркем шағын әңгімеге тән қадір-қасиеттер, бәрі оның шынайы да сыршыл жазушы екенінің белгісі. Бұл Тәкен ағамыз Әлімқұловтың үрдісі. Шағын әңгіме жанрының арғы тегін қазақ ертегілерінен таратсақ, (мысалы, «Ер Төстік», т.б) ондағы жинақылық, нақтылық, логикалық желінің үзілмей, бірін-бірі қуалай жалғасуы-Сабырбек әңгімелерінің арқауы. Автор сонымен бірге прозадағы басты көрсеткіштердің бірі-көркемдікке барынша ден қояды. Образды ойлау жүйесі қазақы. Автор-суреткер. Мысалы, оның «Жұмақтан қашқан періште» атты әңгімесіндегі келіншектің трагедиялық жағдайға ұрынып, өзін өлімге қиюындағы бір сәтті ол қалай суреттейді десенізші! Әңгіме соңындағы финалда автор: «Күн қарақошқылданып батып барады екен. Жиектерінен қан сорғалағандай. Мұндайды бұрын-соңды көрмеген келіншек қалтырап , бүкіл денесі жансызданып бара жатқандай дел-сал күйге түсіп,тізерлеп отыра кетті. Жасты жанарымен көкжиекке тесіле қарады. Қан көрді. Қорқынышты.Қап-қара...»

Міне, адам табиғатына тән пенделік қадір-қасиет, табиғат көрінісі келіншек- кейіпкер ажалынан хабар беріп тұрғандай. Бұл суреткерлік, поэтикалық-психологиялық портретке ұласқан табиғат пен адам көңілінің үндесіп, үйлескен тұсы. Сіз бір уақыт көз алдыңызға Тәкен Әлімқұловтың «Қараой» әңгімесінің соңғы жағына назар салып көріңізші. Онда Махамбет қазасынан кейінгі табиғат көрінісіндегі трагедиялық көрініс Сабырбек әңгімесінде өзінше бояу қанықтығына не болып, әріптес ағасының мектебінен

өткендігін көрсетеді. Бұл-таланттар үндестігі, таланттар табиғатының бір-бірінің топырағынан өрген қаламгерлік, шығармашылық қадір-қасиеттер. Ендеше, Сабырбек-Тәкен тақылеттес талантты жазушы. Одан сіз Тәкен шеберлігін байқайсыз. Міне, Сабырбек әңгімесінің соңғы нүктесіндегі келіншек тағдырының төркіні де сонда жатыр. Бұл таланттар үндестігі.

С.Олжабайдың назарларыңызға ұсынып отырған жинағындағы поэтикалық-психологиялық, лирика-трагедиялық оқиғалар негізіндегі әңгімелердің көркемдігі оның тілдік қорының көрінісі іспетті. Ол таза қазақы образды ойлау жүйесінің иесі. Бұл-стиль. Автордың шығармашылық «менінің» көрсеткіші. Ендеше, Сабырбек Олжабай қазақ прозасының соңғы жас толқынының көш басында тұратындай-ақ жазушы-суреткер. Жинақтың оқырманын бейжай қалдырмайтыны тағы ашық.

Аманхан ӘЛІМҰЛЫ,

ақын, Қазақстанның мәдениет қайраткері,

**Мұқағали Мақатаев атындағы әдеби сыйлықтың
лауреаты, республикалық «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-
саяси журналының бас редакторы.**

НОВЕЦМЕР



АҚСАҚ ТЕМІРДІҢ АЛМАС ҚЫЛЫШЫ

(повесть)

Алмас қылышының алапат жарқылынан жан түршіктірерлік үрей тудырып, әлемнің жартысын жаулаған, жорықтарының барлығы тек жеңіспен аяқталатын, қашан да жауларын айбарымен жасқаған Әмір Темірдің бір төмен етекгінің жүрегіне жол таба алмағаны санасын сансыратып, талай уақыт көңілі жай таба қоймады.

Азулы арыстанның алдында алпыс айлалы түлкі де жанын шүберекке түйіп, тығыларға тесік таппай дымы құриды. Әмірдің зәр шашқан қаһарлы қабағына қолбасшыларының өзі қаймығып қарайды. Жеңіліс тапқан жаулары дәрегейіне бас ұрып, аяғына жығылып шыбын жандарына сауға сұрап жетім баладай жәутендейді. Иран, Үндістан, Грузия, Әзербайжан, Дағыстан, Сирия, Персия, Палестина, Ауғанстан сияқты алпауыт елдерді табанында таптап, осы аймақтардан қаншама хас сұлу әкелінбеді десеңізші. Қай ару да Әмірдің от құшағына құлауды армандап, талай танды талықсып атырды. Сонда Сарай-Мүліктің бұл шолжаңы қай шолжаң?

Айдай сұлу ажарымен талай жанның жүрегіне шок тастаған ару Темірдің де онша-мұншаға тебірене қоймас көңіл аспанын тілгілеп, нөсерлетіп жауын төккізді емес пе? Япырай, сұлулық-сұм адамның да сауытын сөгеді екен-ау. Небір баһадүрлерді бақаша бақыртқан Әмір Сарай-Мүлікке келгенде кеуде тұсы шым ете қалатыны қалай? Тегі, темір жүректің де әлсіз тұсы болғаны-ау. Тайсалмайтын, торықпайтын Темірді тас-талқан етіп жеңетін күш бар ма еді?

Әйел жүрегінің жұмбағын талай шыңды бағындырған, талай ғылымды меңгерген Әмір Темір де шеше алмағаны қалай? Ол алмас қылыш, найзаның ұшы, білектің күшімен бағынбайтын қамал болмайды дегенге барынша ұйитын.

Сөйтсе, әйел жүрегіне зорлық жүрмейді екен. Әйел жүрегінің қамалы мұншалықты берік болар ма? Сонда ешкімге бас ұрып көрмеген Әмір не істемек керек? Жұдырықтай жүректі жібітудің жолы бар ма? Талай қорғанды қиратқан Әмірдің көңілге түйген бір сыры осы еді.

Тартысты, тайталасты, тағдырлы жылдар бедерінде так пен бақ үшін болған қанқұйлы қақтығыстарда қаншама түлкібұлаң тайғанақ тәсілдер жасалмаған. Ұлы Әміршінің балалық шағы Орта Азиядағы шағатай ұлысының ыдырай бастаған кезімен тұспа-тұс келді. Билік сынапша сырғып, бір қолдан екінші қолға ауысып жатты. 1346 жылдан бастап түрік әмірлері билік басына келген. Әйтсе де ұлыстың әр бөлігіндегі саяси құрылым әртүрлі еді. Шығыс Түркістан, Жетісу әмірлері таққа әлі де Шыңғысханның ұрпақтарын отырғызып жатты. Дулат тайпасының билеушісі Болатшы Шағатай ұрпағы Тоғылық Темір Моғолстан мемлекетінің негізін қалады. Ашкөздік, мансапқорлық, даңққұмарлық билік басындағылардың көзін қай замандардан да тұмшалап келді. Тоғылық Темір де Әмудария мен Сырдария аралығындағы батыс мемлекет-Мәуереннахрды басып алды. Бұл 1360 жыл еді.

Басқыншылық, батымташылық, керуен тонаушылық сол запыран заманның асқан ерлігі саналды. Темір де осы топтан ұзай алмаған. Алайда, өжет те батыл, ат үстінде мығым отырып шайқасудың неше түрлі тәсілін жетік меңгерген қарақшы Темір дақпырты ханға да жетті. Тоғылық Темір өзіне қарсы келсе тау мен тасты, жыра мен жықпылды паналап, тым құрыса балағаннан баспана тұрғызбаған, апанды үй санап жүрген Темірді атынан аударып тастауға да бекінген. Ақылы мен айласы бір басына жетіп, артылатын Темір онымен ымыраға келді. Айбарлы да асқақ, өз ісіне мығым Темір ханға бір көргеннен ұнаған. Жиырма бес жастағы Темір Қашқария уәлаятының билігіне осылай келді.

1362 жылы Моғолстан әміршілері бірімен бірі қырғи қабақ болып өзара ортақ келісімге келе алмаған. Сондықтан Тоғылық Темір орынына ұлы Ілияс Қожаны қалдырды да Темірді ұлының бас кеңесшілігіне тағайындады. Содан кейін еліне тоқ көңілмен қайтты.

Ілияс Қожа өзімбілермен, өркөкірск жан еді. Оның кіді мінезі Темірге ұнаған жоқ. Кереғар көзқарастары, өзара келіспеушіліктері бекемдіктеріне сына қақты. Темір қызметінен ықтиярсыз кетті. Ендігі жерде ол билік басына қайта оралу үшін Мәуереннахрдың соңғы ханы Қазағанның немересі Әмір Хусейнмен күш біріктірді. Екеуінің ортақ мүддесі моғол ханын тақтан тайдыру еді.

1366 жылы Темір досы Әмір Хусейнмен бірге Самарқанды бағындырды. Сербедарлар сан соғып қалды. Әмір Хусейнмен кулық-сұмдығы жымдасқан Темір күш ала бастады. Әмір Хусейн мен Темірдің арасынан қыл өтпейтіндей еді. Сырт көз екеуінің татулығына тамсанды. Қуанышты да, жұбанышты да бірге өткізуге сертескен достар түбін қазып көргенде біріне-бірі сенген жоқ. Сонда да арадағы достықты нығайтып, туыстықты бекемдей түсу үшін Әмір Хусейн қарындасы Ұлжай Теркенегені Темірге ұзатты.

Ұлжай сұңғақ бойлы, жаудыраған үлкен әдемі көзді бойжеткен еді. Ақ-қарасы айқын бота көздері төңкеріліп түскенде Темірдің жүрегі таудай тулады. Сөйлегенде маржандай тістері жарқ етіп, Ай нұрымен шағылысады. Жұқа еріндері бетінің қызылына ұласып, Ұлжайды одан сайын сұлуландыра түседі.

Әмір Хусейннің айдай сұлу қарындасы Темірдің бауырын жылытып қана қойған жоқ, оның өзіне деген сенімділігін де еселеп арттырды. Самарқанның билеушісі Әмір Хусейн де, оның бас көмекшісі Темір болатын. Бас көмекші билеушінің барлық осал тұсын бес саусағындай білді.

Айламен, айлакерлікпен, түлкібұлаңмен, қулық-сұмдықпен өмір сүретін алмағайып, аласапыран заманда ол барлық қаскүнемдікке шімірікпей барды.

Темірді тізгін тартпас тасжүректілікке қарақшылық өмірі баулыды. Түн жамылып жортқан түндерде ол талай рет ажалмен бетпе-бет келді. Сонда ол не ажал құшып, не қарсыласын жеңіп қана үстемдікке қол жеткізетінін анық түйсінген. Өз етін өзі жұлып жейтін ит, ашуын баса алмайтын арыстан, көр ақтаратын қорқау, жан-жануарларды талғамай жұтатын айдаһар, өз баласын жейтін күзен Темір заманының басты тұлғалары еді. Осы заңдылықты бойына сіңірген Темір де ұластарынан алысқа ұзай алар ма?

Барымташылық, қарақшылық үстемдік еткен жорық жылдарында Темір жауын жағадан ала түсудің нешетүрлі айла-шарғысын жетік меңгерді. Теріні илеуін қандырып илеп, былғары дәрежесіне жеткізген соң, оны дөңгелек пішімде тігіп, ішіне ауа толтырып, қалқыма қайық жасауды ол Сырдария жағалауындағы жырынды жолдастарынан үйренді. Осы қалқымалы тұлып –қайық үстіне киім-кешегін, қару-жарағын тиеп, өздері ат құйрығынан ұстап ұлы дарияны кесіп өтетін көрдей қараңғы түндер ұмытылмақ емес.

Темір тегеуірінді тайталастарында соғыс тәсілдерін көбіне даланың айлалы әрі ақылды тағысы-қасқырлардан үйренді. Айлакер де әккі, жүніне дейін қастандық танытып тұратын көкжал жауының көзіне тік қарайды. Қарсыласының осал тұсын қапысыз табады. Мұнан соң олар тұтаса келіп шабуылдағанда көкжалдарға қарсыласар күш табылмақ емес. Құтырынған қасқырлар боз боранда, сақылдаған сары аяздарда, қою қараңғылықта шабуылды үдетеді. Ұлы мақсаты үшін қарсыласымен қан-жоса болғанша жанын салып алысады. Ажалды шабуылдан үріккен талай аң апанға өзі барып түсетінін Темір талай көрді. Даланың дара билеушісі-қасқырлар айла мен амалға да жүйрік. Кейде

аң қуғанда үш-төрт ұяласын қарға көміп кетеді де қашқан киікті немесе ақбөкенді сол жерге қайырып айдап келеді. Қар астынан сайтандай сап етіп шыға келген көкбөрілер онсыз да қажып келе жатқан анның бойындағы үрейді үдетеді. Өз аяқтары өздеріне бағынбай ажал ауызына өздері келіп күмп етеді.

Шехрисәбздің оңтүстік-батысындағы Қожа-Илгар ауылында дүниеге келген Темір осы маңдағы жорықтарының бірінде көкжалдың бірімен бетпе-бет қалды. Көзінен шоқ ұшқындаған дала тағысы Темірге қадала қарап тұрды. Көкірегі ызалы кекке толған көкжал онтайлы сәтті қалт жібермеуге тырысып бақты. Бойында бауырына басқанын өлтірмей жібермейтін бураның буырқанған күші мен ызасы бар көкжал өзін тірі күйінде жұтып жіберердей кәр төккен екі аяқтыға бата алмады. Қаршыға көзді, ұзын бойлы екі аяқты мақұлық көкжалдың тайсалмайтын жүрегін тілгілеп өтті. Өзіне төніп келе жатқан ажал оғынан құтылудың соңғы амалы жалт беріп қаша жөнелмек болғанда тамағынан ала түскен қанды шеңгел тынысын тарылтып, дүние шыр көбелек айналып жүре берген. Бірақ, көкжал қыңқ деп дыбыс шығарған жоқ. Бұл қасқырлардың ғана бойынан табылатын қайсарлық екеніне Темірдің көзі жеткен. Бәлкім, серті солай шығар. Әмір Темір кейін өз жазбаларында «Көкбөрі киелі. Тура кіруді біледі, кері шығу-қанына жат қылық» деп жазды.

Ал, арада жылдар өтіп Түркіменстанның Мерв деген жеріндегі қақтығыста оң аяғы мен оң қолына оқ тигенде Темірдің шыбын шаққан құрлы көрмей қасқайып қарап тұруы құла дүздегі қасқырдан дарыған қасиет еді. Алайда, сол жарақатынан соң Темір ақсандап жүретін болған. Оң қолының екі саусағы жұлынып қалды. Бұған қоса оң шынтағы бүгілмейтін болып бітті.

Темір содан былай көкжалдың дұшпансыз болмайтынын түсінді. Жан-жағын аш қасқырлардай дұшпардар торыған тұста сауысқандай сақ, қаршығадай қырағы болу керектігін жадына түйді. Қас жауына өліспей беріспеу керектігін жүрегіне жазды. Әуелдесеңіз ұлы мақсат жолында Шыңғыс хан сияқты туған бауырын да шімірікпей өлтіру керек деп санады. Темірдың әкесі өліп, туыстары айдалаға қаңғыртып тастап кеткен күндерінің бірінде өзімен қарсыласа беретін бауыры Бектерді шімірікпей өлтірді емес пе? Жастайынан өжеттілігі мен батылдығымен атағы шыққан Темір ештеңеден қаймықпайтын ер жүрек болғанымен тағдырдың тепкісін бір кісідей тартты. Сондықтан оның жүрегі беріштеніп бітті. Жаралы жүрек күннің шуағына да жібімеді. Ол тақуа әкесі Тарағай ноянға мүлде кереғар бағытта қалыптасты. Оның әкесі Тарағай мұсылманша сауатты, ел-жұртына қадірлі би болды. Ал, атасы Шағатай ханның оң қолы Қарашор ноян еді. Темір жастайынан ат құлағында ойнады. Ат үстінде қылыштасу, найзаласуды шебер меңгерді. Сығалағанын түсірмей қоймайтын сұрмерген болды. Ұзын бойлы, жауырыны қақпақтай, кең маңдайлы, сопақ жүзді осы бір адамның дауысы да зорайып шығатын. Өзі құралпы достары одан ықтап жүрді. Ал, ұлан асуларды асып, үлкен жолдар бойында көпестерді тонай бастағанда Мәуереннахр шағатайлары онымен санасты.

Бертінде Мәуереннахрды Әмір Хусейнмен бірге бағындырып, билікті өз қолдарына алғанымен екеуі ақылдаса келіп, шағатай ұрпағы Қабылшахты хан сайлады. Хан ұрпағы ғана хан болып сайлана алатынын көңіліне түйген Темір түп тарихы барлас бола тұра бұржігін руымен туыстас болуды армандағанының астарында осындай сыр жатыр еді.

Даланың дара билеушісі көкжал туралы Темірдің түйгені терең. Ол өзін ұлы Шыңғыс ханның ұрпағымын деп жариялауға, дәріптеуге аса құмбылдық танытты. Осы ретте оның есіне Шыңғыс ханның бала кезінен табынып

келген тағылымы- көкжал туралы аңыз-ертегісі еске түсерді. Құдайдың әмірі бойынша бақытты туған көкжал асқан сұлу келіншегі Ғоуа Марылмен (Теңбіл Марал) өмірге Батушаған деген бала әкеледі. Көкжал мен Теңбіл Марал теңіз-мұхиттардан жүзіп өтеді. Ақырында Онан өзенінің жағалауы мен Бұрхан Халдұн тауында мекендейді. Бұржігін руынан тарағандар өздерінің көкжал тұқымынан екенін үнемі мақтаныш етіп отыратын. Көкжалдардың талай айқасын көрген Темір «менің де бойымда солардың қаны болсашы» деп армандайтын.

Міне, соның ретін арада талай жыл өткенде мың-сан айламен келтіріп отыр.

Қалай болып еді өзі? Көп ұзамай Темірдің некелі әйелі Ұлжай Теркенеге қайтыс болды. Осы кезден бастап Әмір Хусейн мен Темірдің арасы алшақтай түсті. Сайтани сәттіліктің сүйкенбейтін жері бар ма? Тап осы кезде Самарқан тұрғындары билеушіге қарсы наразылық танытып, бас көтеріп жатыр еді. Мұны бас кеңесші өз ыңғайына сәтті пайдалана білді. Көтерілісшілердің қолтықтарына дым бүркіді. Ақырында оларға өзі бас болып Самарқанды басып алды.

Жүрегіне қан қатқан Темір Тарағайұлы қандыбалақ серігі Әмір Хусейннің мойнына ажырғы кигізіп, терісін тірідей сыпырып, етін боршалап өлтірді. Сонда да селк еткен жоқ.

Арада аз ғана күн өткенде өзін Мәуереннахрдың жоғары билеушісі деп жариялады.

Заң дегеніңіз түптеп келгенде өрмекшінің торы әспеттес: әлсіздер тұтылып, күштілер құтылып кете береді. Ақсақ Темірдің қатаң заңы алайда бұған бағынбады. Оның уысынан күштілер де, әлсіздер де шыға алмады. Қанмен бекітілген достықты жанынан безіп тас-тасқан етіп бұзып, басшысын өлтірген Ақсақ Темір ешнәрседен де тайсалмайтын қаражүрек болатын. Ол көк аспанда күн күймесі қалай еркін

қозғалса, сайын далада өз керуені солай еркін көшіп-қонады деп бұйырды.

Хан тұқымына табандап жақындай беру Темірдің түп мақсаты болды да ол Әмір Хусейннің Бибі ханым атымен белгілі шағатай ұрпағы Сарай-Мүлікке көз тікті. Оның әкесі Шыңғыс ханның ұрпағы Қазан хан болатын. Мұның үстіне Сарай-Мүлік келіншек болып толысып, күннен күнге көз сүріндірер сымбатты болып келе жатты. Онсыз да ай дидарлы бегімнің ажары атқан таңдай аппак: құлын мүсін, шымыр иық, қыпша бел, көріктей көкірек тұсы, шие ерін, қиғаш қас, қыр мұрын, жәудір жанар жан біткеннің жүрегіне шок түсіретін.

Алайда, қыздай қылымсыған Бибі ханым бес ай бойы Ақсақ Темірдің ырқына көне қоймаған. Қаншама қасарысқан қас дұшпанын тізе бүктірген Темірді тәппін келіншектің тәлкек етуі қалай? Иә, хан ұрпағы емес басқа бір күштінің қызы болғанда Бибі ханымды көкпардай көтеріп әкете салу жүрегінің түгі бар Темірге түкке де тұрмайтын. Шыңғыс ханның ұрпағына қол көтерсе Темір кім болмақ? Бірақ, жұпары жауған қардай бораған Бибі ханымның ыстық құшағы тегеурінді Темірді тежей алмады. Оның Бибі ханымға деген ынтық жүрегі күн өткен сайын лапылдай түсті. Көз қай жерге түссе көңіл де сол жерге түседі. Ақсақ Темір күні-түн өзіне ыңғай бермеген Сарай-Мүлікті ойлай берді.

Әйел жүрегінің алынбас қамал екенін Темір сонда барып түсінді. Қас-қабат қамалдарды қиратқан Темірдің топшысы қатты қолы келіншекке келгенде зіл тартып көтерілмей қойды. Оның үстіне Бибі ханым бір жолыққанында отты көзімен мұны атып тұрып:

-Шыңғыс ханның рухы мен әруағынан қорықпаймысыз? Хан ұрпағының еркіндігі Құдайдың ғана қолында. Осыны ұмытпағайсыз,- деп кеткен.

Мына үкім сынды үрейлі сөз Темірдің жүрегін селк еткізді. «Хан ұрпағының еркіндігі Құдайдың ғана қолында»

дегенінде қандай астар жатыр? Бәлкім, сыландаған сұлудың көңіл түкпірінде басқа бір жан бар ма екен? Ол өз еркім өз қолымда деп отыр емес пе? Демек, оның жүрегіне жара салған біреуі бар. Қызғаныштың көзі көп. Соның бірі-күдік. Жүрегіне күдік ұялаған Темір енді сол жұмбақтың түйінін тарқатпаққа тырысты. Келіншектің еркін билеп, жүрегін жаулаған кім? Кекірейе сөйлеп, кердең басып жүрген Бибі ханымның жұмбағын шешудің қиындығы бола қоймас. Темір Темір болып жаратылғалы талай сандықтың кілтін тауып, қойыртпағын ақтарды емес пе? Ханым жүрегіннің кілті де қолына түсеріне сенді. Бірақ, балдың да уы болады. Әзірге уын боратқанымен, балың берер күн де алыс емес. Осылай ой қорытқан Темірдің түндей түнерген түсі бұлт ішінен шыға келген күндей жарқ етті.

-Сарбаз!-деп бүркіттей саңқ етті Әмір.

Есіктен едел-жедел кіріп келген сарбаз қалт тұра қалды.

-Баһадүрді шақыр. Тез келсін!

Баһадүр Әміршінің көп тыңшысының бірі еді. Оны оңашалап отырып, келіншектің әр қадамын аңдуды тапсырды.

Арада бірнеше күн өткенде Баһадүр Әмірші алдына келіп, бас иіп тұрды.

-Әміршім, жарлығыңыз орындалды. Бибі ханым бойжеткен кезінде Хасен деген жігітке өлердей ғашық болыпты. Хасен де қыз жүрегін жаулайтындай келбетті де батыр жігіт екен. Екеуі жастайынан бірге өсіпті. Қазір сол жігітпен әмпей-жәмпей көрінеді. Сізге мойын бұрмай жүргенінің бар сыры осы болса керек,-деді Баһадүр.

-Басқа айтарың бар ма?

-Жоқ.

-Ендеше, осы әңгіме екеуіміздің арамызда ғана қалсын.

-Құп болады, Әміршім! Оған күмәніңіз болмасын.

«Адамның басы-Алланың добы». Жаратушы Ием

адамның басын допша домалатып ала бермейді. Бірақ, қандыбалақ Ақсақ Темір үшін адамның басы доптан да құнсыз. Осыны ойлаған Баһадүр қорыққанынан қоянша қалтырады.

Темір төсегінде түнімен дөңбекшіді. Хас сұлудың қайдағы бір қараның қойынында ләззат балын татып жатқаны оның шамына тиген. Хасеннің қарсыластық қыңырлығының, тоят түнінің бодауына лайық жазаны Әмір ішінен шешіп те қойған.

Сол түні аспанда қою қара бұлт үдере көшті. Ай жүзін бұлт шалды. Көзге түртсе көргісіз қараңғы түнде Темір жендеттерімен атқа қонды.

Баһадүр тыңшы Хасеннің отауы қала шетінен оқшау жазиралы жазықта деп хабарлаған. Суыт келген жасақ аттан түсіп, оңаша отауға кіріп келгенде аппақ төсек үстінде ұмар-жұмар арпалысып жатқан ғашықтар көрпелерін қымтай да алмай қымсынған. Қансонарда қыран бүркіт қызыл түлкіні бауырына басып, екі тағы өмір үшін жан алып, жан берісіп арпалысып жатпаушы ма еді? Мына төсек үстіндегі арпалыс жасақтарға сол суретті көз алдарына елестеткен. Іштей сүйсініп қалған сұқ көздер жайран қаққанымен, тоят төсегіндегі арпалыс Темірдің жүрегін тілгілеп өтті. Оның қаршыға қырағы көзі Бибі ханымның жарқ ете қалған аппақ төсін шалып қалған еді. Іңкәрліктен бе әлде қызғаныштан ба өн бойын бір белгісіз қуат дуылдатып бара жатты. Іле басы дың етті. Оның көзі құтырған қасқырдікіндей қып-қызыл болып жанып тұрды. Мұны көрген қасындағы жендеттерінің өздері қорқыныш-үрейден естері шыға дірдектеді. Кім білген, ашумен Темірдің алмас қылышы жаза басып бұлардың қылша мойындарын қиып түссе ше? Әйтсе де Әміршінің қураған ағаштай бозарып кеткен өңінен ештеңені аңғару мүмкін емес еді.

Бұл пе? Тозімділік пе әлде жауына деген өшпенділік пе? Сазарған, сазбеттенген жүз неден хабар береді? Бибі ханым

үн-түнсіз қарап тұрған Темірден қаймықпастан иығына ақ торғын шәйі көйлегін іле бастады. Қымбат қауышуының, тоят түнінің шырқын бұзған Әміршіге дұшпанкөзбен жиіркене қарады. Өйткені, жесір келіншек шадыман шағының желдей есіп тез өте шығарын білмеген-ді. Ар-ұятты жинастырып қойып, басқаның босағасын басына келіп сан мыңдаған адамды бағындырып отырған Әміршінің өзі аттайды деп кім ойлаған?

Сарбаздар енді екі бейбақтың бағы тайып бара жатқанын қапысыз түсінді. Бірақ оларға таяныш болар хал болмақ емес. «Тісінді сындырғың келмесе тіліңді тый».

-Иә, Бибі ханым! Іңкір жүрегінді кімге сыйлағаныңды көрдік. Енді сол таянышыңа арашасы бола біл!-деді Темір түйіліп.

Бибі ханым Темірдің өткенде бір келгенінде «ертеңінді ойла» деп кеткенін еске алды. Сондағы құқайы осы болып шықты ғой.

Қара дауыл іспеттес дүлей күшке нәзік жаратылысты әйел түгілі тау да тосқауыл бола алмайды. Сондықтан Бибі ханым ләм-мим деп үн қатқан жоқ. Тек қатал Әмірші қандай үкім шығарар екен деп жүрегі лүпілдей соқты.

Ақсақ Темір қынабынан алмас қылышын суырғанда үйдегілердің барлығының жүрегі тоқтап қала жаздады. Бірақ, Әмірші қылышын үйде қанға бояған жоқ. Есесіне қылышын жендеттерінің біріне беріп тұрып, иегімен ым қакты. Жендет Хасенді сүйрелеп үйден шығып кетті. Артынша қолына әлдене ұстап үйге кіріп келді. Бибі ханым жендеттің қолындағы затқа шошына қарады. Есік алдындағы итаяққа Хасеннің басын салып әкеліпті. Көзі шарасынан шығып кетердей бақырайған Хасеннің басынан сорғалаған қан итаяқтан асып жерге тырс-тырс тамды. Осы тамшының әр тырс еткен дыбысы үйдегілердің жүрегіне қанжар болып қадалатындай.

-Қалауың осы ма еді?-деп саңқ етті Темір.

Қыз болып етек жапқан кезінен сыралғы серігі әрі ғашығы Хасеннің қан жуған басына Бибі ханым аса бір аяушылықпен, қимастықпен қарап тұрды. Хасеннің басындағы қан өз жүрегінен ағып тұрғандай әл-дәрмені қалмай бара жатты.

Қаншама жылдар бір-біріне шуақ шашқан ынтық жүректер осылай айырылысты. Бибі ханым Хасенмен өткерген өзек өртер әрепкіген түндерін ойлап егілді. Әмір Хусейннің құшағында жатып түні бойы шарқ ұрып елесін іздеп шығатын жігіті алмас қылыштың бір жарқ еткенінен үзіліп түсті. Сағынышқа толы мезеттер сағымдай көшіп жоғалды. Топас тоғышарлық, тойымсыз тағылық тиылар ма? Ақ дарияда долы толқын күшейсе қанатын күн шалмаған балық та жағада тулап жатады. Күштілер мен білектілерге қор болған қайран тағдыр! Қайран нәзіктік!

-Құдай бұйырды, біз көндік. Иілмес басты иілдірген Сіздің алмас қылышыңыздың алдында біз бейбақ не істей алатын едік?

Ұзақ үнсіздіктен соң Бибі ханымның ауызынан шыққан алғашқы сөз осы еді. Десе де ол Темірге тіке қарады. Қаймықпады. Жүрегі шемен болып қатқан жан ғана осылай айта алмақ.

-Аппақ арыңа қара таңба түсірмей тұрып-ақ осылай деуін керек еді. Дегенмен, кештім. Тас жүрегімді жібіткен сенің асқан ақылың мен айдай сұлу дидарың. Енді менің қара шаңырағымның тілеушісі боласың,-деді қарасұр болып түнеріп тұрған Темір.

Әміршінің қарасұр болып түнерген жүзіне нешеме атанға жүк боларлық қулық-сұмдығы да сақталған еді. Хан тұқымымен қан араластырып, туыс болу Темірдің көптен күткен мақсаты емес пе еді. Шыңғыс хан ұрпағы Қазан ханның немересін алғандықтан да Темір «Курган»

деген құрметті атаққа ие болмақ. Бұл атақ Темірдің тізгінін ұзартады әрі бекемдей түспек. Даңқың асырмақ.

Ақсақ Темір Бибі ханымды соншалықты езіліп жақсы көргенімен, жорықтарда тастамай жанында алып жүргенімен, әйелінің Темірге деген өшпенділігі өршімесе кемімеді. Сондықтан ба, кім білген, ол Темірге перзент сыйлай алмады. Әлде жүрегіне қан қатты ма екен? Әлсіз білегіне ауыр жүк артып, әр күнін азаппен өткерген.

Сарай-Мүлік хан тұқымынан шыққандықтан да Темірдің бас бәйбішесі атанды. Ол Темірді хан тұқымымен жақындаттырғаны үшін де ардақты еді.

Дегенмен қосындағы сол бір түн Темірдің есінен шықпай қойған. Бибі ханым талай түн Әміршіге тәтті тоят сыйлағанымен, жүректегі жара жазылмай-ақ қойды. Ақыры 1374 Барыс жылында он төрт жасар Шолпан-Мүлікті бауырына басып барып тыншыды. Шолпан-Мүліктің сұлулығы мен ақылдығына таласар жан бұл өңірде сирек еді. Гаремдегі Үндістаннан, Ираннан, Кавказдан, Грузиядан, басқа да жайлап алған мемлекеттерден әкелінген кәнізәктерінің арасында Бибі ханым мен Шолпан-Мүлікке жетер ару жоқ болатын. Әлемнің 27 мемлекетін жаулап алған және жорықтарының барлығында жеңілуді білмеген Ақсақ Темір қаншама хас сұлудың құшағында қорғасын болып балқығанымен, олардың ешқайсысын бұл екеуіне тең санамады. Екеуі күш-қайратының қайнары, көңілі ортайғанда сенімінің айбары болды.

Сонда да жаратылысы бөлек жар жүрегінің жұмбағы көп болатынын Темір енді ғана түсінгендей. Қисық қабырғадан жаратылған әйелдің бір қисайса қиырлығы еселене түсетінін де жаңа аңғарып жүр. Сарайға Шолпан-Мүлік енгелі Бибі ханым басқаша қылық шығара бастаған. Ақсақ Темір екі қатынның өзара қарым-қатынасынан, іс-әрекеттерінен бірталай сыр аңғарып қалды. Бибі ханым мен

Шолпан-Мүлік бір үйде, бір шаңырақта қуаныш-жұбанышты бірге өткергенсіп жүргенімен, шындап келгенде бір-біріне атар оғы жоқ. «Күндестің күлі де күндес» деген расқа айналып барады. Екі жұбай қойынына екі бөлек кіргенде бірін-бірі сыпайылап болса да жамандайды. Әрқайсысы өзінше Темірге етене жақын болғысы келеді. Әмірші бұдан былай екеуін екі сарайда ұстағанды қолай көрді.

Бибі ханым барлас тайпасының барлық тарландарын тамсандырған жүзiктің көзінен өткендей хас сұлудың өзі еді. Ал, Шолпан-Мүлік жас әрі қылықты, аса ажарлы һәм ақылды ару. Уылжыған екі бетінің қызылы ақ мамықтың үстіне қан тамғандай анық көрінеді. Екеуінің де суреттей сұлу жүздерінен мін табу қиын.

Бірақ сұлулық жүрген жерде сұмпайы еріп жүреді. Бұл сұмпайының бір аты-қызғаныш. Ол Күннен де ыстық. Оның жалыны шарпыған жер өртеніп бітеді. Десек те пышак қанша өткір болғанымен өз сабын өзі жона алмайтыны сияқты Ақсақ Темір де қос құсының қанаттарын қырқа алмады. Күндіз тату, түнде қату екі қатын екі басты айдаһар сияқты еді. «Екі кемеңнің құйрығын ұстаған суға кетеді» дегенді жақсы білетін Темір алмас қылышы мен айбарынан жасқанған әйелдері бөтен-бөгде тірлікке бара қоймас деп ойлайтын.

Он төртінде гарем тұтқыны болып, сатқындық пен сұрқиялылықтың сан сырын меңгерген Бибі ханымның жүрек сандығында талай бықсық бұғып жатты. Ол Әмір Темірдің тас жүрегін жібітіп, басқалардан гөрі махаббаттың бал шарабын көбірек татып жүрген Шолпан-Мүлікті қайткенде де бір сүріндіруді көптен ойластырып жүрген. Қызғаныштың жалыны күйдірмейтін жер болады ма? Бибі ханым Әміршінің ең сүйікті де сұлу әйелі Шолпан-Мүлікті сүріндірудің сан тарау жолдарын іздеуден шаршаған жоқ.

Сөйтіп жүргенде Бибі ханымға мысықтілеуінің орайы оңай келе қалды.

Әмір Темір алмас қылышын ойнатып Византия жорығынан жеңіспен оралып келе жатып көз жетерлік жерден мұнартып көрінген биік мұнараға таңырқап қарай берген. Қаһарлы қолбасшы кезінде Сайранды әскери қамалға айналдырған болатын. Жеті қатар қорғаныс қабырғасы бар қамал ішінде шайқатылып тұратын екі мұнара болушы еді. Жиһангер алайда оған таңырқай бермейтін. Сонда мына алдынан келбей шыққан мұнара асқақ көңіліне неге қаяу салады? Мұнара көкке шаншылып тұр. Ұшар басы бұлттарға барып тірелетін мұнара алыстағы адамды сұлу сымбатымен өзіне шақыра, тамсандыра түседі екен де таяу қалғанда тұла бойға өзгеше бір мұң тұмшалайды. Япырау, мына мұнара ғашық жүректің алыстағы арманына деген сағынышын үрлеп, қоздатып тұр емес пе? Жақындағанда жүрекке мұң ұялататыны «қасымда жүрсең де саған қолым жетпеді» дегенді тұспалдайтыны анық. Сонда айдай көркем Шолпан-Мүліктің жүрегіне шоқ түсірген кім? Мұңлы мұнара арқылы ол Әміршіге не айтпақшы? Талай сойқандарды бастан өткеріп, бір басына жететін айла-тәсілді меңгерген Темір жауының не ойлап тұрғанын құбылмалы жүзінен-ақ оқып қоюшы еді. Бұл жолы да көкжал мүлт кеткен жоқ. «Ендігісін өзін-ақ айтарсың» деп түлен түрткендей долданған Әмір Темір Бибі ханымды алдына шақыртты.

-Мені иіс алмас мақау санағанды қашан қоясындар? Көкпен тілдескен мұнараны мұңға орап қойғанда Шолпан-Мүліктің айтпағы не?-деп қанды көзін Бибі ханымға қадағанда ол шошынып қалды.

Әдеттегідей Әмір Темірдің алдынан шыққан сұлу да сымбатты Шолпан-Мүлік бар хабарды жиһангерге әуелі өзі жеткізген.

-Ұлы падишах! Тағы да жеңіспен келгеніңізбен құттықтаймын. Осы жеңісіңізге әрі Сізге деген сағынышым маздап, өзімді қоярға жер таппағанда маған бір ой келген еді. Өзіңізді сүйсіндіру әрі қуанту, мендегі мөлдір махаббатты жеткізу үшін Шираздан шебер шақырттым. Құрылыстың жөн-жобасын өзім жасап, осы мұнараны салдырдым. Сізге де ұнайтын болар,-деп Көрегенге қиыла қараған.

Бірақ Көреген сыр алдырған жоқ. Бұрынғысынша маңғаз қалпынан таңбады. Әлден соң:

-Алдырған шеберің кім?-деп қатқыл сұрады.

-Жағыпар-аддин деген ұста екен.

-Жақсы,-деп Әмір орынынан тұрып кетті.

Мұнарасының не сәулеткердің болмаса өзінің осы шешімі жақсы екенін түсіне алмаған Шолпан-Мүлік үріккен еліктей елегізіп, состиып тұрып қалған.

Енді Әмір Темір Бибі ханымнан сыр тартарын түйсініп, өне бойы тіксініп,дір ете қалды.

Бибі ханым көп жортқан тұлкі емес пе, ол Әміршінің тұлған тұтып, қанын ішіне тартып келгенінен Шолпан-Мүлікке шешім шығарып қойғанын білді және оған іштей қуанып тұрды. Әмірші жүрегін жаралаған жәйттен хабардар Бибі ханым оңтайлы сәтті қалт жіберуші ме еді? Сұлу жүзіне лезде мұң ұялатып, ауыр күрсінді.

-Тақсыр! (бұрын бұлай атамаушы еді, «тақсыр» сөзінің ауызына қалай түскенін өзі де білмейді) Не үшін келгеніңізді, көңіліңіздегі қаяу-мұнды сезіп тұрмын. Мұны мен айтпағанмен, басқалар түрлендіріп жеткізсе, сіздің ғазиз басыңызға ауыр тиеді. Сондықтан, өзім айтайын. Сіздің аса сүйікті жарыңыз Шолпан-Мүлікті шираздық шебер Жағыпар-аддин сүйіп қалыпты. Сіздің жан-дүниеніңізді тебіренткен мына мұнара сол сүйіспеншіліктің құрметіне тұрғызылған. Ұста өз жүрегінің байламын мұңға малынған мұнара арқылы жеткізіпті. Оны сіздің сезімтал жүрегіңіз

жорықтан оралғанда-ақ білді. Енді менен несін сұрайсыз?- деген.

Жүзінен жылу білінбейтін, өмірі күліп көрмеген доңызмінез Әміршінің шүңірек көздері тым тереңнен шоқтана қарап қалыпты. Бибі ханым бүйі тигендей бүктеле түсті.

Әмір Темір аяушылық дегенді білген емес. Екі бүктетіліп құлағалы тұрған Бибі ханымның жұмыр иығынан тас қылып ұстай алды. Ханымның иығы сынып кеткендей болып, екі қолы сылқ түсті.

-Жарайды, Құдай көзді көру үшін береді. Жүректі сүю үшін жаратқан. Жүрекке әмір жүруші ме еді? Алайда, Шолпан-Мүлік шебердің ыстық ықыласына нендей жауап қайтарыпты? Бұдан не хабарың бар?

Темір жан алатын Әзәрейіл сияқты корінді. Сүйек сықырлатар сұмдық сұрақтарына жауапты дұрыс бере алмасаң, оның қанды шеңгелінен құтылу оңай емес. Алпыс айлалы Бибі ханым бұл жолы да жөн тауып кетті.

-Сарайыңызға қайтыңыз. Жауабын ертең беремін,-деген Бибі ханым.

Арада екі-үш күн өткенде Бибі ханым жез ілегенге алма салып келіп тұр.

-Әміршім, сізге мына алманы әкелдім. Жарып көрсеңіз деймін.

-Мұнымен не айтпақшысың?-деді Темір сұрлана түсіп.

-Әуелі жарып көрсеңізші.

Әмір үнемі белінде жүретін ақ семсерін қынабынан суырды. Алма қақ бөлінді. Ішінен бір алашұбар құрт шыға келді. Жыланша ирелендеген құрт Әмірдің аяғының астына домалап түсті. Темір шегіншектеп барып жердегі құртқа қадала қарады. Талай көкжалдан қаймықпаған мұз жүрек құйтақандай құрттан тайсалсын ба? Әйтсе де Әмір Темірдің демі жиілеп барады. Онсыз да сұп-сұп беті карақошқылданып, қабағы түксиді.

-Жұмбағым шешілді, Әміршім. Сіздің аса қадірлі сүйіктіңіздің жүрегіне қара құрт түскені қашан. Сырты сұлудың барлығы салқынқанды бола алмайды. Ендігісін өзіңіз біліңіз,-деді Бибі ханым дауысына діріл араластырып.

Бұдан кейін Әмір Темірге түсіндіріп жатудың, жауап қатудың қажеті де жоқ еді. Бибі ханым келген ізімен кері қайтты. Афросиабтың биігінде Әмір Самарқанға ерекше салтанат қосып тұрған көкпен таласқан мұнараны көрді. Оған бұл мұнара алып айдаһар сияқтанды. Тағдырдың небір талқысын көрген темір жүрек бұл жолы оқыс тулады.

Япырай, Көрегеннің де кеудесіне мұң ұялайды екен-ау. Сынбайды, иілмейді деген алмасты да ерітетін құдіретті күш бар болып шықты. Бұл-қызыл жалындай жолындағысының барлығын жалмап келе жатқан қызғаныш деген қызыл ит еді. Өзге-бөгде адам таппағандай сол қызыл ит Әмір Темірдің өзін қапқан соң, басқаларға не жорық?

Удың бетін у ғана қайтара алмақ. Әмір Темір өн бойына тарап бара жатқан заһарды енді Шолпан-Мүліктің демімен қайтарғысы келген. Шындықтың шымылдығы түрілсе, бәлкім, удың да беті қайтар.

Көркіне ақылы сай парасатты Шолпан-Мүлік басқа-басқа Әміршінің көзіне шөп салмақ емес. Сонда да күдік-күмәнді сейілтудің үшін оның бір ауыз уәжі керек.

Бибі ханымның сарайынан шығып шұғыл аттанған Әмір Темірді көрген Шолпан-Мүлік бір сұмдықтың боларын алдын-ала сезіп, айтар жауабын дайындап, тас түйін отырды. Шолпан-Мүлік жаратылысынан сабырлы жан еді ғой. Сол сабырлығынан жаңылған жоқ. Ол Әміршісін риясыз таза көңілмен жаймашуақтана күліп қарсы алды. Оның сәби жүзін көргенде Әмірдің өзегін өртеген өрт бықсып барып өшкендей болды. Шолпан-Мүліктің ай дидарынан Күннің өзі жасқанатын. Қанша жерден қаһарланып келгенімен Ақсақ Темір де іркіліп қалған. Сұлулық сұмды да сабасына

түсіреді екен. Терісіне сыймай келген Көрегеннің көрік-кеудесі осылай басылды.

-Хош келдіңіз, ұлы Әміршім! Сіздің жеңіспен ғана оралатыныңызды білемін. Сонда да қан майданнан шаршап-шалдығып келген боларсыз. Көңіл-күйіңіз, денсаулығыңыз қалай?- деген Шолпан-Мүліктің моншақтай шашылып түскен әдемі дауысы мен күміс күлкiсi күдік-күмәнді үркітіп жіберді.

-Шолпаным! Таңшолпаным!-деп Темір оған құшақ жайды.

Сол күні Әмір Темір сүйіктісінің сарайында қалған. Ақ шымылдық ішінде, ақ төсектің үстінде Шолпан-Мүліктің аппақ төсінен тоят тапқан Әмір сүйіктісінің жұпар иісіне мас болып жатты. Шолпан-Мүліктің кеудесі көріктей көтеріліп-басылып, Темірдің шалқар шабытына қамшы үйірген. Олар таң бозында тыңшыды.

Құс ұйқылы Темір сәл ғана мезет кірпік айқастырып барып орынынан тұрды. Оның жібек шапанының сылдырынан Шолпан-Мүлік те жаһұттай жанарын жарқ еткізіп ашып алды. Мәрмәрдай аппақ сұлу мүсінге Темір сұқтана қарап тұрды.

Таңғы ас үстінде Темір жүрегіне шок түсірген мұнараның мән-жайын түк сезбеген жандай жайбарақат отырып сұрастырған.

-Сіздің көңіл көзіңіз де көреген-ау, Әміршім. Дұрыс пайымдағансыз. Бұл-махаббат маздағынан тұрғызылған мұнара. Әу баста Сіздің ұлы жеңісіңізге арнап салдырған мен едім. Алайда, осы мұнараны салушы ұста әліне қарамай маған ғашық болып қалар ма?-деді Шолпан-Мүлік күле сөйлеп.

Темірдің онсыз да жылымайтын мұз беті жыбыр-жыбыр етті.

-Жанынан безген кім еді ол?

-Шираздан келді. Аты Жағыпар-аддин екен.

-Сонымен?

-Ол маған бір шарт қойды. «Мұнара жер-жаһанды дүмпуімен дүр сілкіндірген Әмір Темірдің атақ-даңқына лайық болуы керек. Мұнара тезірек бітсін десең бір шартым бар» деді ұста. «Ендеше, бөгелме, айт» дедім. Сәулетші «Осы құрылыс біткенше мен көріп тұратын жерде тапжылмай отырасыз. Сізге қарап мен шабыт аламын. Ал, ықыласпен, үлкен жігермен жасалынған жұмыс қашан да нәтижелі болады» деген. Оның бұл талабын орындамай-ақ қоюға болатын еді. Бірақ, бастаған істі қалай ғана жарты жолда қалдырамыз?

Шолпан-Мүлік сөзім қалай әсер етті дегендей Темірге үздіге қарады. Темір ерімеген қалпы мұз құрсанып отыр екен.

-Сонда сен маған деген ақ махаббатыңды көлденең көк атты қайдағы бір қаңғыбасқа айырбастадың ба?-деп қытымырлана түсті Әмір.

-Жоқ, ұлы падишах, ол сіздің тырнағыңызға да татымайды. Қайдағы бір қаңғыбасқа бола мені жазғырғыңыз келе ме?

-«Тана көзін сүзбесе, бұқа жібін үзбейді» дегенді ұмытпаған шығарсың. Жарайды. Қаңғыбасты қалай шабыттандырдың?

-Әміршім, әр пендеде жақсылы-жаманды жүрек болады. Сол жүректі сөйлете білу керек. Күнәһар әр пенденің өмірінде арман-аңсары болмаушы ма еді? Оның да сезімі, түйсігі, тілегі бар емес пе? Мені көргенде сасқалақтап қолынан кірпішін түсіріп алған сорлының махаббаты маздағаны көзінен көрініп тұрды. Мен сол шоқты өшіріп алмай, мұнараны тез де сапалы бітіріп шығуын ғана ойладым. Менің орнымда гаремнің бір сұлуы отырды. Соны көріп шебер шабыттана жұмыс жасады. Мұнараның мінсіз болып шығуы үшін бар өнерін салды. Әйткенмен, ол мұнараға өз қиялының жемісін таңбалапты.

-Дегенмен, ұста хас шебер екен. Жүрек сөзін мұнара келбетіне дәл көшіре алған мұндай ұстаны бұрын-соңды кездестірмеппін,- деп Әмір Темірдің жазық маңдайы жиырылды.

Ол сұлуының қабағынан сыр аңдады. Жұбайының жасқанбай бар шындықты жайып салғанына күмәнданбаған. Сонда Шолпан-Мүлік Әмір қаһарынан неге қаймықпайды? Әлде өзін қызғандыра түспек пе? Өзінің бағасын жақсы білетін Шолпан-Мүлік мұнымен не ұтпақ? Әйел жүрегі өзіне қадалған көзді сірә да шеткері көрмейді. Бірақ, Әмір Темірдей әлемді тітіркендіріп отырған қанды қолдың қойындағысына дәті шыдап көз тастауы шектен шыққандық емес пе?

-Сормандай басқа сумаңдаған, едірендеген көз бітіпті. Басқа емес, сол көз саған қадалыпты. Ендеше, мұндай көрсоқыр көз мәңгі жұмылуы керек,-деді қызыл түлкі көрген қырандай дүр сілкінген Әмір Темір.

-Сіздің шешіміңізді кім өзгерте алушы еді. Өлсе бір ұста өлер. Одан Самарқан жұтап қалмайды,-деді Шолпан-Мүлік.

Солай десе де ол іштей хас шеберді қимай тұр еді. Аса сұңғыла Әмір Темір оның ішкі күрсінісін қияға қарап тұрса да сезіп қойды.

Әмірші сол күні Самарқанды жаяу аралап шықты. Бағи чинар, Бағи шамал, Бағи дилкуша, Бағи баланд аталатын аса көркем бақтарда жалғыз серуендеді. Жайқалған сан алуан гүл, танауды қытықтаған жұпар иіс Әмірдің мұз болып қатқан жүрегін жібіте алмады. Жапырақтың сыбдыры оған «Шолпанын саған опасыздық жасады» деп даурыға сыбырлап тұрғандай естілді.

Кезінде Шыңғыс хан тұрақтаған Самарқан әміршіге соншалықты қымбат еді. Осы қаланы әлемде теңдесі жоқ шаһарға айналдыру үшін ол көп күш жұмсады. Міне, сөйткен сүйікті қаланы Хафиз деген қаңғырған ақын

сүйіктісіне арнаған өлеңінде «Бір менің үшін Самарқан мен Бұқараны берер едім» деп жырлапты. Осы шумақты оқыған Әмір Темір шабармандарын жіберіп Хафизді шұғыл алдына келтірді. «Мен ғой Самарқанды өліп-талып салдырдым. Ал, сен бір сұлудың меңіне бола екі қаланы айырбастап жібермексің. Қайдан шыққан дәусің өзі?» деп Хафизге жауыға қарады. Сонда ұлы ақын: «О, алдияр, мен сондай ысырапшыл болмасам, кисем киімге, ішсем асқа жарымай жүрер ме едім?» деп жыртық шапанының жағасын көрсеткен. Ақылды да тапқыр жауапқа қолбасшы риза болғаны сондай, ақынға сый-сияпат көрсетіп шығарып салған еді. Самарқанның сұлу сымбатына мынадай салтанат қосқан Жағыпар-аддин Ширазиді қалай жазалау керек? Оны да алдына шақырып сауал қойса ұтқыр жауаппен сазға отырғызып кетсе қайтпек? Сонда қорасына түскен қасқырды басынан сыйпап жөніне қоя бермек пе? Әмір атқа қонғалы өзіне қарсы келгеннің омыртқасын опырып, қабырғасын қақыратып келеді. Оларды жазасыз қалдырған емес. Талай бас допша домалап жерге түскен. Ұстаның басы олардан ғазиз дейсіз бе?

Ойламаған жерден Әмір Темірдің есіне Тоқтамыс түскен. Ақ Орданың билеушісі Орыс хан Алтын Ордадан дәмелі болып жүрген. Екі Орданы біртұтас ұлы мемлекетке айналдырып, Жошы ұлысының ханы болу жатса да, тұрса да ойынан кетпеді. Ақ Орда әмірлерінің бірі Тайқожа Орыс ханның басты қарсыласы еді. Орыс хан өзіне кедергі жасағысы келген Тайқожаны өлтіріп тынды. Тайқожаның ұлы Тоқтамыс елінен қашып келгенде Әмір Темір оны паналатып қана қоймай, Отырар мен Сайранның тізгінін ұстатқан. Бұдан кейін Тоқтамыстың Сығанақты жаулап алуына көмектесті. Сөйткен Тоқтамыс күш жинап алған соң балақтан өрмелеп басқа шыққан бит сияқты Әмір Темірге жон арқасын көрсете бастаған. Тіптен Әмір Темірдің

ықпалынан құтылмақшы болған Тоқтамыс 1389 жылы оның иеліктеріне шабуыл жасаған. Тоқтамысқа қарсы үш рет жорыққа шыққан Әмір Темір 1395 жылы қарсыласын біржола бас көтерместей етіп талқандаған.

Осы жеңісінің құрметіне әрі көшпенділерді өзіне тарта түсуді көздеген Әмір Темір қазақ хандарының астанасы, Ұлы Дала халықтарының рухани және саяси орталығы, Ұлы Жібек жолы бойындағы Түркістан қаласынан келесі жылы, яғни 1396 жылы Қожа Ахмет Ясауидің кесенесін салдыртуды бастаған.

Шеберлер кесене іргетасын енді ғана қалай бастаған күндердің бір түні Темір ұйқысынан шошып оянды. Ол түсінде нән бір өгіз дуалды мүйізімен сүзіп талқандап жатқанын көрген еді. Тайабаттағы Зейд- ад-дин Әбу Бекр шейх Темірдің рухани ұстазы болатын. Онымен танысуының өзі тылсым бір күшке толы еді. Темір «маған келіп жолықсын» деп оған шабарманын жіберген. «Темірде менің жұмысым жоқ, керек болса өзі келсін» деп шейх шабарманнан сәлем айтып жіберіпті. Әмір шақырғанда таудың өзі қозғалатын. Сонда шейхтың бұл шалқақтауы қай шалқақтау? Ғұлама адамдардың ерекше бір сыйқыры болары анық. Уақыт өте келе шейхтың алдына Темірдің өзі барды. Тақуа адамның түсінен бе әлде ілімінің тереңдігінен бе Темірдің бойын қорқыныш билеген. Шейх оның арқасынан сыпағанда Темірдің үстіне аспан құлап, көк пен жердің арасында жаншылып қалғандай сезінді. Сол Зейд-ад-дин Әбу Бекр осы кездесуден соң Темірдің зор табыстарына септігі тиген рухани жебеушісіне айналды.

Темір осы рухани жебеушісіне түсін жорытқан.

-Балам,-деді шейх ұзақ үнсіздіктен соң,- Бұл көк өгіз Арыстан баптың әруағы. Ол саған қапалы. Өйткені, Арыстан бап Қожа Ахметтің ұстазы. Сен оның әруағын аттап өтіп, Қожа Ахметке кесене тұрғызып жатырсың. Алдымен

Арыстан бапқа кесене тұрғыз. Содан соң барып осы ісінді жалғастырарсың.

Ертесіне таңалакеуімнен Темір Отырарға аттанған. Арыстан бап түсінде аян беріп, жатқан жерін көрсетті. Осы жерге Әмір Темір ғажайып ғимарат салдырды. Алдынан карағанда ғимарат-кесененің бойынан «АЛЛА» деген жазуды оқуға болады. Бұл шеберлерге көктен түскен бұйрық болатын.

Солай. Иран, Үнді, Пәкстан елдерінен алдырылған сәулетші-шеберлер Қожа Ахметтің көнерген кесенесінің орынынан ғажайып ғимаратының қабырғасын көтере бастады.

Мизам түскен кез еді. Ғимарат күннен күнге биіктей түсіп, сонадайдан менмұндалап көрінетін болған. Жан-жақтан әкелінген шеберлер, ұсталар, сәулетшілер, құл-құтандар күні-түні тынбай еңбектеніп жатты. Бұл Қожа Ахметтің қайтыс болғанынан кейінгі 233 жыл өткендегі қарбалас. Ерекше үлгідегі еңселі ескерткішке Сауран, Созақ, Отырар, арысы Ұлытау, Жетісу өңірлерінен бай-манаптар келіп, көріп кетіп жатты әрі құрылыс жұмысындағылар үшін соғым әкелген.

Осы маңда Жауһар (Шойтөбе) және Иасы (Құлтөбе) атты екі қала қатар өскен қос қайындай бірімен бірі таласа өсіп келе жатты. Жауһар қала гауһардай көрікті еді. Кіндік қаласын Самарқан еткен Әмір Темір Жауһарды да жалпақ жұртқа жария етуді ойлады. Келісті кесенені салуға шираздық Шемс Әбу әл-Уақаб, Қожа Хасан сияқты танымал сәулеткерлерді алдырды.

Жергілікті халық кесек құюдың құпиясын жақсы меңгерді. Олар жұмбаз балшықтан кесек жасап, төзімді, берік қорғандар, сәулеттік ғимараттар тұрғызуды мейлінше мол меңгерді. Төрткүл төңіректен және Сауран қаласының тұрғындары да Жауһар және Иасы шаһарларына сауда-

саттықпен жиі келетін. Жұмбаз балшықтан сәулеттік ғимараттар салуды саурандықтар иасылықтардан үйренді.

Әмір Темір Әзірет Сұлтан кесенесіне елде жоқ ерекше қазан қою керек деп шешті. Қарнақ елді мекенінде ирандық шебер Әбділ Әзиз Шарафуддин Тебризи жеті түрлі металдан тайқазанды асқан ыждағаттылықпен сомдап жатты. Әмір Темір шеберлерге тайқазанның бүйіріне Құран Кәрім және Пайғамбарымыз хадистерінен үзінділер жазуды тапсырды. Исфаһан шебері Әбд Изаддин Тәж ад-Дин жасаған шырағдан ерекше үлгісімен таңырқатты.

* * *

Дүрия дүниеде кездейсоқтықтың кесірлі тұстары да болады. Әзірет Сұлтан кесенесін салушылар арасында Ираннан келген шебер жігіт өзі құралыптастарынан айрықша көрінетін. Оның қолынан келмейтіні жоқ әрі жұмысты бар ынта-ықыласымен істейді. Сөзге де шешен. Қоңыр кештерде кесене ішін жаңғырытып ән салғанда төңірек сілтідей тынып қалатын. Оның әсем әніне, қоңыр дауысына жел де ғашық. Ол ән салғанда Арыстанды-Қарабас желі ішін тартып тына қалады. Тіпті өсімдіктердің өзі иран жігітінің дауысына ұйып, басын төмен қаратып сағыныш сағымына шомылып тұрады. Жаратқанның жомарттығына шек жоқ-ау, жігіттің сан өнерінен де бұрын оның келісті көркем келбесті талайларды таң қалдырар еді. Қыр мұрынды, отты жанарлы, құба сақалды, кең жауырынды шебер жігіттің падишасы. Сәйкестік дегенді қойсаңшы, Әмір Темір өзінің балдызы Мәрзияны шеберлерге сусын жеткізіп тұру қызметіне тағайындаған. Мәрзия бет біткеннің ажарлысы, жалт етіп қарағанының өзі талай жігітті талмауратып тастайтын. Әмір Темірдің де өз есебі бар. Шеберлерді ынталандыру, жігерлендіру ниетімен сұлу балдызының қызметін оларға тарту еткен. Аяғы жерден сәл ғана көтеріліп ұшып келе

жатқандай жүрісі білінбейтін арудың ай дидарын бір көріп қалу үшін кесене-ғимараттың төбесінде тұрған шебер төменге қалай түскенін өзі де аңғармай қалады. Шәйі көйлектің астында құлын мүсін бұлт-бұлт ойнап, құмарлықтың құзғын құрттарын оятады. Кезенгеннің кездігінен, еркек атаулының ішіп-жеп қарағанынан сақтану үшін де тәкаппар қыз бетіне перде тұтып алады. Соның өзінде арудың артықшылықтары айқындалып тұрады.

Иран жігіті Мұстафа оны алғаш көргенде-ақ ұнатты. Ал, Мәрзия жүрек сырын жасырын, құпия ұстады. Екі ғашық бір-біріне тіл қатыса алмай қиналды. Сан мыңдаған ұры көздер арасында ашық сөйлесу ажал апанына өзін сұранып түсумен бірдей. Андушы көз, анталаған сөз мұнда жетіп, артылады. Анау-мынау емес, есімін естігенде бесіктегі бала да жылағанын сап тиятын Ақсақ Темірдің балдызына батылы барып кім сөз сала алады? Мұстафа да ұйқылы-ояу қалың тұман ішінде адасып жүргендей әрі-сәрі күйде.

Бір күні ол сусын ұсынып тұрған Мәрзияның бет пердесін қалай сыпырып алғанын өзі де аңғармай қалды. Сусын тола көзе сылқ етіп жерге түсіп, быт-шыты шықты. Ұялғанынан Мәрзияның алма беті өртке айналып бара жатты.

-Мұныңыз не?-деді Мәрзия қымсына күлімсіреп.

Сөйтті де кейін шегініп, бұрылды да кесене ішінен шығып жүре берді.

Осы бір қас пен көздің арасында болған оқыс оқиғаны шеберлер қалт жіберген жоқ. Шеберлердің бірі мосқал тартқан кісі еді. Сол тұрып:

-Әй, Мұстафа! Қызбасың-ау. Осы қызбалығын өз басыңа ғана емес, бізге де қырсық болып жабыспаса не қылсын. Ертең Әмір Темір жорықтан оралады. Сонда балдызы оған бұл жәйтті айтпай тұра алмайды. Ендеше, қанша бас кессе де қолы қалтырамайтын Әмірші сені де, бізді де аямайды. Ұшқалақтық-ай десеңші, бір қырсыққа ұрындырасың-

ау. Осыншама өнерін, ақылың бола тұра Алла саған сабырлылықты бермепті. Енді осы сабырсыздығыңның сазайын тартасың. Әмір бізді де аяп қалмас. Бізге бұл арадан тірі кету жоқ,-деп күңіренді.

Мұстафа қорыққанынан қалш-қалш етіп, түрі аппақ қудай бозарып отыра кетті.

-Тағдырдың бізге салғаны осы шығар. Мына ғимаратты бітіріп, Әмірден алғыс алу бізге бұйырмапты. Алтын басымыз айдалада шашылып қалмас үшін бүгін түнде ұйымдасып қашқаннан басқа амал көрмей тұрмын,-деп жаңағы мосқал кісі жоспар түзді.

Байлау осы болды. Адамдар тегіс ұйықтады-ау деген шамада Мұстафамен бірге үш-төрт шебер қаладан қашып шықты.

Ертесіне Әмір Темірдің жасағы Түркістанға бас тіреп еді.

Жеңімпаз жиһангерді Түркістан қаласының басшысы Ноғайбек күншілік жерден күтіп алды. Сарай ақыны Кермани ұлы падишахтың кезекті жеңісін жырға қосты. Жеңіс құрметіне ұлан-асыр той жасалды. Той бітпей жатып өзі жоқта шаһардағы оқиға мәлім болды.

Балдызын басынғаны-өзін басынғаны. Мұндай да бассыздық, әдепсіздік болады екен-ау.

-Жердің астына түсіп кетсе де тауып әкеліндер,-деп Әмір Темір жүзбасыға әмір етті.

Ұлы падишахтың өзі тапсырған соң не тұрыс бар, жасақ төрт бағытты бетке алып шұғыл аттанды.

Жаяу мен жарлының адымы қашан да қысқа. Қаладан тым ұзай қоймаған шеберлер қол-аяқтары кісенделіп, зынданға тасталды.

Ақсақ Темір арсыз жігітті аяған жоқ. Жарқ ете қалған алмас қылыш Мұстафаның басын қиып түсті. Бағжаң ете қалған көз бақырайып ашық қалыпты. Ол көзде үрей де, өкініш те бар еді.

Қашқындардың басын алғанда Ақсақ Темір балдызы Мәрзияны да әдейі осында келтірген. Сақшылар арқылы балдызының Мұстафаға хат жөнелткенін тыңшылары сол түні-ақ жеткізген. Сатқындықтың, қорқақтықтың соңы немен тынарын Мәрзия да ұғынсын деп ойлаған Әмір балдызына ұрлана қараған. Мәрзияның онсыз да аппақ балбыраған жүзі боп-боз болып кеткен екен. Рас, Мұстафаның бір бойында талай өнер бар еді. Бірақ, ерлікке келгенде шебер мақұрым болып шықты. Мұндай адаммен қоңсы қона алмайды. Ертең басына күн туса мұндайлар туған анасын да сатып кетуі мүмкін. Олай болса, қорқақтың жазасы-өлім!

Әмір Темір Шыңғыс ханның күйеу балаларын түгелдей өзі тапсырыс беріп қасақана өлтірткенін еске алды. Шыңғыс хан күйеу балаларын неге ұнатпады? Өйткені, ол күйеу балаларын түгел өлтіртіп, тұтас бір руды қыздарына, қарындастарына, апаларына қаратуды ғана көкседі. Күйеу балаларынан ол жақсылық күткен жоқ. Сондықтан ұрыс кезінде жазатайым майып болған күйеу балаларына жаны ашымаған.

Түптеп келгенде, балдыз да бөтен емес. Оны сүйгенінен ажырату обал екенін біле тұра қатігез болмақтан басқа жол бар ма өзі? Осы ретте Әмір Темір Шыңғыс ханның әрекетін қолдайтын.

«Бажа болудан садақа кетсін». Әмір Темір ыршып түскен жансыз басқа қарап тұрып, осы сөзді ішінен айтты. Бәлкім Мұстафаның қыздарға да біте бермейтін сұлулығын қызғанды ма екен? Бұларды отбасына жақын ұстау өте қатерлі.

* * *

Міне, арада әлденеше жыл өткенде тағы бір шебер шеңберден шығып отыр. Осы сәулетші біткеннің ертеңін ойламас таяз болатыны неліктен? Әлде өнерлерін бұлдайды

ма? Мүмкін шеберліктің шыңына шығып, қошемет-құрметті көп көргендіктен дандайсып, айналасындағыларды көздеріне ілмейтін шығар. Қайткенде де кеудесіне нан пісіп, даңғойлыққа ұрынатыны көңіл соқырлығын паш етпек. Көңілі соқырдың көзі де соқыр. Мұндай адамдар қоғамға қашан да қауіпті.

Әмірші өз байламына, шешіміне сенімді. Ертесіне қолбасшының жендеттері Жағыпар-аддинді қол-аяғын байлап әкеліп, екі көзіне қорғасын құйып, ағызып жіберді.

Екі көзінен айырылып, жер сипап қалған Жағыпар-аддиннің бұдан кейінгі тағдыры күнгүрт. Туған жеріне жете алды ма, жардан құлап жан тапсырды ма әлде ит-құсқа жем болды ма, бұл арасын әлі ешкім келіп айтқан емес. Десек те, көкпен таласқан мұңлы мұнара Жағыпар-аддиннің мезгілсіз махаббатын маздатудан әлі де жаңылар емес. Шыбын жан кеудеден ұшып кетсе де махаббаттың өлмейтіні хақ. Осы ойын өшпестей етіп таңбалап кеткен шебер шын мәнінде бақытты. Мөлдір махаббатына екінің бірі дәл осындай ескерткіш орната алмайды. Сондықтан Жағыпар-аддин есімі ғасырлар бойы жаңғыра бермек. Жылдар жылжыған сайын оның өшпес даңқы асқақтай түспек.

Аңшыдан әбден қуғын көргенімен қоймай санына шоқпар тиіп шойырылып қалған кекті көкжалдай ызалы Ақсақ Темір шеберді жазалаған соң да жадырай қоймады. Көзі қанталап, ұрынарға қара таппай, әрі-бері жүрді де қойды. Көкірегіне шемен болып қатқан жараны жазудың жалғыз ғана жолы бар. Ол осы ойын бекемдеп, іңір қараңғысын асыға күтті.

Кеше ғана түнеп кеткен Әмірді көргенде Шолпан-Мүлік ешқандай да секем алған жоқ. Алыс сапардан оралған сол түні қарқыны қатты болып еді. «Сағынышы әлі басылмағаны ма?». Сол түні Шолпан-Мүлік те аянып қалмаған. Бар жылуы мен махаббатын сарқып берген. Сол тәтті түн есіне түсіп аппақ бетіне қан ойнап шыға келген келіншек ұяла қысылып, төмен қарады.

Шолпан-Мүлік бұл түні де Әміршіні махаббат көліне мейлінше мөлдектете шомылдырған. Осынша күшті Әмір қайдан ала береді? Еркектің қайратты қимылына қай әйел де құштар. Бұл қайратқа қарсылық жоқ. Өне бойларын тер жуған ерлі-зайыптылар махаббат шарабынан мас болып жатты. Осы айкаста құмарлық пен құштарлықтың мың сан құрты оянып, атой салды.

--О, ұлы билеушім! Мені соншалықты сағыныпсыз ғой,-деген махаббат отына өртеніп жатқан Шолпан-Мүлік алқынып.

-Сені сағынбау мүмкін бе?

Әмір әйбәт әйелін тағы да бүркітше бүре түсті. Құштарлық құрттары қайта оянған хас сұлу әуезді бір әдемі үн шығарып, түлкіше бұландады. Осы әуенге мас Темір сұлуының сүйрік тілін сүлікше сорды.

Мас болып талықсыған Әмір бір сәт ұйықтап та кеткен еді. Түсінен шошып оянды. Кешегі Бибі ханым берген алмадан шоршып түскен алашұбар құрт бірте-бірте ісініп, алып жыланға айналыпты. Сұп-сұр жылан мойынына оралып, тыныс алуын қиындата түсті. Осы кезде алқынып оянып кеткен Ақсақ Темір жан-жағына шошына қарады. Демаласы қиындап, алқынып жатыр екен. Өн бойын суық тер басыпты. Енді ол жастықтан басын көтеріп, тіктеліп отырды.

Тағы да бір таң атып келе жатты. Талықсып ұйықтап жатқан жарына кимай ұзақ қарап тұрған Әмір Темір келіншектің аққудың сұңғағындай мойынына мақпал қара шашын орап, шірене тартты. Шолпан-Мүлік күтпеген ажалды шабуылдан шошып оянып, түкке де түсінбей, ес жимаған қалпы талықсып бара жатты. Оның Темірге қарай созған қолы сылқ түсті.

Шашы мойынына оралып, тұншығып өлген Шолпан-Мүлікті Мараканда (Самарқанның ескі атауы) тұрғындары

ақтық сапарға ақ жуып, ұзатылған қыздарындай қоштасып, қимай шығарып салды.

Самарқанның бұлтты аспаны сазарып тұрды. Сазарған көзден жас шықпады.

Шолпан-Мүлікті арулап жөнелткен соң Әмір Темір жұрт көзінен оқшаулана берді. Оның ешкімді де көргісі келмеді. Сарайға келгенінде Бибі ханымға да шырай бермеген. Әккі әйел Әмірдің сүйіктісін қия алмай қан жұтып отырғанын жақсы түсінді. Сондықтан күйеуіне көңіл айту ырымын жасаған жоқ.

Сол түні Әмір Темірдің дене қызуы көтеріліп, ұйықтай алмай шықты. Ол мұндай мазасыз мезетті көптен бері басынан өткеріп көрмеген еді. Көзін жұмса-ақ болды, тоты құстай сыланған Шолпан-Мүліктің ажарлы бейнесін көреді. Елесі көз алдынан кетпей-ақ қойды. Кірпіктері енді айқаса бергенде шошынып оянды. Түсінде бір шегіртке шыр айналып шырылдап төбесінде тұрып алды. Сол шегіртке бірте-бірте ісініп, айдаһарға айналады да мұны жұтып жіберердей төне түссін. Осы кезде Ақсақ Темір орынынан шошына айқайлап, атып тұрды. Өн бойын шылқылдаған тер басыпты. Тағы бір көзі ілінгенде Шолпан-Мүліктің мақпал қара шашы мойнына арқанша оралды да қылқындыра бастады. Дем жетпей тұңшығып оянды. Тағы бір түсінде Шолпан-Мүлікті мыстан кемпір қолынан жұлып алып қашып бара жатты. Оның соңынан қанша қуғанымен жете алмады.

Шошып оянып жүресінен отырған Әмір Темір: «Иә, енді Шолпан-Мүлік маған жеткізбейді» деп күбірледі. Сосын үлкендерден зәбір көрген балаша өксіп-өксіп жылады.

Бұл оның адам болып жаралғалы тұңғыш рет жылауы еді. Ғұмырында көзінен жас шықпаған қаһарлы да қатігез жан оңашада осылай егілді.

Иә, тағдыр болатты да балқытады, тасты да үтеді. Жаратқанның әміріне қарсы келер құдірет жоқ.

Бір апта бойы ар азабынан құтыла алмаған ұлы падишах бас көтере алмай жатып қалды. Оның бөлмесіне тек Бибі ханым мен сенімді әскербасылары ғана кіре алды. Сарыжамбастанып жатып қалған Әмірдің денсаулығынан секем алып қалған олар емші шақыртқан. Емші Әмір Темірдің қолын ұзақ ұстап отырып, жорамалын жеткізді.

-О, ұлы падишах! Сіздің жүрегіңізде терең бір құсалық пен өкініш бар. Олардың сыры өзіңізге мәлім. Жүрегіңізді жеңе алғанда ғана орныңыздан тұрасыз,-деді емші.

-Кет! Көрінбе көзіме!-деп Әмір арыстандай ақырды.

Ұлы падишах қарапайым емші өзінің сырын біліп қойғанына қайран қалып еді.

Құсалық қарғысы тиген Әмір Темір емші кеткеннен кейін бір жеті өткенде өздігінен тұрып далаға шықты. Қанын ішіне тартып тұрып ол барлық әскербасыларына қатаң бұйрық берді.

-Атқа қонындар!-деді қатал қолбасшы.

Әскербасылардың бірде-бірі «қайда, не үшін жорыққа аттанамыз» деп сұраған жоқ.

Көп ұзамай жер қайыстырған қалың қол қаладан ұзап бара жатты. Ат тұяғынан көтерілген шаң-тозаң Күннің бетін тұмшалады.

Ақсақ Темір жан жарасы мен іште қатқан құсалығын қанмен жуып кетіркек.

Ақсақ Темірдің алмас қылышы тағы қанша адамдардың бейкүнә басын қыршып түсері беймәлім еді.

Әміршінің қандықол әскері тағы қанша қаланы қиратары да жұмбақ.

Тағы бір долы дауыл басын көтеріп келе жатты. Қан сасыған қала мен даладағы өлекселерге мелдектеп тоятынын сезген құзғын қарғалар қуанып, қалбалақтап ұшты.

Қарқ-қарқ еткен қорқынышты де ащы дауыстан дала түршікті.

СҰҢҒЫЛА

(повесть)

Тұңғат шұбарала көйлек киген бойжеткеннің өзіне тесіле қарап тұрғанын көріп, өн бойы оқыс дір етті. Денесінің себепсізден себепсіз мұздап қоя бергені несі? Түсінбеді. Мұның әрі-сәрі күйде тұрғанын сезгендей қыз жымыып күлді. Жымыысының өзі жарасымды ма, қалай өзі? Күлгенде екі беті шұңқырланып, жүзіне алаулаған қызыл сәуле ойнап шыға келеді екен. Әдемі қыз. Әдепті де сияқты. Жігіт те күлгеннің ырымын жасады. Бейтаныс жанның риясыз ықыласына жауап бермеуді мәдениетсіздік санады. Кенет көздері түйісіп қалды. Тұп-тұнық жанар түпсіз терең сияқты. Мына тұңғыққа бір сүнгіген жан одан өмір бойы шыға алмайтындай. Жігіт қыз жаққа қайта қарағысы келмеді. Әйтсе де іштегі бір бұла күш тентек баладай түртпектеп бойжеткен жаққа мойын бұрғыза берді. Енді ол өз-өзімен күресіп, әлекке түсті. Қарадай отырып қара терге малшынды.

Жігіт алдындағы бір шыны кофені ішіп болып, орнынан тұра бергенде бейтаныс арудың көзінде нұр ойнап, бұған аса бір мейірім-шуақпен қарап отырғанын байқады. «Япырым-ау, соңғы кездері ұмытшақ болып барамын ба, қалай өзі? Мына тым елжірей қараған қызды танымай, не қара басты мені?» деп Тұңғат өзін-өзі іштей сөкті.

Шығармашылық адамы болғаннап соң ба, Тұңғат қаладағы жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттерімен, мектеп оқушыларымен жиі-жиі кездесіп тұрады. Әдеби бірлестік отырыстарында, талқылауларында тың ойларымен танылып қалған үркердей топтың арасындағы алғыр да зерек қыздарды түстеп білуші еді, мына ойда-жоқта жолыққан және өзіне соншалықты бір іңкәр сезіммен қарағыштап отырған аруды мың толғанса да есіне түсіре алмады. «Әдеби бірлестікке жаңа қосылған көп студенттердің бірі шығар» деп іштегі арпалысына нүкте қоя салмақ та еді, бірақ қалтасы жұқа шәкірттер мынадай

қымбаттау кафелерге жиі келе бермейді ғой. Сондықтан ойын жинақтай алмай тағы мәңгірді.

Айтпақшы, күні кеше әпкесі Әсемкүлдің қызы тұрмысқа шығып, соның құдалығы өткен. Әпкесі «құдалыққа сен де барасың, реті осы» деп қашқалақтағанына қарамастан тізімге ендірді де жіберді. Тұңғаттың өмірдегі сүймейтін екі нәрсесі болса, бірі құдалыққа бару. Онда үлкен сый-құрмет бас құдаға көрсетіледі емес пе? Содан кейінгісі, әрине, құдағидікі. Алайда, Тұңғат құдалыққа барды дегенше, орыны бөлек, жолы үлкен негізгі құдалар ұмыт қалады да, асабаның да, басқаның да ауызынан түспейді. Мұндайда Тұңғат қарадай-қарап отырып қатты қысылады. Маңдайынан да, шекесінен де шүмектеп тер сорғалайды.

«Республикамыздағы талантты жастардың бірі. Оның шығармаларын қазір жастар сүйіп әрі іздеп жүріп оқиды» деп басталатын мақтаулар әрі-беріден соң шеңберді үзіп, бас білмеген асау аттай айдалада лағып бара жатады. Енді біреулер мұның түртіп-сызғанынан түйір сөз оқып жарытпаса да көштен қалмас үшін бүйірлей шауып күтпеген жақтан шаң боратады. Топырақтан көтерілген шаңның да түр-түрі болады. Соның ішіндегі майлы шаңның шатағы көп. Ол киіміңізге бір қонса оңайлықпен кетпейді. Әсірешіл әңгімешілердің мақтаймын деп отырып қолайсыз жағдайға ұрындырып кететінін білетін Тұңғат бүйірлей шабатындардан қорқатыны сондықтан.

Міне, осындай құбылмалы құдалықтарда Тұңғат талай құдашалармен дөңгелене билеген. Мына әдемі ару да солардың бірі болып жүрмесін. Мұны мақтаймын деп отырып мазаққа айналдырып алғанын білмей қалған талай мәзденпаздар, сірә, Тұңғаттың сиқын кетіріп те тастаған шығар-ау. Мына бәлекет қыз соған мәз болып отырмасын.

Тұңғат енді кетуге асықты.

Мейрамхана даяшысымен есеп айырысып, сыртқа шыға бергенде әлгі қызбен есік алдында бетпе-бет кездесіп қалды. Тіпті кездесуге де келмес, соқтығысып қала жаздады.

– Кешіріңіз! – деді Тұңғат бірінші болып үн қатып. Кешірімді неге сұрады? Оны өзі де білмейді.

Шын мәнінде кешірімді қыз сұрауы тиіс еді. Өйткені, әлденеден құр қалатын жанша қарсы алдынан жүгіріп шықты. Өңі алабұртып тұр. Жүзінен бірнәрседен кешігіп қаламын-ау деген алаңдаушылық байқалады. Аздап алқынып та қалыпты.

Тұңғат қыздың үстіндегі алашұбар көйлекке тағы да назар жықты. Әйел баласында талғам деген түйсік қатты дамыған. Мына қыз да үстіндегі көйлектің өзіне өзгеше реңк беретінін білетіндей. Қызыл-күрең шашын еркін төгілдіріп тастапты. Томпақ көзі соншалықты сүйкімді.

Жігіт шындығында томпақ көзді қыздарды ұнататын. Сүйіктісі Жансаяның да әуелі сол томпақ көзіне ғашық болды емес пе? Мына қыздың бір айырмасы күлгенде сопақша бетінде әдемі шұңқырша пайда болады екен. «Жүрегімнің жұмбағын шеш» деп тұрғандай.

Енді Тұңғат еріктен тыс бөгелді. Әдемілікке, сұқсыр сұлулыққа жақсылап бір қарап алғысы келді. Қазір ғой мына еліктей қыз өз бағытына қарай кетеді. Жалт қарап-ақ жүректе жасын ойнатқан бойжеткен осылай жоғалады. Тегі, адамдар бардың бағасын дер шағында білмегендіктен көп нәрседен құр қалады. Ол көз алдында, созса қолы жететіндей жерде мәңгі тұратындай сезінеді. Ал, бірте-бірте алыстап, көрінбей кеткенде ғана «ah» ұрып сан соғады.

Тұңғат тым құрығанда таңсық қыздың түр-түсіне бір қарап алғысы келді. Өйткені, танауы қусырылған кішкентай ғана елік қыз әлденеге қымсынып тұрғандай көрінді. Сол тұрысының өзі соншалықты сүйкімді еді.

Жігіттің «кешіріңіз» деген жалғыз ауыз сөзіне қыз сыңғырлап күлді. Күлкісі қоңыраудай сыңғырлап шықты. Көзқарасында, күлкісінде бір сиқыр бар сияқты.

–Оқа емес, - деп қыз төмен қарай төгілген шашын сілкіп тастады.

–Мен сізді қағып кете жаздадым-ау, - деді жігіт ауызына басқа сөз түспей.

–Жо-жок, қайта мен сізді қағып кете жаздағандаймын.

Қыз кешірім сұрағандай сұлу жанарын ұзын кірпіктерінің көлеңкесіне жасырды.

Тұңғаттың жүрегі елжіреді. Еліктей ерке қыздың ұяндығы ұнаған.

–Асығыссыз-ау, сірә?

Бойжеткен күтпеген сөз айтып мұны таң қалдырды.

–Сізді кетіп қалады ма деп асығып едім, - деп қосып қойды тағы.

Не үшін мені кетіп қала ма деп асығады? Мен оның ежелгі танысы ма едім? Бәлкім, қолтаңба алып қалғысы келген өзіне табынушы жастардың бірі ме екен? Жігіттің жүрегі оқыс бұлқынды.

–Иә, сонымен, не айтпақшы болдыңыз? – деп сұрады Тұңғат әлі де сыпайылығынан танбай.

–Сізді бір жерден көрген секілдімін, - деді қыз сөзін неден бастарын білмей сасқалақтап.

Енді Тұңғат рахаттанып күлді.

–Әдеби кештерге барып тұратын ба едің? – деп сұрады сосын.

–Жоқ, аға, мен ондай кештерге бармаймын. Бәлкім, дискотека, казинода кездестірдім бе екен?

Бәлесін қарай көр өзінің. «Казино» дейді ғой. Демек, бұл бәлекет қыз казиноларда болып тұрады деген сөз. Бірақ, казино көрген қыз мұншалықты ұяң болмаса керек-ті.

–Казиноға жиі барып тұрасың ба? – деп сұрады Тұңғат.

–Жо-ға. Ана жолы таныс құрбыммен бір рет кіріп шыққам. Содан кейін бас сұққан емеспін.

–Неге?

–Ұнамады.

–Сонда мені қай жерден көріп жүрсің?

Тұңғат енді «сізден» «сенге» ауысты.

–Сіз біреуге қатты ұқсайсыз, - деді қыз көздерінде нұр ойнап.

–Мен де сені біреуге ұқсаттым, - деді Тұңғат аузына басқа сөз түспей.

«Қай-қайдағыны ойлап, бала болып кеттім бе, тегі» деп іштей дүмбілез қорытынды жасаған Тұңғат алдындағы қобыраған қағаздарды әрі-бері аударыстырып еді, не істеп отырғанын өзі де түсіне алмады. Сосын бір папка қағазды үстелінің суырмасына ақтара салды.

Сыртқа шығып сергіп келейінші деп ойлаған. Осы сәтті күтіп тұрғандай қалта телефоны шырылдап қоя берді. Шапалақ тиген шақалақтай баж ете қалған телефонына қарап отыр. Өйткені, телефон айнасындағы мүлде бөтен номер еді. «Кім болды екен?» деген оймен телефонның қажетті нүктесін басты.

–Иә! - деді самарқау ғана.

–Сәлеметсіз бе, Тұңғат аға! Бұл мен ғой. Айнұр! Немене ұмытып қалдыңыз ба? Өткенде кафеде танысып едік қой. Аға, сіздің «Сүймегендер сағынбайды» деген кітабыңызды оқып шықтым. Керемет! Маған өте ұнады.

Айнұрдың көңілді скені дауысынан сезіліп тұр. Өзімсініп сөйлейді.

–Рахмет, айналайын!

–Аға, шайға шақырамын деп едіңіз. Сол уәде күшінде ме?

–Сол күшінде тұр.

–Ендеше, кездесейік те. Сіздің жазушылық қабілетіңіз, шығармашылық деңгейіңіз, кітаптың бүгінгі жастарға берер тәрбиесі туралы өз топшылағандарым бар. Айтпақшы, әлгі бас кейіпкеріңіз кім еді, ә-ә, Сұңғат өмірдегі өзіңіз емес пе? Аттарыңыз ұқсап тұр. Мен сіздің өзіңіз деп ойладым. Аға, әңгімелеріңіздегі әдемі ойлар сізге қайдан келеді? Көркем дүниелеріңізді қай кезде жазасыз?

–Айнұр-ау, мені сан сұрақпен састырдың ғой. Сауалдарыңа түгелдей жауап беру үшін расында кездеспесек болмайтын сияқты. Бұған не дейсің?

–Сіз қалаған уақытта қай жерге шақырсаңыз да баруға уәде етейін.

–Жарайды, онда. Жұмыс аяғында кездессек қайтеді?

–Қай жерде, аға?

–Кездесу орынын өзгертуге болмайды.

–А-а, түсіндім, аға. «Шуақты» кафесінде ғой.

–Дәл таптың. Жұмыстан соң сағат 18:30-ды белгілесек, қалай саған кештік етпейді ме?

–Кештік етпейді, аға. Сонымен, сізді кешкі 18:30-да «Шуақтыда» күтемін ғой. Солай ма?

–Солай!

Телефоннан қыздың шат күлкісі естілді.

«Япырмау, мынау мен ойлағандай қыз болмады ғой. Кітабымды талдап, жіктеп бермекші. Өткенде «әдеби кештерге бармаймын» демеп пе еді. Бәлкім, мені сынағысы келді ме екен? Сөзіне қарағанда әдебиетті бір кісідей түсінетін жан сияқты» деп ойлады Тұңғат.

Енді ол Айнұрмен кездескенше асықты. Тырнақалды туындысы туралы тұштақай қыздың қандай пікірде екенін білгісі келді. Телефондағы пікірталаста тым тереңдемей тұр-ау, шамасы. Бәлкім, бәлекей бойжеткен мұның пышақтың қырындай жинағына қанжардың жүзіндей өткір сын айтар, сөйтіп мұның қарқарадай көңіліне мұң ұялатса ше? Тұңғат Таңатаров енді Айнұрмен кездесуге тайсақтады. Қызды шақырып алып өзі бармай қойса жігіттігіне сын. Ол Жансаяға бүгін аздап кешігетінін ескертіп, кездесуге бел буды. Күнделікті жолынан жаңылысып, «Шуақтыға» қарай дүдәмал ойлармен келе жатты.

Айнұр алдынан жайраңдап шықты. Еркелей күліп бұрыннан етепе таныс жандай құшағын ашып келіп, Тұңғатқа бетін тосты. Жігіттің оның бетінен сүймеске амалы қалмады. Бір бетін сүйдірген Айнұр енді екінші бетін тосты. Тұңғат тағы да еңкейіп, қыздың жұпар аңқыған алма бетінен өпті. Жүрегі атқақтап, беймаза бір күй кешті. Студенттік жылдарда қызбен алғаш кездесіп жүргенде мұндай алабұртқан шақты басынан кешіп көрмепті. Бәлкім өзінен мүшел жас кіші қыздың ықыласына жүрегі елжіреді ме екен? Әлде телефондағы тілдесу ойына түсіп, мына қыз қазір менің «Сүймегендер сағынбайды» атты тұңғыш кітабымды жер-жебірене жеткізе жамандар деп қорықты

ма? Әйтеуір, бұрын басынан өте қоймаған алабұртқан алапат бір сезім өн бойын тілгілеп өтті.

–Күтіп қалдың ба? – деп сұрады ол қыздан өзін-өзі әзер дегенде игерген соң.

–Немістердің дәлдігін жақсы меңгеріпсіз, аға! Екеуіміз де бір мезгілде келіп жеттік, - деп Айнұр оны қолтықтап алды.

Қала қаншама үлкен дегенмен, мынадай қалтарыста таныс-білістер ұшырасып қалады. Солардың бірі болмаса екіншісі «Мына Тұңғат баласындай балапанмен құшақтасып жүргені несі?» деп сырттай сын сотына салмасына кім кепіл? Сыпсындап Жансаяға телефон соғатындар да табылар. Осыны ойлап Тұңғат қыз қолын ысырып тастағысы келіп еді, оның ретін таппай-ақ қойғаны.

Асау арғымақтай ауыздықтағанда көнбейтін ой шіркінге тежеу бар ма? Кімнің ауызына қақпақ қоярсың?

Шығармашылығын сүйетін сүйкімді бойжеткенмен кафеде аз-кем отырып сырласуына, пікір алмасуына неге болмайды? Мұндай пікір алмасулар әр-әр жерде жиі өтіп тұрады. Шымкентте «Темірқазық» атты әдеби бірлестік бар. Кейде өздерін «Түнгі кітапхана» деп те атайды. Әдебиет есігінен енді ғана сығалаған сарыауыз жастар бір кафені немесе клубты жалға алады да түні бойы өлеңдерін оқиды. Шығармаларын ортаға салады. Бірлестік жетекшісі, танымал қаламгерлер жастарға ақыл-кеңестерін айтады. Таңға дейін бір-екі шыны кофе, шай ішіп, екі-үш түйір тәтті ғана жеген жастар осыған да риза болып, таңалакеуімде үй-үйлеріне, жатақханаларына тарайды. Осындай «Түнгі кітапханада» Тұңғат үш-төрт мәрте болғаны бар. Онда қасында Жансаясы бар-ды. Таңға дейін тапжылмай отыра алмаса да түннің әлдебір уақытында ғана, онда да жастардан «балаларды көршілерге тастап шығып едік» деп жалынғандай болып жүріп сұранған. Осындай кештердің бірінде отырған шығар деп Жансаясы алаңдай қоймас-ау. Ал, бейтаныс арумен оңашада отырғанын көргендер ертең қандай өсекке өрт қоятынын кім білген?

Айнұр оны қолынан жетектеп кафенің оңаша бөлмесіне әкеліп жайғастырды. Енді бұл расын айтқанда сыртқы жымысқы көздерден құтылудың бірден-бір амалы еді. Алайда, қыз жүрегі неліктен оңашалықты қалайды? Әлде ол да сырттай сұқтанған сұсты жанарлардан қорқады ма? Дабыр-дұбырда мұның әңгімелер топтамасын толық талдап бере алмас та еді. Ақылды ару осы жағын да ойластырған шығар.

–Қане, жайғасыңыз! – деді Айнұр қонақжайлылық танытып.

–Жок, әуелі өзің жайғас. Сен бүгін менің қонағымсың, – деді Тұңғат.

–Иә, солай екен-ау...

–Солай! Қане, қысылма, жоғарылат!

–Сізден жоғары отырамын ба сонда?

–Төр қашан да қарындастікі. Мені кедей болып қалды дейсіз бе?

Қазақы ұғымда қыз төмен отырса отбасы кедейленіп қалады. Осыны бірден түсінген Айнұр лып етіп төрге озды.

–Кедейленбеңіз, аға!

–Міне, енді дұрыс болды. Қане, талғамың қандай тағамды қалайды? Тапсырыс берейін.

–Маған жеңіл-желпі тәттілер болса да жарайды, аға. Жаңа ғана үйден ас ішіп шығып едім.

–Сонда да енді. Мені аш қалдырғың келеді ме?

–Жо-ға!

–Ендеше мен неге тапсырыс берсем, саған да соны аламыз. Содан соң алдындағы тағамды толық тауысып ішесің. Әйтпесе, саған өкпелеймін.

–Өкпелегіш екенсіз ғой. Менің кішкентай сіңілім сияқты. Ол да айтқанын орындай қоймасаң, өкпелей салады.

Айнұр өз-өзінен риза болып қалды. Сірә, «не де болса ағаны бір сүріндірдім-ау» деп отырса керек.

Тұңғат оның еркіндігін еркелігіне балады. Осындай еркін де ерке болмаса олар бүгін кездесер ме еді?

–Менің балмұздақ жегім келеді, – деді Айнұр.

–Оны қайтарда жол-жөнекей жеуге де болады. Нәрлілеу бірдене айтсаңшы.

–Онда бұқтырылған ет. Салат, сосын сусын.

–Бұған енді келісуге болады. Даяшы!

Тамақ үстінде Тұңғат тіл қатпады. Қысылмай, қымтырылмай алдындағы тамақты жеп алсын деп ойлаған. Айнұр өзін еркін ұстап отыр. Тұңғатқа көзінің астымен қарағыштап қояды.

–Айтпақшы, кездескеніміз үшін жүз-жүзден алып қойсақ, артықтық етпейтін тәрізді. Бұған қалай қарайсыз? – деп сұрады жігіт.

–Сіз ұсынсаңыз у ішуге де бармын.

Япыр-ай, не деген батылдық? Кіп-кішкентай болып алып бәлесін қарай гөр! Шараптан да тартынбайды. Алайда, бәлекей қыз бірте-бірте жігітті баурап бара жатты.

Айнұр шарапты тартыншақтап ішіп отырды.

–Ер азаматсыз ғой, алып отырыңыз, - деп Тұңғатқа жиі-жиі тіскебасар ұсынған.

Сұлулық та бір сиқыр. Оның өзіне баурап алатыны сондай, өзге дүниені ұмыттырады. Бар ықылас-пейіліңіз соған ауады. Табиғаттың тамылжыған төңірегіне табаны тиген адамдардың кері қайтқысы келмей қалатыны секілді сұқсыр сұлулыққа байланғандар мойынын басқа бағытқа бұра алмайды. Ерке болмысты бойжеткен бірте-бірте жігіт жүрегін баурап алды.

–Кітабым туралы пікір айтамын дегенің қане? – деп сұрады Тұңғат сөз орайы келгенде.

–Ой, аға! Мен әдебиет сыншысы емеспін ғой.

–Өткендегі әңгімең басқа сияқты еді.

–Жай әншейін айта салғанмын.

–Дегенмен...

–Кітабыңызды оқып шықтым. «Шеңгел мен гүл», «Сау болыңыз!», «Қызғалдақғұмыр», «Аспалы көпір», «Құл» деген әңгімелеріңіз ұнады. Бірақ...

–Иә, бірақ...

–«Жұлдыздар аққан түн еді» атты әңгімеңіздегі қыздың тағдыры тым аянышты екен. Тағдыр тауқыметін онсыз да аз тартпаған кейіпкеріңізді тағы да тұнжыратамын деп ойламайсыз ба? Ол қыз әңгімеңізді оқыса жылайды ғой. Неге бұлай жазасыз?

–Ау, енді бұл өмірде кездесетін шындық қой. Өзгелерге сабақ болсын, тәрбие алсын деген оймен жазылған шығарма еді.

–Сонда да қыз тағдыры мені қатты толқытты. Соны аяп бір түн жылап шықтым.

Тұңғат Айнұрға тіктей қарады. Тұнжырап отыр. Тіптен еңсесі езіліп кеткендей. Басқаның қайғысына ортақтаса білу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Демек, қызда жүрек бар. Жүрегі бар адамдар ғана жан күйзелісін басынан өткере алады.

Айнұр көз алдында биіктеп сала берді.

Тәкаппар ару тылсым тұңғыығына тартып бара жатқандай. Бойжеткен көз алдында көгершінге айналып, пыр етіп ұшып кететіндей күйгелек сезімге қалай бой алдырғанын өзі сезбеді. Шым-шымдап еніп, бойын шырмауықша орап алған бұл неткен құдірет?! Бақыт соқыр болады деуші еді. Ол таздың да, әнгүдіктің де басына қона береді. Беймаза көңіліне бақыт болып жолыққалы отырған жан кім өзі? Басына қонған бақ па, сор ма?

Қыз алдында батылдау болып көріну үшін аздап ішіңкіреп жібергенін түйсінді. Тартына ішпесе лала сезімнің құлына айналмасына кім кепіл? Бойын жиып алды. Жіңішке бел рюмкелерге жағалай шарап құйып шықты.

–Не үшін ішеміз?

–Екеуіміздің бақытымыз үшін!

Еншілеп те үлгеріпті-ау. «Екеуіміздің бақытымыз үшін!». Қашаннан бері бақыт екеуіне ортақ еді?

Тұңғат тіксінді. Бүгінгі отырысты осымен аяқтап, тезірек тарқамаса тағы бір тосын сыйға тап болатынын әлдебір түйсік құлағына сыбырлап тұрғандай шошынды.

–Аз отырмаған сияқтымыз. Қайтайық, - деп ұсыныс айты қызға.

–Қайда асығамыз?

–Үйге. Ертең жұмыс дегендей.

Қыз ықылассыз келіскендей сынай байқатты. Тұңғат даяшыны шақырып, есеп айырысты.

Аулаға шығысымен Айнұр оны қолтықтап алды. Қымсынатын емес.

–Мені үйге дейін шығарып салатын шығарсыз, - деді ол көшеге шыққанда.

«Таксиге салып жіберемін» деп ойлап келе жатқан жігіт қарсыласа алмады. Екеуі жол-жөнекей такси ұстады.

–Міне, үйге де жеттік, - деді Айнұр.

Сырты биік дуалмен қоршалған екі қабатты зәулім үй екен. Тұңғат таңырқанды. «Әкесі осал болмады-ау» деп ойлап қойды іштей.

–Хабарласпай кетіп, мені өкпелетіп алмаңыз. Сау болыңыз! - деп бойжеткен сүйріктей саусағын алақанына сала берді.

Бұл жолы да Айнұр екі бетінен сүйгізді. Өзі де сүйді. Ыстық леп өн бойын қарып өтті.

Ол көптен бері елжіреуік сезімді басынан өткермеп еді. Тыншыған жүрекке тықыр таянып қалғаны ма?

Жас қаламгер үйіне келгеннен соң да көпке дейін ерке болмысты қызды ойлап ұйықтай алмады. Кездейсоқ кездесіп, жалқы рет оңаша бірге отырған бойжеткен жүрегін жаулап алғандай. Жо-жоқ, бұл мүмкін емес. Бұл балаң жүректің әсемдік әлеміне құштарлығы, үлкен өмірге талпынысы ғана! Басқалай болуы көңілге қонар ма?

Басын қай-қайдағы қаңғыбас ойлардың шырмап алуын ол кафеде көбірек ішіңкірегеніне сайды.

* * *

Арада апта өткенде ол алаңдай бастады. «Неге хабарласпай кетті? Өткенде өкпелетіп алдым ба? Өзім де бір қызға икемім жоқ, өгіз сияқтымын ғой. Өзеурей бергенім

ұнамаған шығар. Жап-жас бала екен, мені қайтушы еді? Шығармаларыма ғана шырмалып жүрген шығар. Әлі-ақ менен өзі-ақ қашады» деген сияқты ұшы-қиыры жоқ ойдың жетегінде кетті. Кейде көшеде келе жатып сонынан бір аяқ тықыры естілсе Айнұр ілесіп келе ме деп елендейді. Жан-жағына жалтақ-жалтақ қарайды. Іздеген адамы көрінбеген соң сабасына түседі де арада санаулы секундтар өтпей және елегізиді. «Мұндайым жоқ еді ғой» деп өзін-өзі сөгеді. Бірақ ырқынан тыс бір күш ой қамалына қайта қуып тығады.

Сөйтіп жүргенде қалта телефоны безгек тиген жандай безілдеп қоя берді. Жүрегі атқақтап, айнадағы нөмірге көз салып еді, «Айнұр» деген жазу шығып тұр екен.

–Алло! – деді ол енді кешіксе Айнұр телефонды өшіріп тастайтындай алқынып.

–Аға, бұл мен ғой! - деді Айнұр бұрынғысынша.

–Тыңдап тұрмын, айналайын.

Ауызынан «айналайын» деген сөздің қалай пыққанын сезген жоқ.

–Іздемедіңіз бе мені?

–Неге іздемейін? Іздедім. Қайдасың?

–Жұмыстан қайтқалы отырмын.

–А, сен жұмыс істеуші ме едің?

Қыз сыңғырлап ұзақ күлді.

–Аға-ау, әлі де бала екенсіз ғой. Жұмыстамын ғой.

–Мен сені студент екен деп ойлап жүрсем...

–Студенттік күндер біздің де басымыздан бұл-бұл ұшқан. Қалай еді әлгі, Абай ата айтпақшы, «Құдай-ау, қайда сол жылдар, Махаббат қызық мол жылдар. Ақырын-ақырын шегініп, Алыстап кетті-ау құрғырлар». Иә, аға, балалық деген балдәуренмен баяғыда қоштасқанбыз.

Неге екенін кім білсін, Тұңғаттың тұнық көлі лайланғандай, көңілі қоңылтақсып қалды. Е, бәсе, институт немесе университет бітірген соқа қыз екен ғой.

–Аға, неге үндемей қалдыңыз? Әлде ой тұңғиығына батып кеттіңіз бе?

–Иә, Айнұр, ой тереңіне сүңгіп кетіпін, - деп ол еріксіз мойындады.

–Тым тереңге кетіп қалмаңыз. Су бетіне қайта шығуыңыз қиын болады. Шығармашылық адамдары үнемі осындай, әдемі қызбен сөйлесіп отырып та әлденелерді қуып кетеді, - деп өкпеледі Айнұр.

–Ол рас. Кінәмді немен жуып-шайсам екен?

–Оның жолы оңай.

Қыз қуанып қалды. Онысы ашық шыққан үнінен байқалды.

–Сонда?

–Кездесу орнын өзгертуге болмайды, аға!

Тұңғат күліп жіберді.

–Болсын!

Айнұр бұл жолы да өткендегі шұбарала көйлегін киіп келіпті. Сымбатты денесіне құйып қойғандай. Ағасын сағынып қалған қарындастай жүгіріп келіп бауырына тығылды. Әдеттегідей екі бетін алма-кезек тосты. Өзі де ықыласын білдермей қалған жоқ.

Таныс бөлме. Таныс орындық. Айнұр осы кездесуді асыға күткендей алабұртып отыр. Тұңғатқа көзінің қиығымен жиі қарағыштайды. Жігіт алдындағы тарелкаға салат салады, тағы бірде Тұңғаттың жейдесінің жағасын түзеткен болып бетіне бетін жанай өткізеді. Жұпар иіс ішпей-жемей мас қылады. Қыздың еркінсіп алғаны сондай, жігіттің иығына асылып, еркелейді. Тұңғат та бірте-бірте батылдана бастады.

Бал шараптың күші ме әлде әлемде жоқ әсем иісті опадалаптың иісі ме, кім білсін-ай, оңашалықтағы екеу көз жұмулы, шала мас күйге еніп кеткендерін байқай да алмай қалды.

Арада сүтпісірімдей уақыт өткенде Тұңғат қыздың бал еріндерін құшырлана сүйіп отырғанын аңғарды. Айнұр томпақ көздерін жұмып алыпты. Жұмулы көздің өзі жұмбақ

әлемге тартып бара жатыр еді. Тоят іздеген тән лапылдап тұрды.

...Ертесіне Тұңғат қонақүйде Айнұрдың құшағында оянды.

* * *

Жұпарлы жаздың жазира дидарында жадыраңқы леп бар. Төрткүл төнірек түкті кілемдей түрленіп тұр. Ерке баладай арқадан қыттықтай соққан саумал самал қалың өскен шөптің бетіне әдемі иірім өрнектейді. Көбелектер гүлден көтеріліп, гүлге қонады. Олар да жаз қызығына тоя алмай жүр. Көктегі қарлығаштар бірін-бірі қуалап ойнайды. Тойынған қозылақ енелерінен ұзап асыр салады. Гүрілдеп аққан өзен жағалауынан бір топ жас көтеріліп келеді. Қыздар гүлден десте жасап бастарына киіп алған. Думанды топ масатыдай құлпырған шөп үстіне құлай-құлай кетті.

Көңілді топтың арасында Тұңғат пен Жансая да бар. Университеттің соңғы курсына оқитын олар Жансаяның ауылына келген. Бұл келісте салмақты саясат бар. Жансая отбасына болашақ күйеу баланы көрсетпек. Әке-шеше алдынан өткен олар үлкен өмір есігін бірге аттамақ.

Жазғы, қысқы каникулдарда төбе көрсетіп кететін Тұңғатты Жансаяның әкесі Дәурен мен анасы Қарлығаш жақсы таниды. Жансаяның курстас құрбыларымен ілесіп келгенде-ақ Қарлығаштың жүрегі шым еткен. Түбінде сүйікті қыздарын осы бұйрабас баланың әкететінін сезді ме екен. Ұры көңілі әуелгіде жаратпаса да таныса, білісе келе Тұңғатқа деген жылы сезім пайда болды. «Әкелеп», «апалап» тұратын жігіт иненің көзінен өткендей еді. Оның үстіне студент кезінде-ақ газет-журналдарға жазған-сызғандары шығып, есімі таныла бастаған. Жансаядай ардақтысын осындай көрікті де көргенді жігітке ұзатпағанда кімге береді? Жансая да келген сайын Тұңғат туралы айтудан жалықпайды. Қызының аузынан тастамай айтып жүретін жігітті көруге Қарлығаштың да ықыласы болып еді-ау. Көңілдегі күдік кетті, жүрек орнықты.

Жастар гүл қуалап, қызықтың соңына еріп жан-жаққа бытырап кеткен бір мәуелі мезетте Тұңғат пен Жансая оңаша қалды.

–Міне, енді осы ауылға әкеліп тұрасың, - деді қыз еркелей.

–Әрине! Қалаған уақытыңда, әке-шешенді, бауырларыңды сағынған кездерде екеуіміз балаларымызды жетелеп келіп тұрамыз, - деді Тұңғат.

Жансая ұялып төмен қарады. Тұңғат оны иығынан қапсыра құшақтап, ернінен сүйді.

–Мені ешқашан ренжітпейсің ғой. Иә ма? Айтшы, Тұңғат!

–Өзіңмен кездескелі айтып келемін, өмірбақи алақаным салып өтемін. Аялап өтемін.

Кенет Тұңғат Жансаяны көтеріп алды.

–Тұңғат, ұят болады. Түсірші. Әне, бауырларым қарап тұр.

–Өтірік айтасың, олар гүл теріп жүр әрі ұзап та кетті. Сенбесең, өзің жан-жағыңа көз салшы.

–Бәрібір түсір. Ұят болады.

–Ұят емес.

–Сонда да түсірші. Қолың талады ғой.

–Талмайды.

–Осылай көтеріп тұра бермексің бе?

–Иә, жаным, сені үнемі көтеріп жүремін. Өйткені, сені шексіз сүйемін!

–Қойшы енді. Қытығым келеді. Түсірші, жаным!

–Түсірмеймін.

–Түсіресің.

Жансая бұлқынып еді, қолы талды ма әлде әдейі жасады ма Тұңғат шөп үстіне құлай кетті. Қыз оның үстіне құлады. Осылай жатып екеуі шөп үстінде біраз жерге дейін аунап барды. Жансаяның ыстық еріндеріне Тұңғат сүлікттей қадалды.

–Тұршы енді, киімдеріміз бүлінді.

–Бүліне берсін. Мен сені жібермеймін.

Махаббаттың бал дәміне тоя алмаған қос ғашық біріне бірі гүл лақтырып ойнады. Әлден соң Тұңғат орнынан атып тұрды.

– Мен бақыттымын! Мен Жансаяны сүйемін! – деп барынша айқай салды.

– Тұңғат, қойсаңшы. Естіп қойса, ұят-ты.

– Ұят емес. Олар да менің сені шексіз сүйетінімді білсін.

– Ту-у, ұятсыз екенсің ғой өзің.

Жансая кәдімгідей өкпеледі.

Тұңғаттың есіне үшінші курста оқып жүргендегі бір оқиға түсті.

Сабақтан соң екеуі гүлзар бақтың ішінде сырласып отырған. Әрі-бері өтіп жатқандар легі көп. Мұндайда оңаша орындық тапқандардан бақытты жоқ. Ерте келгендіктен бе, сондай өтпелі бақытты бұлар да оңай иеленді. Кенет алдарынан екі бойжеткен өте шықты.

– Ту-у, мына қыздың сұлуын-ай! – деп қалды Тұңғат.

– Менен де сұлу ма? – деп сұрады Жансая.

Тұңғатты сынап көргісі келді ме әлде әйелдік қызғанышы оянып кетті ме, осы сауалға ол жауапты асыға күтті.

– Сұлуы сұлу. Бірақ, сенен асқан сұлу бар ма? – деп жалтарды Тұңғат.

Жансая балаша бұртиды. Оны өкпелетіп алғанын сезген Тұңғат ақталмаққа барын салды.

– Жаным, мен әншейін ойнап айтамын. Мен үшін әлсәмдегі ең әдемі де ең сұлу қыз – өзіңсің.

– Неге онда жаңағы қыздың соңынан қарап қалдың?

– Қарағаным жоқ.

– Ұзап кеткенше соңынан тесіле қарап тұрғаныңды көрдім ғой. Егер қасында мен болмасам, соңдарынан еріп кетер едің. Кімді алдайсын?

Сұңғақ та сұлу бойжеткен расында көрер көзге өзіне тартып алғандай еді. «Сұлулыққа сұқтанбағанның жүрек

көзі жоқ. Мына әлемді барлық қасіреттен сұлулық қана құтқарады».

Тұңғат сұлулыққа қатысты кітаптан оқыған бірталай пәлсапаны жіпке тізіп, түрлендіргенімен Жансаяны жібіте алмады. Ол көпке дейін бұртиып отырды. Өкпелетіп алғанын түсінген жігіт қыз жүрегіне жол табудың жолдарын іздеп әлекке түсті.

—Бұдан былай тіпті ол хордың қызы болса да қарамауға уәде беремін. Сені ғана аялап өтемін, - дегенде барып Жансая күліп жіберген.

Сосын жігіттің мойнына асылды. Бір-бірін іштей ұғысқан қос ғашық көпке дейін қол ұстасып үнсіз отырды. Алқынған жүректердің дүрсілін екеуі де сезіп еді. Бұл «мәңгілік біргеміз» деп біріне-бірі берген серттері болатын.

Алысқан қол, беріскен серт қайда қалды? Япыр-ау, мына дүние қандай алдамшы. Бәлкім «дүние жалған» деп осындайда айтатын шығар. Рас, өмір – өткінші. Бірақ, махаббат мәңгі жасамай ма?

Тұңғат құмарлық құртының құрығына қалай түсіп қалғанына өзі де қайран. Көзсіз көбелектей алабұртқан алдамшы сезімнің жетегіне бұйдаланған ботадай еріп жүре беріпті-ау. Төзіміне тұсау, шыдамына шідер сала алмағаны қалай? Жылт еткен желкем желіктің жетегіне ырық бергені несі?

Жап жары, екі перзентінің анасы Жансаяның бетіне енді қалай қарамақ? «Хор қызы кездесе де қарамаймын» деп берген серті қайда?

Тұңғат тұнжырап ұзақ отырды.

Айнұр оны түні бойы төсек ойынында тыным таппағанына жорыды.

Сол күні үйіне қайтарда ілгері басқан аяғы кері кетіп тартыншақтай берді. Не айтады? Қалай ақталады? Кешігетіні бар, неге ескертпеді? Желеудің де жөні бар. Өтіріктің өрге баспайтыны бесенеден белгілі. Қанша жерден жабулап жасырғанымен Жансая оның түнгі құпияларын

біліп қоятындай, жүрегі атқақтады. Тым болмаса таңертең жұмысына келген соң хабарлауы керек еді. Жүрегі құрғыр дауаламады. Дауысымнан-ақ сездіріп аламын-ау деп тайсақтады.

Кейде кісілердің күткеніне керісінше кездейсоқ жағдайлар болып жатады. Күдік-күмәннан ада-күде Жансая есіктен кіріп келгенде жүгіріп келіп мойнына асылды. Осындай да адал жанның тұнық көңілін лайлады-ау. Тұңғат түнгі тағы тірлігі есіне түсіп тұншыққандай болды. Жансая мұны сағынып қалғанға сайды.

Екеуі кешкі тамақты үнсіз отырып ішті. Балалар әкесіне беттерін сүйдіріп болған соң бөлмелеріне кеткен.

–Қайда жүрсің? - деді Жансая күйеуінің қолын аялап отырып.

–Әлгі «Темірқазық» клубына ойда-жоқта шақырғаны. Өне-міне қайтамын деп отырып, таңның атқанын байқамай да қалыппын.

«Түнгі кітапханаға» бір кірген жанның оңайлықпен қайтпайтынын білетін Жансая күйеуіне күдік келтірмеген.

–Біз түнде сені күттік. Телефоныңды сөндіріп қойыпсың, - деп жымыды Жансая.

–Бәрібір ешнәрсе естіртпейді ғой. Оның үстіне батерея тогы таусылып та қалыпты, - деп Тұңғат тағы бір өтірікті ұйымдастырып жіберді.

Жансая күйеуін көптен көрмегендей бауырына тығылып жатты.

* * *

Өмір соқпақтары адамдарды сүріндіре де алады, күйіндіре де алады. Сондай-ақ сүйіндіре де алады. Жас қаламгер тәй-тәй қадамдарында қалт кеткен кездерін саусақпен ғана санаушы еді. Әлдекім жолына көлденең түсіп жатып алмаса сүрінбейтіндей сезінетін. Мектепте жақсы оқыды, университетке қалаған мамандығы бойынша қабылданды. Қызметте де айы оңынан туды. Әуелі газетке тілші болып қабылданды да көп кешікпей аға тілшілікке көтерілді.

Қазір міне, білдей бөлім меңгерушісі. Бас редактор оның жазғандарын лездемеде үнемі мақтап отырды. Редакцияда жұмыс істей жүріп тырнақалды туындыларын кітап етіп шығарып алды.

Бүйірі қызған жүйрік шабыс тілемек. Алыс сапар күтпек. Тұңғат та өзін сауыры тершіген арғымақтай сезінген. Бірақ, мына жалған дүниеде сүрінбейтін тұяқ, жаңылыспайтын жақ болар ма, кешегі көрген түстей тоят түнді ол ұмытқысы келген. Айнұрдың ыстық құшағы мен от денесі, тар төсектегі бұлқынысы санасынан шықпай-ақ қойған. Денесін қорғасындай балкытқан от құшақты ол ұмыта алмады. Жылт еткен шоқты өршіген өртке айналдырмау үшін оның алдын алу керек.

Тұңғат ойлап-ойлап, бұдан кейін Айнұрмен кездеспеуге бел буды.

—Тұңғат, бұл мен ғой, жаным!

Денесі ток соққандай дір етті. Әйел жанының құпиясы қырық қатпарлы екені рас-ау. Кеше ғана «аға» деп еркелеп, мойнына асылған Айнұр өзін меншіктеп те алыпты. «Тұңғат» дейді. Тұңғыш баласы сияқты. Кешегі «аға» деген сыпайылығы қайда кеткен? Бірақ «жаным!» деп елжіреп үзілгелі тұр емес пе? Демек, бұл оның жаны. Сонда жігітте қанша жан бар? Жансаясына арнаған жаны бір бөлек те, Айнұрға арнағаны басқа ма? Бүтін жанның екіге жарылатыны қалай?

Телефонмен тіл қатқан қыздың бір ауыз сөзі оны сен соққандай мең-зең еткен. Жансаясына деген алабөтен махаббаты суымаған ол екі оттың арасында қалғандай аласұрды. Аяулы Айнұрды да қимайтын сияқты. Қалай қияды? Құлын мүшесі жарқырап, құлын жүрегі шұрқырап бұған құшағын ашты емес пе? Сол бір түн... Ол қалай ұмытылады?

—Тыңдап тұрмын, Айнұр!

—Дауысың тым ызғарлы салқын ғой. Әлде мені сағынбадың ба?

Сағынбады ма? Қалай сағынбасын? Аққан жұлдыздай жалт етіп өте шыққан сол тәтті түн көңілінің түкпірінен оңайлықпен өшер ме?

–Сағындым!

–Ендеше, кездеспейміз бе?

Бұл күні олар қымбат дүкендерді аралады. «Алғашқы түніміздің ескерткіші болсын» деп Тұңғат Айнұрға қымбат алқа сыйлады.

Айнұр қуанып қалды. Айнаға қарап: «Маған жақсы жарасады екен» деп алақанын шапалақтады. Тұңғаттың мойнына асылып, екі бетінен алма-кезек сүйді. Сатушы қыз бұларды ерлі-зайыпты деп топшылап та қойды. «Қандай жарасымды жұп» деп сүйсінді.

Дүкеннен шыққаннан соң екеуі мейрамханаға кірді. Айнұр «алқамды жуамын» деп қоймаған. Әдеттегіінше онашалау жерге жайғасты. Тұңғат жігіттік көрсетіп, оны орындығына жайғастырып, өзі қарсы бетке отырды. Айнұр оған томпақ көздерін төңкеріп, елжірей қарады.

–Жаным! – деді сосын.

Тұңғат оның қолынан аялай сипалады.

Айнұр орнынан тұрып келіп, тізесіне отырды. Қайратты шаштарын тарақтап, ыстық еріндерін тосты.

Қыз сағынып-ақ қалыпты...

Айнұрдың әкесі облыстағы беделді бір мекеменің басшысы болып шықты. Шешесі де үлкен қызметте. «Бәсе, анандай зәулім үйде осал адамдар тұрмайды» деп Тұңғат бір қойды.

Айнұр үйдің кенжесі екен. Бірақ кенже екен деп әкешесі оны шолжаңдатпаған. Үнемі қатаң бақылауда ұстаған. Мектепті, университетті үздік бітіріпті. Дипломды қызға қызметке орналасу шопақ құрлы болмаған. Дегенмен, сөзіне қарағанда Айнұр осы қызметіне аса құлықты емес. Әкесі қызын одан әрі оқытып, қызметін көтеретін сыңайлы.

–Сөйтіп жүргенде сен кездестің.

–Мен сені студент пе деп ойладым.

–Неге?

–Ана сүті аузынан кетпеген бала болып көріндің...

–Сөйтсең...

–Сөйтсем, білдей қызметте екенсің.

–Ә, қойшы соны, - деп Айнұр басын көтерді.

Оймақтай еріндерін бокал ернеуіне апара беріп Тұңғатқа сүзіле қарады.

–Сен мені сүйесің бе? – деп тосын сауал қойды Айнұр.

Тұңғат не айтарын білмей сасып қалды. «Сүйемін» дейін десе көз алдынан Жансаясы, екі перзенті кетер емес. «Сүймеймін» десе мына еліктей ерке әрі сүйкімді сұлу бұлқан-талқан болып ашуланып, орнынан тұрып кетпесіне кім кепіл?

Қыз жүрегі қашан да сезімтал. Тұңғаттың қыпылықтап отырғанын сезді де мырс етіп күліп жіберді.

Осы сауалды өзі неге бірінші қоймады? Егер қыз жүрегі ұнатпаса мұны өзіне соншалықты жақындатпас еді ғой. Сонда не деп сұрамақ?

–Жігіттердің жасығын ұнатпаймын, - деді Айнұр шараптан тағы бір ұрттап.

–Сонда мен жасықпын ба?

–Сені айтып отырғаным жоқ.

–Онда неге бұлай дейсің?

–Жай, әншейін. Бірақ, сауалыма жауап бермедің.

Тұңғат кері шегіне алмады. Айнұр шегінер жер қалдырмаған еді.

–Бір көргеннен есімді алдың, Айнұр!

–Жоқ, алғаш сен мені емес, мен сені бірінші көрдім.

–Иә, қарап отыр екенсің.

–Ендеше, алғаш мен ұнатып қалған екем ғой.

–Солай болып шығатын сияқты.

Айнұр еркелеп жігіттің иығына басын сүйеді. Шашынан жаһанда жоқ жұпар иіс тарайды. Жігіт оның шашынан иіскеді. Қыз балапан еріндерін тосып, томпақ көздерін жұма берді.

Ұршықша шыр айналған ұйықтың иіріміне түскен жан тұңғиық тылсымына жұтылып кете бермек. Сол тұңғиық Тұңғатты да тереңіне тарта берді. Екеуі күнара кездеспесе бірін-бірі өлердей сағынып қалатын еді.

Жансая күйеуінің жүрісінен секем алмаса да оның қызметінен тым кеш оралатынына қапалы еді. Мұндайда Тұңғаттың тамақ ішуге де шамасы келмей, төсегіне құлай кетеді. Шешіліп ештеме айтпайды. Екі баласын еркелетіп, әкелген сыйлықтарын үлестіреді де жатып қалады.

Ол келіншегіне суынып бара жатты. Күн сайын демесе де күнара Жансаяның ыстық құшағына көмілуші еді. Төсектен тоят тапқан келіншек күйгелектенбейді. Күйеуінің күйгелек мінезін әуелгіде жұмыстағы әлдебір келіспеушіліктен деп ойлаған Жансая енді шындап ойлана бастады.

Бұл жолы да Тұңғат жұмысынан кеш оралды. Әдетінше кешкі тамаққа тәбеті тартпады. Бақыт пен Бағдатты ойнатып болып, бөлмесіне кіріп кетті. Жансая да жанына келіп жантайған. Кенет қалта телефоны шырылдап қоя берді.

Тұңғат балконға шығып кетті. Арғы жақтағы адаммен келіспеді ме, біраз кергілесіп барып әлден уақыттан соң оралды. Телефонның беймезгіл шырылдауы бұл бір емес. Талай түндерде шырт ұйқыдан оятқан. Күйеуі соның бәрінде басқа бөлмеде сөйлескен.

– Қандай құпияң бар? Неге оңаша сөйлесесің? Бұрын мұндай әдетің жоқ еді ғой, - деп Жансая жыларман болды.

– Ер-азаматтың ісіне араласпа. Жұмыс барысындағы әңгімені әйелдің білуі шарт емес, - деп Тұңғат келіншегін тиып тастады.

Соңғы кезде ондай тиымның талайын көріп жүр.

–Түннің бір уағында телефондатқан кім? Қандай көңілжықпасың? – деген бозарып жатқан Жансая.

–Әй, сен не деп тұрсың?

–Не естісең сол.

–Онда мен көрсетейін саған.

Тұңғат үйленгелі бері әйеліне тұңғыш рет қол көтерді. Жансая жастығын тұмшалап, түні бойы екі иығы селкілдеп жылап шықты.

Жарының жазғырғаны мен жылағаны Тұңғаттың да жанына батқан. Ол Жансаяның иығына қолын салып еді, келіншегі қағып жіберді. Кешірілмес күнәсін біледі. Сонда да сыр бермеді. Қайтіп мойындайды? Ғұмыр бойы өзімен бірге кетер қалтарыстағы құпиясын қалай ақтармақ?

Ауруды асқындырмаған абзал. Тұңғат Айнұрмен кездесуден ада-күде бас тартуға бекінді. Құдайым-ау, сүйіп қосылған жарын, екі перзентін оған қалай айырбастамақ?

Тұңғаттың көмейіне өксік тығылды. Жасаған тірліктері үшін қатты өкініп жатты.

–Не істеп қойдым мен?

Дауысы оқыс шығып кетті. Өксіп жатқан келіншек селк етті.

Ол Жансаяның иығына қолын салып еді, келіншегі тағы қағып жіберді. Өзіне де сол керек. Несі бар еді, жоқ жерден жорға ашып. Сүп-сүйкімді жары, алтын асықтай қос ұлын неге ұмытты? Оны адастырған, жолдан тайдырған қандай шайтан?

Шайтан азғырған адамда есіріктің шалығы болады. Жоқ жерден еліріп, шатаса бастайды. Шатаса бастағаны ғой, «Маңдайыңа жел болып тимеймін. Хордың қызы болса да сенен басқаға қарамаймын» деп үйленген жан жарына қол көтерді. Бұл кінәні енді қайтіп жуып-шаймақ?

Келіншегін баяғыша аймалап, еркелеткісі келді. Алайда, Жансаяның домбығып ісіп кеткен көздерін көріп, өзін-өзі тежеді. Жансаяның жүрегін одан әрі жаралағысы келмеген. Күйзелген, кектенген келіншектің тілі шығады. Тілі шықты дегенше күйеуін інге тығады. Осыны ойлаған Тұңғат абзалы үндемеген деп шешті. Үлкендер де «Үндемеген үйдей бәледен құтылады» демеуші ме еді?

Ойлап отырса, Жансая босаға аттағалы күйеуінің бетіне жел болып тимепті. Қашан көрсең де екі көзі жәудіреп, күлімсіреп отырғаны. Әсіресе, мұның ыңғайын бағып отыруға шебер. Дауыс көтеріп ұрсу дегенді білген емес. Кейде жас балаша өкпелеп қана қалатыны бар. Бірақ онысы шайы орамал кепкенше. Жансаяны жанының жартысына

балап еді. Қолына қалап жүріп қондырған бақыт құсын өзі үркітіп, ұшырып жібермек пе?

Жігіттің жүрегі дір етті. Ол орнынан тұрып, екі ұлының бетінен сүйді. Санап отырса, екі балапаны, екі бақытын еркелетпегеніне, сүймегеніне де біраз уақыт болып қалыпты-ау. Тасжүрекке айналып барады екен.

Жанының жалын атқан жарқылы қайда кеткен? Ол әйелі мен қос құлынын өлердей сүйетін. Сол шексіз сүйіспеншілікті кеудесінен кім жұлып алды?

Әрі ойлап, бері ойлап Тұңғат өз әлсіздігін мойындады.

Жансаямен жарастықты қалпына келтіру үшін жанталасты.

Тылсым күлкісімен, таңғажайып түр-түсімен тұңғиығына тартқан Айнұр оны уысынан оңайлықпен босата қоймады. Басқан ізін аңдумен болды. Қаншама рет қашып құтылмақ болғанымен, Тұңғат отқа арбалған көзсіз көбелектей оның құшағына құлап, тыным табатын еді. Мұндайда тіптен жеңілдеп қалатын сияқты.

Өң мен түстің арасында жүргендей мең-зең күйден арыла алмайды. Кейде бастығырылып қалған адамдай өзін-өзі игеруге шамасы жетпейді. Мұндай халге қалай душар болды. Әлде дуаланды ма? Жалпы, ол дуа дегенге сенбеуші еді. Айнұрдың ондай әрекетке баруы мүмкін емес. Жүрегін қақ бөліп, жанын жараласа да ол сүйіктісін қиянатқа қиғысы жоқ. Сондықтан Айнұрдың барлық еркелігін көтеріп алуға бар.

Соны сезгендей соңғы кезде Айнұр еркелікті үдетті. Тұңғат телефонды сәл ғана уақытқа көтермей қалса да өкпелеп қалады. Ол Тұңғатты сағат санап емес, секунд сайын сағынатын секілді. Қайта-қайта қоңыраулатып, жағдайын, көңіл-күйін біліп отырады. Бәлкім, ол Тұңғатты тыпыр еткізбей уысында ұстағысы келер. Кейде ол Тұңғатты Жансаядан өлердей қызғанатынын да жасырмайды. Жанарлары жасаурап, мұрыны қусырыла түскенде жігіт оны аяп та кетеді. Жас жүрек жайып саусағын, алыстарға ұмтылған шығар. Сондай бір қорғасындай балқып тұрған

сәтінде бұған жолығып қалды ма екен? Серіппелі сезім оты оңайлықпен өшпейді. Сондықтан Айнұр шексіз ұнататынын дәлелдеуге тырысып бағады.

Өткендегі бір кездесуде Айнұр бұл күтпеген ұсыныс айтты.

–Тұңғат, папама айтып сенің қызметінді жоғырылатсам ба деп едім.

Жігіт ыстық табаға түскен бақадай ыршып түсті.

–Сонда қалай, ол кісі біздің байланысымызды біледі ме?

–Жок, білмейді.

–Онда мені кімім деп таныстырасың?

–Подругамның ағасы еді деймін.

–Қисынды сияқты. Бірақ мен осы атқарып жүрген қызметіме де разымын.

–Сен мені түсінбедің, Тұңғат. Біздің папаның қолынан бәрі келеді. Бір звонок жасаса болды, қызметім өсті дей бер.

–Болмайды, Айнұр. Ыңғайсыз. Бұдан кейін бұл тақырыпты қозғамайық. Жарай ма?

–Саған жақсылық жасаймын ба десем...

Айнұр бұртиды. Артынша жадырады.

Тұңғат ойланып отыр. «Құрықты алыстан салғысы келеді-ау. Мойынға тұзақ бір ілінген соң тыпыр еткізбейтін шығар».

Жарыққа айналып келе беретін жынды көбелектей Айнұрдың қасынан ұзай алмады. Не сиқыры бар? Түсіне алмады. Түсінуге шамасын келтірмеді.

Ғашық жүректер немесе тәуелді жан ғана бағынышты болмақ. Ерке қыздың айтқандарын бұлжытпай орындаймын деп ыңғайына қарай жығылу оның әдетіне айналыпты. Айнұр не айтса да бұл үшін бұлжымас заң. Мұрнын тескен тайлақтай Айнұрдың соңынан томпаңдап бара жатқаны.

Бірақ ол мұны қыз жылуына жауабы деп ойлайды. Айнұр да жігіт жүрегін қаншалықты жаулап алғанын сезеді. Еркелей де, айтқанын өткізе де біледі. Қыздың құрығы да, қылығы да жігіт адымын аштырмады. Шолжандаған

ауылдың тасыр қызының бірі ме деп ойлаған. Бірақ, оның тәтті қылықтары есін алады.

Кешқұрым көше бойлап келе жатқанда жүзі ай нұрына шағылысып, аршыған жұмыртқандай әппақ беті жарқ ете қалғанда Тұңғат еріксіз таңырқады. Екі бетінің қаны сыртына теуіп тұр. Әнтек жымиғанда екі бетінің ұшына шұңқыршалар пайда бола кетеді. Құс қанатындай қиылған кастарының астынан қиыла қараған бота көздер таңғы шықтай мөлт-мөлт етеді. Тұңғат оның көздерін кемеліне келіп толқып тұрған шалқар көлге теңейді. Үп етіп самал соқса көл бетіндегі толқын тулап, арнасынан төгіліп кететін тәрізді.

Кейде екеуі кешкі көңіл көтеретін ойын-сауық орындарына кіретіні бар. Мұндайда Айнұр ортаға шығып еліктей ойнап билейді. Балтыры жалт-жұлт еткен қызға былайғы бойдақтар да тамсана қарайды-ай келіп. Сыртқы сұқ көздердің сумақай тіміскілеулерінен қызғанса да Тұңғат сыр бермеуге тырысады. Олай етпесе бұла болып өскен ерке қызды өкпелетіп алуы мүмкін. Сұқтанған сырбаздардың не ойлап тұрғандарын іштері біледі. Бірақ Тұңғат үшін барлық ерік-жігерін шідерлеп тастаған осы қыздың бір бәлесі бар. Қанша жерден ұмытайын десе де жем жеген ақырына қаша беретін жылқы тәрізді бұл да Айнұрға қайта айналып келеді.

Тұңғаттың «бақыт деген соқыр, ол таздың да, кереннің де басына қона береді» дегенді бір жерден құлағы шалғаны бар. Бәлкім, сезім деген де соқыр ма екен. Әйтпесе, Жансаясынан өзгеге селт етпеген жүрегі бір көрген қызға қалай құлай кетті? Түсініксіз. Ол өз жүрегінің жұмбағын шеше алмай әлекке түсті.

* * *

Қоңыр күздің мизамшуақ күндерінің бірі еді. Қысыр бұлт қанша қаптаса да жерге тамшы тамызбай, сараң адамдай сазарып жөңки көшеді. Артынша аспан шайдай ашылып, алтын күн жерге нұрын аямай шашады. Оңтүстік өңірінің күзі ұзақ. Кейде қаңтарға дейін қар түспейді. Осындай

жадыраңқы күндері адамдар жеңіл киінгенді жөн санайды. Қомыт-қомыт киінер күн де келер. Табиғаттың тамаша тартуынан тіршілік атаулы тартынбақ емес. Көше бойындағы әрі-бері сапырылысқан жұрт жүзінде тоқмейілділік табы бар. Ертең-ақ келіп етектен алып, бет қаритын аязы бар қыс-құданың мысықтабандап жақындап келе жатқанынан ешкімнің шаруасы жоқ.

Қызмет бөлмесіне кіріп, үстелінің тартпасынан қағаздарын қобыратып алып шығып енді алдына жая бергені сол қалта телефоны безгек тиген адамдай қалшылдап қоя берді. «Таңертеңнен қоңыраулатқан бұл кім болды екен?» деп телефон ұясындағы номерге үніліп еді, Айнұр екен.

–Тұңғат! – деген оның дауысынан қуанышты екені білініп тұрды.

–Иә, жаным!

Жігіт соңғы кезде Жансаяға ғана арнаған осы сөзін Айнұрға да айтып қалып жүр. Жүрек те екі жарылады екен ғой.

–Сүйінші, Тұңғат!

–Сүйінші – менен, айту – сенен, - деді бұл аузына басқа сөз түспей.

–Сүйіншінді берсең ғана айтамын.

–Айттым ғой, сүйінші менен.

–Біз шетелге саяхаттап қайтатын болдық.

–«Бізін» кім? Әкең мен шешең де бірге барады ма? Жақсы болыпты. Құттықтаймын!

–Жо-жоқ, Тұңғат. Ол кісілер бармайды. Мен және сен.

–Түсінбедім.

–Оның не түсінбейтіні бар. «Біз» дегенім – екеуіміз. Шетелге бірге шығамыз.

–Оған мені жұмысымнан босатады ма? Шетелге қаржыны қайдан аламын? Шетелге шығуға жарамды төлқұжатым да жоқ.

Тұңғат қапелімде не айтарын білмей қалбалақтап қалды.

–Уайымдама, Тұңғат. Бәрін де өзім реттеймін, - деді Айнұр соны сезгендей.

–Қалай?

–Бәрін де түсіндіремін. Жұмыстан соң күт мені.

–Жарайды, - деді Тұңғат ықылассыз.

Айнұрмен бүгін кездесуге құлқы жоқ еді. Қызметінен ертерек қайтып, екі баласымен саябақ ішін аралауды күні бұрын жоспарлап қойған-ды. Сондықтан ол Айнұрмен кездесуге екі аяғы да кері тартып, лажсыздан келді.

–Жаным! – деп Айнұр мойнына орала кстті, – Саған сюрприз дайындап қойдым!

–Иә, ол қандай сюрприз?

–Телефонда-ақ айттым емес пе, шетелге кетеміз. Жеке куәлігінді бер. Шетелге шығуға жарамды паспорт жасатып берсін.

–Жұмыс ше?

–Жұмыс қасқыр емес. Ол орманға қашпайды.

–Үйге ше? Үйдегілер не дейді?

–Ту-у, осы сенің үстетінің-ай. «Әйелімнен қорқамын» десеңші одан да.

–Мәселе қорыққанда емес, сыйластықта ғой.

–Сыйластықта болса күйеуінің шетелге сапарлап қайтқанына қай қатын қуанбайды дейсің.

–Кім жіберді, кіммен кеттім демекпін?

–«Қызмет бабымен кеттім» десең, біреу сенің ауызыңа какпақ болады ма? Ертең келген соң шетелдік сапардан керемет бір жолжазба жазасың. Сонымен бәрі бітпейді ме?

–Ойланып көрейін.

–Ойланатын дәнеңесі де жоқ. Ертең жұмысқа жеке куәлігінді әкел. Қалғанын өзім реттеймін. Қаржыдан да қысылма. Папам жеткілікті қаржы берген.

Тегінде туристік сапармен шетелге шығу екінің бірінің уысына түсе бермейтін бақыт. Теңгені де сүйіктісі төлемек. Сонда Тұңғат неден тартынады? Ол бүгін іші-бауырына кіріп, қанша жалпақтағанымен Айнұрға салқын қабақ танытты. Мүмкін Жансаясынан жырақтатып, көрмеген, бұрын табаны тимеген жат өлкеге әкетпек болғаннан соң да шығар. Екі баласын біраз уақыт көре алмайтыны жанына

батты ма екен? Әлде отбасына опасыздық жасап жүргені жанын жегідей жеді ме? Білмейді. Әйтеуір, тосырқау бар. Тартыну бар. Не деп жауап қатарын білмей Тұңғаттың басы қатты.

–Неге сонша тұнжырай қалдың? – деп Айнұр иығына басын сүйеді.

Бүйіріне жұлқынып жылу жетті. Толқынды шашының жұпар иісі мұрынын қыгтықтады, сезімін түрткіледі. Томпақ көздерін төңкеріп оған наздана, еркелей қарады. Назды қылық нардай жігітті сезім тұтқынына байлап-матап берді. Жауар бұлттай түнеріп тұрған көңіл аспаны шайдай ашылды. Одан арғысы еміс-еміс есінде...

... Олар отырған алып ұшақ Калифорнияға келіп қонғанда алтын шапақ көкжиекті сан мың түске бөлеп мың құбылып тұр еді. Тұңғаттың көңілі ашулы теңіз бетіндегі толқындардай алас ұрды. Тоғыз балдық теңіз тербелісінде қалған кемедей сезім сымдары қалтқыдай діріл қақты.

Жат жер сұқсыр сұлулығымен сұқтандырып келе жатты. Қолтығына кіріп, кенедей жабысып алған Айнұрдың ыстық лебі де оны басқа әлемге жетелегендей еді.

Ымырт. Бөлме іші жақұттай жайнайды. Кең де жұмсақ дивандағы екеудің көздері жұмулы, шала мас күйде еді. Оқтын-оқтын Айнұрдың рахат сезімге бөленіп, ыңырси шыққан үні естіледі. Махаббаттың маздақ жалыны оларды өртеп жатты.

Ертесіне жеңіл спорттық киімдерін киген олар төңірекпен танысуға шықты. Айнұрдың тып-тығыз денесіне спорттық киім сұмдық жарасады екен.

Бір күнінен екінші күні қызық, бір түнінен екінші түні шырын тиянағы жоқ тәуліктер зымырандай зуылдап өтіп жатты. Әр сапар сайын төңірекке тамсанған Айнұр қаймақтай жұқа еріндерін жымқырып, үнсіз күлімсірейді. Ол күлімсіреген сайын Тұңғат та қуанады. Тәтті тәуліктердің қуанышы мол еді.

Бірақ, сол мол, таусылмайтындай көрінген қуаныш ойда-жоқта ортайып қалды. Оған Айнұрдың мына әңгімесі себеп.

Олар сол күні де серуендеуден кештете келген. Кешкі тамақтарын ішіп, тоят бөлмелерінде тыныстап жатыр еді. Айнұр оның кеудесіне басын қойып, еркелей түсті. Кеудесіндегі жүнді тарап, жігіт қытығымен ойнағысы келгендей. Кенет ол басын жастықтан жұлып алды.

–Тұңғат!

–Ау!

–Сен мені сүйесің бе?

Жігіт тәпе-теңде сасқалақтап қалды. Мұндайда не деп жауап берген дұрыс. Біле білсе оның бабаларының табаны тимеген шетелде тайрандап жүргені Айнұрдың арқасы емес пе? Ендеше, мұндай жанды қалай ренжітуге болады?

Ол қыпылықтады. Айнұрды өзіне тартып, шиедей ернінен құшырлана сүйді. Айнұрға осының өзі жеткілікті болатын.

Әлден соң Айнұр тағы бір тосын сауал қойды.

–Тұңғат!

–Иә.

–Шыныңды айтшы, әйелінді сүйесің бе?

–Иә, сүйіп қосылғам.

–Мені ше?

–Сені де сүйем.

–Жоқ, олай болмайды. Бір адамның екі әйелді бірдей сүйюі мүмкін емес.

–Мұнымен не айтпақшысың?

–Сен оны сүймейсің. Сондықтан онымен ажырас.

–Ау, екі баланы қайтемін?

–Сені сол екі балаңмен де жатсынбас едім.

–Ал, Жансая ше? Жансая?

–Айтпашы маған сол Жансаяңды. Тіпті атын да естігім келмейді.

–Біліп қой, Айнұр! Біріншіден, ол менің сүйіп қосылған адал жарым. Екіншіден, екі ұлымның анасы.

–Сондықтан екен ғой, қасынан сипақтап шыға алмай жүргенің...

Тұңғат өзін-өзі тежеп қалды. Не айтары бар? Шындықты өлтіру үшін жалғанның жаналғышына айналу керек. Бұл Тұңғаттың қолынан келмейді. Сондықтан ол үндемей құтылудан басқа жол таппады. Ғашықтық дерті қасіретпен тең екен-ау. Мына жанындағы жұдырықтай қыздың мұны қияндағы бір қалтарысқа еркінен тыс алып келуі сол дауасыз дерттің дүрмегі емес пе екен?

Айнұр көрпесін басына дейін жамылып теріс қарап жатып қалды. Тұңғат оның жылап жатқанын сезді.

Сұлудың ыстық жасы төсекте шашылып жатты.

Ертесіне өкпе-назын ұмытқандай, жайдары жүрді. «Япыр-ай, қысқа күнде қалай ғана қырық құбылады?» деп ойлап келе жатты Тұңғат.

Олар орманды алқапты аралайтын болды.

–Бізде бір ағаш бар. Ол ағашты өзім көрсетемін. Оған мүлде жолауға болмайды, - деп ескертті гид.

Тұңғаттың ойына Адам Ата мен Хауа Ана туралы тәмсіл түсті. Жұмақта жүрген екеуіне «мына ағаштың жемісін жемендер» деп ескертпеуші ме еді. Ағаштың жемісін жейтін болса жұмақтан қуылатынын да ескертеді. Алайда, бұттарын жапырақпен жауып, алаңсыз жүрген екеуді шайтан азғыра бастайды.

–Мына өмірдің бар мәні мен қызығы осы жемісте. Оларды сендерден қызғанады. Сондықтан жегізбейді. Асыл ағаштың жемісінен ауыз тиіндер, - деп күн сайын құлақ етін жемейтін бе еді.

Екеуі де пенде. Ал, пенде шіркіннің қателік жасамауы мүмкін емес. Азғыру ақыры екеуінің де түбіне жетеді. Тыйым салынған жемісті жеген Адам Ата мен Хауа Ана жұмақтан қуылады.

Атамекеннен айшылық алыс аймақта жүрген, мұндағылардың ешқайсысы танымайтын екеуге саяхатшылардың дені сүйсіне қарайды. Бірін бірі адаспай тапқан жарасымды жұпқа балайды. Сонда да Тұңғат өзінің тылсым тағдырына бүгін ғана терең үнілгендей.

Қайдағы бір шалғай жат өлкеде жүрген оларға жол

бастаушысы «Бізде бір ағаш бар. Оған тимеңдер» дейді. Тисе, түбі жақсылыққа соқтырмайды екен. Сонда ол қандай жұмбақ ағаш? Жұмақтағы жұмбақ жеміс ағашы Калифорнияның солтүстігінде қайдан жүр?

Тұңғат тітіркеніп, денесі мұздап сала берді.

Жол бастаушы соңындағы саяхатшыларды бөгеп, әлдебір нәрсені қол таяғының ұшымен көрсетіп тұр екен. Тұңғат та гид нұсқаған жаққа қорқақтай қарады.

Қарсы алдында, тіптен қол созым жерде жапырақтары кобраның басына ұқсас, бұтақтары алашұбар қорқынышты бір өсімдік тұр. Өзі тіпті ағаш деуге де, гүл деуге де келмейді. Түр-түсі де келіспей қалған. Жылтыр жапырақтарының беті қоймалжың май сияқты.

– Дарлингтония! – деді жолбасшы.

– Дарлингтония! Бұл өте қауіпті, жыртқыш өсімдік!

Саяхатшылар дүр сілкініп кері шегінді. Бойларын қорқыныш билеген туристердің көздері алақандай болды.

Аудармашының сөзінен ұққаны дарлингтония жапырақтары үстіне қонған шыбын-шіркейді, басқа да жәндіктерді тыпыр етуге шамасын келтірмей жұтып жібереді екен. Манайына жолай қалған адамды жапырақтары орап алады. Одан босанып шығу мүмкін емес. Ал, «тұтқыны» жантәсілім еткенде өсімдік онымен «тамақтана» бастайтын көрінеді. Осындай озбырлығына қарамай дарлингтония гүлдеп те тұрады деседі.

Түс көріп тұрған тәрізді. Расында «осының барлығы түсім болса екен» деп тіледі. Қандай ұқсастық! Бағамдап қараса, Айнұр да мына дарлингтония секілді екен ғой. Оның гүлдеп тұрған кезінде байқамай тұтқынына айналып үлгеріпті. Енді ол оңайлықпен уысынан босатар ма?

Жер лайсаң еді. Тұңғат кері шегініп, жалмауыз жапырақтарға жақтырмай қарап ұзақ отырды. Көзі жұмулы. Ойы шартарапты шарлап кеткен. Басы мең-зең. Соқыр тұманда айдалада адасып жалғыз қалған адамдай. Бұдыңыр бозамық қалың қорғандай. Оны бұзып-жарып өте алмайтындай. Ой тұңғиығы тереңіне тартып барады.

Сансыраған санасында сағым көшіп жатқандай. Өзінің баянсыз, бақсыз ғұмыры тәрізді.

Ол селк етіп орнынан тұрды. Төңіректі көзімен шолып, Айнұрды іздеді. Ол үріккен жандардың арасында үрпиіп тұр екен. Талайлы тағдырын осы қыздың қолына тапсырып, соңынан бұйдаланған тайлақтай еріп жүре беріпті-ау. Бүкіл болмысы бозаң тартып, әлдебір бұлыңғыр бозамықтың ішінде бұйығып қалғандай. «Япыр-ай, мына жалмауыз ағаш неге мені жұтып қоймады екен?» деп шошына ойланды. Шошындырған соңында қалған қос құлыншағы. Екеуі қолдарын бұлғап құлдырандап жүгіріп келе жатқандай. Жарының, қос құлынының алдында кешірілместей күнәсі бар Тұңғат тұңғыш рет өзінен өзі жерінді. Үстіндегі киімдері денесіне шоңайна сияқты тиетіндей. Арқасын ара ма, бүрге ме, көзге көрінбейтін бір шіркей ондырмай шақты. Тағдыр-талайында әлі талай сыбағаның күтіп тұрғанын ойлап, жауырыны мұздады. Алғашқы азап. Алда оны не күтіп тұр?

Жылан жапырақтарға жәйтпейдей қарап тұрған Тұңғат өзін жұмақтан қуылған жандай сезінді.

* * *

Атқан таңдай ажарлы көрінген Айнұрдың айдаһарға айналып бара жатқанынан үрейленген Тұңғат түні бойы дөңбекшіп ұйықтай алмады. Кеше ғой, орманнан оралған соң оңаша бөлмеде Айнұр әдетінше еркелей күліп, назданып еді, Тұңғат тарапынан ықылас болмады. Айнұр оны жолсоқты болып келдіге жорыды. Ол Тұңғаттың өз денесінен түсініксіз тарғыл таңба көргенін білген жоқ еді.

Адам аусар күй кешсе, соқыр болып қалады екен-ау. Қалай байқамаған? Қалай көрмеген? Осы уақытқа дейін бауырына балапандай басып келген сүйіктісінің мінезіндегі мінді де еркелікке жорып келіпті-ау.

Ол бері аударылып түскенде, терезе алдында жалғыздан жалғыз шошайып отырған Айнұрды көрді. Көмескілеу

бөлмеде шашы қобырап, қорқынышты көрінеді екен. Тұңғат кенет шоқ көргендей болды. Иә, кәдімгі шоқ. Осы шоқ қазір ұшып келіп денесін қаритындай. Жігіт орнынан шошына атып тұрды. Есін әзер дегенде жинаған. Темекінің бозамықтанған шоғын енді байқады. Айнұр темекі түтінін ішіне құныға сорды да аузы-мұрнынан будақтата жіберді. Тұңғаттың жүрегі лоблып, құсқысы келді.

Терсзсгс ілінген торғын перде толқынданып тұрды.

Тұңғаттың есіне Досбол шешеннің бір тапқырлығы түсті.

Бір күні қалың жиынның ортасында отырған Досбол шешеннен біреу:

–Қол бастау қиын ба?

Жол бастау қиын ба?

Сөз бастау қиын ба? – деп сұрайды.

Сонда Досбол:

–Қол бастау қиын емес,

Көк найзалы ерің болса.

Жол бастау қиын емес,

Соңыңа ерген елің болса.

Бәрінен сөз бастау қиын,

Тауып айтсаң мереке қылады,

Таппай айтсаң келеке қылады!

Азған жерге сұңғыла шығар,

Оның гүлдері шұбар-шұбар,

Дөңбектей тамыры болар,

Сол уын қауынға жаяр,

Қауынның пәлегі солар,

Ер еңбегі зая болар, - депті.

Жұмыр жер жұмбақтарға, ашылмаған құпияларға толы.

Біздің жерде азған жерге шығатын сұңғыла атты шөп бар.

Оның да гүлдері шұбар-шұбар. Дөңбектей тамыры арқылы

қауынға уын жайып, пәлегін солдырады. Дүниеде түн мен

күн, ақ пен кара, жақсы мен жаман тәрізді жұптасқан егіз

ұғым көп. Сонау Калифорнияда дарлингтония дүйім жұртты

дүрліктірсе, өз жерімізде сұңғыла атты сұмырай бар екен

ғой. Жаратылыс қандай шебер еді десеңші.

Азған жердің шөбі де азады екен-ау. Тұңғат басқа ел, басқа жұрт құрып қалғандай қайдағы бір қияндағы құрып қалғыр жерге келгеніне өкінді. Кобраның басын жапырақтан көремін деп үш ұйықтаса түсіне кіріп пе? Жапырақ көктемнің, жастықтың символы емес пе еді? Ақындар «Жапырақ жүрек» деп жырлайды. Абайдың өзі «жапырағы қуарған ескі үмітпен, қиял қып өмір сүріп, бос жүріппін» демеуші ме еді? Осы өлең Тұңғаттың бұлдырмен өткен көп күнін тап басқандай. Соны айтқан ұлы Абай «адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ» деп те ескертті. Иә, ол дәурен өмір емес, бір көрген түс екен-ау.

Сол сұңғыла жалт қарап-ақ жүрегін еріксіз жаулаған Айнұр болар ма? Бақыттың балы, болашағының баяны сынды көрінген сұлудан неге үркеді? Жаратылысынан көңілдің қошына тәуелді Тұңғат бұл жолы бәрінен де тартынған. Бойында ынтықтықтың ыстық қаны толқып, тулап ақпады. Көңіл түкпірінде белгісіз томаға-тұйық торығушылық басым.

Ол Айнұрмен екі арадағы қиюы қашқан байланысқа кімді кінәларын білмеді. Тегі, адам әлімсақтан өзімшіл ғой. Оны да сол өзімшілдік өкшелеп, мағап-байлап тастады. Жылт еткен жалған сезімнің жетегінде кеткен кешірілмес күнәсіне көркөкіректігі де себепші еді.

–Тұңғат, барлық тағдырым сенің қолыңда. Өзіңді шексіз сүйеді екем, – деп Айнұр оның жүрегін жібіткісі келгендей жәудірей қарады.

Екіұдай сезімдегі жігіттің басы қатты. Оның есіне «екі кемеңіз басын ұстаған суға кетеді» деген тәмсіл түсті. Жылы жүзді, иманы бетінен көрінетін жары Жансая, ұлдары Бақыт пен Бағдат есіне түскенде іші уілжіді.

...«Боинг» жерден ышқына көтерілді. Тұңғаттың жүрегі төмен тартып, өзін жайсыз сезінді. Ту-ту төменде бар құпиясын тұмшалаған жасыл орман қалып бара жатты. Көкжиекке ілініп қалған күн қып-қызыл болып өртеніп тұр. Оның шартабағынан қан тамшылағандай. Иә, төменде

қанды ағаш қалып барады. Оның шырмауық шеңгелінен құтылғанына қуанды.

Айнұрдың көздері жұмулы. Сонда да көздерінің домбығып ісіп кеткені байқалады. Не ойлап келеді екен? Тұңғаттың салқын тартқан көңілін ол да жазбай таныған тәрізді. Кешегі жайдарылығынан жұғын да қалмаған. Томсырайып, тонының түгін көрсетеді. Қыр көрсеткісі келеді ме, қалай?

Ұшаққа отырар алдында ол тағы да түлкідей түрленді. Тұңғаттың қолтығынан ұстап келе жатты. Жұпарлы жүзін бұрып, жігітке жәудірей қараған. Шемен боп қатқан жүрек жібімеді. Тұңғат қыздың ықыласына жауап қайтарған жоқ. Айнұр мұны оның екі ұлын сағынып жүргеніне балады. Иә, жырақта жүрген жан ботақандарын қалай сағынбасын!

-Тұңғат! - деді Айнұр сыбырлай сөйлеп.

-Ау!

-Неге көңілсізсің?

-Қайдағыны айтпашы.

-Көріп тұрмын ғой. Кешеден бері қабағыңды бір ашпадың.

-Шаршағаннан шығар.

-Кеше шаршағаның рас. Бүгінгіңе не жорық?

-Калифорнияны қимағандықтан болар.

-Сок өтірікті.

-Рас. Әлгі бір өсімдігі болмаса жақсы жер екен.

-Ендеше, тақалып отыршы өзің.

Айнұр оның шашын нәзік саусақтарымен тарады. Бойы жеңілдеп қалғандай болған. Айнұр енді оны тас қылып құшақтап алды. Өн бойына шым-шымдап дарыған ыстық леп жігіттің асау сезімін түрткілегендей. Бірақ, оны бұрынғыша күйіп-жанып жақсы көре алмады. Қылт еткен құштарлық қызыл түлкідей бұлаң етіп қыр асып барып жоғалды. Жігіт бұл жолы бойдағы бұйдалы бұла бұлқынысты әлдебір қимастық сезімге балаған. Жігітте қарындасқа деген қамқорлық болады ғой. Сол қамқор көңілмен Айнұрдың шашынан иіскеген. Осыған бола қыз кәдімгідей емексіп қалды.

Көк зеңгір шалқар көлдей көсіліп жатыр. Ұшы-қиыры жоқ аспан әлемінде бір шөкім бұлт жоқ. Төңірек түгел тазалықтан ғана қаланып тұр. Зымыран құс самғап ұшып келеді. Тұңғаттың ой-қиялы одан да озып кеткендей. Адамдар Жер-Ана төсін түрлі қоқыспен ластағаны қашан. Ана жота-жоталарда, қырат-белестерде қанша қан қатқанын кім білген. Жолбарыстар жортқан сайын дала, орман-тоғайларда қаншама өлексе қалды десеңізші. Бұл аздай кен іздеген екіаяқтылар Жер-Ананың қойын-қонышын түгелдей тіміскілеп бітті. Жердің қаны – мұнайды сүліктей солқылдата сорып жатыр. Қашанғы шыдайды? Жер-Ананың оқыс бұлқынып, қансорғыштарға қарсылық білдіретіндігі де бар-ау.

Тегі, тазалық, мөлдірлік көкте ғана екен ғой. Періштелердің зеңгір көкте мекендейтіні рас болса, бұл аймақ таза болмай, не көрініпті сонша?! Шіркін-ай, әлдебір күшкүдірет демеп, былғанбаған әлемде мәңгілікке қалып қойса ғой.

Тұңғат ұшақ жерге қонбай ұша берсе екен деп тіледі.

Ту-ту төменде айқыш-ұйқыш от ойнап жатты.

Ол тозақ оты тәрізді көрініп, Тұңғаттың өне бойы тітіркенді...

ӘЖІТІМ ЕЛЕР



ҮРЕЙ

Шаңырақ көтергендеріне жарты ғасырға жуықтаса да карадай жүріп қалтырап, соңынан құбыжық қуып келе жатқандай үрейленетін күйеуінің ішкі жан тебіреністеріне Хадиша түсінбей-ақ қойды.

Әрі-беріден соң оны көлеңкесінен қорқатын қоян ба деп те ойлаған.

Түнімен сандырақтап, әлденеге үрейленіп, бастығырылып барып шошынып ояматын Мүсірәлінің бұл қылығына келіншек болып түскен жылдары таң қалушы еді. «Адам үш күннен соң көрге де үйренеді» дейді ғой, Хадиша Құдай қосқан қосағының шектен тыс қорқақтығына да көндіге бастады.

Мүсірәлі соғысқа дейін қолына кілт ұстаған ауылдың атқамінерлерінің бірі болған деседі. Соғыстан бір аяғынан айырылып келген Мүсірәліге емешегі үзілген жандардың бірі Хадишаның анасы – Бибіш. «Ақылын болса осы жігіттің етегінен ұста. Оқыған-тоқығаны көп, ертең-ақ дөй бастық болып шыға келеді. Ішкенін алдында, ішпегенін артында шалқып өмір сүресің. Өзі де бір сындырған нандай ізетті, көргенді бала» деп құлағының құрыш етін жеп те біткен. Балдаққа сүйеніп жүреді демесеңіз, Мүсірәлі сымбатты-ақ жігіт. Иә, қазір бай таңдайтын заман ба? Соғыстан күйеулері қайтпай қалған жап-жас келіншектердің көпшілігі алпысты алқымдағандардың шылауларына орағытылып жүр. Он жеті, он сегіз жастағылар майданнан қайтқан жауынгерлерді төңіректейді. Қыз-арзан, жігіт-қымбат осындай бір алмағайып заманда Мүсірәлі соғысқа бір аяғын тастап келді ғой. Хадиша көп ойланып жатпады.

Біраз күн тыныққан соң Мүсірәліні колхоз бастығы шақырытты. Жұмыстың көптігін, адам күші жетпей жатқандығын айтты. «Ферма меңгерушісі қызметінс

қалайсың?» деді ойланып отырып. Мүсірәлі «бұл менің қолым емес» деп тұңғыық бір ой құшағына сүңгіп кетті.

Соғысқа алынбай тұрғанда Мүсірәлі ақжарқын, көңілді жігіт болатын. Майданнан оралғалы көбіне тұнжырап, қабағы ашылмай бұйығы жүретін бір мүскін күйге түсті. «Е, қу соғыстың зардабы да. Алпамсадай атпал азаматты қандай күйге түсірген» деп оның осы нәумез кейпін көргендер іштей мүсіркейтін.

Мүсіркейтіндейі де бар, балдағы, сірә, жанына бататын шығар-ау, қиналып жүреді. Шик-шиқ етіп шикылдап бара жатқан балдақтың ащы үні майдангердің жанын да жеп бара жатқандай болып сезіледі. Мүсірәлінің жанына балдақ қана батпайды. Ауылдың жүдеу тіршілігіне, жесір мен жетімдердің жаутаңдай қарайтын мұңлы көздеріне қарап, жүргі жұлым-жұлым болады. Алайда, кісіні мүсіркеп, есіркеп тұратын уақыт па қазір. Ұнжырғасы түсіп, сары уайымға салынып, қашан да жүні жығылып жүретін Мүсірәліні былайғы жұрт «соғыстан есі ауысып келдіге» жорушы еді. Жан баласына жуымай, жырақтап жүретін жауынгер кісікиіктеніп далаға қаша бастағанда туған-туыстарының өзі одан түңілінкіреп-ақ қалған.

- Ендеше, қойма меңгерушісі бол,- деді колхоз бастығы Төлеш меңіреу қалыпта отырған майдангерді ұйқысынан оятып алғандай өзіне қаратып.

Мүсірәлі бұл жолы да басқа әлемде жүргендей кейіп танытты.

- Сонда не жұмыс істемек ойында бар?- деп сұрады Төлеш.

- Жолдас бастық. Маған бір отар қой беріңіз,- деді Мүсірәлі селқос қалыпта.

- Қой жаятындар сенсіз де жеткілікті. Білімің бар, тәжірибең бар, сен колхозға керексің. Бізге білімділер жетіспей жатыр,- деді Төлеш.

- Ниетіңізге рахмет! Жастар өсіп келеді ғой,- деген Мүсірәлі орнынан тұрып кетуге ыңғайланды.

- Сен немене қаусап отырмысың?

- Дегенмен, бәсеке, соның реті келмейтін сияқты.

- Неге?

- Негесі сол, бастық болғым келмейді,- деп Мүсірәлі әңгімені шорт кесті.

«Аяғынан айырылып келгеннен соң қорынатын шығар. Құдайым-ау, соғыстан кім жаралы болмай оралып жатыр? Жаны аман келгеніне қуанбай ма? Бүгін ферма басқарса, ертең зейнеткерлікке шыққанда оны орныма қойып кетер едім. Әлде тап қазір-ақ орынымды босатып бере салғаным жөн бе еді. Бірақ, оны аудандағылармен ақылдасып барып жасауымыз керек қой. Бекер болды, бекер» деп бармағын тістеледі Төлеш. «Өжет жігіт емес пе, балдағын сықырлатып жұрт көзіне көп түскісі келмеген шығар» деп ой қорытты колхоз бастығы.

- Ойланып кел. Байламыңды кейін айтарсың,- деді Төлеш.

- Мен бәрін де кесіп-пішіп қойғанмын. Шешімімнен ешкім де қайтара алмайды енді,- деп қос балдағын еденге тартар-тартар сокқылаған Мүсірәлі бастықтың жұмыс бөлмесінен шығып бара жатты.

Төлеш терезеден сыртқа қарап тұрды. Бағанаға байланған шылбырды шешіп, атына қарғып мінген Мүсірәлінің ширақ қимылына сырттай сүйсінді: «Соғыстан жүйкесі жұқарып келді. Бірер ай, бәлкім бірер жылдан соң қаңбағын жел қуалаған иен даладан өзі-ақ мезі болар. Мал соңында салпақтау кімге оңайға түсер дейсің? Жидіп кеткен жүйкесі қалыпқа түсіп, ақылы кірген соң алдыма өзі-ақ келер» деп ойлаған Төлеш майдангердің қалауын қанағаттандырды.

- Несің айтасың, бәсекең ферма меңгерушісі қызметін ұсынған екен, байың хош көрмепті. Сонда оның нені көксейді?- деп шаптықты Хадишаның абысыны Жұпаркүл.

- Соғыста ерлік көрсеткен батыр ма десек, қоянжүрек қорқақ екен ғой. Қалай соғысқан өзі? Бір аяғын сол қорқақтығынан жауға беріп келгеннен сау емес шығар,- деп бір үйдің шаңын екінші үйге апарып қосып жүрмесе бойына ас батпайтын Күләш әлденені ішіне бүгіп сылқ-сылқ күлді.

Хадиша шешіліп ештеңе айта алмады. «Біздің үйдің кісісі қалай шешсе, солай болады» деп жүктерін бұйып-түйді. Көп кешікпей олар колхоздан бір отар қой қабылдап алып жайлауға көшті.

Оңашада ойнап-күлгені болмаса Мүсірәлі күн өткен сайын бұйығылана, кісікиктене түсті. «Күні бойы қой соңында жүргендіктен шаршайтын шығар, құлазитын болар» деп Хадиша жарына жаны ашыды. Жас пен жастың тілегі бір емес пе, Хадишаның күйеуіне деген махаббаты лайлай түсті. Оңашада Мүсірәлімен тәтті табысар тоят түндерін ойлап, ол үнемі көкке өрмелеп шығып алып, бір орынында тапжылмай тұратын Күнге сарғая қарайтын. «Қашан кеш түсер екен?» деп секунд санап отырады. Өрістен оралған отарды иіріп, атын жайғап үйге кірісімен Мүсірәлі «ешкім келген жоқ па?» деп сұрайды.

Хадиша, о, несің айтасыз, қасы, көзі қиылған, бұраңбел, ай қабақ, қызыл ерін, қол-аяғы балғадай сүйкімді де, сымбатты келіншек. Келін болып түскелі толыса түсіп, тіпті ажарланып кетті. «Мүсірәлі мені қызғанатын болды ғой» деп іштей масаттанады Хадиша.

- Немене, үйге қарай біреудің келе жатқанын көрдің бе?- дейді наздана.

- Жо-ға.

- Ендеше, кімді айтып тұрсың?- дейді қылықты келіншек.

Кешкі тамақтарын ішіп-жеп, отарды бір айналып келіп төсегіне қисаяды күйеуі. Хадишаның күні бойы күткені осы бір шырын шақ емес пе, екеуі тәтті табысады. «Таң атпай-ақ қойса екен» деп тілейді толықсыған келіншек. Кейде Хадиша

күйеуінің колхоз жұмысына жегілмей, қой бағып кеткеніне куанады. «Ауылда болсақ, үйге әркім бір келіп, мазамызды алып бітер ме еді. Майдандас, қатарлас, кластас достары таңға дейін арақ ішіп алып карта соғар еді. Мынадай ләззат тербелісіндегі тылсым тыныштықты сыйлаған тағдырыма мың да бір шүкір» дейді махаббат отына күйіп-жанған келіншек кеудесі көріктей бір көтеріліп, бір түсіп жатып. Ол осы бір шырын шақтың шығандаған сәтінде сезім арпалысының үзілмеуін қалайды. Мүсірәлінің тер сасыған құшағы оған жұпардай сезіледі. «Тағы да аймаласа екен, сүйе түссе екен» деп іштей тілеп жатады. Тоят іздеген сұлу келіншек күйеуінің бауырына тығыла түседі. Кейде тәтті тоят үстінде әлсіз де әуезді ғажайып бір үн шығаратыны бар. Мүсірәлінің де тынысы ашыла түседі мұндайда.

Екі-үш балалы болса да олардың бір-біріне деген ыстық сезімдері суыған жоқ. Балапандарын ұйықтатып қойып, жұлдызды түндері талай-талай махаббат отына шарпылды. «Тағдырымыз осы күндерімізді көп көрмесе екен» деп тілеуші еді Хадиша.

Бірде олардың қараша үйіне автокөлікпен ауылдың бір топ адамы келді. Хадиша қонақжайлылық танытып, үйден самауырын алып шықты. Қазанға ет салды. Қонақтар карта ойнағансып ажарлы келіншектің үйінде ұзағырақ бөгелді. Хадишаны жеңгесініп, әзілдескісі келетіндері де табылмай қалған жоқ. Ана бір шүңірек көздісінің ішіп-жеп тесіліп қарағанынан шошынды Хадиша.

Ет желініп, сорпа ішіліп болған соң қонақтар орындарынан біреу сүйрегендей созбалақтанып зорға көтерілген. Хадишаның бойынан жүк түскендей жеңілдеп қалды. Осы сәтті күткендей шаруаторы атын ақжем етіп Мүсірәлі келіп тұр.

- Мына келгендер кімдер? Не дейді өздері?- дейді көздері алақ-жұлақ етіп.

«Әлі де қызғанады екен-ау» деп ойлады Хадиша. Негізі ол күйеуінің қызғанғанын шеткері де көрмейді. Бойы бір ысып, бір суып әлдеқандай түсініп болмайтын тәтті бір күйге түседі. Мұның қандай сезім екенін өзі де түсінбейді. Мұрты едірейіп, көздері шатынап, беттері қызарақтаған күйеуіне қарағыштап елжіремелі бір күйге енеді. «Сүйеді ғой мені, сүйеді» дейді алабұртқан, аласұрған жүрегі. Кейде қызғана түссе екен деп жорта үндемейтіні де бар. Мұндайда Мүсірәлі түтігіп кетеді. Қызғаныш деген қызыл иттің соңынан кетіп қалмас үшін бұл оның ішкі жалынына су сеуіп сөндірмекке тырысады. Күйеуінің мойынынан құшақтап, құлағына «маған сенен басқа ешкім де керек емес» деп тұншыға сыбырлайды. Мүсірәліге осы бір ауыз сөздің өзі жетіп жатыр. Хадишаның ыстық деміне жетер бұл дүниеде не бар дейсің, шіркін?! Мүсірәлі мүдіреді. Сол түні олар тағы да тәтті табысады.

«Тағы да қызғандыра түссем бе?» деп отырған келіншек Мүсірәлінің түтіккен түрін көріп аяғын тарта қойды.

- Ферманың адамдары ғой. «Ұзақ жолдан келе жатырмыз» деген соң қазан көтердім,- деді сөзіне салмақ сала сөйлеген Хадиша.

- Іштеріңде бөтен адамдар жоқ па?- деп сұрады әлденеге аландаған Мүсірәлі.

- Кім болушы еді? Нәрікбай жәкемнің зоотехник баласы Артықбай, мал дәрігері Нұртай, есепші Жұман, шофер Серік бар. Енді танып тұрып тамақ татырмағаным қалай болады? Ертең олар ауылға «бұл екеуі жабайыланып кетіпті» деп айтып бармайды ма?- деді Хадиша ақталғандай болып.

Өлезіне, күйеуінетуыс болып келетін адамдардың аттарын жорта айтты. Мұндағысы күйеуін текке қызғандырмау еді. Түптеп келгенде, Мүсірәлінің тамаққа таршылығы жоқ. Әйткенмен, қонақтардың суыт жүргендерінен секем алатын қылығын Хадиша түсіне алмай-ақ жүр.

Сөйтіп жүргенде «Ұлы көсеміміз Сталин қайтыс болды» деген қаралы хабар ауылдағыларға тоғыз баллдық жер сілкінісінен кем түскен жоқ. Келіп-кеткендер тап бір әкелері өлгендей еңіреп жүр.

Мүсірәлі малға шыққалы бері істемегенін жасап, отарды әйеліне табыстап, дала қосына барып арақ ішіп келді. Сол түні ол сандырақтап сөйлеп шықты. Хадиша оның «Немістер! Фашистер! Сталин!» деген сөздерін ғана ұғып қалды. Орысшалап сандырақтаған соң ба, басқа сөздерін түсіне алмаған. «Түсіне әлі де соғыс кіреді екен-ау. Жан жарасы қашан жазылады екен, Құдайым-ай!» деп қамығып қалды. Ойда-жоқта ту сыртымыздан соғыс ашып, жерімізді майқандап, қаншама қаламызды қиратқан, қаншама адамдарымызды опат қылған немістерге лағнет айтып Хадиша да жылап жатты.

Оның екі ағасы майданнан қайтпай қалған еді.

Дүлей дауыл, ақтүтек боран, күздің қара нәсері мен шілденің аптап ыстығында жүргендерімен уақыт деген зырлауық ұршықша шыр айналып сырғып өте шығады екен-ау. Осы күндерін жұмаққа балап, айдалада томағатұйық күн кешкен Мүсірәлі мен Хадиша шын мәнінде бақытты еді. Ағайын-туыспен, көрші-қолаңмен, жалпы замандастарымен шәй десіп, ауыз былғаған жоқ. Өздерінен артылса ағайындарына, құда-жекжатқа ет, сүт, айран, құртпен қарасып тұрды. Ауыл-аймақтың, ағайын-туыстың, жора-жолдастың, құдалардың торқалы тойынан, топырақты өлімінен қалып көрген емес. Сондықтан да төңіректегілеріне төредей сыйлы еді.

Аманжолы ат жалын тартып мінгенде құда-жекжат, дос-жаран, ағайын-туыстың тайлы-тұяғы қалмай тойына келуінің осындай сыры бар. Одан кейінгі ұл-қыздары да үйелменді-сүйелменді болып өсіп келе жатты. Тұма табиғаттың тылсымынан сұлулық көре білетін Мүсірәлі

желдің суылы, қамыстың сыбдыры, құс қанатының сусылынан да сыр аңдаушы еді. Оған қалың тоғай бөбегін әлдилеген келіншектей ән салып тұрады. Тіпті, сексеуіл мен жыңғылдың өзі жаңа түскен келіндей иіліп сәлем береді. Қоңыр күзде сарғайған жапырақты соғыстан оралмай қалған боздақтардың сарытап сағынышы деп ойлайды. Туған топырағын, самалды өлке, сайранды көлін ол сүйген жарындай аңсады, ынтық болды. Төрт жыл бойы соғыстың азабы мен мазағын бір кісідей тартқан Мүсірәлі үшін бейбіт күннің бағасы тым қымбат. Оған кісікиік ғұмыры, тойған қозыдай момақан да көнбіс Хадишасымен өткізген әр күні жылмен тең. Оған бұдан басқа бақыт керек те емес.

Бір күні Аманжолы үйге алқын-жұлқын кіріп келді.

- Көке, сізді мектепке шақырып жатыр,- деді мұрынын укалап тұрып.

- Бірдеңе бүлдіргеннен саумысың?

- Жо-ға!

- Жоға болса мені неге шақырады?

- Жеңіс күні қарсаңында Ұлы Отан соғысына қатысушылармен кездесулер өткізіп жатыр. «Сенің әкең соғысқа бір аяғын беріп келген батыр. Онымен кездесу өткіземіз. Мүсірәлі көке фашистерді қалай тырқыратып қуғанын айтып береді» дейді класс жетекшіміз.

- Батырды тапқан екен.

- Сонда сіз, көке, батыр емессіз бе?

Ұлының сөзі жарықшақтанып шықты.

- Кім айтты оны саған?

- Өзіңіз ғой, «батырды тапқан екен» деп тұрған.

- Е, ауылда менен басқа да майдангерлер толып жатыр емес пе?

- Солайы солай. Бірақ, олардың барлығының не айтатынын біз пионерлер жақсы білеміз. Ести-ести құлағымыз сарсаң болған.

- Ерлікті қанша тыңдасандар да артықтық етпейді, балам. Қайта ол бойыңа отансүйгіштік рух береді. Жігерінді жаниды.

- Иә деген?! Бір айтқандарын мың қайталайды. Содан кейін ешқайсының батыр болып көрсеткен ерліктері жоқ. Тіпті, Құттыбай көкем қай жерде соғысқанын білмейді. Көпірбай көкем «танкіні автоматпен атып құлаттым» деп миға сыймайтын өтірік айтады. Қалдыбек көкем «Барлауға барғанда ұйықтап қалыппын. Ояна келсем, маған қарай бір аю салып ұрып қашып келеді екен. Шабандоз болдым емес пе, қашып келе жатқан аюдың жалына жармаса кетіп, арқасына қонжиып мініп алдым. Сөйтіп, қаптап келе жатқан нәлеттерден оп-оңай құтылып кеттім» деп ауызы-мұрыны қисаймай бір нәрселерді қиюластырып соғады. Құтты Судыр Ахмет!- деді ұлы.

Осы сөзді естіген Мүсірәлі бст-ауызы жыра-жыра болып, езуінен су сорғалап, жер тепкілеп шалқалай жатып күлді. Аманжол көкесінің ішегі түйіліп қалады ма деп қорқып еді, абырой болғанда жер бауырлап жалғыз аяғы серең-серең етіп жатқан әкесі сүт пісірімдей уақыттан соң сүйретіліп орнынан тұрды. Қызарып кеткен көздерін дәсорамалымен сүріткіштейді келіп.

- Әй, иттер-ай! Иттер!- деп қояды аракідік.

Аманжол көкесінің кімдерді «ит» деп жатқанын түсінген жоқ. Ол көкесінің күлкіден әрі кетіп қалмай бері қайтқанына қуанулы еді.

- Көке! Кездесуге барасыз ба, жоқ па? Сізді бүкіл мектеп күтіп отыр ғой,- деді еркесі.

«Қой, болмас, барайын» деп күбірледі Мүсірәлі. Аманжол бұған қатты қуанды.

Ертесіне көкесі мұртын басып, сандықтан тәуір киімдерін алып киіп, жорғасына мінді. Омырауы сыңғыр-

сыңғыр етеді. Соғысқа барып, жауды қоғадай жайпап келген көкесіне Аманжол да барынша разы.

Кездесу өтетін бөлме мерекедегідей безендіріліпті. Комсомолдар мен пионерлер майдангерді қуана қарсы алып, төрге оздырды. Бір оқушы ардагерге гүл сыйлады.

- Соғыс деген – қасірет. Жаратқан оны сендерге көрсетпей-ақ қойсын,- деді Мүсірәлі.

Сол-ақ екен, миы зеңіп ауызына түскендей болды. Жер шыр көбелек айналып бара жатқандай. Бір апай су әкеліп көкесінің бетіне бүрікті. Суды аз-аздап ұрттаған Мүсірәлі өз-өзіне келді.

Ол Белоруссия майданы туралы айтып өтті. Смоленск ауданы Кленник поселкесі маңындағы ұрыста болған жәйттерді қаз-қалпында баяндады. Ойдан ештеңе де қосқан жоқ. Өзін батыр етіп көрсеткісі де келмеді.

Кездесу соңында Мүсірәліні пионерлер қатарына қабылдады. Пионер жетекшісі мойынына алқызыл галстук әкеліп тағып берді. Оқушылар онымен қимай қоштасты. Мұғалімдер жеңіс жауынгерін қақпаға дейін шығарып салды.

Былай шыға галстук қып-қызыл жалынға айналып, мойының өртеп, алқындыра бастады. Қылбұрауды шешілместей етіп түйіндеген бе, оңайлықпен алынбады. Маңайының барлығы лаулап жанған өрттей жалындап, қып-қызыл шок айқұш-ұйқыш ұшады. Ол өрт кешіп келе жатты. Сол сәт соғыс жылдарындағы бір сұрапыл да сұмдық оқиға көз алдынан сағымдай ағып өтті.

Қалың орман. Кеңес әскерлерінің осында келіп орналасқанына бірнеше ай өткен. Қара құзғын тәрізді жау ұшағы аспанда қаптайды да жүреді. Ана жерден де, мына жерден де бұрқ-бұрқ жарылған бомба, снаряд, мина дауыстарынан құлақ тұнады. Оның үстіне жыландай ысқырған оқ оң жағыңнан да, сол жағынан да сып-сып етіп

өтіп жатыр. Тіпті, көктен жаңбыр емес, оқ жауып тұрғандай.

Осындай ақырзаман кезеңде Мүсірәліні әлдеқандай күш қиып түсті. Аспан төңкеріліп жерге құлады. Көз алды қарауытып сала берген Мүсірәлі есінен таңып қалды.

Арада қанша уақыт өткенін шамалар күш те, ниет те жоқ, басы солқылдап ауырып, еріндері кезеріп сусырап қаталап жатыр екен. Белінен төмен жан бары белгісіз. Аяқтары қозғалмайды. Көздері домбығып ісіп кетіпті, тырмалап жүріп зорға ашқанда көргені қып-қызыл түске боялған құбыжық элем. Әр-әр жерде өлген аюдай төңкеріліп зеңбіректер, минометтер жатыр. Өлген солдаттардың бірінің қолын, екіншісінің басын қар аралас топырақ басып қалыпты.

Жаралы жауынгер бірер мәрте тұрмаққа ұмтылып көрді. Тізеден төменгі буын жұлынып қалған-ау, шамасы, бос салбырап тұр. Жаны көзіне көрінген ол тағы да есін жоғалтып, талықсып кетті.

Ауылда жүр екенмін дейді. Бәз-баяғы бейбіт өмір, тыныш та тәтті тіршілік. Оған апасы кердең кесе толы қымыз ұсынып жатыр. Қымызды тамсана ішіп тауысып қойғысы келеді. Алайда, қымызды қанша ішсе де шөлі қанбайтыны қалай?

- Балам-ау, саған не болған?- деп жанұшыра айқай салды шошынған анасы.

Осы оқыс дауыстан ол шошынып оянды. Әуелгіде өзіне не болғанын түсіне алған жоқ. Қарсы алдында тұрған әкесі мен шешесі бірте-бірте айқындалып барып неміс жендетіне айналғанда жүрегі құрғыр зірк ете қалды. Екі құзғын төбесінен төніп қарқ-қарқ күліп тұр. Бірі мұның талқандалған аяғын тепкіледі.

- Русь, русь?

- Жоқ, мен қазақпын!- деді жаралы жауынгер таза ана тілінде.

Екі фриц мұның не деп сандырақтап жатқанын түсінген жоқ. Тағы да сауалдарын қайталады.

- Русь, русь?

--Атаңның басы! Ой, шешеннің... Мен-қазақпын! Қазақпын деймін,-деп ышқынды Мүсірәлі.

Барынша айқайлап қатты сөйледім дегені ішкі ойы мен арпалысы ғана еді. Дауысы шыңырау құдықтың ішінен шыққан дыбыстай зорға естілген.

Немістер жын қағып кеткендей екілене түсті. Онсыз да жаралы жауынгерді аямай жаншыды. Біреуі қолдарын ербендетіп тұрып:

- Сталин гапут!- деді көздері ежірейіп.

- Сталин капут!-деді екіншісі де.

«Әй, мыналар не деп тұр? Біздің ұлы көсем өлді дегенге жан сенер ме? Ол өлмейді. Ол – мәңгілік. Ол - біздің - ар-ожданымыз. Ол - біздің жығылмас туымыз. Ана мұрты едірейген қанқұйлы Гитлерің гапут» деп жанталасты Мүсірәлі. Бірақ, оның мұнысын жендеттер естіген жоқ. Оның не айтқысы келгенінде шаруалары да болмады.

Бұдан соң неміс жаналғышы автоматын мұның қақ маңдайына тіреп шеріппесін тартты. Дүние төңкеріліп сала берді. Шырын өмір алдамшы елеске айналып, аждаһа-ажалдың тұңғыық апаны көз алдына келгенде дауыл ұрған жапырақтай қалтырады. Ол қазір жантәсілім боларын білсе де тіршілік үшін жанұшыра жанталасты. Қасірет күйігі кеудесін өртеп, өктем тағдырдың жазмышына екіұдай нәумез кейіпте мойынсұнғандай момақан қалып танытты. Көз алдына туған жері, ата-анасы, бауырлары, ағайын-туыстары, жора-жолдастары келді. Мөп-мөлдір сәулелі әлем көмескіленіп барып, көз алдында бұлыңғырланып көрдей қараңғы түнекке батып жоғалды.

Шыбын жан деген тәтті екен ғой, тәтті екен. «Сталин гапут!» деген сатқын сөздің ауызынан қалай шығып кеткенін өзі де аңғармай қалды.

Осы аса зәру сөзді күтіп тұрғандай екі фашист шаттана күлді. Қолдарын шапалақтап мээ-мейрам болып қалды.

Үсті-басын қан жуған жаралы жанды «өзі-ак өледі» деп жорыды ма әлде дегендеріне жеткендеріне разы болды ма, шалт қимылдап теріс бұрылды да жөндеріне жүре берді.

- Қап, атасына нәлеті-ай! Айтқызбас сөзді айтқызып кетті-ау мына оңбағандар. Қолымда еш болмағанда бір граната болғанда ғой, жастығымды ала жығылар едім.

Сендей наркоспақтың баласы,
Маған онаша жерде жолықсаң,
Қайраңнан алған шабақтай,
Қия бір соғып ас етсем,
Тамағыма қылқанын кетер демес ем,-
деп Махамбетше күніреңді.

- Екеуінің кеңірдектеріңді жұтып алып, аяқтарыңды аспанға қаратып асып қойсам, кегім кетті десем едім. Толғай да толғай оқ атқан, он екі тұтам жай тартқан, қабырғасын қаусатқан, тебінгісін тесе атқан, тізгінінен кесе атқан, теспей қанын зулатқан кешегі қайсар қазақтың батыр ұлы мен едім. Жауыма таба болдым ғой, біле алмадым себебін,- деп еңіреп жылады.

Өкініштен өкіріп жылап жатқан жаралы жауынгерге мейірімі түсті ме, кім білсін, неміс солдаты қайырылып келіп мұның алдына ораулы әлдеқандай бір затты лақтырып кетті. Әуелгіде мина ма деп зәресі ұшқан жаралы жауынгер демін ішіне алып, тыпыр етпей ұзақ жатты. Бірақ, мина жарыла қоймады. Дұшпандар көзден таса болысымен ол жалмажан орауын ашып қараса, о, тоба, ішінен нан, шұжық, сыр шықты. Қу құлқын кімді тәлкекке салмаған. Бірнеше күн аш, жалаңаш жатқан Мүсірәлі немістер қалдырған тамақты қарбытып жей бастады. Сөйтіп жатып тағы да талықсып кетіпті. Көзін ашса госпитальде жатыр. Дәрігерлердің өзіміздікі екенін көріп Мүсірәлінің көңілі жайланғанымен

жүрегі зырк ете түсті. «Япырай, мыналар менің Сталин гапут!» деп немістерден жансауға сұрап, олардың арам асын жегенімді біліп қоймады ма екен?»

- Жолдас жауынгер! Бағыңыз бар екен. Сізді партизандар тауып алып, осында әкелді. Қанды көп жоғалтқансыз. Бір аяғыңызды тізеден кесуге тура келді. Жаныңыз – олжа. Соған қуаныңыз,- деді әскери хирург.

Қуана алды ма, жоқ па бұл арасы бұлыңғыр, жауынгер тағы да есінен таңды.

Бірнеше айдан соң госпитальдан балдақпен шыққан жаралы жауынгер пойыз ішінде Қазақстанды бетке алып келе жатты.

Міне, сол бір ормандағы оқиғадан соң Мүсірәлі үнемі түйіліп, әлденеге секемденіп жүретін әдеп тапты. Сұсты да зілді Сталин көзін жұмса-ақ болды оның төбесінен құзғындай төніп тұрады.

Ол ел арасындағы желауыздарды жақсы білуші еді. Қазақтың небір жақсы мен жайсандарын оққа байлап берген сатқындар ел ішінде әлі де жеткілікті болатын. Сондықтан ол екі елі ауызына төрт елі қақпақты госпитальда жатқанда-ақ қойған-ды. Аздап серілігі бар Мүсірәлі «ауылда қалсам, ауызыма арақ тиген күні саңдырақтап «Сталин гапут!» деп немістерден жан сауғалап қалғанымды айтып қоярмын» деп үрейленген. Осы үрей оны талай жыл қой соңында тепендетті.

Бірде органшы ұлы Бақыт: «Әке, Ұлы Отан соғысының ардагерісіз. Батырсыз! Неге совхоз басшыларынан жеңілдік сұрамайсыз?» деп қалды.

Сол күні Мүсірәлі ұлдарын оңашалап, соғыс аяқталғалы бері жүрегінде тұмшалап келе жатқан құпиясын ашты.

- Әке-ау! Сталиннің өзі тұрмақ, сүйегі де қурап кеткені қай заман. Ендігі қорқақтауыңыздың реті жоқ,- деді ұлдары.

«Сендерге бұл сырымды бекер айттым ба екен?» дегендей Мүсірәлі қарт түйіліп отырып қалды.

...Мүсірәлі қарт бірнеше түн мен күн туралап келген ажалмен арпалысып бақты. Көз алдына қалың тұман мен қаптап келе жатқан танкілер келеді. Құлағы бомба мен снаряд дауысынан бітеліп қалған. Бір кезде қалың тұман ішінен сұсты Сталин шыға келді де қатулы қабақпен түйіле қарап, бұған жұдырығын түйіп: «Сен бе, Сталин гапұт!» деп жүрген» деп жауар бұлттай түнеріп келіп, сұқ саусағын безеді келіп. Дауысы мұндай зәрлі болар ма? Түсі мұндай сұсты болар ма? Көздері ежірейіп, мұрты едірейіп Сталин шыға келгенде Мүсірәлі қарттың тілі байланып қалды. «Япырай, Әзірейіл періштенің орынына Сталин жолдасты жібергені несі?» деп қамыға, тұншыға ойлады.

- Жолдас Сталин!- деп гүбір етті де Мүсірәлі қарт үзіліп жүре берді.



ЕЛЕС КЕЗГЕН ЕҢСЕЛІ ҮЙ

—Әже! Әже!

Өн бойын билеген қорқыныштан бүкіл денесі діріл қакқан, өңінде қан-сөл жоқ, көзі шарасынан шығып кетердей болып құстай ұшып келіп шыңғыра құлаған немере қызын көргенде Балжан әже әлденеден ішін тартып қалды.

—Не болды, жарығым? Неден шошындың?

Әсемгүлдің тілі байланып қалғандай. Қолдары ербендеп, жоғары кабатты көрсете береді. Қасқырдан қашып келіп енесінің бауырына тығылған көжекттей әлі де қорқынышы сейіле қоймаған немересіне әжесі үрейлене қарады. Шайтанның шалығы тигендей көздері шапыраштанып, барып-келіп алдында жатқан немере қыздың косүрейлі түр-әлпеті адам шошырлық еді.

—Жаман түс көріп, шошынып қалғансың-ау, күнім. Біссімілда деші, біссімілда деші. Қорқып қалғансың ғой, тіліңді шығаршы, таңдайынды басып жіберейін,- деп Балжан әже бәйек болды.

Осы кезде мың жылқы айдап өткендей зәулім сарайды дүрліктіріп, төбеден жай түскендей шошытып, бүкіл отбасын бықсық ұйқыдан жұлып алған дабырадан сең сокқан балықтай мең-зең болып оянған ерлі-зайыптылар Балжан апаның бөлмесіне еңтігіп келіп кірген еді. Олар әлі де үрейден буынын бекіте алмай былқ-сылқ етіп жатқан Әсемгүлді көріп, зәрелері ұшты.

—Апа, Әсемгүлге не болған?- деуге Мәуленнің шамасы зорға келді.

Жұпар өн бойын игере алмай жерге сылқ етіп отыра кетті.

Мұндайда адамның ойына не келіп, не кетпейді. Соңғы кездері бай-бағыландардың үйлерін торитын қатігез қанішерлер көбейіп кетті емес пе? Күні кеше облысқа танымал бір кәсіпкердің үйіне қандықол қарақшылар түн

жамылып түсіп, отбасын түгел қырып, дүние-мүлкін үптеп, суға сіңгендей қараларын батырды. Сондай жемтіктес жөйттер мұның үйін аш бөрілердей торуылдап жүрмесіне кім кепіл?

Мәулен тап қазір бір бұрыштан қолында тапаншасы бар жауыз атып шыға келердей жан-жағына шошына қарады. Шыбын жан не деген тәтті еді? Әншейінде «осы көл-көсір байлық, шат-шадыман тұрмыстың ұйтқысы өзіммін» деп қоразданып жүретін Мәулен тамағына ажал алдаспаны тірелгенде бауыр еті-баласын тарс ұмытты. Ажал-аждаһа шап беріп ұстап алатындай жүрегі лоблып, атқақтай соқты. Содырлы сойқан тұтқиылдан бас салатындай көзі ежірейіп, перденің артына барып тығылды.

Өткір шамдардың жарығымен ауладағы жерде жорғалаған жәндікке дейін айқындалып тұр. Ауладағының барлығы да өз орындарында. Сонда да ту сыртынан жебе кезенген жаналғыш жандәсіл қадалып тұрғандай жауырыны мұздады. Күтпеген жерден атылар ажал-оқтан құтылу керектігі кіресілі-шығасылы есіне түсіп, алға қарай жандәрмен ұмтылды. Ебедейсіз секірген Мәулен үстел үстіндегі шыны ыдысты қолымен жерге қағып түсірді. Тарс еткен ащы дауыс онсыз да естері шығып тұрғандардың жандарын кеуделерінен суырып алғандай болды. Тілдерін жұтып қойғандай ешкім үн шығара алған жоқ. Бөлме сілтідей тынды. Аса ауыр зілзала болып, осы үйге заманақыр орнағандай өлі тыныштық еңсені езгілеп, жанши түсті.

Әлден соң Балжан бағжаң етіп көзін ашып алып, айқайға басты.

-Әй, бәрін де жын бұғаулап тастағандай неге ошырылып тұрсындар? Жедел жәрдем шақырмайсындар ма?

«Солай ету керек екен-ау!». Санасына енді ғана сәуле түскендей селк еткен Мәулен қалта телефонын алып,

керекті номерді тере бастады. Қалтыраған қолдары оның әлі де қорқыныштан арыла алмағанын әйгілеп тұрды.

Үй ішіндегі аласапыран айқай-шуды есітіп бөлмесінен шыққан үй қызметшісі Сәуле бықырт тигендей бүгежектеп қалған отбасын көріп ошырылып біраз тұрды да асханаға кіріп, кесемен су алып шықты. Мұздай су барып-келіп жатқандарды селк еткізді. Артынша бұл үйге жедел жәрдем керек болмай қалды. Полиция шақырып үлгермегені мұндай жақсы болар ма? Әйтпесе, дүрлікпелі дүрбелеңнің қашан тыныш табарын кім білген?

Енді түн жарамында қойындарына сайтан кіріп кеткендей неге дүрліккендері еске түсіп, барлығы Әсемгүлді содыр сотша сауалдың астына алды. Көрден шыққан адамдай өңі күреңітіп кеткен Әсемгүл әудем уақытқа дейін өзіне-өзі келе алмай отырды. Жұпар қызының қол-аяғын уқалады. Ол шошынып қалған қызына су ұрттатты. Сүт пісірімдей уақыттан соң Әсемгүл тұтығып, бір-екі ауыз тіл қатты. Тілі енді шығып келе жатқан баладай былдыр-былдыр еткен оның сөзінен үлкендердің ұққаны мынау.

Сабағын қарап болған Әсемгүл бөлмесіне оралып, шырт ұйқыға кетеді. Қанша уақыт өткенін білмейді, бір кезде ол өзіне тесіле қарап тұрған зәрлі көзден шошынып оянады. Қап-қараңғы бөлмеде шоқтай жанған екі жалмауыз көз мұның өңменінен өтіп жұтып жіберердей қарайды. Тұла бойы тітіркеніп, жаны қыл үстінде тұрғандай қиналған қыздың санасы бірте-бірте семіп бара жатты. «Өлді деген осы екен-ау» деп ажалға бойұсынып, тағдыр-талайына көндіккелі жатқанында бір тылсым күш оны төсектен жұлып алды. «Қаш! Құтыл мына жалмауыздардан!». Ол қол-аяғы жерге тимей бірінші қабатқа қарай безектеп түсіп келе жатқанда соңынан ақ киімді адамдар қуып кеп берсін. «Бәрі де бітті. Ұстап алатын болды-ау» деп жанұшырып

жүгіріп келе жатқан Әсемгүл әжесі жатқан бөлмеге қалай жетіп жығылғанын білмейді.

Мәулен «үй иелері болады» дегенді естуші еді. Бірақ олар тірі пенделерге тап бұлайша соқтықпайды. Сонда мына елестер бұларға неге соншалықты өш? Анасы баласының ұйғарымына қарсы шықты.

-Балам, бұл үйде әруақтар бар. Ертең бір әруақты молда тауып, үйді аластат. Бір мал сойып, Құран оқыт. Әруақтарды риза еткен соң бұл елестерден құтыламыз,-деді.

-Жоқ, апа, мен әруақтарға сенбеймін. Мұны істеп жүрген Сәбден. Ол Әсемгүлдің екінші қабатқа, өзімен көрші бөлмеге орналасқанын қаламаған еді. Соның шығарып жүргені ғой. «Қарындасымды қорқытсам, әжесінің қойнына өзі-ақ барып жатады» деп интернеттен көргендерін жасаған болуы керек,-деді Жұпар әлі де денесінің дірілін баса алмай тұрып.

Қорқыныш-ажал қақпасы. Бойын үрей билеген адам ешнәрсені пайымдай алмақ емес. Ол да бір, мәңгүрт те бір. Сондықтан ол ажал қақпанына өзі барып түседі. Сарайдағы сиқырланған сұлбалар қорқыныш иелері еді. Есі шыққан адамнан ақыл сұрау қаңсып қалған шыңыраудан су шығарумен бірдей. Үркек көңілдер үрпиісіп, әркім өз жанының аман қалуын Тәңірісінен жалбарына тілеп тұрған соң дауа бар ма, отбасы мүшелері жоғары қабатта Сәбденнің қалып қойғанын енді ғана естеріне алды. Мәулен батырсынып екінші қабатқа көтерілу үшін баспалдаққа аяғын салғаны сол, сал болған можы шалдай сылқ етіп отыра кетті. Жұпардың жүрегі ауызына тіреліп, ол да қыл үстінде тұрғандай қалтырайды. Екінші қабатта жын-жыбыр, сайтанның сабалағы, құбыжық құжынап жүргендей. Ақырзаман боларда аспаннан отты шарлар жаңбырша жауады дегенді Жұпардың бір жерден оқығаны бар. Оған дүние-мүкәмбарасының басы, байлығының құты болып

көрінетін үйінің екінші қабаты ақырзаман апанындай көрініп, жаны түршікті. Ілгері басқан аяғы кері кетіп, жүре алса-шы.

Дүдәмал ойда сеңсоқты болып тұрған үй иелерінің дүмбілездігі мен дәрменсіздігі Сәуленің санасын сансыратып, намысын тілгілеп өтті. Ол өжет қимылға басып, екінші қабатқа қарай өршелене өрлеп бара жатты. Оның соңынан Балжан ілесті. Екі бірдей нәзік жаратылыс иесінің құбыжықтар қамалына қаймықпай кетіп бара жатқаны еркектік намысына тиді ме әлде қорқа-қорқа батырсынды ма, кім біледі, Мәулен мылтығын алып соңдарынан кетті. Ажал апанына аттанып бара жатқан үшеуге Жұпар қаймыға қарап тұрды. Ол Әсемгүлді жалғыз тастамау керектігін сылтауратып бөгеліп қалды. Сәуле ертегілердегі жеті басты айдаһардың өзінен қаймықпайтын хас батырдың өзі секілді. Екінші қабаттағы әр бөлмені тарс еткізіп ашып кіріп, ішін түгел тексеріп шығады да алға ұмтылады. Осылай олар екінші қабаттағы бөлмелерді түгел тінтіп шықты. Ендігі қалғаны Сәбденнің бөлмесі ғана. Сорлы баланы құбыжық пен жын-сайтандар қол-аяғын боршалап өлтіріп қоймасын.

Дүрс-дүрс еткен секемшіл жүректер бұл бөлменің де есігін қолдары қалтырап, қаймыға, қорқақтай ашты-ау, әйтеуір. О,тоба, Сәбден қауіп-қатерден мүлдем бейхабар, түк те сезбегендей компьютер ойнап отыр.

-Әп, бәлем! Сен екенсің ғой, Әсемгүлді қорқытып жүрген,-деп Мәулен баласын бас салды.

-О, не папа? Әсемгүлді кім қорқытып жүр?-деп Сәбден аң-таң болды.

Дүрліккен топ «жауды жайратып» болып, бірінші қабаттағы ас бөлмесіне өтті. Сәбден Әсемгүлдің сөзін есітіп, мең-зең күйге түсті.

- Бұдан былай екінші қабатқа мен де шықпаймын,- деді өз-өзіне келген соң.

Бірақ жігіттігі жетектеп, ол өз бөлмесіне жалғыз кетті. Ұлардай шулап танды атырған отбасы «барлық пәле түндегімен кетсін» деп бет сипасып, әркім өз шаруасына кірісті.

Бірақ, төбедегі топалаң мұнымен де тиылмады. Екінші түні түрі боп-боз Сәбден ішкіімімен жоғарыдан сайтан қуғандай зығып түсті. Ол о жар мінезді еді. Анау-мынаудан қаймыға қоймайтын.

-Точно, папа, жоғарыда бірдене бар,- деді тілі күрмеліп.

Сәбденге елес көрініпті. Бір бала төсегінің аяғына отыра бергенде бұл шап беріп ұстап алмақшы болады. Бала сықылықтап күліп, ауаға сіңгендей жоғалып кетіпті. Осыдан шошынған Сәбден дәлізге шықса бастарына бүркеншігі бар плащ киген, жүздері бұлыңғырланып ғана көрінетін адамдар әрі-бері кезіп жүр екен. Мұны көріп барлығы ұстап алмақ болып соңынан қуғанда бұл әбжілдік танытып, қашып үлгеріпті.

Осыны естіген отбасынан маза қашты. Сәбден алдыңғы түндегі оқиғаны әдейі насырға шаптырып, қопсытып айтып тұр деуге келмейді. Сәбденнің түрі жайдан-жай бозамықтанбайды. Осылай алдыңғы түннен басталған дүрбелең тоқтаған жоқ, асқына берді. Енді жоғары қабаттағы ыдыстар тұрған орындарынан өз-өзінен құлап, жерде тек шашыраңқы сышықтары ғана жатты. Жинаулы жүк таңертең құйын жүріп өткен жердей апалаң-топалаңы шығып шашырап жатады. Мәулен енді шындап ойланайын деді.

Жұмысына барған соң таныстарынан сұрап көріп еді, Жұман бір мықты, мықты болғанда да қара суды теріс ағызатын, ішке кіріп кеткен жынды тырқыратып айдап шығатын ғұламаны білетін болып шықты. Аппақ сақалы омырауына түскен дамулла Мәуленге асқан құдірет иесі болып көрінді, көңіліне сенім ұялады. Дамулланың өзі де

иманжүзді жан екен. Мұның таукімет-тақсіретін естіген соң көп бөгелген жоқ.

-Үйіңізде әруақтар бар. Бір қошқар сойып, Құран оқытыңыз. Әруақтар разы болған соң, бұл мекенді өздері-ақ тастап шығады,- деді ол.

Абдулла дамулла үйді түгел адыраспанмен аластап шықты. Құранды қырағыттап әдемі әуезбен оқиды екен. Мәулен өз-өзінен отырып жылағысы келді. Есіне өмірден ерте кеткен марқұм әкесі түсті. Әкесіне көптен бері Құран оқытпаған еді. Қолына дәулет біткелі ешбір жанға емешегі езіліп жақсы көрмеген ол дамулланы құдасындай күтіп, мол сый-сияпатпен шығарып салды. Келесі күні базардан семіз қошқар алдырып, басын Абдоллаға мүжітті.

Осыдан соң екінші қабаттағы елес жоғалып кеткенді. Арада бірер ай өтпей жоғарыдағы жаңғырық қайта басталсын. Мәуленнің көңілі май ішкендей бұзылды. Көңіл аспанын қою бұлт торлап, еңсесі көтерілмей-ақ қойды. Үй ішін үрей биледі. Бірақ, солай екен деп үйінен безініп қайда барады? Естіген жұрт: «құтты құжыраханасынан есі кете қашқаны несі?» деп күлмейді ме? Осы зәулім сарайды салу үшін Мәулен қаншама тер төкті, қаншама қаржы шығармады десеңізші. Мәулен бұрау басын сындырмай жүріп-ақ дүние тапқыш. Сол жан ауыртпай тапқан қаражат мынадай мықты үйге ие етті емес пе. Маңайындағы көңілқос достарының барлығы мұның патша сарайындай зәулім үйіне қызыға қарамаушы ма еді. Енді келіп сол үйден неге безінеді? Әрі-берілен соң бұл баспана Мәуленге құт әкелді емес пе? Қызметі жоғарылады. Ығында жүрер ырықты адамдар көбейді. Осы сарай біткенде үзеңгілес достары, әріптестері ай бойы думандатқан. Қызыкса да, қызғанса да қонақтары сыр бермей тарасқан.

Тәйірі, түкірігі жерге түспей, дегені болып тұрған Толағайдай тұлғаға әруақ деген сөз болыпты ма? Бүгін

Абдулла дамулла қайтара алмаса, ертең тағы бірі келіп әруақтармен «келіседі». Құдайға шүкір, дүние-мүлік жетеді. Керек болса, молда-ишандардың, дамуллалардың әрқайсысын бір түннен осы үйге кезекшілікке қоюға құдіреті де, шамасы да жетеді. Әруақтар Мәуленмен ойнап көрсін.

-Үйіңіздің астында бір әруақты кісінің сүйегі жатыр. Сол сүйекті алып, басқа жерге арулап қайта жерлеу керек. Осы рәсімнен соң сол әруақты кісіге арнап Құран оқытасыз. Сонда ғана әруақтың жаны тыңшиды,-деді Сейіткәрім атты сәлделі молда.

-Молдеке, осы үйді салдырарда он метр тереңдікке дейін эксковатормен қаздырғанмын. Сүйек көрсем, көзім шықсын. Қайдағы әруақты адам?- деп Мәулен мазасызданды.

-Бәлкім, аулаңызда жатқан шығар,- деп молда да шегіреп жол жоқ екенін танытты.

-Бұл аулада да қазылмаған жер қалмады. Бірақ, малдың да сүйегі шықпады ғой,-деп Мәулен қасарысты.

-Ендеше, өзің біл, қарағым. Біз айтарымызды айттық,- деп молда-ишандар қайтуға қамданды.

Өз байламына шеге қаққан Мәуленнің дегені бұл жолы топшысынан қиылды. Абдулланы олқысынып, тағы бірнеше мықты молда-имамды шақырғанымен «домовойлар» дамыл таппады. Тіпті, осы үйді меншіктеп алғандай түні бойы барабандарын қағып, сырнайларын сарнатып «концерт» қойып шығатындарын қайтерсің. Үйді емін-еркін жайлап алғандары сондай, шақырылмай келген қонақтар басына да бастады.

«Зікір» салушылардан зәрезап болған Мәулен биолокаторлық зерттеулер арқылы елес кезген үйлердің сырын ашумен айналысып жүрген ғалымды да тапты. Мұсатілла биолокациялық құралмен үй ішін, ауланы түгелдей тексеріп шықты. Сосын Мәулен бұрын-сонды естімеген әңгіме айтты.

-Мұндай елестер үй астынан өтетін су тарамдары мен жер қыртысының жарылыстарынан пайда болады. Мұны геомагнитті толқын деп те атайды. Осы құбылысты неміс ғалымы Густав Фон Поль алғаш болып ашқан. Ол Баварияда жүргізген зерттеулері бойынша талдау жасағанда қатерлі ісіктен қайтыс болған 58 адамның жатқан бөлмесі геомагнитті толқын аймағында орналасқан деген тұжырымға келген. 1950 жылы Бавариядағы медициналық-биологиялық институттың директоры, медицина докторы Манфред Курри адамдарда қатерлі ісіктің туындауына бірден-бір әсер ететін геомагнитті жолақтар деген қорытындыға келген. Оның пікірінше, жер асты сулары ғана емес, «Курридің диагональды торы» аталатын жердің ерекше энергетикалық торымен байланысатын «теллурациялық радиация» да қатерлі ісікке шалдырады. Геомагнитті аумақта тұратын адамдардың бес пайызының ғана көп уақытқа дейін денсаулығы сыр бермейді. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, геомагнитті толқындар аумағында ұзақ болған адамдарда әлсіздік, ұйқыдан тұрғанда делсалдық, қорқынышты түстер көру, бас сақинасының ауруы, жүрек айнуы, болар-болмасқа ашулану, аяғының қалтырауы мен мұздауы кездеседі. Сонымен бірге әрбір адамның төсегі мен жұмыс орыны геомагнитті толқындардың активті жолақтары үстінде тұруы түрлі ауруларға ұрындырады,- деді Мұсатілла.

Оның биолокациялық құралдары үйдің жерасты геомагнитті толқындар үстіне жақын орналасқанын анықтады. Мазасыздау Мәулен молда мен ғалымның қайсысының сөзіне иланарын білмей дал болды. Біреуі «әруақ» дейді, екіншісі «геомагнитті толқын» дейді. Қайсысынікі дұрыс? Япырау, Мәулен осы үйді саларда қопармаған жері қалмады ғой. Сонда адам сүйегі көрінбеген. Он метр тереңдікте жүргенде де магнитті толқынды неге

сезбеген? Мәуленнің мезі ойлардан миы қатты. Әулиелерге әлі келмей әпігі басылып қалды. Енді ол неде болса астам ойлардан бойын аулақ салғысы келді.

Желең жел соғып тұрған жаз күндерінің бірі еді. Кешкі апақ-сапақта үйге үш-төрт адам «Уа, кім бар-ау?» деп кіріп келді.

Мәулен қонақтарды танымады. Облыс деңгейіндегі басшылардан басқасының кәрі жүріп көрмеген Мәулен анау-мынауға сәлем бермеуші еді. Керісінше, оған сәлем бере келушілер көп болатын. Сондай сәлемшілердің кезекті тобы шығар. Осы кезде Мәулен анасының: «Шырағым, қандай да құдайы қонаққа қабақ шытпа, төріңнен орын бер. Қырықтың бірі-Қыдыр. Қонақ ырысыңды жеп кетпейді. Олар бақ болып та келуі мүмкін» деп отыратынын еске алды. Шегінерге жер қалмады. Ол күтпеген тосын қонақтарды арнайы бөлмеге бастады.

-Жұпар! Қонақ келді,-деп жұбайына қазан көтертті.

Анасы Балжан да қонақтарға келіп амандасып, жөн сұрады.

-Апа, біз елші едік. «Елдестірмек-елшіден» деген. Екі елді елдестірмекке келіп қалдық. Қыздарыңыз Әсемгүл ауылымызға келін болып түсті. Құдаларыңыз Болатбек ауыл-аймаққа белгілі, сыйлы адам. Өсіп-өнген жандар. Мынау қыздарыңыздың сіздерге жолдаған хаты,- деп шоқша сақалды кісі қалтасынан әлдеқандай қағаз шығарып, Балжан әжеге ұсынды.

Балжан жылан ұстағандай шошынып, хатты Мәуленге ұзатты.

-Апа! Қызыңыз тұрмысқа шығыпты. «Қонақтарды жақсылап күтіп алыңыздар. Мен өз ырқыммен келдім» депті хатында,-деді Мәулен.

-Әсемгүл-ау, бұл неткенін,-деп Балжан жылап, жаулығымен көзін сүрте бастады.

-Әл-әзірге күйеуге шығамын деп жүрген жоқ еді. Оны алып қашқан ғой. Осыдан оларды түрменің тереңіне сүңгітпесем, Мәулем атам құрысың,-деп қыз әкесі тұлан тұтты.

Қонақ бөлмеден шыққан ащы дауысты есітіп Жұпар да келіп қалды.

-Ана қызыңа айтпап па едім, тұрмысқа шығар болсаң түсер жеріңді біліп, той жасап ұзатамын деп. Қандай әзәзіл еліктірсе де ол мұндай сорақылыққа бармас еді ғой. «Қашып кетіпті» деген не сұмдық? Сенен туған қыз емес пе, жерге қаратқанын қарашы,-деп Мәулен әйеліне зілдене қарады.

Зіл қабақ, долы ашу, дөкір мінез қонақтарды ықтыра бастады. «Елшіліктің соңы сойқанға ұласпаса нетті» деп ойлап отырды хабаршылар. Шоқша сақалды «Қызыңыздың хатын қайта оқыңыз. Ол өз ықтиярымен келгенін анық жазып отыр ғой» деп үй иесінің алдын кесе сөйледі. Осы мезетті күтіп тұрғандай Жұпардың қалта телефоны шар етті. Ол қонақтардан қымсынып, басқа бөлмеге шығып кетті. Артынша «келіп кетші» деп күйеуін сыртқа шақырды. Есіктің арғы жағынан үй иесінің «қызым-ау, бұл қай кылғанын?» дегені естіліп тұрды.

Әлден соң ерлі-зайыптылар бөлмеге оралды. Дөңбектей үй иесі бір-ақ уыс болып бүрісіп қалыпты. Манағы сорақы сұс, қырғи қабақ, тау қопарар екпін жоқ.

-Әлі білісе алмай жатырмыз. Айып етпеңіздер. Ішіп-жеп отырыңыздар,-деп ерлі-зайыптылар қосамжарлана сөйлегенде бөлме көңіл күншуағына бөленді.

Қыздары тапсырғандай, үй иелері хабаршы-кешірімшілерді барынша күтіп, шығарып салған соң Мәуленнің көңіл жайлауы ел көшкен жұрттай құлазып қалды. Әсемгүл балтәттісі, еркесі еді. Оны қалай ғана жат жұртқа қияды? Ол көңіл құлазуын виски арқылы таратқысы келді. Сәуле қорқақтай отырып, екінші кабатқа барып,

вискиді алып келген. Сонда ғана барып Мәулен қызының осы үйден неге ертерек кеткенін ұғынғандай болды. Әйткенмен, қыз жүрегі өз қалауын тауыпты. Әлпештеп өсірген әкесі бар жасауын келістіріп қолдан ұзатар еді ғой. Бірақ сұңғұла қыз мұны артық көріпті. Жалғыз қызды құтты орынына той жасап, бар кәде-сыйымен ұзата алмағанына іштей қорланып қалғанымен, ол Әсемгүлдің байламына көлденең тұра алмады.

Көңілсіздік пен құбылмалы күйге ірге бермеймін деп жүрген күндерінің бірінде ойда-жоқта Сәбден асылып қалды. Көк күмбезінен жұлдызының бірі ағып түсті. Бірінен өлідей, екіншісінен тірідей айырылған қос перзентінің күйігі Мәуленді бүк түсірді. Тағдырдың басқа салғанына көндікпеске шара бар ма? Реңі қуқыл тартып жүдеп жүрген күндерінің бірінде үлкен ұлы Арлен алдына келіп, ой бөлісті.

-Пап, мен Көкшетаудағы қызметімді осында ауыстырмақпын. Ол жақта сөйлесіп жүрген адамым бар. Келінді боласыз. Осы үйді тағы бір қырсық шалмасын десеңіз, мына сарайды сатасыз. Күні кеше бабаларымыз лашық пен шайлада да өмір сүрген. Алтын сарайдың барлығы бақыт әкелмейді. Осыны да түсініңіз,-деген үлкен ұл.

Арлен келін түсірсе мына қараша үйде қуаныш көбейеді емес пе? Дүниеге немерелер келмек. Үй бақыттың базарына айналмақ. Ендеше, мына алтын сарайды қимайтындай несі бар? Балалардың бақытынан артық не болушы еді?

Олар көп кешікпей басқа баспана сатып алып, көшіп кетті. Алтын сарай иесіз қалды. «Үй сатылады» деп телеарналар мен газеттерге хабарландыру бергенімен, алушы табылмай тұр. Алтын сарай алыстан көз арбаса да былайғы жұрт бұл мекенді «қарғыс атқан үй» деп маңайына жоламады.

Бертінде алтын сарай көше кезбелерінің аялдамасына айналды. Маскүнемдердің жұрт көзінен тасаланып арақ

ішер жері де осы. Әйтсе де сол батырлардың өзі мұнда түнеп қалуға жүректері дауаламайтын.

Арса-арсасы шыққан, есік-терезелері сынған еңселі үй ысқырынып тұрған зәрлі өшпенділіктің ошағындай соншалықты жат көрінуі неліктен? Қайталанбас өрнегімен, сұлу сымбатымен талайларды тамсандырған алтын сарай кулық пен сұмдықтың, тоғышарлық пен тағылықтың, үстемдік пен үрейдің ордасындай неге суық көрінеді?

Бақ бәсекесінде Мәулен талай жанға тізе батырып еді. Бойын кісәпір кесірлік пен топас тоғышарлық жайлаған ол талайлардың ақысын жеді, жолдарын кесті. Бәлкім, тағдырдың мына ызалы жазасы сол құнамақорлық қырсықтығының өтеуі ме екен? Кім білсін-ай, кім білсін?! Анығы Аллаға ғана аян ғой...



КӨГЕНТІКЕН

Көкше байлық үш айлық,
Үш айдан соң шошайдық.
(Халық өлеңі)

Желдіаяқты желдіртіп мініп, қысы-жаз көшіп-қонып жүретін қазақ өкпесін ауа үрлемесе тұншұғып өледі. Отырықшы елдің диқаншылығы қазақ үшін таңсық. Қауын-қарбызды көшпелі жұрт «көкше байлық» атайды. Үш ай дәуірлеп, қауын-қарбыз қазан болып шошайып қалғанда диқанды қағытарлық қыжыртпасы қалтасында жүреді.

Сонда да кезбе кербездер қауын-қарбызды кергімей-ақ тегін жеп кетуге құмар. Кәдігі диқандар «қиямет-қайымда сауабы тиеді» десіп қауынды келгінші жұртқа тегін де үлестірер екен. Қауыншы біткеннің басына бақ құтаймағаны бәлкім осыдан ба екен?

Кешегі күркіреген Кеңес үкіметі кезінде де қауын-қарбыз егіп, атағы алысқа кеткендер кем. Бары әрі дегенде ауданға белгілі болған шығар. Есесіне тары, күріш, бидай, жүгері еккендердің дәурен-дәуірі жүрді. Кеуделеріне жарқыратып орден, медальдар таққандар да солар.

Шөліркеген шекпенділер Шалбайды күн шыжығанда көп ізденкіреді. Бірде дарбыз, бірде қарбыз деп аталатын осы өсімдікте ағзаға қажетті дәрумендер көп дегенді дәрігерлер соңғы кездері өздері жаңалық ашқандай жиі айтыңқырайтын болған. Айтты-айтпады, шілденің шілінгір күнінен бастап тамыз, қыркүйек айларында қауыншылар қосынына қатынайтындардың қарасы көбейеді.

Шалбай диқаншылықты әкесінен қабылдап алды. Жұрт жапатармағай кәсіпкер атанғанда бұл кетпенінің бұғазына сап іздеп тоғай кезді. Қауынның әңгелек атты әп-әдемі қызы бар. Ерте жетілген ару сияқты әдемілігімен қоса бойды

балқытар, танау жарар хош иісін айтсаңшы. Әңгелектен соң басыбалы, шілге, тәрнек деген қауын түрлерін атайды. Көп күттірмейді. Ерте пісіп, қазан болып кетеді. Әуелгіде Шалбайдың да табысы осы жоғарыда аталған қауындар сияқты ерте қолға тиіп, ерте жаратылып кететін. Бірте-бірте коммерсанттар қауын-қарбыз піскенде көтере сатып алып, ауыр-ауыр жүк көліктерге тиеп әлдеқайда әкететін болды. Шалбайға олардың қайда әкететіні емес, алдын ала ақшасын алақанға салып, көтерме бағасымен қопара әкететіні керек. Коммерсант деген көкжалдар көкше байлықты көршілес мемлекеттерге апарып, үш-төрт есе бағасына пұлдайды дегенді Шалбай бүгін есітіп отырған жоқ. Алыс аймақтарға апарып ақшаның астында қалу бұл Шалбайдың қолынан келмейді. Оған салса қауындары ақбілектеніп кетпей, иттүйнек болып бұзылмай, құрт түсіп солмай тұрғанда автокөліктерге ертерек тиегенінен артықтың керегі жоқ.

Диқаншылық әкесінен ауысқан соң ба, Шалбай қауын біткеннің атауы мен тұқымына әбден қанық. Бол-болды, зембілше деген де ерте пісетін қауын барын ол жақсы біледі. Түркімендер ерте пісетін қауынды азғын атайды. Неге азғын? Енді бұл арасы Шалбайға жұмбақ. Қабығы қатты, еті қалын, суық күзге жақын пісетін хош иісті тәтті қауынды күләбі, сарыала түсті, үсті тор-тор қауынды күләсін атайтынын жастайынан жаттаған. Мына Сырдың қазақтары ерте пісетін қауынды көкдөнен деп атайды. «Көңіл жүйрік пе, көкдөнен жүйрік пе?» дегенді еске алсаңыз, ерте пісетін қауынға неге бұл аттың телінгенін түсінгендейсіз. Қыртысты сексеуіл, қыртыссыз құмқауын, өзіміздің әміре, әсеті, қазақы қауындар бесенеден белгілі.

Бүгін қауыншы ерте тұрып, пәлектердің арасында жүріңкіреп қалды. Кенет көзі көгентікенге түсті. Ол тіксініп қалды. Көгентікен басында бес-алты дәні бар қауын-қарбыз тірізді желі тартып өсетін өсімдік. Қауын-қарбыз

сияқты дәнін көгендеп салатындықтан солай атаған. Бірақ қауын тұқымына мың рет қайнатсаңыз да қосылмайды. Ол көгентікенді кетпенмен шауып тастады. Артынша бұл өсімдіктің өлермен екені есіне түсті.

Шалбай көгендеулі қозыдай домаланып жатқан қауын-қарбыздарға сүйсіне қарады. Қау пәлектерден қарғи аттай жүріп бірнеше қауынды сабағынан үзді. Олардың жиекке шығарып, кәлтек арбамен бір жерге жинай бастады. Бүгін-ертең «КамАЗ» жүк көлігімен коммерсанттар келіп, сиғанынша үзілген қауыннан тиеп әкетпек. Мына тырбаңы – соның қамы.

Қазіргі коммерсанттарыңыз бүргенің бірденесін көрген безбүйректер шетінен. Оларға салса, қалың қол жинап әкеліп, қауын-қарбыз біткенді өздері жинайды. Ал, дикан болса көгенденіп жатқан қауын мен қарбызды, жайқалып жатқан пәлекті келушілердің табандарына таптатқысы жоқ. Алдыңғы жылы өнімін «оптом» беріп көрген. Олар кеткен соң қараса қауындық алқап жынойнақ болған жердей жапырылып қалыпты. Алажаздайғы адал еңбегін біреу арамдап кеткендей сонда іші удай ашыған. Көтерме бағасымен сатып алушылар кеткеннен соң да пәлектердің астында жасырынып қалған талай қауын-қарбыз табылады. Бұл бала-шағасына біраз күн ермек.

Бауыры сарғая бастаған қауындарды аралай жүріп Шалбайдың есіне жігіттік желік күндері түскен. «Күмісайдың балбыраған тамағының иісі мына қауындікіндей жұпар еді-ау» деп қиял кешті. Артынша «бала болып кеттім бе осы» деп өзін-өзі жазғырды.

Түс әлпетінде құрдасы Нұртай есекпен келді. Шалбай қауқалақтап, қонағының алдына қауын әкелді. Беліндегі кездігін алып қауынды кіселеп тілді.

- Шіркін, Шалбай құрдастың қауынының тәттісі-ай!- деп Нұртай диканды жорта мақтап өтті.

- Диканшылық ата-бабаларымыздан жалғасып келе жатқан кәсіп,- деп Шалбай насаттанды.

Құрдастар құнжындап қауын жеп отыр. Екеуінің бұл жолғы қарпысы алабөтен. Ет болса шайындап ұзақ отырар еді. Кіселеп тілінген қауын ауызда ұзақ тұрмайды, майша еріп, өңештен әрі құлдилаиды. Әудем уақытта екі шалдың қарыны қара сирақ балалардікідей кәдімгідей шермиді.

- Тәттілігіне тамсанып отырып көп жеп қойыппын ғой. Кемпірімнен ұрыс естімесем не қылсын. Ол сүт қатқан қою шайын жалғыз іше де алмайды,- деді Нұртай.

- Қартайсаң да қатыныңнан қорқатының-ай, осы,- деп Шалбай шалқая күлді.

- Қазір қатын билеген заман,- деп Нұртай әлденені тұспалдап, самсоз қалып танытты.

Осы кезде Нұртай астынан су шыққандай ыршып тұрды.

- Ойбай, арамқатқыр! Әй, мынау қайтеді-ай!- деп тұра жүгірді.

Нұртайдың соңынан қараған Шалбайдың түрі өрт сөндіргендей түтікті. Жер сабалап отыра кетті.

Дәріпті диканшылықты даңқ көретін Шалбай қоңырсық иісі бар деп төрт түлікті өзінше менсінбейді. Белі шойырылып, шаншығанда жаны көзіне көрінетіндіктен жалғыз жезтұяқтыны желісіне байлаған. Оның өзі де тұмса байтал еді.

Торы бие ала жаздай диканшы маңында жалғыз жайылды. Белінен ертұрман сыпырылып, еркін жіберілгеннен соң ба, домалақтанып семіріп алды. Жүні жылтылдап, жұнттай болған бие жүдә тыныш таппайды. Айдалада аласұрып, құштар желігіне іңкәр жауап іздегендей тыпыршиды. Құлақтарын жымитып, алыстан тұяқ дүбірін тағатсыздана күтеді. Кейде денесі өзінен өзі дір-дір етіп құштар құмарлығының қызуын қайтару үшін қырдан қыр асып,

белден бел асып құйрығын қайқайтып жөн-жосықсыз шапқылайтыны бар. Бұл бұлан бостандық биеге береке бермесін білген Шалбай енді арқанда ұстамаса болмайды деп шешті. Аяғына тұсау салып көріп еді, үш-төрт қыр асып жайылатынды шығарды. Сосын салақұлаш ұзын арқан әкеліп, құтырыңған биені күн ұзақ көзден таса етпеуді ойластырды. Соның озінде бірнеше рет қазығын суырып кетіп Шалбайды салпақтатқан. Дырау қамшы дөңгеленген денесіне сарт-сарт тиіп, ойқастаған бие басын кекжитіп қазығына амалсыз қайта оралатын. Тұщы етіне ащы таяқ тигеннен соң ба, бие бойын билеген баянсыз құштарлықтан бір ауық құтылғандай изені мен жусаны, киікоты, ақселеу, миясы, көкемаралы аралас шөпке өткір тісін салып күрт-күрт шайнайды.

Арада көп өтпей бесті биенің қомағай құштарлығы қайта оянады. Қазықты айнала жүгіріп, оқырынады. Шалбайға шерлі көзін қадап: «мына шідерден босатсаңшы, құмарымнан құтылған соң өзім-ақ қайта келемін» деп шағымданатындай. Қауыншы оны өлсе босатар ма, аракідік ауылға барып қант-шайын, басқа да керек-жарағын осы биеге тендеп әкеледі. Босаттың дегенше биеге қош айттын дей бер. Сондықтан, бір көзі қауындықта болса, екінші көзі арқандаулы биеде.

Көкжиектен көтерілген күн жазира жазыққа жеңсік жылылығын желбіретіп шаша бастады. Түні бойы қазық маңында қақшиып тұрған торы бие оқыс тулап, қос аяғымен ауа тепкіледі. Бүйірлей шатқаяқтап, шалқая құлады. Оның мұнша неге аласұрғанын түсінбеген Шалбай биені суарып келу керек екен-ау деп түйді. Иесінің қасына келгенін көрген бие жуасып, тағдырына мойынсұнғандай еді. Шалбай қазықты қалай суырды солай нілдей бұзылып, жазыққа қарай құйындатып шаба жөнелді. Қауыншы арқанның ұшын ұстап та үлгере алмады. Бар болғаны «қайт, қайт»

деп соңынан айқай салып далбалақтап жүгірді. Әлден соң өкпесі аузына тығылып, жер сүзе құлады.

Шалбай бала кезінде қойдың кезегіне шығушы еді. Бетбетімен пышырап ұзап бара жатқан отардың соңынан сонда «Қайт!» деп айқай салатын. Біреу үйретіп қойғандай қой жалт бұрылып, кері қайтатын. Сонда тұяқтылардың тұңғиық түйсіктеріне тәнті болушы еді.

Бие де заты жылқы, есті жануар. Бауыр жазып көсіліп шабар жазығын, азаттығын аңсайды. Қуып жетіп құрық салмасаң, жылқы қайыру берер ме? Осыны ойлағанда жығылып жатқан Шалбай мырс етіп күліп жіберді. Бірақ, биенің неден ішқұсалығы асқынғанын ойлап жатпады. «Тағы да ащы қамшыны сағынып қалғансын-ау» деп долбарлады. Үстіндегі шаңын қағып, сүрініп-қабынып сүйретіліп киіз үйге беттеді.

Көкжоннан қиялай керімсал жел соқты. Көзі тұманданып, аңызактан таңдайы кеуіп келе жатқандықтан ба, төрткүл төңірек қып-қызыл өрттің ортасында қалғандай көрінді. Тәлтіректеп жеткен Тәңір қосқан қосағын көріп Күмісай шошып кетті.

- Ата-бабаларыңнан айдалаға қарап ұлитын едіңдер. Немене иен далада жын-шайтан иектеп кетті ме? Әлде хордың қызына кезіктің бе?- деп жатыр жығылса да жөн сөйлемейтін қыршаңқы кемпірі.

- Ана биесі құрғыр қазығын суырып едім, қашып кетті.

- Әй, осы сенде қашпаған не қалды осы?

Шалбайдың үстінен мұздай су құйып жіберсе, мұндай тітіркенбес. Қырық жыл қақтығысып, талай рет қан-жоса болып таяқ жесе де тілін тартпай-ақ келеді. «Қашпаған нең қалды» деп табалауын қарашы. Астанада оқитын жалғыз қызы қазақ құрып қалғандай қайдағы бір зеңгімен қол ұстасып қашып кеткен. Артынша ажырасып тынды. Тұңжыр көзді, бұйра шашты, көкшіл өнді немеренің қай нәсілдің

жұрағаты екенін біле алмай Шалбай айран-асыр болған. Соңында қызына айтқаны мынау: «шырағым, әке-шешенді жерге тірідей көмгің келмесе, ауылға мына ноқатегінді жетелеп келуші болма». Содан бері жалғыз жақ жым-жырт. Кейде сағыныштан сарғайғаннан жым-жырттық та жақсы. Қызының мына жайын естігенде көсеу сөзді «көсемдер» не деп көкімейді? Зеңгіден туған зәптілақтың ертең кім болары белгісіз. Қазақ болып кете ме, елің іздеп жоғала ма бұл жағы енді уақыт еншісінде.

Шалбайдың көздері шатынап, көнтек ерні қыбырлап, маңдайы шибарқыттанып кемпіріне шүйліге қарады. Айдалада шырылдатып шүйкедей кемпірді сабау ерлік емес. Бірақ, барымтасына қарымта қайтармаса кек өледі. Текті төбелес бас жармағанмен, ашу тарқатады. Әрнәрсе өз мезгілінде. Қалыптасқан үйреншікті боктықты үйір-үйірмен айдаған Шалбайдың шері тарқатылып қалғандай. Мәсісін киіп қауындыққа беттеді.

Тамыз айының тамылжыған күні еді. Бірақ, Шалбайдың құлазыған көңілі бүтінделмей-ақ қойды. Әлдеқайдан бір құйын көтеріліп, ұршықша иіріліп, жол-жөнекей жердегі жеңіл-желпіні иіріміне жұтып алдын орағытып өте шықты. Иіріммен бірге көкке көтерілген шөп-шалам тылсым күштің ықпалынан шыға алмай қалбалақтап бара жатты.

- Таздың үйіне бар, таздың үйіне бар,- деп Шалбай бала кезінен жаттанды сөзін қайталады.

Пәлектердің бірнешеуін құйын төңкеріп кетіпті. Шалбайдың көңіл жайлауы жапырылып қалғандай өзін жайсыз сезінді.

Нұртай «арамқатқырлап» тұра жүгіргенде көк есек биенің қасына жетіп барып-ақ қалып еді.

Торы биенің «өнер» ашып жүргені бір бұл емес. Өткенде ғана арқанын үзіп Нұртайдың әңгі есегіне барып ұрынғанда

екеулеп зорға ажыратып алған. Ішқұса болып жүрген жас бие кейде жақын маңдағы жайлау жаққа қарағыштап, екі аяғымен жер тарпиды. Осы маңнан аттылы өтсе құлақтарын қайшылап, үздіккен бір үн шығарады.

Әңгі жанына жетіп барғанда бие мойынын қаздай иіп, қылымсыған қыздай бұралаңдай бастады. Нұртай да, Шалбай да бие мөнкіп, артқы аяқтарымен әңгіні әкесін танытып аямай тебетін шығар деп ойлаған. Қайда, жүгірмеден туған желікпе емес пе, биенің сауырына екі аяқты салбыратып салды да... алқынып барып жерге сылқ етіп түсті. Бие де комағай құштарлығы басылғандай момақансып, басын жерге салып шөп жұла бастады.

- Құртты-ау,- деп Шалбай жерге сылқ етіп отыра кетті.

Нұртай бұл «құрттыны» өзінше жорыды.

Келесі көктемде торы бие құлындады. Тұрқы не жылқыға, не есекке келіңкіремейтін мағынасыз мақұлық. Енесінің қасында құлдырандап шауып жүр.

Сол екі ортада Нұртай салып ұрып келе қалмасы бар ма.

- Құрдас, мынауын кәдімгі қашыр. Бұлар қара жұмысқа өте көмбіс келеді. Өз малымның тұқымы еді ғой, маған қи. Қой соңына мінейін, арбаға жегейін. Ақысына қалағаныңды аларсың,- дейді.

«Өз малымның тұқымы еді ғой» дейді кәззап. Әдейі қысастықпен айтып отыр. Күні ертең «Пәленшенің биесінен туған қашыр. Әкесі менің есегім» деп жалпақ жұртқа жар салар.

Шалбайдың басы шыңылдады. Көзі қарауытты. Қорасына қарай беттеп еді, қайдағы бір көгентікенге аяғы шалынып оңбай құлады. Тікен түріне қарамай бұл өсімдік те қауын-қарбызға еліктеп желі тартып өсетінін қайтерсін. Сөйтіп аяқтан шалады. «Қарға мақтанып сұңқар болмайды, есек мақтанып тұлпар болмайды» дегенді Шалбайдың

құлағы шалған. Ал, мына қашыр тағы қанша адал малды арамдамақ?

Осыларды ойлағанда қауыншының көңілі алғаржақ тартып, еңсесі езіле түсті. Иығы қушыып, бойы еңкіш тартып бара жатты.

- Пышағым қайда, пышағым?- деп әлдененің шалығы тигендей елбе-желбе болып жүгіріп келе жатқан шалын көргенде Күмісайдың тілі күрмеліп қалды.

Шікәмшіл шалының мінезін ол жақсы біледі. Қасынан құйындай зу ете қалған шалының екпініне қарап тағы таңданды. «Расында, мынаны жын соққан. Жын соқпаса мынадай күшті қайдан алады?».

Иісі мұсылман жайшылықта үйге қарай жүгірмейді. Мына жүгіріс тегін емес ендеше.

Үйге сүріне-қабына жүгіріп келген Шалбай пышақты өзі қойған жерден оңай тапты. Қораға кіріп бие мен қашыр-құлынды тар қапасақ айдап тықты. Әлден соң өткір пышақ биенің алқымын осып өтті. Қып-қызыл қан қабырғаға пышырай шашырады. Артынша қашыр құлын да енесінің жанында өліп жатты.

Шалбай екі өлікті қорадан жырақтау жерге сүйреп апарып көміп тастады.

- Бекер-ақ жасадың,- деді. Нұртай наразыланып,- коммерция дегеннен мақұрымсың. Сөйте тұра қауын егіп байымақ боласың. Ойбай-ау, қашыр дегенді қазір емге таппайсың. Биен жыл сайын бір қашыр тапса, соны сатып-ақ байымайсың ба?

Ендігі жетпегені арам мал сатып баю еді. Онсыз да тұнық атаулының топалаңын шығарып жүргендер аз ба? Дүрия дүние не болып кетті өзі?

Шалбайдың кәрі құлағына шаң-шұңнан басқа ештеңе естілмеді. Естігісі де келіп тұрғаны шамалы.

Қауыншы әлдебір асылын жоғалтқандай іші уілжіп, қамығып келе жатты. Кенет әлдеқайдан ақжелкен бұйра бұлттар шыға келіп, тырс-тырс жаңбыр себелей бастады.

Диканның көңіл дәптерін тікен тесіп өтіп, сезім перделерін әлдебір шеңгел көгендеп тастағандай бұл жолғы ашуы тарқамай-ақ қойды.

Сиыр сәскеде Шалбайдың денесі кенеттен өрт болып күйіп-жанып, үркер туа үзіліп жүре берді...



ҚҰЛ

- Әуке, әй, Әуке!

Дауысының ащысын-ай! Жердің астынан естілгендей тым суық та зәрлі. Өне бойы дір етті.

- Жер жұтты ма-ей, қайдасың? Атың өшті ме, атын өшкір. Керең болып қалдың ба әлде. Әлі ақ қалқан құлағын жарбиып жерге жабысар. Үндемегенді сонда көрермін. Үндеместер ауылына асығып жүр екенсің, арман-аңсарын сол болса барарсың ұзамай...

Ту-у, тілегі қандай жаман еді дүлейдің. Қай-қайдағыны қайдан тауып айтады осы албақы.

Үйленгендеріне отыз бес жыл. Соның отыз жылында құлағынан жыбырлауық жыбысқы жылан ысқырығындай жан шошытарлық, дене тітіркендірерлік ащы сөз кетпей-ақ қойған. Жылы бір сөзі болса шіркіннің. Жыландай ширатылып, бүйідей бүрісіп, қарақұрттай жиырылып тұрысынан зәрезап болған Әубәкір екі қолын төбесіне қойып көз көрмес, құлақ естімес әлде бір тұңғиыққа терең батып-ақ кеткісі келеді. Бірақ, отыз бес жыл отасқан долы қатынын, екі ұл, екі қызын тастап жер ортасы жасқа келгенде енді қайда барады? Қайда?

Екі қабатты еңселі құжыраханадан қуыс таппағандай ауладағы аядай баспананың бір бұрышына құлай кеткен. Көзі ілініп кетіпті. Түсіне балалық атты уыз шағы кіріпті. Жалаңаяқ, жалаңбас Қызылкөл жағасында жүгіріп жүр. Толқын қара борбайды қағып, кері шегінеді. Көл бетіндегі қаз-үйрек жағалауға дейін жүзіп келіп, шомылып жүрген балалармен араласып кеткен. Бір сүп-сүйкімді сарыала үйректі ұстап алуға ұмтылады. Қолы енді-енді жете бергенде үлбірек үйрек басын кекжең еткізеді де толқын арасына сүңгіп кеп кетеді. Қай тұстан шығар екен деп айналасына

алақтай қараған Әубәкір тыпырлайды да қалады. Сол сарыала үйрек сарсылтып ұстатпай-ақ қойғаны.

- Әй, ақымдағы адамдай алаңсыз не жатыс бұл?

Құлағының дәл түбінен мылтық атылғандай шошына тұрды. Мына бәлекет сайтандай сап етіп қайдан келіп қалған? Көлеңкедей ілесіп қыр соңынан қалмайтын қара қашырдай қатқан қатыны жер астынан болса да тауып алатын шығар. Сұғанақ, тіміскішіл тазыдай иісшілін-ай. «Осы сен адам болып, оның ішінде төмен етектілерден шықпай құмай тұқымынан тарағанда аң біткеннің сорына қалар едің-ау» деген қыршаңқы бір ой желкесін жыбырлатып қауашағынан жүгіріп өткенде көмейіне күлкі кептеліп, қарадай тұншықты да қалды. Көзі шапыраштанып шалқалай құлап бара жатқан Құдай қосқан қосағын көргенде сусыма сұр қатын қатқан қарағайдай қалшиды да қалды. Шик-шиқ еткен Әубәкірдің көзінен жас ыршып түскенде әйелі жаны ашудың орынына жыны қозып, иықтарындағы сайтандары оянып келе жатты.

- Өлсең омырам кат, сорлы. Бүйтіп тірі күйік болғанша баяғыда жер жастануын керек еді, жер жастанғыр,- деп кері шегіншектей берді.

Сол көткеншектеген күйі апырақтап-тапырақтап үлкен үйге қарай жүгіре жөнелді. Жүгіріп бара жатып жолай қарадай қарап екі-үш мәрте сүрінді. Сонда да қасқыр көрген ешкідей алды-артына қарамай безіп барады пәтшағар.

Әубәкір әйелінің мына апырақтаған күйіне қарап тағы да ішек-сілесі қата күлген. Үлкен баласы еңтігіп жүгіріп келгенде пора-порасы шығып күлкіден болдырып отыр еді. Қолының қырымен көзінің жасын сүртіп жатқанын көріп әкесі жылап отыр ма деп ойлаған ұлы намыстанып әрі үрейленіп:

- Әке, не болған сізге? Неге жылайсыз?- деп Әубәкірдің алдына тізерлей кетті.

- Жылап отырғаным жоқ, балам, күліп отырмын,- деп Әубәкір ұлының қолынан ұстап еді, онысының «әкем жынданғаннан сау ма?» дегендей көздері шапыраштанып барады екен.

Мұны көріп Әубәкірдің қай-қайдағы шайтандары оянып, күлкі қыссын. Өзі-өзінен домалап күліп жатқан әкесін көріп Мамадияр шошынайын деді.

- Әке, не болды сізге?

Әубәкір ендігі күлкінің артық екенін сезді. Өзін-өзі тежеп орынынан сүйретіле тұрды.

- Мамадияр шырағым, шешенмен отасқалы талай спектакль көріп келемін ғой. Бірақ, дәл мұндай қойылым бұрын-сонды қойылмаған еді,- деді шамырқанып.

- Қандай спектакль?

- Несін сұрайсың, ұлым. Шешеннің қай өнерін айта берейін.

Негізі Мамадияр да, одан кейінгі Шадияр да әкелерінің қой аузынан шөп алмас жуас екенін бармақтай кездерінен біледі. Үйдегі барлық билік шешелері Сағымкүлдің уысында.

- Мен болмасам, сен сорлы осындай күйге жетер ме едің?- дсп табалауын балалары бесіктен белі шықпай есітіп өсті.

«Мен болмасам?»). Бұл Әубәкірдің отыз жыл құлағының түбінен арадай ызынап кетпей-ақ қойған сөз. «Адам үш күннен кейін көрге де үйренеді» дегенді Әубәкір кішкентайынан біледі. Көнбіс болып кетті ме әлде шайпау әйелінің шамына тиіп одан әрі шоршыта түскісі келмеді ме, шойырылып қалған шалдай шатқаяқтап, ұрыс-керіс атаулыдан шетқақпай жүруді жөн көріпті. Әйтпесе, Сағымкүлдің айқаптағы жындары қозып бір кетсе Арыстанды-Қарабас желіндей бір жеті бойы азынап, тұла бойынды тітіркендіріп, боранды түндегі аш қасқырдай ұлиды да тұрады. Ал, жетісінен асты дегенше буырсынды

бұрқасын айға жетпей басылмайды. Аяр да ашулы ауыздың аянбайтының білетін Әубәкір бұлтты күні бұршақтан қашқан торғайдай бүрсең қағып тығылар, жанына сая болар пана іздеп шарқ ұрады. Санаға түскен сызат оның көңілін сілкіндірмей-ақ қояды. Долы дауыл даланы өртеп, үйді тұншұқтырып тастағанда төрт қарлығашына демеу бола алмайтыны да жанына батады. Өксікті өкініш өзегін өртегенде жамаулы-жүдеу ғұмырына налиды.

Сағымкүлдің сұрланып «мен болмасамнан» басталатын қарғыс-алғыстары қашан басталып еді өзі? Иә, ол кезде Әубәкір қолына дипломды жаңа ғана алған жас маман. Жұмыс таппай ауылға қайтып кеткелі тұрғанда осы Сағымкүлге жолықты да оның облыстық әкімдікте әлдеқандай бір орынтақта отырған беделді әкесінің құрық-қамытына азат басын иіп әкеліп өзі тықты. Содан бері Жора Жұпарбаевичтің жетектегі жандайшабы. «Ананы өйте қойшы, мынаны бүйте қойшы» деген таусылмайтын тапсырмалары оған әу баста сыралғыластықтың сыбағасындай көрінген. Балапандай бауырға басқаннан соң өзімсінгені деп жорыған. Қарап отырса бүкіл ғұмыры Жора Жұпарбаевичтің шапанының шалғайына орағытылып, соның етігін тазалаумен өтіп келеді екен. Одан артылса жыландай арбап, кенедей соратын Сағымкүл құйрығын жер иіскетпейді. «Әй, арамтамақ, үйде ұн жоқ. Мұның сүндеттелген баладай шалқасынан шәниіп жатысы мынау. Бар, ұн тауып кел». «Сен де бір сор болдың ғой басыма. Бұл үйге масыл болғанша осылып неге омақаса аспайсың. Мына үйінде ішерге үнем жоқ екенін білесің бе өзі?»). Сағымкүлдің сыпайылау бұйрықтарының өзі осы шамалас. Нілдей бұзылып, толқындар таудай тулағанда Әубәкірдің көрген күнін басыңызға бермесін. Сондықтан да соры қалың, бағы кем Әубәкір қойнындағы қатынына «сұрықсыз сұлба» деген ат берген. Осы бір сұрықсыз сұлба күндіз де,

түнде де төбесінен төніп тұрады. Өзің алжыған ажал да айналдырмайды екен.

«Времянкада» әйелінің өзің өлдіге санап тұра қашқанын көріп күлкіге кенеліп жатқан Әубәкір осы бір жарияланбаған соғыс өртінің қашан тұтанғанын және қашан басылатынын ойлап бас қатырды. Оның есіне Нидерланды мен Силли аралдарындағы әскери қақтығыс 1651 жылдан 1986 жылдарға дейін, яғни 335 жылға дейін созылғаны түсті. Бір қызығы, осы үш ғасырға созылған қақтығыста бірде-бір адам шығыны болмапты. Сағымкүл жариялаған жорықта Әубәкір қаншама рет қансырағанын санап тауыса алмайды.

Осы жуырда ғана ерлі-зайыптылар болмашыға жаға жыртысып қалған. Әубәкір жұмысынан үйіне келгені сол, алдынан қанын ішіне тартып сұрланып алған Сағымкүл шықты.

- Бірдеңе тындырып келе жатқан шығарсың. Кеңседегі күлімкөздермен күлмендесіп, күйтінді басқан боларсың,- деген көкезуленіп.

- Ия, не болып қалды, соншама шаптығып?

- Ертең төркіндерім қыдырып келмекші. Ал, үйің мынау, жылан жалағандай тып-типыл. Азық-түлік керек бұл үйге.

- Ойбай-ау, бұл үй қашаннан қаңсып отыр еді. Қолда барыңды ұқсатып, оны-мұныңды әзірлей бер. Қалғанын ертең-ақ түгендейміз,- деді бұл жайбарақат.

- Сенің-ақ ертеңін таусылмайды. Ертең кеңсеңе бір кіргеннен соң аяғын тұсалып қалатынын мен білмейді дейсің бе? Бәрін де бүгін бітіру керек.

- Онда мен үйге кіріп, киімдерімді ауыстырып шығайын. Тәулік бойы жұмыс істейтін азық-түлік дүкендері көп қой, үлгерерміз,- деген Әубәкір.

- Сенің мырыңбайлап жүретін мылжың, марғау жүрісінді күтіп отыратын жайым жоқ.

- Онда өзің бара бер.

- А, не дейді мына асыранды құл!

«Асыранды құл» деді-ау. Өңешіне от қойып жібергендей жұтқыншағы ашыды. Отыз бес жыл отасқанда қарғыстың талай атасын естігенмен, тап мынадай сүйектен өтер суық сөзді құлағы шалмапты.

Біреу қақ маңдайдан қайқайта салып жібергендей болды, дүние дөңгеленіп көшіп жүре берген. Тыныс тарылып, дем жетпегендей қара терге түсті. Дымы құрып демікпесі бар адамдай алқынды. Көз алды тұманданып бара жатты...

Есін аурухана палатасында жиды. Дәрігерлер «жүйкесі жұқарған» деген дауа қойыпты. «Е, бұл жүйкенің жібектен жаратылса да шорт үзілетін кезі әлдеқашан жетті». Жан-жағына қарап еді, асулы уколдан өзге көзіне ешнәрсе түспеді. Мейірбике қыз миығынан ғана күлімсіреп шығып кеткелі бері біраз уақыт өтті. Палата оңаша. Ол мұнда қалай тап болғанын еміс-еміс есіне алды. «Содан бері соңымнан ешкімнің іздеп келмегені ме? Тым болмаса Мамадияры мен Шадияры, Гүлсім мен Гүлнары папалап келіп кетпейді ме?» Бірақ, оларды адуынды әйелі жібере салар ма?

Ырдуан арбаның болты босаған доңғалағындай мың бұралаңдап, қиралаңдаған дүние-керуен кімдерге опа берген?! Жаксыны да, жаманды да жұтқан жалмауыз өмір деген өтпелі кемеңіз үстіндегілер әйтеуір бір апатқа ұрындырары бар. Соны біле тұра келместің күймесіне мінгендердің жайлы жағалау іздеуге талпынбайтыны таңырқатады. Оларға апатты ма, ақаулы ма бәрібір, әйтеуір кеме су бетінде қалқыса болды. Теңіз тереңіне қарай тартқан тарғыл кеме тіршілік иелерін талай тауқыметтерге тап қыларда түйсік атаулыны тұншықтырып тастайтыны қалай? Әйтпесе, қойынынан өріп, жан жылуы мен қан қызуын бірге бөліскен тағдырласы мұншалықты соқыр болар ма? Адамдар өз арының алдында қашан да құлша қызмет етеді. Отан деген отты ұғым мен отбасы деген мәңгілік тірегі

үшін әрбір адам құлша қызмет істесе мұның несі айып? «Тәртіпке бағынған құл болмайды» дегенді батыр Бауыржан атамыз айтып кеткен. Тәртіп – бұл бүкіл тіршіліктің тірегі. Тіршілік атаулының тағдыры сол тәртіпке байлаулы. Алайда, осы ұлы заңды қасақана бұзатындар, бұзғысы келіп отыратын көрсоқырлар мына дүрмекті дүниеде неге көп? Әубәкір әуелі Алладан бастап, тағдырының, отбасының құлы екенін іштей мойындайды. Бірақ, «асыранды құл» дегені етінен өтіп сүйегіне дейін жетіп, тұла бойын безгек тигендей қалшылдатып, сырқыратқан. Төбесінен мұздай су құйып жіберсе тітіркенбес. Жанағы сұмпайыдай суық сөз санасын сүңгідей піспелеген. Ол ғұмырында тап бүгінгідей қорланбапты. Сөз сүңгісі жүрегін жаншығанда шерлене жылап жіберді. Көз жасы оның әлдеқашан ұйықтап кеткен намысын түртіп оятты. Енді не істеуі керек? Міне, күрмеуі қиын, шешімі жоқ сауал осы еді. Санасы сансырап жатқан науқас алдағы өмірінің өтеуі өкініштеріне өрт қойып, басқа әлемге өткенде ғана қайтатынын ойлады. Осы кезде мейірбике келіп, оның білегіне дәрі екті. Бұл ұйықтататын дәрі еді.

... Көгілдір көктем еді. Қыраттар қыстайғы қасат тонын шешіп, гүлді көйлегін киген. Төрткүл төңірек масатыдай құлпырып тұр. Көк күмбезінде тырналар тыраулайды. Тау бөктерлей тізілген аққайындардың балтырлары жалаңаштанып қалған. Осынау бір үлбірек шақта үркек сезім үкідей ұшып үміт жетегіне ереді. Жүрек шіркін жұлқынып, кеудеден шығып кетердей үздіксіз балға соғып тыныштыққа тыным бермейтінін әйгілей түскен. Көңілде бір аңсар арман бар. Әубәкір неге екенін өзі де білмейді, әлдеқайдан әлдекім алдынан жарқ етіп шыға келердей дегбірсізденді. Әрі-беріден соң оның күтетін, кездесіп жүрген ешкімі де жоқ еді. Сонда сорлы жүректің атқақтап лүпіл қағатыны несі?

Кенет алдынан күндей күлімдеп ол шыға келді. Әубәкір қалт тұра қалды. Бойын белгісіз бір діріл аралап өткендей, не ілгері жүре алмайды, не кері шегінбейді. Әп дегенше өне бойынан жұпар аңқыған бейтаныс ару қаймақтай жұқа ерінін әнтек жыбырлатып жанынан өте шықты. Теңіз толқынындай бұйра-бұйра шашының бірер талы бетіне түсіпті. Онысы қыз қимылына үндесіп желп-желп етеді. Аққұбаша арудың жалт ете қалған жанары жігітті өртеп жібере жаздаған. Жаңа туған ай секілді қасының өзі діріл қағатындай. Мөлдіреген қос жанар жүрегі жүдеу жігітті жасқап өткендей болды.

Бір қызығы осының бәрі бірер секундқа ғана созылды. Ауызын ашып қалған жігіт ой қорытып үлгере алмай қалды. Аңтарылып біраз тұрған Әубәкір ұйқысынан шошып оянған жандай селк етіп, бойжеткеннің соңынан баяу аялдады.

Қыз өзінің соңынан «тыңшы» ергенін ә дегеннен-ақ сезді. Бірақ, соңындағы аяқ тықырын сезсе де сезбегенсіп, аяғын асықпай билете басып ұзай түсті. Әубәкір ішінен «дәу де болсаң өз бағанды білетін қаланың қызысың-ау» деп жорыды. Қалай да бүгін осы қызбен танысып қалмаққа бекінді. Қу қыз қалтарыстағы орындықтардың біріне келіп тізе бүкті. Осыны күтіп келе жатқан Әубәкір қыз жанындағы орынның бос, бос емес екенін сұрады.

- Отырыңыз. Орын жетеді ғой,- деді қыз селқос қана.

Мана жанынан өте бергенде санасында сақтаған біраз сурет бар-ды. Сөйтсе, бойжеткен сұлулыққа малып алғандай скен. Таяу отырғанда аңдады, екі бетінің ұшындағы шұңқырларына дейін өзіне керемет жарасады екен. Лып етіп қасынан өткенде соңына әдемі иіс себезгілеп кеткен еді. Сол жұпар иіс енді жанынан аңқып қоя берді.

Сөзді неден бастарын білмей Әубәкір біраз қипақтады. Аракідік көзінің қиығын қыз жаққа салып қояды. Бейтаныс арудың мұнымен шаруасы жоқтай, сөмкесінен әлденелер алып, өзімен өзі отыр. Жігіт жалтақтаудан жалықпады. Осы

бір ілкі сәтте өзіне сынай қарағанын Әубәкір де аңғарып қалды.

- Қарындас!

- Иә!

Бұдан әрі сөзді қалай сабақтауы керек? Әңгімені қалай өрбіткен дұрыс? Әубәкірдің сасқан жері осы еді. Ол достары Ынтымақ пен Нұртайды есіне алды. Қандай құдіреті бар екенін кім білсін, осы екеуі қыз біткенді лезде-ақ еліктіріп кетеді. Қайдан сөз таба береді, бірер ауыз тілдескеннен соң-ақ бұрын-сонды көрмеген қыздың өзі ашылып, артынша етене жақындасып кетер еді. «Солардың шешендігін маған берсе ғой» деп ойлады Әубәкір.

- Студент боларсыз?- деді сасып қалған жігіт.

Бейтаныс қыз еріксіз күліп жіберді.

- Неге күлесіз?

- Сұрағыңыз қызықтау екен.

Әубәкір тағы тосылды. «Әй, жаңғалақ басым-ай» деп өзін-өзі жазғыра бастағанда қиындықтан қыздың өзі құтқарды.

- Бір құрбыммен кездеспек едім. Сірә, үйінен шыға алмады-ау деймін. Енді кітапханаға жалғыз баратын болдым.

- Кітапханаға менің де баруым керек еді. Егер қарсы болмасаңыз, неге бірге бармасқа.

Батылы жетіп осы ұсынысты қалай айтқанына өзі де қайран.

- Жолымыз бір екен.

Қыз «неге отырып қалдың» дегендей жігітке сұраулы жүзбен қараған. Орынынан ұшып тұрған Әубәкір оған қолын ұсынды.

- Танысып қоялық. Әубәкір!

- Сағымкүл!

Екеуі қол алысып, бұрыннан таныс адамдардай қатарласа жүрді.

Міне, осы күннен бастап екеуі кездесе бастады.

Жоқ, тап осы күннен бастап Сағымкүл Әубәкірді емін-еркін билеп-төстеп алған.

Артынша үлкен қызметтегі әкесімен таныстырды. Алыс аудандағы ағайын, анасы мен екі інісі, үш қарындасы ұшқыр уақыт алға зымыраған сайын алыстай берген.

Иә, сол алғашқы неке түнінен соң бойдағы құтырынған жын басыла бере келіншегі мойнына оралып:

- Әуке! Әукем менің,- деп еміренген.

- Сағым! Бұдан былай мені «Әуке» деп атама. Әуке деп сиырдың емшегін айтады,- деген бұл.

Сонда Сағым хош иісті жұмсақ көрпеге шалқалай құлап, ішін басып шиқылдап ұзақ күлді.

Сонда Әубәкір осы бір қырсық күлкінің ғұмыр бойы қыр соңынан көлеңкедей ілесіп қалмайтынын біліп пе?

Кейіннен Сағым қитыққанда күйеуінің жынына «Әуке» деп тиетінді әдетке айналдырды. «Әубәкір» деп атын толық қашан атағанын да ұмытыпты.

Сол шаңырақ көтерген жылдан бастап бұл Жора Жұпарбаевичтің жұмса жұдырығында, ашса алақанында. Атасы мұны уысынан шығармады. Тойды да асығыс жасаған. Асығыс болғаны соншалық, алыстағы анасы мен бауырларына хабар беріп үлгерген жоқ. Тойға облыстың мен деген шенеуніктері түгелге жуық қатысқан. Атасының айтулы адам екеніне сонда-ақ көзі жетті. Құдайым-ай десенізші, содан бері Әубәкір өз дегенімен жүріп көрді ме екен? Әртістің қолындағы қуыршақ сияқты тек қана иесінің қалауымен қимылдап, осы күнге дейін өмір сүріп келіпті.

... Ұзақ ұйықтап қалған ба, бөлмеге таң шапағы төгіліп келеді екен. Көзі ілінер алдында палата алакөлеңкеленіп тұр еді. Алайда, таң нұры оның қаяулы көңіліне шаттық шуағын себелей алмады. Әйелінің өңменінен өтердей «асыранды құл» деген запырандай зәрлі сөзі есінен шықпай-ақ қойды. Қаншама тырысып, санасынан сызып тастағысы келгенімен, ми қатпарларына қалың етіліп жазылған екен.

Қатпарланған сөзді өшіре алмады. Қайта ұмытайын деген сайын жартастағы жаңғырықтай үдей түсетін секілді.

«Мен – құлмын. Иә, иә, құлмын» деп ызалана айқалады ол. Әуелгіде өзің махаббаттың құлымын деп жұбатушы еді. Онысы бекер болып шықты. Махаббат, отбасы деп соншама алданып келгеніне қатты өкінді.

Ащы дауысты есітіп жүгіріп келген мейірбикелер сұп-сұр болып сазарып отырған сырқатты көріп үрейлене үрпиісіп қалды.

- Сізге дәрігер шақырайық па?- деді мейірбикелер қосамжарлана.

- Жоқ, керек емес.

Иығын қушиытқан қыздар кезекші дәрігер бөлмесіне асығып кетіп бара жатты.

Сол күні қызметтестері келіп, көңіл сұрап кетті. Әкелген бір бума газет-журналы бар.

Әубәкір енді газет оқып уақыт өткізуді ойлады. Газеттерді аудаастырып отырып кішкентай ғана хабарға көзі түсті.

«Мамандар роботтар арасында тұңғыш рет суицид жасалды деп отыр. Австрияның Хинтерстодер коммунасында үй тазалаушы құлтемір өзінен-өзі іске қосылып, электр плитасына отырып, жанып кеткен.

Қырық төрт жастағы қожайын Гельмут Книваесер роботына соңғы рет еденді жармадан тазартуды тапсырған да өзі көшеге шығып кеткен. Қайта келсе, асхана өртеніп жатыр, робот электр плитасының үстіне шығып алған. Қожайынның айтуынша, ол алдымен өзін-өзі, кейін плитаны іске қосқанға ұқсайды. Жергілікті басылымдардың мәліметінше, робот мұндай қадамға зеріктіретін жұмыстан қажып кеткен соң барған. Айта кетейік, таяуда Австралияда көгал қырыққыш робот қожайынынан қашып шығып, көрші үйдің ауласындағы шлангаларды кесіп тастаған еді» деп жазылыпты онда.

Осы бір шағын хабар Әубәкірдің санасын дүр сілкіндірген. «Япыр-ай, құлтемір екеш құлтемірдің өзі тағдырына қарсы шығып жатқанда менікі не жорық? Қорқақпын ба әлде езбін бе? Мүмкін, бәріне де көнбіс, мызғымастай марғау, көкірек көзі соқыр, тас сияқты сезімсіз топас шығармын. Әйтпесе, құлтемірдің өзі күнделікті мезі еткен тірлігіне лағнет айтып, өзін-өзі өртеп жатқанда жұлқынбайтын, оянбайтын мендегі қандай жүрек? Сірә, тасжүрек шығармын» деп мазасыздана тістенді ол.

Ол тап бүгін ауруханадан шығып кетуді қалады.

Әубәкір аурухана төсегін тастап, ұрланып көшеге шыққанда көз байлана бастаған. Қарауытқанның барлығы қорқау қасқырдай көрінеді. Тасадан тап беріп тарпа бас салатын сияқты. Бірте-бірте ол бойын жиып алды. Несіне қорқады? Қорқа-қорқа батыр болатын кезі келді емес пе? Енді ол ешнәрсеге алаңдамай, алға қарай нық басты. Алдынан арыстан шықса да тайынбайтындай кекті күйде. Ол кімге кектенеді, неге кектенеді? Мұны өзі де дәл қазір түсініп келе жатқан жоқ. Алайда, қою қараңғылықтың ішінен сан жылдар бойы жүрегінін түбіне беріш болып қалған түйінді тарқатуға тылсым бір күш іздейтіндей. Сол бір қуатты күш жаралы жүректі емдеп жаза алар ма?

Қараңғылық. Адамдардың соңғы демі таусылғанда баратын жері көрдей қараңғылық. Қарғыс пен қорқаудың ұясы – қараңғылыққа қарғыс айтпаған пенде табылар ма? Тоят кезіндегі жан алып, жан беріскен, тән қызуы отша шарпыған түндердің жөні бөлек десек те, зұлымдықтың неше атасы қараңғы қапаста болатыны бесенеден белгілі. Осы уақытқа дейін қараңғыдан қорқатын Әубәкір соңғы жүрек жұбанышын неге екені өзіне де белгісіз, түнерген түннен іздеп келеді.

Қою қараңғылыққа тастай батып бара жатқан қашқынның қиялы қай қияда екенін Жаратушыдан өзге ешкім де білмейтін еді...

ҚЫЗЫ ЖОҚ КЕМШІР

Таңертеңгілік шай үстінде екі ұл төбелесерменге барып, жүз шайысып қалды.

Сондағысы болар-болмас нәрсе.

- Машинаны бұзған сен. Өзің жөндет,- деді кішісі қарап отырмай.

- Неге мен жөндетуім керек екен? «Жасы кіші баласың, айтқан тілді аласың». Таныс слесарь, механиктерін, электриктерін көп қой. Көрсетіп кел,- деген ағасы.

- Машинаны бұл бұзады. Мен жөндетемін. Бұл ненің ақысы?- деп долданды інісі.

- Енді, ағаң ғой, оның айтқаны сен үшін заң. Барып жөндетіп келе ғой,- деп анасы арашаға түсті.

- И-и-и, апа-ай, сіз де бір, килікпейтін жерге килігесіз де отырасыз. Кеше ғана осы «Мерседесті» жөндетіп, екі баллоның ауыстырып бердім. Араға күн өтпей бұзып әкелді. Мен қашанғы жөндете беремін? Өзі жөндетсін,- деп інісі кесесін төңкерді.

- Әй, саған айттым ғой, жөндетіп кел,- деп ағасы ақырып қалды.

Кіші екенмін демеді, інісі шорт кетті.

- «Әй» дейтін мен сенің қатының емеспін. Қатының қасында отыр. «Әй» деп соған айт,- деп жұлқынды.

- Мынаның тілі шығайын деген екен,- деп ағасы орынынан атып тұрды.

- Ойбай! Тоқтаңдар! Өңшең арақтан жаратылған кешелер! Түге, бірінді-бірің түтіп жеймісіңдер,- деп шеше байқұс шыр-шыр етіп тағы да араға түсті.

Аналары араға түспегенде ақымақтар арсыз айқасқа бел шешіп кірісіп кетер ме еді, кім білсін.

- Бұлар ма бұлар, адам болмайды,- деп шеше байқұс жылап қалды.

Жаулығымен жас жуған әжімді жүзін сүртіп тұрған анасын көріп ағалы-інілі сабаларына түсті.

- Ту-у, осы апамды-ай, не болса соған жылай салады,- деп інісі кеңк-кең күлді.

Бірақ, дауысы тарғылданып шықты. Шарасыз шикі күлкі екені сезіліп тұрды.

Бұл жолы да ұлдардың келіншектері кикілжіңге киліккен жоқ. «Ұялас бөлтіріктер ырылдасқанымен ымырасыз шатаққа бара қоймас» деген бейіл танытты.

Осының бәрі төрт ұлдың анасы – Бәтиманың жүрегіне едәуір салмақ түсірді. Қарадай отырып көкірегі қарс айырылып, кәдімгідей шөгіп қалды. Бетіндегі қатпар-қатпар әжімдері одан сайын тереңдеп, ілкі сәтте бірнеше жылға қартайып шыға келді. Жаулығы бір жағына қисайып шүйкедей басындағы жүн-жұрқаға шамалас селдір шашы белі бүкірейген кемпірдің сұрқын одан сайын қашыра түсті.

Бәтима жылыстап шалының бөлмесіне кірді. Жер қозғалса да қозғалмайтын шәркес шал диван үстінде шалқадан түсіп теледидер тамашалап жатыр екен. Қаперінде ештеңе жоқ. Жайбарақат. Жан-жағында немерелерінің ойыншықтары мен газет-журналдар қалай болса солай шашылып жатыр. Мәсісі бір жақта, шұлғауы бір жақта.

- Өмір бойы осылай омалып отыра бер, омалып қалғыр. Тым болмаса мына газеттеріңді жинап қойсаң бірденең қисайып қалады ма? Келін, бала-шағадан да ұялмайсың,- деп кетік тістерінің арасынан түкірігі шашырай кірді кемпірі.

Қырық жыл үстелде отырып, біраз адамды айтқанына көндіріп, айдауына жүргізіп үйреніп қалған Бексұлтан неге екенін өзі де түсінбейді, осы бір шүйкедей кемпірінен кәдімгідей ығады. Кемпірінің сөзі өңмеңінен өтпесе де өзегін өртеп жібергендей болды.

- Тәйт әрі, қайдағыны көкімей,- деп кикілжіңнен арыға аса қоймаған.

- Төрт еркекті баққаннан төрт бақа баққан жақсы. Осы төрт бұқаның орынына бір қыз бергенде ғой,- деп Бәтима баяғы гөй-гөйіне қайта басты.

- Қой деймін енді. Ботадай боздап не басына күн туды?

Бексұлтанның көздері ежірейіп, кемпіріне жеп қоятындай шақшия қарады. Бәтима мұндай шабуылдың талайын көрген: шалының қисаңдап қосандағанына қасақана мән бермей, бірнәрселерді істегенсіп бүкшендей берді. Шатақ шал жарылып кетердей тымырайып терісіне симай біраз тығылып отырды да ұрынарға қара таппай қитығып қолындағы бүктеулі газетін жерге атып ұрды. Талай тепірешті көрген кемпір мұны елең қылмады. Кемпіріне килігіп ошаппасын сезген Бексұлтан шолақ тоның жамылып сыртқа шығып кетті. Ішіндегі зар-запыранын ақтарып, жеңілдеп қалайын деп мұң шаққанда Алатаудай арқа тұтып келген Құдай қосқан қосағы мұның ішкі толқыныс-тебіреністеріне тіттей де назар жықпай, түлен түрткендей түксиіп тысқа шығып кеткен соң бәкене кемпір бүкшиді де қалды. Ошау болғалы шалының онды ықыласын сезініп көрмепті. Қай зар-мұңына құлақ асып еді? Жүре тындап, күле сөйлеп жігерін құм қылған кездері қаншама? Енді келіп шөлдегі бұтақсыз ағаштан көлеңке іздегендей бұл қырт қарттан пана күткені қай сасқаны? «Саған сенгенше, босағама сенгенім жақсы» дегенді іштей қайталап Бәтима шалының соңынан окты көзін ілестіріп тұрып қалды.

Бексұлтанға салса, үрей мен қорқынышты, қайдағы мен жайдағыны жақындатып жүретін жалғыз жалмауызы – кемпірі. Ғұмыр бойы құлағының түбінде күмбірлеп, үнемі үрейлі хабар үрлейтіндей. Бәтиманың ауызы жыбырлай бастаса болды Бексұлтанның зәре-құты қалмайды. Самарқанды суға алдырып жүретін кемпірінің тірлігі өзіне аян.

Үйден үріккен үйректей қаздырып зытып шыққан шал шарбақ түбіндегі орындыққа барып отырды да қалтасынан шақшасын суырды. Ерініне салған насыбайы бүкіл денесін шымырлатып, қуат дарытып бара жатқандай көзін тарс жұмып, бірауық есінеп алды.

- Сорлы. Сорлы болмаса «төрт бұқаның орынына бір қыз бергенде» демес еді ғой. Онда менің ұрпағымды кім жалғастырады? Мына қара шаңыраққа кім ие болып қалады? Осыған да миы жетпеген милау. Жас кезінде бермеген қызды енді қайтеді? Есесіне осы үйдің қызындай болып төрт келіні жүр емес пе? Осыған шүкіршілік етпейді ме?

Қарт қитыққан қосағына айта алмай кеткен қарымтасын қора қасында қопарып, бойы жеңілдеп қалғандай болды.

- О, несі-ей?! Қит етсе «қызым болғанда ғой» деп күрсінеді де отырады. Қыз деген кім? Ол – қонақ. Ертең біреудің етсінен ұстап тайып тұрады. Сосын басқа үйдің түтінің түтетіп отырғаны сол. Ошағымның отың сөндірмейтін сотқалдай-сотқалдай ұлдарым тұрғанда оныкі не арман?- деп Бексұлтан жалғыздан жалғыз отырып тағы күйінді.

Насыбайға елітіп отырып кеш түскенін аңғармай да калыпты. Мал өрістен қайтатын уақыт болғанын айғақтап екі-үш көрші қолдарына таяқтарын ұстап ауыл сыртына қарай кетіп барады. Мыңжылқы тауының ұшар басы өртке шалынғандай алаулай бастады. Өрістен қайтқан малдың алды ауылға енгенде барып Бексұлтан әлденесін ұмытқандай үйіне қарай беттеді.

- Жігер! Жанболат! Астауға су құйындар! Болындар, мал келіп қалды,- деп барлыққан дауысымен қанша айқаласа да үйінен қыбырлап құмырсқа да шықпады.

- Мына бәтшағарлар қайда кеткен, түге?- деп қарт енді амалсыздан қолына қауға алды.

Өрістен қаталап келетін мал әуелі науаға жүгіреді. Содан кейін барып орын-орынына қарай беттейді. Осына білетін

Бексұлтан науаны суға толтырамын дегенше белі құрғыры сыр берді.

Белін ұстап бүкшендеп тұрған шалын көріп Бәтима аяп кетті.

- Әй, осы үйде өзі ұл, келін бар ма? Екі кештің ортасында жауға аттанғандай қайда кеткен бәрі? Мына малды суармай ма екен? Сиырлар сауылмайды ма?

- Немене естімедің бе? Жігерің келініңді ертіп қайынжұртына кетті. Бүгін енесінің туған күні дей ме, әйтеуір бағана жөнep берді ғой. Жанболат «машинаның бір бөлшектерін әкелемін» деп таңертең кеткеннен әлі жоқ. Үйдегі келін баласын емізіп отыр,- деді кемпірі.

Барлық жұмыс екеуіне қарап қалғанын сезген Бексұлтан өрістен қайтқан малға жем беру үшін қораға қарай кетті. Бәтима екі сиырды қақтап сауды.

- Өзегіңнен шыққан қыз болса жаны ашыр еді-ау. Төркініне малды жайғап болғаннан соң-ақ барса үлгерер еді ғой,- деп кемпірінің шелектегі сүтті қазанға құйып жатып өзімен-өзі сөйлеп жүргенін шалдың құлағы шалып қалды.

«Баяғыда шетінеген екі қызын әлі ұмыта алмай жүр-ау бейбақ. Шаштары желбіреп жанында жүрсе бүйтіп жабырқамас па еді» деп жайшылықта кемпіріне жаны ашымайтын шалдың аяушылық сезімі оялды. Қарап отырса кемпірі кәдімгіндей шөгіп қалыпты. Қыз кезінде бұрымы білектей болатын. Қиғаш қас, бұраң бел, қараторының әдемісі еді. Талай жігіттің көз құрты болған Бәтиманың бүгінде сол сұлулығының бірде-бір белгісі қалмапты. «Уф, сынаптай сырғып өтіп бара жатқан уақыт-ай» деп Бексұлтан ауладағы жазыға барып отырды.

Қанша байсалды болғысы келгенімен, көңілі құрғыр алабұртып, ой-көкпары жан-жаққа ала қашты. Есіне төркініне кеткен келіні түсті. Әдемі-ақ бала. Таңертең ерте тұрып сәлем беріп тұрғаны. Осы үйге келін болып түскелі

ешқайсысының бетіне тура қарамапты. Сонда да әйтеуір бәйбішеге ұнамай-ақ қойды.

Оған мына бір жайт себеп емес пе екен? Бірде Жаңыл құдағидың туылған күніне шақырылған. Айтылған жерден қалмайтын Бексұлтан Бәтимасымен құданың үйіне келген. Бәрі де жақсы өтіп жатты. Бірақ, Бәтиманың көңіл тереңіндегі тыныштықты талқандап кеткен басқа жәйт еді. Сол жолы Жаңылдың саусақтары алтынға толған. Білектері де жарқырап шыға келген. Мойынына тағылған алтын алқасы қандай? Жігер мен Хадиша келін де құр алақан келмепті. Құдағидың саусағына алтын сақина салғанда Бексұлтан марқайып-ақ қалды. «Е, бәсе!».

Құдағидың туылған күнінен бәйбішесі бұртиып қайтты. Онысын үйге келген соң сездірген.

- Қыз деген қандай жақсы. Жаңыл құдағиды қыздары жарылқады да тастады,- деген нымшасын шешім жатып.

Сол жолы Бексұлтан кемпірінің бұл сөзіне аса мән бермеген. «Әйелдік қызығушылық, әрі кеткенде көреалмаушылық қой» деген де қойған ішінен. Енді қарап отырса бәйбішесінің ботасынан айырылған аруанадай боздай беретінінде бір гәп бар-ау, асылы.

Өмір атты ұлы өзен әртүрлі өрнек салып ағады. Кейде адам өзінің ең бір жанашыр адамына көпе-көрнеу қырсық мінез көрсетеді. Оның жынына тиіп, жан жарасын бір қозғап өтпесе бойына ас сінбейтіндей сезінеді өзін. Бәлкім, осы дөкірлігінен ләззат алатын шығар-ау. Қалай дегенде де жанашыр жанның көңіл тербелістерін тамыршыдай тап басып, оның ішкі дүниесін түсіне білген де таусылмас бақыт екен-ау.

Бексұлтан осы Бәтимаға үйленгелі бір ауыз жылы сөзін ысырап етпеген адам. Жақсы көргенін де, жаман көргенін де ішінде тұмардай сақтайды. Содан ба кейде Бәтима оның

сөзінің шыңы қайсы, өтірігі қайсы екенін түсінбей айран-асыр қалушы еді.

Тегінде Жаратқан иеміз адам деген пенденің бойына сенім деген дән екен. Сол сенімде салмақты міндет, қайрат, тылсым бір тағдыр, ғажап түйсік бар. Сенімдер сетінемеген жерде адамдар бір-біріне деген сүйіспеншілігін ұзақ сақтайды.

Қызмет қамы бар, бедел мен мансап екі жақтап Бексұлтанды қанға сіңген қалыптан шығармаған. Ол да басқалардай өз арасында биік болып көрінгісі келді. Қазақшылыққа салынып әйеліне мәтіби болды. Осы бір отбасылық қатынастың әйел жүрегіне едәуір салмақ түсірерін ойлап жатпады. Ауыздан шыққан суық сөздің жүрекке жеткенше мұзға айналып, әйел жанын мүжі берерін ол бүгін ғана ұққандай.

... Созақтағы құдағи қайтыс болды да, Бексұлтан жұмысбастылықтан шыға алмай, бата жасаушылармен бірге Бәтиманы жіберген. Жұмыстан келсе Бәтима әлдебір шүберектерді, білезік-сақиналарды жайнамаздай жайып тастап қарап отыр екен.

- Е, байып қалыпсың ғой,- деген Бексұлтан баяғынша.

- Құдағи тоқсаннан асқан кейуана екен. Қыздары «анамыздың жасын берсін» деп білезік-сақиналарын таратты. Тіпті, көйлегін де бірнеше бөлікке бөліп, ырымдап алдық. Мынау сол дүниелер ғой,- деген Бәтима.

- Дұрыс болыпты. Осы тозған шүберек сені тоқсан жасқа жеткізсе мұрынымды кесіп берейін,- деді Бексұлтан.

Жүрек жаншитын суық сөзді сонда естіді. Бәтима отырып-отырып:

- Тұрсынкүл апаның қыздары көп екен. Бәрі қосылып «апам-ау, апам-ау» деп жылағанда аза бойым қаза болды. Мен өлгенде жаны ашып шындап жылайтын кімім бар? Төрт ұл сыртта тұрып «апам-ау» деп келген кісімен көріскенімен,

адам аяғы сұйыла сылқ-сылқ күліп тұратындарына күмәнім жоқ. Одан қалса келіншектерінің айтқандарынан шыға алмай, жұртты жыртысқа да жарытпас. Осындайда шын жаны ашитын қыз ғой,- деген ауыр күрсініп.

- Әй, әуелі өліп алсаңшы. Сосын кімнің қалай жылайтынын көрерміз. Сіңлілерің бар, әпшелерің бар, жоқтаусыз қалмассың,- деп Бексұлтан әйелінің уайымының төркінің түсінбегенсіп әзілге сайған.

- Әпкелерім мен сіңлілерім жыламайды демеймін. Бірақ, өзегіңнен шыққан өз қызыңдай қайдан болсын? Шын жаны ашитын қыз ғой,- деді Бәтима тағы да.

- Немене, ұлдарыңның жаны ашымайды ма? Құдайға шүкір, төрт келін түсірдік. Өз қызымыздан артық көреміз.

- Сол әлди-әлпешін өтіп кеткендіктен ғой, жасымыз жер ортасына келсе де қолымыз күс-күс болып үй тірлігінен әлі арыла алмай жүрміз.

Бексұлтанның бұл жолы да атқан оғы лағып далаға кетті. Оқшаңтайы бос қалған Бексұлтан «мұнымен сөз таластырып оңбаспын» деп басын алып қашып құтылғанша асықты.

- Мен мал жайғап келейін.

- Келіндер жақсы болса кәрі саулықтікіндей жасың қалған кезде көң арқалып жүрмес едің,- деп соңынан Бәтима айқайлап қалды.

- Көрінде өкіргір. Қайдағыны қазып айтатынын қарай гөр. Бүйтпесе бұл Бәтима болар ма?

Мұны, әрине, Бәтима естіген жоқ. Естісе күйеуі семсер сөзден тағы бір «нокаут» алар еді.

Босағада сотиып тұрып қалған Бәтиманың көкірегі қарс айырылғандай. Ауыр күрсінісінің өзі көрдегі өлікті дір еткізердей еді. Ол өзін аралда жалғыз қалып кеткендей сезінді. Иә, осы бір жалмауыз сынды жалғыздық қыр соңынан өкшелеп қалмай келе жатқалы қаншама заман. Құдай қосқан қосағының жан жылуы ұзаққа бармады. Жадыбастанып

кетемін деп қорқады ма әлде ауыл арасындағы алыпқашпа әңгімелерден аяғын тартады ма, ол арасын өзі біледі, жарға деген арақатынасы оты өшкен ошақтай салқындап бара жатты. Бұл ұл дегеннің ұясы бір демесең, есіл-дерті далада болады екен. Қанша балапандай мәпелеп баққаныңмен түз тағысы – қасқырдай орманға қарап қашатынын қайтерсің. Сәби шақтарында ғана ана алақанында болады екен де есейе бастағаннан естерін есек теуіп кетеді екен ғой. Төрт ұлының бірде-біреуінің мерекелерде «апа, сізге әкелдік» деген сыйын көрсе бұйырмасын. Есесіне келіншектері не айтса да бүкшеңдеп алдарына түсіп, жауырына қазық ұшы тиген есектей қайқандайды. Сөйтіп жүріп ұялмай әке-шешесіне ақыл айтатындарын қайтерсің.

Кеше көршісі Зүбайра кемпірдің «басының сақинасы ұстап жатып қалыпты» дегенді есітіп көңілін сұрай кірген. Қайдағы басының сақинасы? Екі бетінен қаны тамып, ұзатылатын қыздай құлпырып отыр. Шешелерінің сырқаттанып қалғанын сонау астанадағы қызы сол күні-ақ есітіп қойыпты. Мына Жетісайдағы, Түлкібастағы қыздары құс болып ұшып жетіпті. Үйдің іші ауру ананы күткендегідей күнгірт көрінбейді. Қазанда семіз жылқының еті бұрқ-бұрқ қайнап жатыр. Жиендер мен осы үйдегі немерелер шұрқырасып ойнап отыр. Үш қыздың жағалары жайлауда. «Сырқат» шешелеріне ала келген сыбағалары мен сыйлықтары тау болып үйіліп қалыпты.

- Абысын-ау, басымның сақинасы барын өзің де білесің. «Ешкімге айтпай-ақ қойындар, шай ішіп жақсылап бір терлесем тұрып кетемін ғой» деп мына шалға айтқанмын. Мені тындайтын кім бар дейсің? Өлгелі жатыр деді ме, қыздарға хабар беріпті ғой,- деп Зүбайра жастықтан басын көтерді.

Бәтіманың іші бүлк ете қалды. Бала емес, шаға емес, Зүбайраның баршылықтан жарылып кете жаздап отырғанын іші құрғыры сезбеді емес, сезді. «Қыздарым мені ұлде мен

бүлдеге орап тастағанын көрдің бе?» дегендей қыр көрсетіп отыр. Өткенде ғой, «шешеміздің туылған күні» деп жан-жақтан ағылып келіп, Зүбайраның қойыны-қонышын алтынға толтырып кеткен. Ауылдағылардың түсіне де кірмейтін қара күзенің терісінен тігілген тон әкеліп кигізді. «Өлмелі кемпірге осының барлығы не үшін керек?» деп келіншектер мен әйелдер еріндерін сылп-сылп етіп кеткендерімен, іштерінде талай күйіктің дерті бірге еріп бара жатты. Солардың бірі Бәтима еді. «Құдай тым құрығанда бір қыз бергенде, мен де мына заржақ Зүбайра құрлы болмас па едім» деп сол жолы оңашада шерлене жылаған. Артынша абысыны Толғанайға барып шер тарқатқан.

- Бүгінде шалдың да қауқары қайтты. Соңғы кездері жиі жатып қалатынды шығарды. Балалардан қайыр жоқ. Соңдарынан қарақшы қуғандай құлқын сәріден тұрып караларын батырады. Келіндер аталарын былай қойғанда мына мені – енелерінің жағдайына қарауға мұршалары жоқ. Осындайда қыздың жоқтығы білінеді екен, абысын. Қыз дегенін қамқоршы ғой. Әкелерін дәрігерге сүйреп, мені де каратар ма еді,- деп жаулығының ұшымен көзін сүргіштеді.

Талайды көрген Толғанай сыр алдырмады. Бәтиманың бітпес жырын ол да бұрыннан біледі. Өлшемді өмір дегеніңіздің өзі сан қырлы жұмбақтардан тұрады. Соның ішінде көзсіз көбелектей Бақыт пен Қыз үнемі адасып қала береді. Айталық, Бақыт кейде адам таппағандай алаңғасарлау біреудің қолына келіп қонады. Бақ қонған соң одан ақылың да, білімің де асып тұрғанмен алдында кіріптар күй кешетін күндер де кездеседі. Өмірдегі ең үлкен бақытсыздық - құрметтеуге лайық емес адамдардың алдында аласару. Қыздар да сол сияқты. Небір арулар жігіттердің төресін көзіне ілмей жүріп-жүріп соңында қайдағы бір тазға немесе ақсаққа тұрмысқа шығып жатады.

«Бақыт деген құс бар болса осы Бәтиманың-ақ басына баяғыда қонған. Күйеуі көп жыл үлкен қызметтердің

тұтқасын ұстады. Бәтима не ішемін, не киемін демей шалқып-тасып өмір сүрді. Үлкен ұлы астанада. Бір мекеменің білдей бастығы. Екінші ұлы Алматыда. Оның да дөңгелетіп жүрген өз шаруасы бар. Ау, бір жыласа анау Рысбала жылауы керек емес пе? Құдай оған бір перзентті де қимады. Шалы екеуі шошайып отыр. Сонда да жиын-тойларды шағынғандарын көрген емес. Бақыт дегенінің өзі бұлынғыр елес дүние болып шықты-ау, тегі» деп ойлаған Толғанай бұл жолы абысынын жұбата қоймады.

Желмая жылдар біреуге жалын, екіншісіне тұяғын төсеп сырғып ағып барады. Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырдың бағасын қам сүт емген пенде түсінбей-ақ өтетіні қандай өкінішті.

... Күз де келіп қалыпты. Аспаннан сорғалаған сұп-суық тамшылар төбесін ұрғылай бастағанда Бексұлтан белін ұстап қорадан шығып үйіне беттеп келе жатты. Кенет аспанда шарт-шұрт найзағай ойнап, жаңбыр тамшылары үдей түсті. Колошын кіре беріске тастап үйге кіргенде пеш түбінде бүк түсіп жатқан кемпірін көрді. Үстіне көрпе де жамылмаған. Үй іші ала көлеңке. Көңілі онсыз да жабырқап келген шалға кешкі апақ-сапақтағы мына көрініс қатты әсер еткені соншалық жүрелеп отыра кетті.

Бүк түсіп жатқан кемпіріне Бексұлтан бұл жолы соншалықты аянышты бір сезіммен қарады. Беу, бір кем дүние-ай десеңші...

«АҚЫЛДЫ ОЙЫНШЫҚТАР» ДҮКЕНІ

Сарша тамыздың саумал самалы бала жетектеп келе жатқан ерлі-зайыптылардың шаттықтан бал-бұл жанған жүздерін еркелете сипап, лықси ақты. Жас келіншек бетіне төгілген шаштарын әнтек сілкіп қалғанда көздері жаһұттай жайнап, бетінің шұңқырына дейін сұлулық ұялады. Бала тым ерке еді. Оның әрбір қылығына аналық жүрекпен елжірей қарап келе жатқан келіншектің күлкісі маржандай шашылды.

Жас әке ұлын мойынына отырғызып алды. Жұбайы оны қолтықтап, бауырына тығыла түсті. Лекіте соққан самалмен бірге гүл мен әтірдің иісі қосарлана жетіп, жігіт шала мас күйге түсті. Тентек жел келіншегінің шашын ала қашып, мұның бетіне әкеліп ұрғылайды. Қап-қара шаштың құдіреті керемет: тиген жерін әдемі қытықтап, желікке жел бітіреді. Жігіт кілт тоқтап, талшыбықтай бұралған келіншегінің нәзік белінен құшақтап, өзіне тарта түсіп шоқтай ерініне сүліктей жабысты.

- Жүрсенші, әке. Неге тоқтап қалдың?- деп мойынындағы ерке ұл шашынан тартқыштады.

Жігіт те, жәудіреген жас жұбай да ләззәттің бал бұлағына енді бас қоя бергенде төбедегі «тәңір» тепкілеуді үдетті. Сахарадан қаталап келіп бастаудан енді су іше бергенде оқыстан қасқыр көріп амалсыз жылыстаған еліктей екеуі бір-біріне елжірей қарап, амалсыздың күйін кешті. Жігіт сонда да жалындаған аптығын баса алмады. Келіншегі ұяң жымыып, «мынадан ұялсаңшы» дегендей ұлын от шашқан көзімен ымдап көрсетті. Тоғыз торқалы тор-сауыт мықтап құрылған екен. Жас әке де, жас ана да дәрменсіздіктерін күлкімен жеңді.

- Аңсаржан, түсші енді. Мойыным ауырып кетті,- деді жас әке шарасыздықтан.

- Жок, түспеймін. Сен менің тұлпарымсың. «Шу, жануар!» десем, шабасың,- деп Аңсар әкесінің бүйірінен тебініп қалды.

Бала тілі балдай тәтті еді.

Қиқар қылығы да өзіне сондай жарасып келе жатты.

- Әке! Ана! Ананы қара! Ананы қара!- деп кенет иықтағы Аңсар айқай салғанда ерлі-зайыптылар әлдене болып қалды ма дегендей шошынып қалып еді.

- Әне! Әне!- деп Аңсар кішкентай балғын саусақтарымен алдыңғы жақты көрсетті.

Жас жұбайлар өкшелерін көтеріп, мойындарын қаздай созып алға сүзіле қарады.

Қарсы бетте түрлі-түсті шамдармен безендірілген дүкен тұр еді. Дүкен әйнектерінде жан-жануарлардың, техникалардың неше атасы айшықты безендіріліпті. Дүкен шатырындағы «Ақылды ойыншықтар» деген жазу сонадайдан өзіне еріксіз шақырады.

Жігіт жүрегінің қарақотырланып біткен жарасының ауызы ашылып кетті. Сынық көңілінің нәзік сымдары бырт-бырт үзіліп жатты.

Жаралы жанның жапырақтары үлбірей үзілді. Қос жанардан еріксіз ытқып шыққан ащы жас омырауға құлады.

Ұлының алдында осалдығын сездіргісі келмеген әке алабұртқан жүзін жасыра берді.

Ол анасын еміс-еміс біледі. Бірде оны қолынан жетелеп әкеліп әлдебір тәтейлерге табыстады да боталаған көздерінен жасын сорғалата отырып, екі бетінен алма-кезек ұзақ сүйді.

- Мама, неге жылайсың?- деген Манарбек былдыраған тілімен түкке де түсінбей.

- Жаным, балам! Мен бірер күннен кейін келіп сені алып кетемін. Әзірге осында қала тұр. Мына тәтейлердің тілін алып жүр. Бұзық болма. Ал, жылай берсең, келмей қоямын,- деді анасы.

Манарбек шынында да анасы келмей қояды ма деп қатты қорықты. Сосын өксіп тұрып: «жыламаймын, мама» деген.

Анасы кілт бұрылып, шығып кетті. Анасы кеткеннен соң мейірімді апайы бұған көп-көп ойыншықтар берді. Түрлі ертегілер айтты. Тәттілерді алдына үйіп тастады. Бірақ өз анасының жұлқынып отырып берген жарты нанындай дәмді болмады. Қос гауһардан құлап, сүйкімді баланың топ-томпақ бетінен сырғи түсіп, еріндері арасынан ауызына құйылып жатқан кермек дәмнен бе, әйтеуір мұндағы тағам атаулының барлығы оған тұщымсыз сезілді. Тіпті, анасын ойлай-ойлай тамақ ішуден де қалды. Күндіз-түні шерлене жылаған баланы жұбата алмай тәрбиешілер де титықтады.

Аяулы анасы сол кеткеннен қарасын мүлдем көрсеткен жоқ. Жылай-жылай құр сұлдері қалған Манарбекті дәрігерлер бақылауына алды. «Ішігіп өліп кетер ме екен?» деп қорықты. Балақай түнімен сандырақтап сөйлеп шығатын болды. Дене қызуы басылмай-ақ қойды. Жетімдіктің, жалғыздықтың жасы көп болғандықтан шығар-ау, басынан қара бұлт кетпейді. Оған мұндағылардың барлығы да жат болып көрінді. Тіпті, өзі сияқты шерлілердің түнде әке-шешелерін ойлап өксіп шығатыны да бұған үрей тудыратын. Ол осы қасірет басқан қаралы үйден ертерек қашып құтылғысы келді. Жұдырықтай жүрегін жеген дерт жүйкелетіп тастады. Кіртиген қабағында қалың уайымның сызы бар нәрестеге үлкендер таңдана қарайтын. Өзге балалар түрлі ойыншықтарға алданады ғой. Манарбекте оның белгісі де жоқ. Меңіреу дүниеге малып алғандай тұнжырайды да отырады. Түпсіз терең тұңғиыққа батып кеткен балақайды қасіреттен

құтқаратын біреу болса, ол – Анасы ғана еді. Алайда, аяулы-сы келмей-ақ қойды ғой.

Манарбек анасын түнімен түсінде көріп шығады. Баяғыдай бетінен сүйіп, еркелетеді. Қолынан жетелеп, қаланы қыдыртады. Балмұздақ әпереді. Балмұздақты енді жей бергенде әлдене тысыр етіп оянып кетеді. Ернінің ұшында қалған тәтті дәм балмұздақтай тез еріп жоқ болады да, көңілінде, жүрегінде тек сарытап сағыныш қана қалады. Анасының бейнесі көз алдында көлбендеген Манарбек шар ете түседі. Күтуші әйел қасына жанұшырып жетеді. Сосын әлдилеп, жұбатуды бастайды. Балжан тәтей жүрегіне мейірім шуағы тұнған сондай мейірман жан. Манарбек тұншыға жыласа, оның да жанарлары жасаурап қалады. Жаулығының ұшымен тума бұлақтан шып-шып шыға келген қос тамшыны білдірмей іліп түсіреді де балапанды бауырына басады. Шашынан иіскейді. Басынан сипайды.

Өмір сүрсем деген оттың ақырғы жалыны сөне бастағанда Манарбек өзін терең бір шыңырауға құлап бара жатқандай сезінуші еді. Сол шыңыраудан Балжан апасының аялы алақаны, жылы жүрегі, мөлшерсіз махаббаты құтқарып қалды. Манарбек мейірім бұлағынан аз да болса нәр алды. Ол енді өзі секілденген жалтаңкөздермен бірге есік сықыр ете қалса «анам кіріп келер ме екен» деп әр дыбысқа елендеп, жәутендейтін болды. Көңілсіз салқын өмір оны да құшағына алды. Тұлдыр тағдыр дауылы оны да ыркына бірте-бірте бағындырып келе жатты. Дәмелендіріп қойған дүрия-дүние құпия қойнауына мұны да тартып бара жатты. Уыз жас бойын жайлаған удан онайлықпен құтылмаса да уанды. Уандырған – тас тағдыры еді.

Көңілсіз, сұрқия күндер тым баяу жылжыды. Анасын күте-күте әбден зарыққан Манарбек өкпелегіш болып алды. Томпиып өкпелеп отырған Манарбекке жетім жүректер жабырқай қарады.

Оның жұдырықтай жүрегі шер-шеменге, запыран-заһарға, әлемдегі барлық қасірет-қайғыға лықа толғаны соншалық, жүрегі беріштеніп бітті. Сондықтан ба, ортайған көңілінің орнын ештеңе де толтыра алмады.

Есейген сайын анасының елесі тұманға сіңіп, бірте-бірте мұнарға айналып, мүлдем жоғалды. Ол ұйықтаған сайын «анамды түсімде бір рет болса да көрсем-ау» деп армандайтын. Бірақ, көзден кеткен асыл бейне көңілден де жоғала бастады. Анасының аты кім еді? Қанша ойланса да есіне түсіре алмаған. Бірде ол Балжан тәтесінен қиылып тұрып анасының есімін сұраған.

- Ондай ананың....- деп тұншығып барып Балжан тәтесі әлденені бүлдіріп алғандай еріндерін қымқыра тістелеген.

Содан соң бауырына басып, басынан сипап тұрып: «Менің де есімнен шығып қалыпты» деді дауысы дірілдеп.

Манарбек апайының өтірік айтып тұрғанын әлдебір түйсікпен түсінді де тым-тырыс қалды. Бірақ, тәтесін жек көре алмады. Өйткені, қайғының қапасында қалғанда алдындағы қою тұманды сейілткен апайы ғой ол.

Уақыт – емші уыз жас Манарбектің де жүрегін ептеп-ептеп емдей бастады. Бесіктен белі шықпай қалың уайым, жетімдік, жалғыздық торына белшесінен шырмалған Манарбектің жан жарасы бәрібір уаныш таба алмай-ақ қойды. Балалармен асыр салып ойнағанда ғана уайымнен аз да болса босайтындай еді. Көңіліндегі мұң-зарынан қас-қағымдай уақыт арылатын. Бірақ, қабақтары жадыраған сәт аса ұзаққа бармайды. Көңіл қабаржытқан уайым, көңілсіздік кірбіңі таудан төмен түскен қою тұмандай жылдам сырғып, өн бойын құрсаулап алады.

Басына түскен бейнет пен зілмауыр салмақ оны тез есейтті. Ол енді айналасындағыларға сезіктене қарайтын күмәншіл кесел тапты. Оны алғаш алдап, сол өтірігіне, елес-ертегісіне сендіргісі келген Балжан тәтесі еді. Қанша жерден

бала болса да Манарбек осы Балжан тәтейінің жұбаныш, алданыш үшін айтатын көп-көп өтірігін іштей сезіп тұратын. Бірақ, апайына «өтірік айтасыз» деген емес. Бәлкім, сол өтірікке имандай ұйып иланғысы келген шығар-ау.

Балжан тәтейінің тәтті өтіріктерінен ығыр бола бастағанда ол ересектердің кердең көлгірсулеріне тап болды. Өңшен бір ығай мен сығайлар, көп-көрім киінген тәтсілср мен өтірік жымиған, сол өтірігін жасырғысы келіп қаншама тырыскандарымен безеу беттерінде безбүйректік, жалғандық жағал-жағал болып жарқанаттанып көрініп тұратын шіренген, шідірейген, шегірткенің айғырындай шытынаған ағайлар сыр сандықтың ішінен шығатын мың сандықтай қаптап кетті. Қанша жерден күліп тұрғандарымен олардың жанарларында жасырынған бір жалғандықтың барын Манарбек іштей сезініп, жүрегі жұлым-жұлым болатын. Бірінің ауызына-бірі түкіріп қойғандай барлығы бірдей «Біз барда сендер алаңдамандар. Сендер жалғыз емессіндер. Сендерге қашан да көмек қолын созуға дайынбыз» дейді де сол кеткеннен мұның анасы сияқты қараларын біржолата батырады. Қамқоршы болса неге мұның анасын тауып осында әкелмейді? Содан соң сараңдықтары да бірінен бірі аумай қалған. Балалар үйінде тек еңбектеген сәбилер жүрген сияқты горшок пен базарларға өтпей қалған ойыншықтарды көліктеріне сиқыта тиеп, тау қылып үйіп тастайды. Бұл ойыншықтар олар табалдырықтан кері аттамай жатып-ақ бытшыт болып сынады. Машиналардың дөңгалақтары ұшып-ұшып түсіп, дөңгелеп барып бір қуысқа жасырынады.

- Қазір ғана әкелген ойыншықтарды бүлдіргендерін не? Осы сендерге не шақ келеді?- деп сосын тәрбиешілері құйрықтарынан шықпыртады.

Бәрінен де бұрын «осы сендерге не шақ келеді?» деп айыптаудан артық кінә болсашы. «Ата-аналарыңды жастай жалмаған сендерге не шақ келуші еді?» деген зілбатпан

салмақ бар осы бір ауыз қабаған сөзде. Сондықтан Манарбек үлкендер әкелген үйдей-үйдей үлбірек ойыншықтардан зәрезап бола бастады.

Айтпақшы, аяулы анасы да мұны балалар үйіне тастап кетерде алдансын деп қолына ойыншық ұстатып кеткен жоқ па еді?

Енді қарап отырса, бүкіл ғұмыры алданумен өтіп келеді екен-ау. Өмірінің азапты ақтүтегі қаншама рет жүрегін жұлқылады десеңізші. Сол дауылдардан аман қалған Манарбек енді майыспайтын да, өмірдің қандай да қиындығына мойымайтын да шығар-ау.

Дегенмен, оның бойында ойыншықтарға деген бір өшпестей өшпенділік қалды. Барша жалғыздық, аярлық, сатқындық ойыншықтардың ішіне жасырынғандай. Расында, ойыншық дегеніңіздің өзі – алдамшы дүние. Олар шынайы өмірдегі құндылықтардың көшірмесі ғана. Ал, көшірме алдартқанмен, көңіл кірбіңін кетіре алмайды. Онда жалғандықтың жалмауыз таңбасы бар.

Міне, иттің етінен де жек көретін жалғандық оның алдынан сайтандай сап етіп тағы да шыға келді. Аңсап көрген, армандап сүйген Аңсарын қалай ғана жалғандыққа қияды?

Иә, сол бір қайырымды үйде оның балалығы, еркелігі, қайғысы мен қасіреті қалды. Мұң оранған балалығы мен еркелігі жүрегiнiң мәңгі жазылмас жарасы. Өйткені, сол еркелігінің өзінен ол шынайылық таппай, қиналушы еді.

Қалың тұманда адасып, жол таппай мәңгіріп келе жатқанында алдыңнан бір бозамық жарық жылт етсе, түңілген тағдырына тәубе дегізіп үміт шамы қайта жанады емес пе? Манарбектің мұңлы кеудесіне де сол күні шоқ түсіп еді. Сол шоқ – Жансая еді.

Манарбектің ес білгелі байыз таппаған көңілі содан кейін тыныштық тапқан. Ол жанына сая болды. Қайғы-мұңын ұмыттырды. Сырға толы шоқ жанардың тұңғиығына Манарбек тағдырын сеніп тапсырды.

Манарбек пен Жансая балалар үйінде бірге тәрбиеленді. Манарбектің мұңға батқан жүзіне бақыт нұрын шашқан сол күн мәңгі ұмытылар ма?

Жанарынан жаз, көңілінен көктем көрінген келіншек күйеуінің неден тіксінгенін жазбай таныды, айтпай ұғынды. Сосын ол Аңсарды алдаусыратып, басқа жаққа алып кетті.

«Ақылды ойыншықтар» дүкені көзден таса болды.

Бұл жолы олар бала қалауын әперіп қуанта алмағанымен, жүректеріндегі жазылмас ескі жараның ауызын қайта тырнап алмағандары үшін өздерін бақытты сезінді.

Қала шамдары бірінен соң бірі көзін ашып, маңайға түрлі жарық шаша бастады.

Әкесі мен анасының құшағындағы Аңсар армансыз еді. Түнгі қаланың сұлулығына сәби санамен үніліп, әлденені айтып былдырап келе жатты.

Жас жұбайлардың толқымалы көңілдеріндей сиқырлы сәулелер сан құбылып тұрды...



ДӘНІБЕКТИҢ ДАРАҒЫ

Біздің ауылдың іргесінде көне кенттің жұрты бар. Сол қалашық орнынан әрі қарт Қаратаудың сілімдері қарауытады. Жылыбұлақтың жағасында Баба Түкті Шашты Әзіздің кесенесі тұр. Қызыл Сеңгірді қиялай жүріп жалаңаш шоқының жұмарланған баурайына түссеңіз алдыңыздан жалғыз ағаш кездеседі. Мұны жергілікті тұрғындар «Дәнібектің дарағы» деп атайды.

Осы жалғыз ағаш көлеңкесінде талай рет ат шалдырдық. Мұнда бастапқыда аумағы ат шаптырымдай бау-бақша болғаны байқалады. Солардан аман қалған жуандығы екі-үш адамның құшағындай кәрі ағаш. Қазір оның да сиқы қашқан. Бұтақтарының көпшілігі көгермейді. Жел соқса арса-арсасы шыққан бұтақтар кейде қорқынышты, кейде мұңлы бір әуен шығарады. Жалғыз ағаштан жеміс дәмепегелі қашан. Аптапта селдір көлеңкесі сәл де болса ыстықтан қорғайды. Шылдырап бір құлақ болып ағып жатқан бұлағының мұздайын-ай шіркін.

Бірақ, бізді қалың ағаш жанындағы көне жұрт қызықтырушы еді. Іргесі таспен қаланған үйдің орыны әлі де анық көрініп жатыр. Үй бірнеше бөлме етіліп салынған. Одан әрі үлкен албардың жұрнағы байқалады. Жаспыз ғой, осы көне жұртты Құмкент қалашығымен де байланыстырып жүрдік.

Бірде бізді – бесінші сыныптың бір топ оқушысын мұғаліміміз туған өлке тарихымен таныстырып, табиғатты көрсету үшін жолға алып шықты. Бұрын ауылдан ұзай қоймаған бізге бұл ерекше жаңалық болды. Бақытымыз Баба Түкті Шашты Әзіздің кесенесі еді. Жолай жалғыз ағашқа аялдап, көлеңкесінде саялап жаттық.

- Ағай, мына көне жұрт баяғыда өмір сүрген адамдардың қонысы ма?

- Ағай, неге мұны «Дәнібектің дарағы» деп атайды?

- Ағай, мына үйдің айналасын қазсақ, бәлкім қыш құмыра, алтын тауып алатын шығармыз.

Бала қиял қайда самғамайды десеніңші. Сауалдарымыз жаңбырша төпей бастады.

- Балалар, шуламандар! Сендерге бір ғибаратты әңгіме айтып берейін. Мұқият тындандар. Бұл сендердің алдағы өмірлеріне де үлкен сабақ болады,- деді Сатыбалды ағайымыз қоңқақ мұрынын бір сипап қойып.

Ағайдың сондағы айтқан әңгімесі еді бұл.

«Едігенің майлы жұртына» Мырзабек бай ерте көктемде-ақ ішіне кішігірім той өткізерліктей он екі қанат ақшаңқан киіз үйін тіктірген. Үшкөшпенің құмын қыстайтын бай күн жылт етсе-ақ болды, жаз жайлауына асығады. Қыстай кіреукелеңген көңіл көктемнен тіршілік атаулыны түртіп оятатын күнімен бірге көтеріліп, көк майсалы даладай жайнап сала береді.

Көктемнің күшіне ене бастаған кезі. Осындайда қара басына күн сайын қайғы үйірілген жарлы-жақыбайлардың да алдынан үміт шамы жылт-жылт еткендей болады. Ертеңінен жарқын болашақ күтетұғын бұл көкденен көңіл шіркінге тоқтам болар ма? Бай үйіріне үйір, отарына отар қосуды армандайды. Малай, құл-құтаңның көксегені байдың көңілі жібісе қотыр ешкі болса да алып, аузым аққа тисе екен дейді. Үмітті үміт жалғап, жылт-жылт еткен сәуленің соңынан ілдебайлап ілестірген сұм өмір-ай десеніңші. Адамдар ғұмыр бойы жылт еткен сәуленің соңында салпақтаумен, қиялдаумен өмір өлшемін уақыт деген аждаһаның апанына уыстап сала бермек. Сөйтіп жүріп көктемнің көкөзек күніндей жіңішкеріп мезгіл иірімдеріне жұтылады.

Қалай дегенде де көктемнің әр күнінде құдірет бар. Ол Алланың шапағаты, мейірім нұры. Осы шапағатты шуақтан шыбын екеш шыбын да қуат алады. Қозы-лақ асыр салып, құлын, бота жарысқан ерке көктемнің келбетінен тіршілік иелерінің барлығы да нәрленбек.

Дәнібектің де көктем келсе қутындап кететінің былайғылар біледі. Құрыққа сырық жалғаш, жоқтан бар, бардан дүние құрастырып жүретінін Мырзабек те шеткері көрмейді. Бірақ, оның тас арқалап тырбандап жүргенін көргенде арқасынан мың құмырсқа жыбырлап өткендей болатыны бар.

Қазақы ұғымда «тас» жақсылыққа жетелей бермейді. «Тас қамал», «тас жүрек», «тас бауыр» сөздері сүйкім бермесі бесенеден белгілі. Қазақ қарғаса «тастың астында қалғыр!» дейді. Моланың басына қойылатын қара тасты айтады да. Осыдан соң еркіндікті, азаттықты сүйетін қазақ жұрты тасты жақсы көрсің бе? Қанша қанқұйлы замандарды, қанша боз боранды бастан өткерсе де ағаш керегелі, ағаш шаңырақты киіз үйінен басқаны қош көрмейді. «Мына көрші сарттар кесектен там салады» дегенді Мырзабек те талай естіген. «Кесектен мола ғана тұрғызар. Ал сол молада олар қалай тұрады?» деген үрейлі сұрақ оның да көкейінен бір шықпайды. Сондықтан, Дәнібектің күркесінің айналасында таудай-таудай тас жатуы көңіліне ұнамайды-ақ.

- Әй, тастың астында қалғыр, мына тіршілігіңді ти,- деп дойыр қамшысымен жон арқасын шықпыртқаны да бар. Бірақ, ауру қалса да әдет қалмайды екен. «Борсық ұрған сайын семіреді» демекші, Дәнібек те арқасы арса-арса болған сайын тас арқалауын үдете түсті.

Көктем күшіне кірген сайын төл де молая берді. Мырзабек бай Құдайдың берген ырзығына қуанып қара көлеңкеде шойыннан құйғандай болып шіреніп жатыр. Көршілес бай, болыс, билерді шақырып қонақасы берген. Бәйбіше,

тоқалдар қымыз сапырып, бай тоқмейіл түр танытып тұрған кез еді.

Бірде отарды қотанға иірген Дәнібектің тағы да дорбасына ауыр зат салып белі бүкшендеп бара жатқанын байқампаз бай көріп қалды.

- Мына қойшы білігі сынған арбадай шойырылып қалыпты ғой,- деп кеңк-кеңк күлген.

- Е, қам-қарекетті жігіт қой. Қай жерде болса да істің көзін табады,- деген бәйбішесі Гүлжаш.

Бай жөткірінген. Мұны бәйбішесі қызғандыға жорыды. Бірақ, байдың өз байламы бар еді. Биыл күзде тағы да Ташкенттегі Алай базарына мал айдамақ. Дәнібек секілді иненің көзінен өтетіндей епті, еліктей елпілдеп тұратын, даланың ит-құсынан ыға қоймайтын батыл, жас барыстай жалындап тұрған жұғымды жігіт керек. Бұлар бар да саудадан ұтылмайды. Базардың ұры тазыдай жалмандаған сұғанақтарына оңайлықпен шалдырмайды.

Осыны ойлап Мырзабек түкті кілем үстіне тоқалы қабаттап төсеген көрпе үстінде кереге жаққа аунап түсті. Көзі желідегі құлындарда. Сауыры күн көзімен жылт-жылт еткен құлындар жанаттай жайнап, бұлғындай бұлқынады. Олар осы сұлулығын сезетіндей, айналасына тәкаппар, паң қарайды. Осы өңірдің мырзасы – Мырзабек бай да сұлулықтың бағасын білетін сұңғылалар сапында еді. Сәтін салса желіден жырақ ойнақтаған құлыннан жорға шықпақ. Үстінде су төгілмес жорғамен жайраң қағып жүрген қандай. Ертеңгі күндер елес болып шақырып, бай тәтті қалғыды.

Талма түсте бай орнынан тұрған. Шапанын желбегей жамылып сыртқа шықты. Қызылкөл жақтан көтерілген бір топ үйрек Жылыбұлақты айнала ұшып өтіп, Жайылмаға барып қонды. Жасыл жайлау бойжеткендей жасанып, нағыз кемеліне келген екен. Тегентайдан тостағанға толтыра құйылған бесті қымыз байдың бойына дарыды. Онын

үстіне онбесінде түсірген тоқалының жібек көйлегі мен шайы орамалы бетін самал желмен жұмсақ жұпармен жеңіл жанай өтіп, сүйкімді бір шымыр ойнатқан. Мырзабектің көңілі көктемгі дария суындай арнасынан тасып, ағыл-тегіл көлкіген. Ол Жансаяны жанына отырғызып:

- Кешке мал өрістен оралған соң екі қойшыға екі ешкі бер,- деді.

Жансая кірпігін төңкеріп, қайта қарағанда жанары жарқ етті. Осы бір жанар бай жүрегін жаулап, өң бойында оттай ыстық ағыс ойнап бара жатты.

... Сол жылдың күзінде Дәнібектің қараша үйінің алдындағы Сексек ата тұқымының саны бесеу болды.

- Мына Дәнібек деген қойшыңыз жүдә шаруақор екен. Сіз сыйлаған жалғыз ешкісі бесеу болды. Бала-шағасына түзден тамақ тауып әкеледі деп осы ауылдың адамдары тамсана әңгімелейді,- деген бірде Жансая байдың арқасын уқалап отырып.

- Енді оны қойшылықтан босатып, жанымдағы жүгіртек жігіттердің қатарына қоссам ба деп отырмын,- деген Мырзабек.

- Сіздің көрегендігіңізде шек бар ма? Жүдә жақсы ұйғарғансыз,- деп қоштады байды сүйіктісі.

Бай Жансаяның «жүдә» деген сөзді жиі қолданатынын ойлап мырс етті. Жансая кіді алып қалды. «Адам аласы ішінде». Не ойлап қалғанын кім білсін? Ол күйеуіне көзінің қиығымен қараған. Нарттай болып қызара бөртіп отырған бай қияңқы ойдан қияс тәрізденді.

Осы кезде үйге бәйбіше кірген: түрінен әлденеге әбіржушілік байқалады, сыртқа қайта-қайта қарағыштайды, бірдеңе айта алмай тосылып тұрған тәрізді. Бай оның мына томсырайған түріне қарап әйелдік қызғанышқа жорыған.

- Әй, немене соншама, үйге жылан көргендей шошынып кірдің? Соныңнан жау қуып келе ме, түге?- деп бай ақырып қалды.

- Жо-ға, ана антұрған Алшынбайды айтамын да.
- Е, е, не дейді ол?
- Не десін!? Тағы да қара қатының жұмсапты.
- Не керек дейді?
- Үйінде үнем қалмапты. Бір тостақ шалап сұрайды.
- Өткенде берген ешкі қайда?
- Ойбай-ау, Алшынбай сол күні-ақ сіз берген ешкіні бақыртып сойып алған.

- Етке бір тойған екен-ау.

- Тоюын тойды-ау. Ертеңін ойласа еді, сорлы...

- «Кедейдің етегігіне тары салсаң, жел көтеріп шашылып қалады» деген тап рас. Ана Дәнібек тәрізді біреуді екеу ете ме деп едім. Ақылы жетпеген де. Бар, көже-қатық бердеңе бер. Балалар аштан қатпасын.

- Күндегісі сол. Сұрамсақтанады да жүреді.

- «Болмысы жаман қамысты су ішінде өрт алар, болмысы жаман жігітті ел ішінде дерт алар» деген бар. Болмысы жаман болса қайтеді енді.

- Сонда біздің маңдайға кедей-кепшікті асырау жазып қойған ба?

- Әй, сандалмай, айтқанды істе. «Іріген ауыздан шіріген сөз шығады» деген. Не оттап тұрсың өзін? Немене мені сараң атандырып, жаман атымды жалпақ жұртқа жария етпекпісің? Ақымақ неме, «кедей-кепшікті асырау маңдайымызға жазылыпты ма» дейді ғой. Ия, жазылған. Бай болып айналана шапағатын тимесе, батыр болып жауға найзаның ұшы тимесе онда адамдығың қайда? Сонда біздің жайылып жүргендерден айырмаларымыз қайсы? Кет, бар. Көрінбе көзіме. Бұдан былай қолыңнан шыққан қоқымды міндетсінбейтін бол!- деп Мырзабек ақырып қалғанда Гүлжаш есіктен жылыстап шыға берген.

- Осы қатынға-ақ ес кірмей қойды. Шайындысын да қызғанып, мені қарадай жүріп жерге қаратпақ,- деп Мырзабек көпке дейін ашуын баса алмай отырды.

... Күзге салым Мырзабек Ташкентке мал айдады. Дәнібекті керуен көштің басшысы етіп, өзі боз жорғасымен көсілтіп күні бұрын аттанып кетті. Жер ынғайымен жайылып барған малды базардағылар қыл үстінен таласатармаса сатып алған. Саудасы жүріп, көңілі орынына түскен Мырзабек жалшыларын қайтарып жібермей, бірер күн аяқ суытып, шәрі көріп, сергіп қалуларына мұрша берген. Осы кезді пайдаланып Дәнібек іргесін тастан қалап, қабырғасын қыштан өріп үй салып жатқан өзбектерге барып қайтты.

Бұл кезде шабармандығымен бірге атқосшылыққа жарап қалған Дәнібек байдың оябын тауып, шылдырап қана ағып жатқан бұлақтың басын отырықшылыққа қалап алған. «Қалауын тапса қар да жанады» деген рас. Бірер жылда кам қыштан соғылған үш-төрт бөлмелі баспананы көріп, Мырзабек миығынан күлген.

- Сарттардан көргенін істеп, кесектен там тұрғызып алды. Төбесінде күні күліп тұратын менің он екі қанат ақ боз үйіме жетер ме?- деп Мырзабек атқосшысының үй жағына қарағыштады.

Бірер жылда сол қарайған қараша үйдің алдында ағаштар өсе бастаған. «Е, мейлі. Басқа байлар өрік-мейізді, жеміс-жидекті місе тұтпайды, жеңсік ас санамайды. Бірақ, дастарқанына қойса мақтаныш көретінін қайтерсін. Дәнібек диқан, бағбан болып шықса, алыстан арбаламаспыз» деп ой түйген. Осы екі ортада Алшынбай арса-арсасы шығып алқынып келіп Мырзабекке:

- Байеке, мына Дәнібектің басында торғайдіңкіндей де ми жоқ-ау, шамасы. Мал түседі деп бақшасын шеңгелмен қоршай бастады. Қоршауда қалғырдың істеп жүргенін қараңыз,- деп отқа май тастағысы келген.

- Алшынбай-ау, айтасың-ау сен де. Дәнібек дарақы болса алдына мал бітпес еді ғой. Жалғыз ешкісі бүгінде қоралы қойға айналды. Астында аяқ артары да бар. Ағашы, бауы

анау, жайқалып тұр. Сен де жыртық лашықтан басқа не бар өзі? «Қанағат – қарын тойдырар. Қанағатсыз – жалғыз қойын сойдырар» дегенді білмейтін бе едің? Адамға қанағат, нысап керек. Сен де осы жағы жетіспейді-ау шамасы. Қанағат дегенді білмейсің. Күншілдікті қойып, күйбеңдеп тірлік істесең сенің де қорана қотыр тай бітер еді ғой. Көп сөзді қойып, малыңа қара. Бұдан былай мұндай былшылыңды естімейтін болайын,- деп Мырзабек ашу шақырған.

Алшынбай Дәнібектің ширақтылығын шыли ұнатпайтын. Дәнібек даладан торғайдың жұмыртқасын теріп әкеліп балаларына азық қылып жүргенде ол үйден ұзаса-ақ болды көлеңке қуалап кететін. Ұйқыбастылығына жалқаулығы ұласып, алдындағы отарға ие бола алмай байдан таяқ жеген күндерінде есеп жоқ. Сөйте тұра серігінің сергектігін көкейіне қоныстандыра алмаған. Өзі сияқты жоқ-жұқанамен жолығыса қалса Дәнібектің сыртынан күңкілдеп: «Кедейдің кербезінен сақта» деген. Оның кербездігі қай сасқаны-ей» деп мақалдағанын айтсаңшы.

Жазмыш жұмыр бастының мандайына құштарлықты емес, іштарлықты көбірек баттастыра жазып қойған. Сондықтан, пенделер өзгелердің өрелі істерін көрсе қуанудың орынына құмдағы сараң құдықтай тез суалып, оңған шүберектей бозарып шыға келеді. Жаратушы иеміз әу баста адамдарды неге қызғаншақ етіп жаратты екен? Сол әзәзіл қызғаныштың салдарынан Жер бетінде тұңғыш рет Адам ата мен Хауа анамыздың Абылы мен Қабылы сұлу қарындастарына таласып бірін-бірі өлтірмейтін бе еді? Содан бері талай ғасырлар өтсе де қызғаныш деген қызыл ит пенделердің қыр соңынан көлеңкедей жармасып қалмай келеді. Осы сүйексінді ауру Алшынбайдың да бойында бар еді.

Бірде Дәнібек өзен бойындағы ну қамыстың арасына тұзақ құрып бірнеше үйрек, қаз, бірқазан ұстаған. Тұзағына

таудағы кекілік те түсіпті. Сол олжалы күні «Алланың жаутаң көздеріме жіберген ырызығы ғой» деп қабына салып арқалап келе жатыр еді, алдынан сайтандай сап етіп Алшынбай шыға келгені.

- Қатындарға ұксап қап арқалап алыпсың. Қане, айта ғой, қапта не бар?- деп Алшынбай арқадағы қапқа қарап телмірді.

- Тезек қой.

- Тезекті қатын термей ме? Сандалмай жөніне көшсеңші,- деп Алшынбай өзеуреген.

- Сен не, ояздың тергеушісі ме едің? Жолымнан былай тұр,- деп Дәнібек оны шетке сырып жөніне кете барған.

Шындығында, адуынды, екі иығына екі кісі мінгендей қайратты Дәнібектен ол ықтап жүруші еді. Бұл жолы да жағаға жармасарлық жүрек жұтқандық оның бойынан қайдан табылсын.

Әйтсе де қаптың түбі қан екенін әккі неме байқап қалыпты. Сол күні ол Мырзабекке жетіп барып: «Байеке, ана кедейіңіз тым асқынып, асқақтап кетті. Өрістен бір қойды жайратып сойып, етің үйіне алып бара жатқанын көзіммен көрдім» деп сүйінші сұраған. Көңілі күдіктен күпті болып тұрғанша, мәселенің мән-жайын өзі білмекке Дәнібектікіне өзі барған. Дәнібектің келіншегі Күлімкүл үйректің жүнін жұлып отыр екен. Шаруаның өзі атын арқандай кеткен екен, байды көріп жүгіре жеткен.

- Байеке, келініңізге үйректердің жүнін жұлдырып, тазалаттырып сіздің сыбағаныңызды беріп жібермек болып отыр едім. Мақтап жүреді екенсіз, жақсы келдіңіз,- деп Дәнібек дегбірсізденіп қалды.

- Дәнібек-ай, бұл Мырзабек есігінің алдында марка қойы, күн тимеген құлыны тұрғанда еті тарам-тарам құстың етін кайтеді? Ниетіне рахмет! Тек... деп барып іркілді.

- Ия, ақсақал, мына «тегіңіздің» астарында бір түйіткіл бар ғой. Әлде қаз-үйректі ұстағаным жөн болмады ма?

- О, не дегенің? Құдайдың қаңғып келген қаз-үйрегін сенен несіне қызғанайын. Кейбір тексіздерді айтқаным да.

- Ол қай тексіз, байеке?

Мырзабек жауап қатпады. Қатуланған қабағы жазылмады. Қамшысын екі бүктеп етігінің қонышына сүңгітіп жүріп кетті. Дәнібек желдің қай жақтан тұрғанын іштей сезді.

Осы қаз бен үйрек, балық, дала қояны, кекілік, бөдене, қыста ақ бөкен мен киік емес пе еді кедей жігітті көрінгеннің есігіне жаутандатпай жүргені. Біреулер Құдайдың аңы екеш аңың да бұдан қызғанатын болыпты. Япыр-ай, қолынан келсе неге өздері тұзақ құрып, ауламайды. Сонда «сенің тұзағына неге қоян түседі?» деп жолың біреу кесіп пе?

Бірақ, ғұмыр атты ағыны қатты дарияда талай кедергілер кездеседі. Сол кедергі – тастарға кептеліп қалмас үшін адамдар өмір ағысында түрлі айла-әрекетке бармас па? Дәнібек ойлана келе осы тоқтамға қазық байлады.

«Едігенің майлы жұртына» тамсана қарайтындар енді Мырзабекке сәлем бере келген болып іргесін таспен өріп, қамқыштан зәулім үй тұрғызып алған Дәнібектің құжыраханасына көз тастамай өте алмайтын күй кешкен. Кейбір байлар атына қозы-лақ өңгере келіп «көкше байлыққа» айырбастап кететін.

- Көке, қауын жегім келеді.

- Ата, алма әкеліп беріңізші,- дейтұғын балақайлар көбейген.

Кедей Дәнібектің диқан, бағбан аты осылай шықты. Енді оны былайғы жұрт «диқан Дәнібек» деп атай бастаған. Баяғы кедей аты ұмытылған.

Өз есебі өзіндегі Мырзабек диқан көршісіне ерекше қамқорлық танытқан. Жаратып жүйрік мінген Мырзабек тазы да жүгіртетін. Байлығымен де аты аспандап тұрған оған

енді «Дикан ұстайды екен. Дастарханынан құрт пен ірімшік, женттен бөлек өрік, алма, жүзім де үзілмейді» деген атақ та керек. Көкшенің құмын, Арканың сары даласын жайлайтын бай-бағыландар жеңсік асқа бола жолай Мырзабектікіне ат басын бұратын болған.

Жалғыз ешкіден жалғап қырық-елу жылқы айдаған, диканшылықпен даңқы өрлеген Дәнібек таршылық тауқыметін тапқырлығымен осылай тұншықтырған. Кейіннен кедей-кепшікке аулаған аңын таратып беріп отырыпты. Оның осы жомарттығына қарай кейде жұрт өзі сүйіп берген есімін өзгертіп «дархан Дәнібек» деп те атаған.

— Ағай, сол Дәнібектің дерегі бар ма?— деп дуылдастық оңшең шуылдақ.

— Дерекі неге болмасын. Бар. Мың да тоғыз жүз он жетінші жылдың төңкерісінен соң аласапыран болып кетті емес пе? Міне, сонда Мырзабекпен бірге Дәнібекті де тәркілеп, өзің Итжеккенге айдаған. Қараусыз қалған үйінің қышы мен ағашын кейіннен коммунистер бұзып тасып әкетті. Несін айтасын, айналасы атшаптырым бауы қандай еді, шіркін. Колхозға үйлер сала бастағанда соның барлығын құрылыс материалы ретінде кесіп әкетті. Мына ағашқа аралары өтпсді ме әлде әлдері жетпеді ме, кім білсін, дарақ жалғыздан жалғыз сорайып қалды,— деп аяқтаған Сатыбалды ағай әңгімесін.

Қоңыр күздің сыбылыққы күні. Аспанда алашарбы бұлттар жөңкіле көшеді. Арқадан бір ызғырық келе жатқандай үрейлі леп еседі.

Жалғыз кәрі ағаштың тарам-тарам бұтақтары шашын жайып жіберіп күңіреніп жылап отырған азалы анадай

ыңырсыды. Дірдектеп, суық желден тоңғандай қалтырайды.

Бұл сол бір балалық шақтағы саяхаттан соң арада отыз жыл өткенде барғандағы көрініс.

Сол жолы біз жалғыз ағаштан қорқып қайттық. Содан кейін кәрі ағашқа жоламайтын болдық. Ыңырсыған кәрі ағаштың барлық тартқан азабын, көрген қорлығын тындар болсам, бәлкім мен де жылар ма едім?

Есейсем де ескі жұрт кеудеме қорқынышты қуып әкеліп қамады. Өне бойым тоңазығандай. Тістерім сақ-сақ етеді. Неге екені белгісіз, өмірдің қамшының сабындай қысқа екенін ойладым.

Сарғайған бір жапырақ қолыма қалықтап келіп қонды. Сонда барып мен жер бетіндегі тыныштықты сағыныш деген сәулелі сезім ғана ұстап тұрғанын сезіндім.

Кәрі ағаш маған мұң шағып тұрды.



ЖАРҚ ЕТІП ЖОҒАЛҒАН БЕЙНЕ

Ақмұзтаудай аппақ әлем. Алтын шапақпен аймаласқан ақ ұлпа көз шағылыстырады. Қос өркешті кішігірім таудың қолтығындағы шағын станция сұлу қыздың меңіндей болып мидай жазық далада жарасымды орныққан. Шағын теміржол станциясы демесеңіз, мұның да өзіне лайықтыныстыршілігі, тағдырға татырлық тауқыметі бар. Адамзатқа тең бөлінген сүйсіну, күйіну, сағыну, налу, тағатсыздану, аңсау сияқты сан алуан сезім-күйлер осы ауылдың адамдарының да басынан күнделікті өтіп жатады. Егер сіз «Сексеуіл» атты осы шағын стансада сәлемдесіп үлгере алмайтындай ғана санаулы секунттарға ғана аяндап өтсеңіз, «е, айдалада осындай да ауыл бар екен ғой» деп қалғып-мүлгіп, самарқау есінеп кете барар едіңіз.

Бірақ, мұнда Айдар тұрады емес пе? Шағын стансада отырып ой-қиялы шартарапқа самғайтын, әрі-бері ағылған самсаған составтарға сәттіліктер тілейтін ақжарылқап жүректі осы жігіттің жүрегін жалғыздық торлағаны қашан. Ол ту-ту алыстан әлдекім іздеп келіп, стансадан секіріп түсіп қалатындай жүрегі лүп-лүп етіп, тоқтаған әрбір пойызға белгісіз бір ынтық сезіммен қарағыштайды келіп. Темір доңғалақтары гүрс-гүрс етіп, өзі «осы пәлелерден құтылар күн бар ма екен?» дегендей ырс-ырс пысылдап, аһылап-үһілеп тоқтайтын электровоз еңтігін баспай жатып қоңыр даусымен жүрегін қайыстырып қозғала бастағанда-ақ Айдардың жан дүниесі жұлым-жұлым болады. Вагондардың терезесінен бейнелері бұлың-бұлың бұлдырап, көрініп-көрінбей кетіп бара жатқан жолаушылардың арасында әлдебір қимасын шығарып салғандай жүрегі шырыл қағады. Соңына шылаушындай шұбатылған состав тиеген электровоз «менің көрген күнім осы енді» дегендей ауық-ауық ащы айқайына басып, алыстай береді. Соңғы вагон бұлдырап сағымға сіңіп кеткенше жаралы жүрек бұлқынып аласұрады. Сосын келесі пойызды күтеді. Сағындырып жеткен келесі пойыз да сан соқтырып кетеді. Аласарып көңіл

қалады. Өмір көші осылай шығыстан батысқа, батыстан шығысқа ағылады да жатады

Кенет...кенет жүрдек пойыз бір сәтке екпінін басты да он жетінші вагонның тамбурынан бір сұлу сусып жерге түсті. Ол түскен бойда құбырға қарай тікелей тартты. Құбыр шүмегін ағытып, салқын сумен сұлу жүзін шайды. Мына ғажап көрініске Айдар аңтарылып қарап қалған. Сусып түскен сұлудың жүрісі қандай! Құлын мүсіні қандай! Бәрінен де айналаға үркектей қараған бота көздері қандай! Дәл мұндай сұлулықты бұрын-соңды сезінбеген Айдар өн мен түстің арасындағы жандай аңтарылды да қалды. Белгісіз бір күш оны құрсаулап тастағандай, қозғалуға дәрмен жоқ.

Осы кезде пойыз ырсылдап-гүрсілдеп орнынан қозғала бастады. Ал,сұлу құбыр басынан біреу шегелеп қойғандай орнынан қозғалар емес.

-Сағыныш!

-Сағыныш!

-Болсаңшы тез!

-Пойыздан қалып қоясың!

-Әй, сені жын ұрды ма? Құбыр басында сені немене құбыжық арбап алды ма? Жүгірсеңші! Бол тез!

Бірақ, бұл сөздердің барлығы заяда кетті. Сағыныш аяғына кісен салған жандай сазарып орнында тұра берді. Айдар әлгі өктемсі сөйлеген өркөкірек жанның қалтарыста қалған қарындастың Құдай қосқан қосағы екенін іштей пайымдады.

Пойыз бірте-бірте екпін алып ұзай берді. Әуелі тамбурдан, кейіннен терезеден өңеш керіп айқайлаған бейбақтың үні құмығып, тұншығып барып тыншыды. Осы кезде ойына әлдене сап ете түскендей Айдар мотоцикліне жүгірген. Қырсық қылғанда ол оталса нетті. Әрі тепкіледі, бері тепкіледі, түк шықпаған соң, атына қарай алашапқын болып құстай ұшты. Арғымағының ер-тұрманын түгелдеп, шоқырақтап шауып келгенде пойыз құланиек көкжиекке сіңіп те кеткен еді.

-Мінііз,-деді аптыққан Айдар,-пойызды қуып жетеміз.

Алайда, кешіккен келіншек кербез қылық танытты. Үзеңгіге аяқ салу орнына жігітке үздіге қарады. Жаратқан адам баласын осыншама сұлу етіп сомдай салады екен-ау! Сағыныш айналасына ұзақ уақыт келмей кеткен ауылына ынтық аңсар көңілмен оралған жандай жәудіреп қарады-ай бір. Сырға толы жанарына Айдар арбалып қалды.

-Ту-у, өмір жолы әйтеуір осылай бір кенеттен үзілер еді,- деді сұқсырдай сұлу сыйқырлы үнмен.

-Не? Не үзіледі дедіңіз? Сіздің пойызыңыз әлдеқашан кетіп қалды. Атыма мінгеспедіңіз. Қуып жетіп, сізді серіктеріңізге қосып жіберер едім. Саспаңыз, келесі пойызға салып жіберемін,- деді Айдар тағы да асығыс сөйлеп,- міндетті түрде. Сіз тек қамықпаңыз. Қуып жетесіз. Сөйтіп, сүйгеніңізбен қайта қауышасыз.

-Жо-жоқ, қайта қауыштырмай-ақ қойсын. Кейде осылай айдалада адасып қалғанның өзі жақсы,- деді пойыздан қалып қойған келіншек.

Мына сөз Айдарға тым тосын естілді. «Қорыққан мен қуанған бірдей» деген. «Пойызынан қалып қойып, қорыққан әрі торыққан адамның жан далбасасы ғой» деп ой қорытты іштей.

Дегенмен, Сағыныштың көзінен мұң көре алмады. Ақ мұнар басқан далаға тесіле қарап тұрған келіншектің жанарында жасын ойнап тұр еді... Айдар шошынайын деді. Есіне үлкендерден естіген қордың қызы, перінің қызы дегендер түсті. Перінің қызына ғашық болып маң далаға қарай қашып, жынданып өлген әлдекімнің оқиғасы есіне түскенде өң бойы қорқыныштан қалш-қалш етті. Ішкі секемшіл сезімін сездірмеуге тырысты. Әлемде әйел қулығына тең келер қарсылас күш әлі табылған жоқ. Сағыныш бекеттегі бейтаныс батырдың еріні көгеріп кеткенін, сөздері алабажақтанып шығатынын әлдеқашан сезген еді.

Айдар апалақтап, ана пойызға да, мына пойызға да жүгірді. Тіпті, товарлы пойызға да тақалып көрді. Дегенмен, Сағынышты салып жіберетін көліктің реті келмей-ақ қойды.

-Сіз бекерге әуреленесіз. Әлде менен тезірек құтылғыңыз келіп тұр ма?- деді кездейсоқ келіншек.

Айдар әлі өз-өзіне есеп беретіндей жағдайда емес еді. Сағыныштың мына сөзі оны селк еткізді.

-Неге олай дейсіз?

-Пойызды қуып жете алмаймыз. Қуып жеткім де келмейді. Маған енді түнеп шығатын жер керек. Таңғы нәсіп Тәңірден,-деді келіншек жайбарақат.

«Япырым-ай, манадан бері Сағынышты неге үйге шақырмағанмын?» деген ой санасын соққылағанда Айдар кәдімгідей қызарақтады.

-Біздің үйге жүріңіз. Қонағым боласыз.

-Келіншегің қызғанбайды ма?

-Жоқ, мен үйленбегенмін.

-Бойдақпын де. Әке-шешен не ойлайды?

-Мына алақандай бекеттеп ештеңсі де бүркемелей алмайсыз. Сіздің пойыздан қалай қалып кеткеніңізді де, біздің қалай апалақтап жүгіргенімізді де олар көріп тұрды. Қысылмаңыз. Бүгін қонақсыз. Ал, ертең бірінші пойызға міндетті түрде мінгізіп жібереміз. Бекеттегілер болған мән-жайды алдағы стансаларға әлдеқашан хабарлап үлгерген де болар. Демек, енді сіз үкімет қарауындағы адамсыз.

Сағыныш «тағы да тұзаққа түстім бе?» дегендей ернін қымқыра тістеп алды.

Көздері кіреукеленді. Айдарға мұная қаралды.

Айдардың әке-шешесі келіншекті қадірлі қонағындай күтті.

-Жарығым-ау, жүгіргенде пойызға ілігіп кететіндей де едің ғой,-дейді шешесі Балнұр.

-Жау қуып бара жатқандай пойыздың асығыс аттанатынына жыным келеді. Бағдаршамдарға қараймын деп жүріп байқамаппын, пойыз қозғала бергенде қалып қойғаныңды бір-ақ білдім ғой. Нешауа, қызым. Ертең-ақ күйеуіңді қуып жетесің,-деді әкесі Беркімбай гүр-гүр етіп.

Кешкі тамақтан соң Сағыныш пен Балнұр оқшау

қалды. Сыбыр-сыбыр, гүбір-гүбір әңгіме екпін алды. Үй іргесін дүрсілдетіп әлсін-әлсін пойыз өтеді. Айдардың құлағына екеуінің әңгімесі үздік-создық талып жетеді.

-Жолдасыммен дәм-тұзымыз жараспады. Қаладағы қалталылардың бірінің еркетотайы. Төркінімнен қайтып келеміз. Кіді мінезінен, ерсі қылығынан, өркөкірек өгіз мінезінен бүкіл ауыл мезі болды. Әке-шешем ешнәрсені елемеуге тырысты. Күйеу балаларының еркелігін көтеріп бақты. Әйткенмен, бұдан былай екеуіміздің жолымыз тоғыспайтынын білдім. Қалып қойған себебім де осы,-деп Сағыныш тұншыға жылады.

Айдар шешесі Балнұрдың бәйек болып жұбатып жатқанын сезді. Өзі де екеуара оңаша бөлмеге кіріп барып жұбатқысы келіп еді,бірақ анасынан ұялды.

Ертесіне Сағыныш ештеңе болмағандай, ештеңе өзгермегендей жайдары, көңілді отырды. Жүзінде жатырқаудың титтей де ізі жоқ. Тап бір осы үйде баяғыдан бері тұратындай бәрімен етене жақын болып оянған. «Әкелеп», «апалап» іші-бауырларына кіріп барады. Ал, Айдардың...

Әкесі Беркінбай да, шешесі Балнұр да оған бауыр басып қалды. Оларға салса, тіптен жібергілері жоқ. Сағыныш та қолды-аяқтай пысық болып шықты. Суыр сауысты, мал өрістетті, тамақ жасасты, үй жинасты.

Бірде Айдар мен Сағыныш мал өрістетіп жүріп оңашалана қалды.

-Енді менің қалаға қайтуым керек. Нартаймен ажырасып, құжаттарымды аламын да жұмыс істеймін,-деді Сағыныш.

Келіншек тап қазір кетіп қалатындай Айдардың жүрегі атқақтады. Ол Сағынышты бірер күнге болса да бөгейісі келді. Бірақ, қалай?

-Айдар, сенің жоғары білімің бар ма?-деп сұрады Сағыныш оған жақын келіп мойнына білегін артып тұрып.

Жатырқамай жақын тартып тұрғаны Айдардың көңілін босатты. Енді оны бұрынғыдан да бауыр тарта түсті.

-Жоқ,бекеттен әрі ұзай алмадым ғой.

-Мұның жарамайды, Айдар. Қалаға жүр. Өмір көресің. Білім аласың. Думанды дүние қалада.

-Білмеймін. Әкем мен шешем не дейді?

-Сенің білім алып, үлкен азамат болғаныңды олар қаламайды ғой деймісің. Қайта қуанады. Сырттай болса да оқуға түс. Сосын осы бекеттің бастығы боласың.

Бекеттің бастығы болу қайда? Ол үшін Ынтымақ ағасындай үлкен кісілермен табақтас-дәмдес болып жүруі керек емес пе? Қой қайырудан басқаға қыбы жоқ адам қалай бастық болмақ?

Айтқандайын Сағыныш көп бөгелген жоқ. Бекетке бірер минутка іркілген пойыздардың бірінің тамбурына еліктей секіріп мініп, қол бұлғап кете барды.

Әкесі де, шешесі де жылап қалды. Сағыныш та жылап кетіп бара жатты. Ал, Айдардың жүрегін біреу суырып алып қашып бара жатқандай еді. Ол көзінің жасын әке-шешесіне көрсеткісі келмеді. Бірақ, Сағыныш кеткен күннен бастап шойын жолға отырып алып, ұзақты күн тапжылмайтын есірік бір күй тапты. Меңіреу адамдай ешкімге тіл қатпайтынды шығарды.

Баласының дегбірсіз көңіл-күйін әкесі тез аңғарған. Белі бүгінкі, жанары жасаураулы, күш-қуаты әлсіз болса да байырғы бүркіт баласының беймаза кейпін тамыршыдай тап басқан.

-Балам, бөгелме! Қалаға бар Оқы. Білім ал, заман сендердікі,-деді ентігін зорға басып.

«Сағынышты ізде. Тауып ал» деп айтқан жоқ. Әке онсыз да баласының ішқұсалығын сұңғылалықпен сезетін еді. Оны тауып алуына тілектес болатын. Аз ғана мерзімде үйіне ажар беріп кеткен осындай жан құт шаңырағына қонса қуанбас па?

Енді міне, желдей жүйткіген жедел пойыз бірқалыпты ырғақпен ақ көрпе жамылған аңырақай алқапты, мүлгіген мөлдір маңайды солқылдатып, мұзжарғыш кемедей екпіндеп келеді. Үміт жетелейді. Күдік етектен тартады. Десек те, Айдар белін бекем бұған.

Айдар пойыздың қиғаштай тартқан бір сәтінде терезеден әке-шешесі қалған бекетке көз салып еді, көне жұрт қарақатқа айналып үлгерген екен. Іші уылжыды. Жүрегі атқақтады.

«Бақытыңды табасын» дегендей пойыз иен даланы жаңғыртып үздік-үздік уілдек әуеніне салды.

Айдар ақ мұнар басқан далаға үздіге қарады. Алыстан ағараңдап Сағыныштың сұлу жүзі көрінгендей. Ол тым-тым алыстан қол бұлғап Айдарды шақыратындай. Тағатын тауысып, дегбірін алып асықтырып келе жатқан тылсым күш кенеттен түсіп қалып, кенеттен жедел аттанған, бекеттен белгісіз нүктеге сіңіп кеткен Сағынышқа деген сағынышы екенін сезінгенде Айдардың тағатының тамырлары бырт-бырт үзілгендей болды. Оған енді жүрдек пойыз есек арбаның баяу қозғалысындай сезілді.

Ақмұзтаудай аппақ әлем Айдардың жүрек тербелісін сезгендей алыстан қол бұлғап шыр айналып қалып бара жатты...



ЖЕТІҚАРАҚШЫ

Жетіқарақшы шоқ жұлдызы бір жамбасына ауа жантайып барады екен. Қияқтана туған ай сәулесін түн тұңғиығы жұтып қойған ба дерсіз. Ауладағы бақ та үнсіз-тілсіз мүлгиді. Жапырақтар да сыбдыр қақпайды, әншейінде жамырап ән салып тұратын олар да әлдебір қалың мұң құшағына сүңгіп кеткендей. Әуілдек иттердің де әуселесі бітіп қалыпты: құйрықтарын бауырына тығып, қай үйшікте немесе қорада жатыр екен?

Япыр-ай, мынау неткен өлі тыныштық! Біреу алқымынан алып, буындырып жатқандай тұншығып, бастығыңқырап барып оянып кетті. Көзін ашқанда көргені осы. Қасында бұйығып ұйықтап жатқан қызы түс көріп жатыр-ау шамасы, «мама, қашан келесіз?» деп әрі аунап түсті. Сафура сағыныштың сары өзегіне түсіп, өмірдің ащы құйқасын тоя жеген адамдай ауыр күрсінеді. Қаршадай қызды қайғыға қамап қойған қатал тағдыр қай құдіреттен қаймықсың, қорқау озбырлығын шеңгелдеп салып-ақ жатыр. «Мама». Осы сөзді Сафура әлденеше рет қайталады. «Анасын сағынып жүр-ау». Иә, қыз жүрегіне кіреуке мұң ұялағаны қашан. Анасын ойлағанда жұдырықтай жүрегі жұлып түсердей болып жүргенін бұл сезбейді ғой деймісін? Анаға деген бала махаббатын ешқандай да күш өшіре алмақ емес. Бірақ, Гүлдарига сәбиінің балапан арманына сызаттанған таңның бозала сәулесіндей шуақ шаша алды ма? Құртақандай қалтқысыз қыздың қапысыз жүрегіне у септі. Бұрын да үркектеген жүрек сезіп қалған ащы шындық айқындала түскенде аспан айналып жерге түскендей, морылып, мұжылып қалған. Әйтсе де, Сафураның сәби санасына сол бір сорақылықты қалайша сіңіресін. Оның періште жүрегіне қаяу салғанша, екі қолын төбесіне қойып тентіреп кеткенді рауа көреді.

...Сол күні Қаратаудың ұшар басын қаракөлеңке тұмшалап тұрды. Бұлар отбасы болып араласатын бірнеше құрдас, үзеңгілес дос тұнық та салқын суы толқынданып, бұйраланып аққан бұлақ басына келіп шатыр тіккен. Еркектердің әдеті емес пе, жүктерді түсірісіп болысымен бірі доп қууға, екіншісі маңайды шолып шықпаққа ұясына кара тас түскен қаракұрттай жан-жаққа шашырап кетті. Алжымды Алтынай айқайлап жүріп еріккен еркектерді қойша қайырып әкеліп иірмегенде бойларында Адам Атаның қаны бар шіркіндер тау-тасты армансыз аралап, кісікиіктей көзге ілікпей бет-бетімен кететін түрлері бар.

-Ау,жандарым-ау, немене бала болып кеткенсіңдер ме? Мына балапандарыңа үлгі-өнеге көрсете ме деген әкелердің сықпытын кара, тәртіпті бірінші болып өздері бұзып тұр. Алтынай қой қайырғандай қайырып әкелмесе бар ғой, мыналар дес бере ме? Доп тебеміз дейді ме-ау, гүл тереміз дейді ме-ау, әйтеуір, қыр асып жоғалмақ. Сірә, бұларды жықпыл-жықпылдың таса-тасасында бір-бір хор қызы күтіп отыр-ау. Қамақтан қашқан қағындылар-ау, қайда барып құтыласыңдар бізден? Бұларға ма, бұларға ерік берсең, үйді де, бала-шағаны да ұмытады, бір нәрсе десен,ежірейіп шыға келеді. Көрдіндер ғой, келмей жатып жан шуағын іздеп, шілдің тезегіндей тоз-тоздары шығып, тарап барады,- деп Сұлушаш сылқ-сылқ күлді.

- Еркек көрсендер ешкікөзденіп шыға келетін әдеттен қашан тиыласыңдар? Қашан да еркек кіндікке көңілдерін көншімей кердендеп жүресіндер. Жә, не жазып қойдық? Келмей жатып кеңірдектен алғанша тамақтарыңды дайындандар. Ішімді жылан жалап барады,-деп Таңат жаюлы көрпелердің бірінің үстіндегі жастықты құшақтап жантая кетті.

-Ішінді жылан жалап бара жатса жас баладай далбаңдап доп қуып нең бар? Қарын қамын ойлаған қазан жағалар,- деп Күлән Сұлушашқа қосыла күлді.

-Әй, қазан қоритын мені қатын деп пе едің?-деп Таңат тұлданды.

-Болды,болды, батырекесі. Бұл бәйбішелерге ырық берсек, бәрімізді бір тарының қауызына сидырып, табаққа салып майсыз қуырудан тайынбайды. Бос салғыласудан сарымай шықпайды. Одан да қыздардың дайындаған тамағынан дәм ауыз тиейік,-деп Әріпхан жігіттерді сабырға шақырды.

Ортаға «демлеме» деген тағам келіп қалды. Аспаз болмаса да алымдылығы басым Алтынайдың қолынан келмейтіні жоқ-ты. «Демлемеге» түрлі дәмдеуіштер қосып, тамақты былбыратып, жүдә дәмді жасапты. Етін былай қойғанда, сүйегінің өзін ауызға салсаң, еріп кетердей. Сыралғы сыныптастар табиғат аясында сағыныштарын сарқа сапырды. Нешетүрлі әңгіменің түйме-түймелерін ағытты. Таудың ұшар басынан төмен қарай құлдыраған тас жаңғырығындай айналаға күміс күлкі шашылды. Жарасымды әзілмен талай уақыт зымырап өте шықты.

-Осылай отыра береміз бе? Тауға шығайық. Мынадай сұлулықты күнде көріп жүргеніміз жоқ. Кімде-кім тауға шыққысы келмесе, ошақ қасында қалып, келесі тамақты әзірлеуге көмектессің,-деп Таңат орнынан тұрды.

Осы сөз командир бұйрығындай әсет етті. Еркек кіндіктілер орындарынан атып-атып тұрып,(кімнің ошақ қасында қалып, жадыбас атанғысы келсін) бірі қолына таяк, екіншісі дүрбі алып жан-жаққа тарап бара жатты.

Қабырғалы Қаратаудың әр қапталы құпияға, қазынаға толы. «Қызық көргің келсе, тауға бар» деп бұрынғылар текке айтпаған. Тылсым тау тентіреуік көңілді тынығушыларды түкпіріне тарта түсті. Әр қыраттан асқан сайын алдарынан әлдеқандай керемет кезіге кетердей жігіттер жағы жанығып бақты. Келіншектер олардың қолтықтарына дем бүркіп пе жіберген-ді. Кімде-кім неғұрлым биікке көтерілсе, сол

нағыз жігіт. Нағыз жігіттіктен келгендердің барлығы да дәмелі. Сондықтан биікке өрмелегендер өршелене түсті. Бәлем, бойдағы қара күштің сарқылмағанын келіншектер көрсін! Осы бақталастықпен жігіттер біраз жерге барып қалды. Біреуді біреу табу да, көру де қиындап бара жатты.

Міне, осындай оңтайлы бір кезеңде орайын тауып Әріпхан мен Гүлдарига оңашалана берген. Дүбірлі демалушылар олардың қалың жықпылға лып бергендерін сезбей де қалды. Қызық қуушылар тау үстінде мұнартып, әр шоқының басында бұлдырап көрінеді. Қазан басында қалғандар қарбалас жұмыста еді. Өңшең аш қасқырдай жалаңдағандарды тойындыру да үлкен бейнет болатын. Маңайда ешкімнің жоғын білген «екі ғашық» көк майсаның үстіне ұмар-жұмар құлап түсті. Жасыл желектер оларға арнап құрылған шымылдық тәрізді. Сылқ-сылқ күліп аққан ерке бұлақ көңіл кілтін дөп басты, әуестіктің әдемі әсерін шашулады. Сан түрлі әнге салған тау құстары тылсым тұңғиыққа жетеледі. Сезім сергелдеңі соқыр түйсікті түртіп оятты. Соншалық жалынымен жігітке бой алдырған келіншек жан қызуын ірке алмады.

Гүлдариганың аппақ төсі құмарлықтың сан мыңдаған жыландарын оятып-ақ жіберген. Толықсыған келіншектің тоқ балтырлары жапырақтар арасынан себезгілеген сәуледей жарқ ете қалғанда Әріпхан есерсоқ сезімнің жетегінде кетті. Одан арғысы естерінде жоқ. Тез-тез шешініп жатқаны ғана санасында сызаттанады.

Олар бұлақ басында алқынып отырды.

- Әріпхан!

-Ау!

-Осылай қашанғы жасырынып жүреміз? Бір жағына шықсақ қайтеді?

-Нені меңзеп отырсың?

-Мысық-тышқан ойнап жүре береміз бе дегенім ғой.

-Мұны жария етуге болмайды.

-Сонда «сүйемін» дегенің қайда? «Мәрмәрдай аппақ денеңді құшқан сайын бір жасап қаламын» деуші едің ғой. Соның барлығы бекер ме? Қымбатымды қолыңа өз еркіммен бермедім бе?

-Қалай-қалай көсілесің, Гүлдариға. Бұл құпия өлсек, сүйегімізбен бірге кетеді.

-Қорқатының бар, мені несіне әуреледің? Отты сезімді су сеуіп өшірмекпісін?

-Жастықтың желігі дейік мұны. Жә, осымен барлығын тоқтатпасақ болмас.

-Қашып құтылғың келген екен ғой.

-Түсінсеңші, Гүлдариға! Алла алдында да, адам алдында да кешірілмес күні жасап жүрміз. Біз туған құда-құдағимыз. Сенің туған қызыңды менің туған балам алып отыр. Құда-жекжат болып қана араласуымыз керек. Ал, біз не істеп жүрміз? Қанша жусақ та тазармайтын арам тірлікке бой алдырдық.

-Әріпхан, ақыры арамдалған екенбіз, сол ойынды соңына дейін жеткізсек болмас па? Өйткені, сенің маған деген махаббатыңның алдында өзімді жан пида еткім келеді. Мені сендей түсінетін жан бар ма?

-Бұрын балалар табыспай тұрғанда, бәрі де қисынды сияқтанатын. Сенің анау можантопай күйеуіңнен біртүрлі кек алғым келіп тұратын. Ендігінің реті жоқ. Бұл-сорақылық. Оңаша кездесуіміздің алды-арты осы болсын.

Тап осы кезде ағаштар арасынан ағараңдаған әлдененің сұлбасы көрінгендей болды да жалт етіп жоғалды. Бәлкім, тау тағысы шығар? Мұнда қайдан лағып келіп қалған?

Екеуі апыл-ғұпыл киініп, жықпылдан шыққанда оқ бойы озып кетіп бара жатқан Таңат пен Мәдинаны көрді. «Мына екеуі ізімізді аңдып жүр ме? Қайдан ғана сап етіп үстімізден

түсті? Бүлдіретін болды-ау» деген ой Гүлдариганың өн бойын сырқыратып жіберді.

Жан-жаққа тарыдай тарап кеткендер дастархан басына үздік-создық жиналып жатты. Таңат та, Мәдина да ештеңе көріп, білмегендей қалып танытты. Олар да оңаша кездескен жерлерінен бір қыр айналып, жеке-жеке келген еді.

-Жігіттер! Қыздар! Мен бар ғой, мен, махаббат үшін көтеремін!-деп айқай салды Таңат.

-Ура! Махаббат үшін ішеміз!-деп Болат орнынан қалбалақтап тұра берді.

Кешкі тымық ауа сыныптастардың дауысын құз-қияға үстемелеп жеткізіп, маңай жаңғырып тұрды. Тау ішінен аюдың ақырған үні естілді. Мұны естіген келіншектер қайту керектігін ескертіп, ешқандай нұсқау-бұйрықсыз-ақ шатырларды жыға бастады.

-Шатырды неге жығасындар? Осында түнеп шығамыз деген уәде қайда?-деп Әбілдә келіншектердің қолдарына жармасты.

-Албасты! Аюдың ақырғанын естімедің бе? Түнде келіп бәрімізді жайратады,-деп Алтынай ақырзаманды тақап қойды.

Бұл сөзді естіген кішкентайлар шетінен шошынып, жылай бастады. Балалар ұлардай шулап жылаған соң сресектер естерін тез жиды.

-Достар,достар, жүрсің қайда,

Бірге еді ғой жанымыз,-деп Таңат барлыққан дауысымен тауды жаңғыртып ән салып келе жатты.

Оған көліктегілер түгел қосылған.

Көп кешікпей жықпылдағы жасырын жолығысу жалпақ жұртқа жария болды. Әу баста мұны сыныптастар Таңаттың тағы бір қитұрқысы, кісәпір кесірлігі немесе күлкі үшін шығарғаны десіп жорығанымен,былыққан өмірдің батпандай шындығы көп кешікпей әшкерілене түсті. Таңат

пен Мәдина жықпылдағы жарқылды бастапқыда сыбырлап айтып жүрді. Келе-келе сыныптастар секем алып қалды. Қуанышбектің көңіліне алаң кіргені осы тұс.

«Бәсе! Құда-құда деп Әріпбекке көзін төңкеріп қарай беруші еді. Осындай бір бәлесі бар екен ғой» деп бет шымшитындар көбейді. Шымшылмайтын беттердің өзі шиқандай болып қызарды.

Сыныптастар әр мерекені, әр туған күнді атаусыз қалдырмайтын. Олар көңілді кештер мен әдемі басқосуларда Әріпхан пен Гүлдариганың әзілдері жарасатынын құрдастардың қалжыңына балаған. Қуанышбек те есесін жібере қоятындар қатарынан емес, ол Балқияны балдай ерітіп, талай рет тоят төсінен басқа жерін тастай қатты қолдарымен аямай мытушы еді. Осылардың оспадарсыздау ойындарын көріп, кейде сыныптастар кәдімгідей таң қалатын. «Әрі сыныптас әрі құда-құдағи болған соң жарасады да» деп те қоятын. Бәлкім, қазақ «ойыннан от шығады» деп осындайдан барып айтты ма екен?

Қуанышбек шағын қалашықта тұрады. Шаһар шағын болғанымен, дүкендерінде іздегенінің барлығын табасын. Той жасайтындар, үйіне қонақ келетіндер осы қалаға шапқылайды. Құда болғалы Әріпхан қалаға жиі келгіштейді. Мұндайда құда үйінің төрінде бас мүжімесе де жамбас ұстап жатады.

Қызмет дені солай болғаннан соң Қуанышбек іссапарға көп шығушы еді. Үй бетін апталап көрмей кететін кездері де бар. Бұл жолы да реті солай келді, Алматыға, одан әрі Астанаға сапарлап кете барды.

Пойыз қалаға таңғы сағат бесте жетті. Қуанышбек үйіне таксилетіп келді. «Үйдегілерді мазаламай-ақ қояйын» деп сыртқы есікті өз кілтімен ашқан. Жол сөмкелерін дәлізге тастап, жатын бөлмеге жайбарақат кіріп келген. Өз көзіне өзі сенбеді. Гүлдариганың қасында шашы добырап

өзге біреу жатыр. Япырау, бұл кім болды екен? Сөйткенше болмады, Гүлдарига селк етіп оянып кетті. Секемшіл жүрек әр сыбдырға елең етіп жатады. Бұл сергектіктің осындай сыры бар. Артынша жанындағы жансерігі сығарайтып көзін ашты. Масқара! Мұндайды көргенше көрге кіріп кетсеші. Қатынының қойнындағы он жыл бірге оқыған сыныптасы әрі туған құдасы Әріпхан болып шыққанда Қуанышбек талып қала жаздады. Басқа құшақ таппағандай, дәл мұның әйелінің құшағына келіп құлар ма? Ұят қайда? Ар қайда?

Тұнығы лайланған Қуанышбектің көңіл шынысы быт-шыт болып шашылып түсті.

Әріпхан құда ыржиып орнынан тұрды. Зәндәм неме «құдамның ақ төсегін былғадым-ау» деп шімірікпеді. Орнынан тұрып асықпай-саспай киініп жатыр.

-Түнде әңгімелесіп жатып ұйықтап кетіппіз,-дейді жүзіқара қатыны.

Әңгімелесіп отырғандай болса, басқа жер құрып қалыпты ма? Барлық киімін жатар бөлмеге шешіп, құданың төсегінде шәниып жатады ма? Құданың төріне шығуына болады. Бірақ, құданың төсегіне шыққанды кім көрген? Бұл қай басынғаны?

Қуанышбек әйелін салып қалды. Ол байбалам салып, ойбайлап, өтірік талып қалды. Құда ұры итше құйрығын екі бұтының арасына қысып тайып тұрды.

Көзі көгерген Гүлдарига көп ұзамай төркініне тайып тұрды. Әке-шешесіне барып жатып алды. Жай жатқан жоқ, барлық бәле атаулыны Қуанышбекке үйіп-төкті. Қайын ене көкайыл, көкдолының өзі еді. Қызы бордай езіліп, боздап келген соң борандай бұрқырап жолға жиналған. Бұл жолы Гүлдарига анасының жолына көлденең жатып алды. Қанша жерден жақтан талмаймын, сөзден ұстатпаймын дегенмен өз сыры өзіне аян. Туған құдасының желік басар қолжаулығына айналғанын анасына сездіргісі жоқ.

Қандай азапты ауруды да жазатын уақыт- емші бұл дерттің дауасын таба алмаған. Қайта уақыт өткен сайын жағдай ушыға түсті. Бұлардың масқара тірлігін әлдеқайдан естіген қызы мен күйеу баласы ажырасып тынды. Арада шырылдап екі бала қалды.

Құтырынған құда мен қылмандаған құдағи кесір-кесапаттынап үш шаңырақ ортасына түсті. Әншейінде салиқалы көрінетін Балқия да мына масқарадан соң морт сынды. Бірақ «Төркініме кетемін» деп Гүлдарига секілді әлек салған жоқ. Ол Әріпханды үндемей жеңді. Балалар мен келіннің беттеріне қараудан қалған Әріпхан бар дүниемүлікті Балқияға қалдырып,өзі басқа ауданға қызмет ауыстырды.

Қуанышбек ұйқысынан селк етіп оянды. Біреу кірпіктеріне тіреу қойғандай ұйқы шіркін айнала қашып, ұстатпай-ақ қойғаны. Әлгінде бүйірінен біреу оқыс түртіп қалғандай боп еді. Ол айналасына, ашылып қалған төсегіне шошына қарады. Бөтен-бөгде зат көзіне түспеді. Содан кірпігі айқаспай-ақ қойды. Мұндайда адамның басына не келіп, не кетпейді. Ол алаңсыз, армансыз жастық шағын сағына есіне алды. Қимас достан бітіспес жау тауып алғанына налыды. Өмір-өзен қалай-қалай иректеле ағады десеңізші. Ал иіріміне бір батсаңыз, одан оңайлықпен шығуыңыз қиын. «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» деген қайда?» деп жүрегі бұлқынады. Бұлар ұялас бөлтіріктер емес пе еді? Енді соның бірі ақшуан шығып, өз үйіріне шапқаны қалай? Әй, тегі, табиғат та тағыланып бара жатыр-ау, шамасы. Соның ішінде адам табиғаты мүлдем түзелмес тозақы қалыпқа айналып шыға келгені несі? Жазылмас дерттің дауасы бар ма? Мына жағдай «Құдай салды, мен көндім» дейтін жеңіл-желпі, өткінші өкініш емес. Бұл ішке қатқан бітеу жара,сүйек сырғыратар суық сыздауық. Қайғының өзін қайрақ етіп жонып, тез ұмыттырар жайдарылық мұндайға

жүрмейді. Сарқынды сұмдар соныңнан көлеңкедей ілесіп, сұңқұлдауын қоймас. Сондықтан бұған темірдей төзім керек.

Ол өзінің иісалмас аңқаулығына осы жолы қатты өкінді. Соншама жыл жанында жүріп жарының жүрек жықпылына үңіле алмағанына бармағын шайнады. Әншейінде қулық-сұмдықтың қандайына да ірге бермейтін ол мына сорақылыққа қалай жол ашып қойғанына қайран. Усойқы ойдың, теріс тілектің құрбанына айналғаны жанына аяздай батты. Мұншалықты көрсоқыр болар ма? Сірә, оны қасірет қақпанына түсірген алғаусыз көңілі, сенгіштігі шығар. Енді соның күйігін тартып жатыр.

Жабырқаулы жігіттің есіне әжесі айтқан бір әңгіме түскен. Әжесі «Жабыққанда сырынды Жетіқарақшы жұлдызға айт. Ол саған жауап қатады» деуші еді. Жан-жағынан, жақын-жуығынан жылылық таппаған жігіт жан сырын Жетіқарақшы жұлдызға айтпақшы еді, ол бозамықтанып, қарақошқыл қараңғылыққа сіңіп барады екен. Жұлдыз екеш, жұлдыз да мұның мұңын түсінгісі келмеді. Енді кімге барып зар-запыран өкінішін айтады?

Сафура сандырақтап сөйлей бастады. Әуелі оны түс көріп жатыр деп ойлаған. «Мама, үйге қашан қайтасыз? Сағындым ғой өзіңізді» деп күбірлейді құртақандай қызы. Осы сөзді ол әлденеше қайталады. «Мұншама көп сөйлемеуші еді ғой» деп әке көңіліне күдік кірді. Қуанышбек орнынан ұшып тұрып Сафураның маңдайына алақанын тигізді. Қуыршақтай қыздың денесі от болып лаулап жатыр екен. Сафура сандырақтауын үдетті.

Сандырақтатып, сансыратып қойған өмір-ай!

«Жарық жалғандағы жалғыз жарылқаушысы, жарығы анасы еді ғой. Бірақ, ол сол ардақты атқа лайық бола алды ма?» деп ойлаған Қуанышбек жедел жәрдем шақыру үшін үйдегі телефонға қарай құстай ұшты. Аяғы әлденеге

шалынып, мұрттай ұшып, шалқасынан түсті. Жұлдыз атаулы тұңғыққа тығыла түсіп, бірінен соң бірі өлеусіреп өше бастапты. Кенет көктегі жұлдыздардың бірі ағып түсті. Қуанышбектің өн бойы түршігіп сала берді.

-Балаларымнан аулақ! Балаларымнан аулақ!



ШАМНЫҢ СЫНЫҚ СӘУЛЕСІ

Аңқасы кепкен, көне арбадай арса-арсасы шыққан, тұрмысы жүдеу, өң бойынан енжарлық пен еріншектіктің иісі бұрқырап тұрған сұрықсыз ауылдың шеткерегіндегі мыжырайған мосқал үйдің алдында күрсінгенде ауызынан жалын атып, өзегіне өрт, көкірегіне дерт тұнған, белі бүкірейген бәкене бойлы бейбақ отыр. Кәрі жүрегі қасіретке толған кейуананың таңның атысынан батысына дейін Алласынан жалбарынып сұрайтын бір ғана тілегі бар. «Е, Алла! Өзімді алсаң да, пейілімді ала көрме» деген кеңқолтық қазақтың бір қызы еді ол. Ес жиғалы баршылықтың базарында не ішемін, не киемін деместен тоқшылықтың тайқазанында толықсып өсті. Бір еркектің етегінен ұстаған соң да жоқшылық жанына жоламапты. Шалы байғұс табыскер еді ғой, жоқтан бар жасаудың майталманы болатын. Құдайға тәубе, жұрт қатарлы өмір сүрді, ішкені алдында, ішпегені артында шаттықты-шадыманды, шулы-думанды, барақатты-базарлы ғұмыр шіркін диірменнің тасындай шыр айналып өте шықты. Диірменге түскен бидайдай тағдыр да ұнтақталады деп кім ойлаған?

Енді міне, Алладан ақ ажал тілеп отырысы мынау. Кімнің шыбын жанын қиғысы келеді, асыл денесін қара топыраққа жапқысы бар? Алайда, Ақбілек әже тағдырына баяғыда мойынсынған. Оны мойынсындырған, можытқан, мыжырайтқан, мүжіген қандай күш, қандай жағдай?

-Ақ әже, шалыңыздың соңынан кетуге несіне асыға бересіз? Базарлы өміріңіз әлі де алда ғой. Шырағыңыз түгел сөнгендей, түңіле беретіңіз несі осы?- дейді ерке келіндерінің бірі Шолпан.

«Шырағыңыз» дейді-ау. Ақбілек әжені шерлі шұңқырға, қайғылы қапасқа мезгілінен бұрын сүнгіткен сол «шырақтары» емес пе?

Енді есіне түсіп отыр, ол кезде Мұхит марқұм тірі болатын. Қым-қуыт қызметінен қолы бір сәт босап, үйде тынығып жатқан. Барлық балалары үйде еді. Қара қазан тоқшылықтан тынымсыз хабар таратып бүлк-бүлк қайнайды. Ақбілек үйді жинастырып жүріп-ақ бәріне үлгереді. Шаштары жалп-жалп еткен екі қызы өздерінше қолғабыс жасап жүр. Балалардың бірі есік алдындағы сәкі айналасына су себелейді. Енді бірі қолына күрек алып, ағаштардың түптерін қопсытуға кірісіп кеткен. Береке-құт, бақыт-құстың басы айналып, осы шаңырақты төңіректеп ұшып жүргендей аулада ерекше бір шаттық бар.

Ет желініп, дастарханға бата берер кез де келіп жеткен. Мұхит қолын жайып, балапандарына бажайлап қарады. Сосын:

-Шырақтарым, алдарында әлі талай асу бермес қия-құз бар, солардан сүрінбей өткізетін жалғыз күш бар, олынтымақ. Ынтымақ жүрген жерде ырыс та, береке де, бақта бар. Бір-бірінді жаттай сыйландар. Міне, менің сендерге берер батам осы,-деп бетін сыйпады.

Асылында, Мұхит құдайсыздар қатарында болатын. Лениндік ұлт саясатына, кемелденген коммунизмге көз жұма сеніп, тәспі аударған, жасырынып Құран оқығандарға қырын қарайтын. Жетпіс жылдық идеологияның жемісін жүрегінен жұлып тастау оған оңай болмады. Дәмнен соң әруақтарға арнап Құран бағыштамаса да балаларына арнап өсиет айтуды әдепті рәсім санайтын. Тегі, Жаратқан Иеміз күнәһар пендесінің білмей істеген күнәларын кешіреді деседі ғой. Мұхиттың да бір білместігін кешіріп, жоғарыдағы өсиет сөзді ауызына арнап салған шығар-ау.

«Шырақтарым» демеп пе еді сонда. Ал, шырақтың майы

таусылса өлімсіреп қана бозамық, бұлдыр , сығырайған сұмпайы сәуле шашатынын, тіпті жалп етіп тақыр-таза сөнетінін сол кезде кім ойлап жатты дейсіз. Иә, шам жарқырап жануы үшін құты түбінде май мол болуы керек. Ал, балалардың барқадарлы бақыты, ынтымағы мен татулығы, өзара сыйластығы үшін ата-ана жүрегінен бөлінген мол шапағат-шуақ, мелдектеп төгілген мейірім, түзу тәрбие керек. Құдайым-ау, сотқалдай төрт ұл мен қызғалдақтай құлпырған екі қыз жөн-жоба, тәлімді тәрбие көрмей өсті деп кім айта алады? Асқар тайдай әкесінің аялы алақаны, оның байсал тартқан жүріс-тұрысы, әркім-ақ алдында қоғадай жапырыл-лар шоң-шоқпарлы қызметі тәрбиенің түп төркіні емес пе еді? Тоғышар, топас баланың төбесінен «ананы ұйт, мынаны бұйт» деп күнделікті тоқтақтап отыру тиянақты нәтиже бермейтінін Мұхит жақсы білді. Бала бәрін де өзі біліп, жүрегіне жақсылық атаулыны айналасындағы адамдардың кам-қарекетінен, ізгілікті істерінен үйреніп, бойына тек жақсылық жинамас па? Осы алтаудың тағлым-тәрбиесі түзу болсын деп әкесі жақсыларды көп жағалады. Сал-серілерді, шешендер мен көсемдерді, атақтарынан ат үркетін небір ақын, жазушыларды үйіне қонаққа жиі шақыратын. «Ұлыларға қарап бой түзесін, үйренсін, ғибарат алсын» дегендік емес пе еді мұнысы. Кітаптарды, газет-журналдарды үйіне дорбалап тасыды. Қадірлі қонақтардың қастарына балаларын отырғызып, олардың ұлағатты әңгімелерін көп тындатты. Бұл «солардан үлгі алсын» деген тілеуқор пейілі еді. Сөйтіп үлкен үміт еткен шырақтарының жарығы түбіне түспей жүрек жаншытып, жанын қинауы арқасына аяздай бағады-ақ. Ақбілек шалының соншалықты тәлім-тәрбиесі ит тепкі болғанына налиды. Былыққан өмірдің бітіспес, құюласпас қатпарларына қапалы.

Сәтін салса, Ақбілек әже биыл сексеннің сегіріне шығады. Абысын-ажын ішінде осы мүшел жасын

дүркіретіп бір тойлармын деп іштей есеп құратын. Алайда, сөреге жайған құртты немесе аулада жайылып жүрген балапанды іліп кететін кезқұйрық құзғындай оның барша базарлы шағын тас төбесінен түскен тағдыр-талайы күл талқан етеді деп кім ойлапты. Өмірінің үстінде күлімсіреп тұрған күншуақ, ажарлы ашық аспан бар-ды. Сол ашық аспанның үстіне қап-қара сұрғұлт бұлт ойнап шыға келіп, төбесінде найзағайдай күркіреді. Бұл ойы түгілі түсіне де кірмеген тосын тепкі еді. Мұзарттай болып отырған Мұхит аяқ астынан мұрттай ұшты да, көзді ашып-жұмғанша ата-бабалары кеткен ауылға аттанып жүре берді.

Көктен құлаған жайдың оғындай жайсыздықтан соң жандүниесі құлазып қалғанымен, ол бала-шағасының алдында боркеміктенбеуге тырысып бақты. Иә, шешелері шақырусыз келген «шешектен» шөгіп қалса балаларының күйі қандай болмақ? Әрі-беріден ойланып отырса, күйеуі екі жүз жыл жасайтын құзғын емес, қам сүт ішкен пенделердің бірі. Ерте ме, кеш пе Алла алдындағы аманатын тапсыратынына күмән болмаса керек-ті. Бірақ, Ақбілектің жанын жегіндей жеген жәйт мүлдем басқа бүйірден бүйідей келіп бүрмеді ме.

Бәрі де шалы мәңгілік мекеніне аттанған соң басталды. Кеспірлі келіндерге қояр күнәсі көп-ті. Алайда, бұл жолғы кесір-кесепат іштен шыққан шұбар жыландарынан басталар деп ойлапты ма. Аш бөрідей жалаңдаған төрт ұл әке мұраға қалдырған дүние-мүлікті жан-жақтан тістелеп, жұлқылап ту-талақай етті. Ақбілектің жанына тағы бір батқаны бөлтіріктерінің әке топырағы кеппей жатып осындай тоғышарлыққа баруы еді. «Ананы мен аламын, мынаны мен аламын» деген дүние бөліс соңы дау-дамайға ұласты. Бір ұядан түлеп ұшқан балапан-қаздар дүние-боқ үшін бір-бірлерімен ата жауындай өшікті. Бірін-бірі атарманға оқ таппады. Табыла қалса, мына көзқамандар

бірін-бірі қасіретке қиып жіберуден тайынбайтын тәрізді. Ана шіркін балаларының осы ашқарақ пейілдеріне ішін тартып қалды. «Мал аласы-сыртында, адам аласы-ішінде» дегенді қазақ қайдан тауып айтқан десеңші. Құдай-ау, сонда «шырақтарым» деп келгені ала шұбар жылан болып шыққаны ма. Мұншалықты дүниеқоңыздық қайдан шықты? Тоғышарлық, қатігездік, аярлық жайлаған заманда қанша жерден жүректерде ізгілік бағы жайқалып өсіп тұр дегеніңмен, тақталастық-бақталастық түбінде адамдарды жұртқыштарға айналдырады ма екен? Ұлды ұл делік, ал ана өрісі бөлек, жат жұрттық жалмауыздарына не жорық? «Әкеміздің жиған-тергенінен біз де үлес аламыз» деп дүйім жұрттың көзінше Ақбілекті жерге қаратты. Кеткен қыз шиден тысқары демеуші ме еді? Әлде әкелерімен бірге осы үйге дүние жинасып па? Соншалықты әкелеріне не өткізіп қойыпты? Әкелерінің бар кінәсі тұмсықтыға шоқытпай, қанаттыға қақтырмай мәпелеп өсіргені ме? Ұзатылатын жерлеріне де үлде мен бүлдеге орап, шығарып салған жоқ па?

Ақбілектің ойына Созақ сахарасындағы Келіншектау хикаясы түсті.

Ертеде қарт Қаратаудың етегінде атағы алысқа кеткен, қолына қаншама қазына біткенімен ағайынмен араздығы болмаған бір бай өтіпті. Оның жар дегенде жалғыз айдай сұлу қызы бар екен. Бұла өскен бойжеткенге айттыра келушілер көбейіпті. Әйткенмен, әкесі қыз қалауын өзіне қалдырыпты. Күндердің күнінде қыз жүрегіне шоқ түседі. Әке-шешесі қызды отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, қырық түйеге жасауын артып, ұзатады. Жасау іші кілең алтындатылған бұйымдар екен. Кез-кез жібек маталар, шәйі орамалдар түйелерге тең-теңімен тиеліпті. Қыз сыңсуын айтып ұзап бара жатады. Әке мен шеше шерлі күйде

соңдарынан ұзақ қарап қалса керек. Бір уақыттар болғанда көш Балдысу белесінен аса бере кілт тоқтайды. Қыз теңдерді ашқызып, бұйымдарды ақтарып қараса, сандық-сандық жүктердің арасындағы барлық бұйым таза алтыннан жасалыпты да, тек қана итаяқ ағаштан ойылыпты. Осыған қапа болған қыз артта қалған әке-шешесіне шапқыншы жібереді. Шапқыншымен бірге ұзатылып кетіп бара жатқан қыздың таудай өкпесі қоса жетеді. «Итаяғымды да таза алтыннан жасатып қоссың. Содан соң ғана көш қозғалады» деп сәлем айтып жіберген еді тәкаппар тоты. Әке шолжаң қызынан мұндай қаталдықты, дүниеқоңыздықты, тәкаппарлықты күткен жоқ еді. «Ата-ана мейіріміне деген мысқылдай рахметі жоқ, қарыз бен парызды түсінбейтін о, тасжүрек неме-ай... Көшің тоқтаған жерге тас болып қатып қал, білдің бе, тас болып қатып қал» деп әкесі күңіренеді. «Әке қарғысы-оқ». Сол заматта-ақ Айсұлу мен оның көші түгелімен тас болып қатып қалады.

Ақбілек қыздарын қарғай алмады. Қарғаса да онысы дарымайтынын сезеді. Өйткені, ол балалары қанша жерден қатыгез болса да тасқа айналуын қаламақ емес. Ақбілектің өз қолын өзі кесе алмай пұшайман күй кешкен кезі еді бұл.

Дүркіреп тұрған Кеңес үкіметі күйреп, балапан басымен, тұрымтай тұсымен кеткен аласапыран замандарда Мұхит жер таянып отырып қалған жоқ, көпкен бірге көшке ілесті. Бастапқыда азық-түлік дүкенін ашып еді, саудасы жүріп кеп бергені. Артынша тойхана бой көтерді. Сол сол-ақ екен, дүние дөңгеленіп бірінің үстіне бірі жамала берді. Жұрт жапатармағай екі қабатты үй сала бастағанда ол жертөлесінің өзі тұрақжай болатын үш қабатты сарай салуға кірісіп кетті. Шертіп жүріп шетелдік көліктер алып, шайқалтып мінді. Мұны көргендер: “Е, бұрыннан қомақты қоры бар Мұхит байымағанда кім байиды?” десіп сыртынан неше түрлі сыбыс таратты. Мұхиттың бұрынғыдай бір

кеңшардың білдей директоры болмай-ақ дәулетті дәурен сүруге болатынына көзі жетті. Екі қызын үкілеп құтты жерлеріне қондырды. Төрт ұлдың кенжесін өзімен бірге қалдырды да, үшеуіне даңғырлатып үй салып берді. Аудан басшыларымен баяғыдан алыс-берісі бар ол балаларын қалаған қызметтеріне жайғастырды.

Түтіні бөлек үш ұл мен босағасы бөтен екі қыздың қара шаңырақтан дәметер ештеңесі жоқ еді. Бірақ, ібіліс ілестіріп, шайтан шақырса пенде шіркін лезде тура жолдан жаңылысады екен. Мұхиттан қалған мал-мұраны мігірсіз бөлісуге келгенде бір құрсақтан шыққандардың мүдде-мақсаттары бір арнадан табылмай-ақ қойған. Осы даудың соңы долы дауылға айналып, ағайындар арбасып, бірін-бірі сотқа сүйрелеген. Дүние қоңыздықтың, дүлей дерттің асқынғаны соншалық, балалары көз алдында жыртқышқа айналып бара жатты. Ажарынан әр тайып, әжімдері терендеген, білектері құсеттеніп, жүріп-тұруы мұңға айналған сексендегі селкілдеп отырған әже бауырынан шыққан бөлтіріктерді бұғалықтауға әл-дәрмені жетпейтінін де әлдебір түйсікпен сезінген. Ол «есің бар еді ғой» деп ересегін ес көріп, ақыл қосты. Ол ақылға келудің орынына тұлан тұтып, тулады. Амалы тайсылған Ақбілек ауызы дуалы деген қарттар мен күйеуінің үзеңгілестерін, ағайын-туысқандарын үйіне шақырды. Туыстар дегенде олар да тарыдай шашырып, түгесілуге тақапты. Көз көргендер де көп болмай шықты. Ақбілек әженің ұры көңілі жиналған жақсылар мына жүгенсіздерге жөн-жоба көрсетеді дегеннен дәмелі еді.

Ағайын-туыс, көз көргендер қыстық соғымға шақырғандай жиналды. Осы үйдің малын бағып келгендей барлығы құнжыңдап асқа жаудай тиді. Ешқайсысының бұл үйдің ауыртпалығына жандары ашып отырғаны байқалмайды. Табақтағы етті ошырылып жалап-жұқтап жеп болып

«тағы нең бар еді?» дегендей айналасына сұғанақ көзбен қарайтындары қаншама. Осылардың көпшілігі бастарына бұлт үйірілгенде Мұхиттан пана тауып еді. Қазіргілері мынау, сүлейсоқ күйге түсіп, «біз қарызымыздан құтылды, ендігісін өздерін шешіндер» деген екіұшты пікірде отыр. Бұларға салса, бәле-жаладан бойларын аулақ салғылары келеді. Ата сақалы ауыздарына түсті дейтұғын үлкендердің өзі жақ ашпаған соң басқаларына не жорық. Балаларға тізе батырып, қатты айтатын ешқайсысы шықпаған соң Ақбілектің үркек көңілі жасып қалды. Көңілқостық білдіріп басу айтар ағайынның сиқы осы болғаннан соң Ақбілек те ашылмады.

-Балалар, бір құрсақтан шыққан бауырсындар. Бір-бірлеріңді сыйлаңдар. Араздасып қайтесіндер,- деп Атанбек ақыл айтқансып еді, оны тындар құлақ болмады.

Осы сөзді Ақбілек айтпай жүр ғой деймісіз. О,несі-ей, бірінің ауызына бірі түкіріп қойғандай, шиырлап бір ізден шықпай қойғандары. «Әкелерің Мұхитті көріп едік. Жігіттің төресі еді. Әруақты мазаламаңдар. Көрінде тыныш жатсын. Дүниеге таластандар» деп кесіп-кесіп айтатын ағайын шетін сырдың себеп-салдарын тарқатудан тайсақтайды. Әлде әрқайсысы бір-бір дүлейге айналған дүниеқоңыз дүмбілездерден аяқ тартады ма?

Табақ-табақ ет жеп, тістерін шұқып, қолдарын жуып болғандар бейбіт тарасты. Ақбілектің сынық көңілі одан бетер ортайып қалды. «Осыларды неге ғана шақырдым екен?».

...Тағдырдың ызалы мазағындай созбаланды сұмдық арада екі ай өткенде басталған. Ортаншы ұлы әкесінен қалған тау етегіндегі саяжайға бара қалады. Қасында екі-үш дос-сырласы бар. Саяжайда ағасы бір топ жолдастарымен демалып жатыр екен. Тегі, түні бойы тектек судан тартынбаған болар, беттері домбығыңқы. Жүзі суық.

Сөздері түйеден түскендей.

-Неге келдің?-деді Жақсылық.

-Демалуға.

-Менің осында екенімді біліп тұрып неге келесің?-деді Жақсылық түсін суыта түсіп.

-Сіздердің мұнда екендеріңізді білмедім,-деді Ізгілік.

-Ендеше, жолың ашық.

-Кетпеймін,-деп қасарысты Ізгілік.

-Кетпеймінің қалай?

-Солай. Өйткені, бұл менің әкемнің дачасы.

-Мен саған әкемнің дачасын көрсетейін.

Жақсылық үйге кіріп кетті де іле қосауызды мылтық алып шықты.

-Кет!

-Немене, мені атпақпысың? Қане, неге тұрсың, ат!

Осы сәт гүрс ете қалған мылтықтың ащы дауысы тау жаңғырытты. Демалушылар Ізгіліктің жалп етіп құлап түскенін көріп, ұлардай шулады. Дәндүріс Жақсылық не істеп қойғанын енді ғана сезініп, бауырын құшақтап өкіріп жылады. Аласапыран басталды да кетті. Жақсылық інісін қаладағы ауруханаға жеткізгенге дейін байыз таппады.

Ізгілік жансақтау бөлімінде ұзақ жатты. Кейін палатаға шығарғанда полиция қызметкерлеріне « Мылтық қолымда еді. Жазатайым атылып кетті» деп түсінік жазып берді.

Бауыры суық қара тасына дейін көктеп жатқан көктемде Ізгілік ауруханадан айығып шығып отбасына оралды. Шытынап жүрген көңіл шынысы бүтінделе бастағандай еді. Алайда, тасбауыр ағасы мұз қалпы қатып қалды, еріген жоқ.

Ұялас күшіктердің бір-бірінен алшақтап бара жатқаны Ақбілек әженің ойын оңға, санасын санға бөліп, түн баласы кірпігіне тіреу қоюмен болды. Ол ұйқыны ұмытты. Тәрбие деген Тәңірінің құлы емес пе еді, қай жерден шатасты? Жарық жалғандағы жалғыз жарылқаушылары-балалары

жанкештілікке жығылған соң, жаттан жақсылық күткен жоқ.

Таңалакеуімнен жолға шыққан кейуана алған бетінен қайтпастай тастүйін бекініп алды. Оның бұл жолғы сапары тым шалғай, шалыс ағайындар арасы еді. Шайтан көбелектей шайқатылып, шаршаңқы күйде келе жатқан кемпір былай шыға ширығып алды. Аяғы да жеңілденіп қалғандай. Ауызына ала шыққан құрттың бірін салып еді, кәдімгідей күш алды. Оны алға сүйреп келе жатқан көңіл түкпірінде қалған көмескі сәуле болатын.

Басынан талай ел көшкен қияндағы қарт Қаратаудың етегінде бір шоғыр жұрт отырушы еді. Осы кеңшарды Мұхит он бес жыл табан аудармастан басқарды. Жас келін осы ауылдың бір қызындай болып кеткен. Сырласа жүріп, араласа жүріп талай абысын-ажын, дос-құрбы тапқан. Оның үстіне осы ауылда жақын сіңлісі бар. Мұхит басқа шаруашылыққа басшы болып ауысқанда осы ауылдың барша қыз-келіншектері жылап қалған. Талмаураған көңілге бұл да болса демеу. Өмірдің өксігін бір кісідей тартқан түймедей кемпірге бір түкпір табылмайды деймісіз.

Шалғайдағы ауылды көріп көңілі нілдей бұзылған. Кешегі Мұхиттың кезінде көшеде көлденең кесек жатпайтын ауыл жұт жылдарын басынан кешкендей алқам-салқам. Кеңшар тараған соң тұрғындардың қатты тарыққаны айтқызбай-ақ аңғарылады. Дегенмен, оны байырғы көзтаныстары құшак жая қарсы алды. Сонда Ақбілек көңіл шерін тарқатып, ұзақ жылады. Мұны жергілікті тұрғындар жастық шағы өткен ауылға деген сағынышына балады.

Ақбілек ауылдың марғау тіршілігіне үйреніспей-ақ қойды. Әйтсе де барар жер, басар тауы жоқ ол осы азапка шыдап бақты. Ешкімнің үйіне де кіріптар болып кіріп алған жоқ. Аңқасы шыққан ауылда онсыз да қараусыз қалған үйлер көп еді. Солардың бірін ауыл балаларына жөндеттіріп, келіндерге тазалатып, әктетіп, кіріп алды. Сіңлісі есігінің

алдына бір сиыр әкеліп байлаған. Мұхиттың көзін көргендер қолда барымен көмектескен. Осылайша оңаша отауда кәрі жүрек сүйретіліп жүріп жатты.

Бірде кешкі бейуақытта оның үйіне сіңлісі Ақілгек келді. Есік алдында кипақтап жүріп алғанынан оның өзіне әлдене айтқалы келгенін ол бірден сезген. Ақбілек шай қойған. Екеуілеп ақ самаурынды ортаға алды. Әлден соң Ақбілек сөз бастады.

-Неге келіп отырғаныңды ішім сезеді. Мені бұл ауылға таба қылғанша үйіңе қайтсаңшы дегелі отырсың. Балаларға хабар жіберіп, менің осында екенімді білдіргенінді де білмейді ғой деймісін. Бірақ, сен менің ішіме қатқан қанды білмейсің, - деп барып бір тоқтады.

Ақілгек қара сөзді сапырып сарымай алатын шайпау әйелдердің қатарынан емес-ті. Көсіле де, шешіле де алмады. Бар болғаны «ашуыңды бас, мен машина дайындап қойдым, үйіңе қайт» дегенді үзіп-үзіп зорға айтты.

Ақбілек сіңлісінің сөзіне құлақ асқан жоқ. Үй ішінде өзімен-өзі болып отырды да қойды. Сіңлісі амалы таусылып үйіне қайтқан соң:

-Құдайым-ай, алдында жазықты болардай ненді бүлдіріп қойып едім. Ұялас ұлдардың тағылықтарын көрсеткеніңше неге жер жастандырмайсың?- деп шерлене жылады.

Ауыл тыныштық құшағында талықсып жатты. Толыса туған Ай дөңгелектеніп, балапандарын қанатының астына алып айдын шалқарында жүзіп барады. Ауладағы сәкі үстінде жатқан бейбақ жан өз-өзіне күбірлеп сөйлеп, бұл түнді де ұйқысыз өткерді. «Алжыған ажал осы мені неге көрмейді? Мұхитымның қасына қашан жетемін?» деп егілгенде аспандағы топ жұлдыздардың бірі ағып түсті.

Осы ойдың жетегіндегі оны таң алдындағы талмаусыратқан ұйқы ілестіріп әкетті. Алыстан, ту-у-у тым шалғайдан өлеусіреген бір шамның жарығы көрінді.

Үп етіп жел соқса жалп етіп сөнердей қалт-құлт етеді. Ақбілекке шамның сәулесі шашырап, шорт кесіліп, сынық түсіп тұрғандай елестеді. «Япырай, сөніп қалмаса екен» деп тілейді ішінен. Бұл шам айдалада неге жалғыз қалған? Неге өлеусіреп өшкелі тұр? Өзің ықтасын жерге қойып, құтысына жанар май құяр ма еді.

Шабалана үрген иттің дауысынан шошынып оянды.

-Апа! Апа!

Ойбай-ау, мынау Жақсылық қой. Бұл азаңымен қайдан жүр?

Ақбілек орынынан сүйретіле тұрды.

-Апа-ау, зорға таптым-ау сізді. Қайдағы бір қияндағы ауылда қайдан жүрсіз?

Жақсылық алдынан жапалақтай жарбиып қалт-құлт етіп шыққан кәрі шешесін құшақтай алды. Қанына қарайып алған Ақбілек «балаларымды көрсем жыламаспын» деп ойлаушы еді. Қайдағы? Өзің-өзі ұстай алсашы. Ақбілек әже өзің тежей алмады бұл жолы.

-Жиналыңыз, жолға шығамыз,- деді шешесінің өксігі басылған соң Жақсылық.

-Әдіремқалғыр, шеше керек боп қалыпты ғой. Бармаймын босағаларыңа. Осында өлемін. Сүйегіме келмей-ақ қойындар,- деп Ақбілек қайта қатайып алды.

-Апа, ананы қараңызшы, немереңіз жүгіріп келеді,- деген Жақсылықтың көрсеткен жағына қараса Мұраты құлдырандап құйындай ұшып құшағына құлағалы тақап та қалыпты.

-Жарығым-ау сол!-деген әженің омырауы иіп сала берді.

«Жанағы шам енді болмағанда өшіп қала жаздап еді. Құдайға шүкір, Мұхит жағып кеткен шам өшпейді екен. Кеудемде жаным барда ол жаққан шамды өшірмеспін, өшіртпеймін» деп ойлады әже манағы түсін есіне алып.

Олар ауыл тұрғындары оянып, малын өріске айдап барып,

осында келерін тосқан жоқ. Таң қараңғысында машинаны гүр еткізіп оталдырып жүріп кетті. Ай-Тауық шөжелерін ерітіп, әлдеқайда кетіп қалыпты. Айнала көрдей қараңғы. Машинаның өткір жарығы түн пердесін таспадай тіліп жол аршып келеді.

Неге екенін кім білген, Ақбілек әженің есінен өлеусіреген шамның сынық сәулесі кетпей-ақ қойған...



ЖАҢА ҮЙДЕГІ БӨТЕН ӘЙЕЛ

Әйел — ердің тәңірісі, жарата да алады,
сүйдіре де алады, күйдіре де алады.

Мағжан ЖҰМАБАЕВ.

Барлық асылдарын, көңіл түкпіріндегі қимас сезімдерін, балалық бал дәуренін, қыз ғұмырын қалдырған қымбат қара шаңырағы қаңырап бос қалғандай сезіледі. Жүрегіндегі сарытап сағынышын арқалап асыға жеткенде сарайдай кең бөлмелер суық көрінетіні несі?

Жазғы демалысында екі қызын ертіп Райхан төркініне келген. Үйде шешесі Мағрипа ғана бар екен. Сағыныштарын басқаннан соң Райхан:

- Апа, әкем қайда? Інілерім де көрінбейді ғой, — деген.
- Қызым, жер телімін алып, жаңа үй салып жатырмыз. Әкең мен інілерін сол жақта, — деді анасы.
- Сіздерге мына үйдің несі ұнамай қалды? Онсыз да жаңа емес пе еді? — деген Райхан.

- Жаңасы жаңа ғой, қызым. Әкеңнің қазір бойында күші, жинаған аздаған қаржысы бар. Үйдің артықтығы болмайды. Інілерін есейіп келеді. Ертең үйленгенде әрқайсына там-тас керек. Содан соң әкең жаңа үйді жана үлгімен салып жатыр. Өзің де көресің ғой, — деді Мағрипа.

Ертесіне олар жаңа үйдің құрылысы басына барды. Жер көлемі кеңдеу екен. Үйдің іргетасы биік құйылыпты. Қазіргі отырған жайларындағыдай емес, көтеріліп келе жатқан үйдің қабырғалары бірнеше қырлы. Болашақ бөлмелерді аралап көрді. Кей бөлмелер тік төртбұрыш емес, бірнеше

қырлы болып өріліп келеді. Қонақ күтетін, жатын бөлме, асхана, жуынатын бөлме бөлек-бөлек.

Райханға жаңа үйдің жобасы қатты ұнады. Содан ол жазғы каникул біткенше әке-шешесіндікінде болды. Анасының қуанышында шек жоқ. Аулаға түрлі гүлдер егіп тастады. Ара-арасында балаларына көмектесіп, кірпіш жеткізіп береді. Өзі тіпті шебер болып алыпты. Қабырғаларды сылағанда біртегіс шығатыны сонша, кей құрылысшыны жолда қалдыратындай.

Үлкен үй үш жылға созылған. Әр келгенде шешесінің шапшы-сыпырғы, қолы-көсеу болып үй шаруасынан бір босамайтынын көреді. Көреді де жаны ашиды.

- Апа-ау, сізсіз де жұмыс қолы жеткілікті ғой. Несіне өзіңізге өзіңіз бейнет тілеп аласыз? Одан да денсаулығыңызды күтсеңізші, — дейді Райхан.

Оны тыңдайтын Мағрипа ма, артынша-ақ жұмысқа кірісіп кетеді. Құрылысшыларға тамақ әзірлейді, ыдыс-аяқ жуудан қолы босамайды. Сөйте жүріп бір мезгіл қабырғаларға тұсқағаз желімдеу, едендерді сырлау сияқты жұмыстарға жегіліп кететіні бар. Не деген тынышсыз, тынымсыз жан? Онсыз да соңғы жылдары бірнеше құрылысшы жалданып, жұмыс істеп жатыр. Беті торлама қауындікіндей шұбарланып, иығы еңкіштеніп түскен, қолдары күстенген анасына жаны ашып, бір-екі мәрте ұрсып та көрді.

--Қызым-ау, қолғабыс берсем, ертеңгі өз игілігіміз. Тезірек бітсін деймін де. Міне, көрмейсің бе, өз қолымнан шыққан соң, үйдің барлық құрылысы ойдағыдай болып жатыр. Батырбай көкеннің үйін көрдің ғой, өзбектерге істетіп еді, көп кешікпей сылақтары түсіп қалды. Есік-терезелерді де жөндеп қоймаған. Осының барлығы қадағаламаудан, сенгендіктен болды. Бір жағынан өзің білек сыбанып жұмыс істеп жүрген соң құрылысшылар көзбояушылықтан қаймығады. Сондықтан менің жұмысқа араласқаным

несіне күйіп-пісесің? Әкең де кейде “анау керек, мынау керек” деп сыртқа жиі шығып кетеді. Осындай кезде мұнда бас-көз болатын өзім емес пе? — деген анасының сөзінен соң Райхан бұл тақырыпқа қайта оралған жоқ.

Уақыт шіркін көзді ашып-жұмғанша өте шығады. Күні кеше қатардан қалғысы келмей тірлік еткен әкесі Қарсыбай мен шешесі Мағрипа жаңа үйдің қоныс тойын дүркіретіп өткізді. Дегенмен, мұның өзі үймісің-үй болып шыққан. Тап қазіргі биік талғам үлгісіндегі, шетелдіктердің құрылыс материалдары негізінде салынған зәулім ғимаратқа талайлар тамсанып қайтты.

- Кейбір әкімдеріңіз де мұндай тұрғын үй салдыра алмайды. Қарсыбай пысық жігіт қой. Қалай-қалай құлпыртып салды десеңізші ғимаратын. Оның бұл іскерлігін үйренуіміз керек, — десті тойға келген көпшілік.

Райхан да әке-шешесінің осындай жұрт қызығарлық үйге кіргеніне қуанған. Әсіресе, жолдасымен, қайныларымен, қайынсіңлілерімен, ата- енесімен келгенде кеудесін белгісіз бір мақтаныш сезімі кернейді. Елжіремелі көңіл көп сырды ішке бүккендей. Өз шаңырағын тастап, жат босағасында әке-шешесінің, бауырларының тілеуін тілеп жүрген әрбір қыз баланың туған үйге деген түгесілмес сағынышы болар бәлкім. Арқа тұтар әке-шешесінің жұптары жарасып, қартаң тартқан шағында қарағайдай жай салып алғаны қыз көңілін жайландыратын шығар. Сыртқа шығаруға батылы барыңқырамайтын ішкі тербеліс оны бейкүнә байыптылыққа баурайтындай. Райхан туған шаңырағына келген сайын мерейленіп, маужырамалы беймаза күйдің құшағына енетін. Еліктей еркін қимылдап, ыңылдап ән салып жүріп дастарханды жайнатып жіберетін Райханның жүрегіндегі бүркемелі бақытты Мағрипа да іштей сезінуші еді.

Жаным, осы Райханым болмаса, бұл үйдің тамағы кермек татып тұрады, — деп әзілдейтін сосын.

Қайран қара шаңырақтың қызықшылығы қыз үшін алтыннан да бағалы, бәрінен де қымбат. “Тіфә-тіфә, тіл-көзден аман қылғай, Алла өзі жар болғай” деген тілек бойтұмардай ілесіп, үнемі санасында жүрді.

Үркек көңіл көзге түртсе көргісіз қараңғы түнекте аш қасқырдай айналасында аңталап қабырға қайыстырар қайғының төніп келе жатқанын сезген екен ғой.

Адам жаратылысы жұмбақ. Өлшемге сыймас ішкі түйсіктің түпсіз терен екеніне қалай таң қалмайсыз. Осы бұлдыр болжамның олақ адамның атқан оғындай лағып басқа жаққа кетпей, лақтырсаң айналып өзіне келетін бумерангтей сені қапысыз қайта табатыны несі екен?

Сол күні Райхан бастығырылып, шым-шытырық түстер көріп, шошымалы күйде оянды. Жүрек шіркін омырауды жарып жіберердей жұлқынып, атқақтап тұр. Үрейлі бір елес бөлмені кезіп жүргендей. Төсек астында тұншығып, өн бойы қалш-қалш еткен Райхан орнынан шапшаң көтеріліп тұрып кете алмай жатты. Таңдайы кеуіп, сусырап барады. Осылай қорқынышпен жалғыз алысып талмаусырап жатқан келіншек сүт пісірімдей уақыттан соң ғана көрпесінің бір шетін жеңіл көтеріп, айналасына барлай қарады. Бөлме бозамықтанып, тау шапағы білініп қалыпты. Өн бойын басқан зілмауыр салмақтан әзер қозғалып, халатын киді. Асханаға өтіп, газға шай қойды да, жуыну бөлмесіне кірді. Айнадан көзінің домбығып ісіп кеткенін, тозған шүберектей түрінің келіспей тұрғанын көрді.

- Ауырып қалдым ба екен?

Осылай ойлаған келіншек бетін суық сумен қайта-қайта шайды. Содан соң таңғы асын асығыс-үсігіс ішіп қызметіне

асығатын күйеуін оятты. Қызын балалар бақшасына тастайтын еді. Кешке ойын қызығынан ажырағысы келмейтін Әйгерім әке-шешесінің аймалауымен зорға оянады. Ал, мектепке баратын Тоғжаны ешкімнің түрткілеуінсіз-ақ тұрады. Бұл жолы да солай болды.

- Немесе, ауырып қалғансың ба? Көздерің қызарып кетіпті ғой, — деді күйеуі.

- Білмеймін, таңертең жайсыз тұрдым, — деген Райхан.

Міне, сол тажал түннің тартуы оны талықсытып тастады. Мына дүниедегі ең қымбаттысы — анасы Мағрипа бір тойда жақсы тілек айтып тұрып “басым айналып барады” деп құлап, сол күйі оянбастан о дүниеге аттанып кете барған. Өксікке тұншығып жығылған Райханды қандай да бір жұбату айтып тыныштандырып, ешкім де кайғысынан айықтыра алмас еді. Жаз көңілін мұз құрсаулаған ол шөгіп-ақ қалды.

Райхан сыңарсыз қалған әкесін сұмдық аяйтын. Анасы тірі кезінде көңілге шұғылалы сәуле қалдырған сол бір сағынышты шақтың елесі оның жанын аялап, әкесін жалғызсыратпауға тырысатын. Қарсыбай да мына әлемде жалғыз қалғандай ұл-қыздарына қинала қарап, жаутандай тіл қататын. Бір-бірін жұбата жүріп жетіліп келе жатқан шаңыраққа Мағрипаның жылы сөзі үнемі жетіспей тұрушы еді. Сол отауға басқа біреу келіп, әкесіне жар болды дегенді естігенде Райхан өзін қоярға жер таппады.

Не деген опасыз өмір бұл? Әлі шешесінің топырағы да кепкен жоқ қой. Соншама асығыс әйел алатындай әке басына не күн туды? Райхан әкесі мен шешесі арасындағы жұбайлық жарасымдылықтан иненің жасуындай мін таба

алмайтын. Сонда мұның барлығы жалған болғаны ма? Әкесін опасыздыққа қия алмағанымен, алтын босағаға жат біреуді жетелеп әкеліп енгізгені үшін кешіргісі келмеген. Ендеше, бауырларын сағынғанда қайда, кімге барады? Төбесінен тап басып түстеп бере алмайтын екі ұдай сезімнің ортасында қалғалы Райханның да берекесі кетті. Құдай-ау, кеше ғана өзің өскен туған үйіне еркін бара алмау қандай қиын. Әйтеуір, белгісіз бір шілтер әкесі мен бауырларының түгін түтетіп отырған мекеніне жібермей, аяғына тұсау салған. Қилы-қилы сезім құшағында жүргенде әкесінен хабар келген. Енді, міне жолға жиналып жатыр.

Төркін жұртқа жақындағанда тұла бойын қалыптан тыс өгейлік сезім биледі. “Құдай-ау, осы бір бөтен үйге несіне келе жатырмын” деген ой денесін тітірентті. Жан анасының жарқылдап қарсы алмайтынын, оның орнына бөтен әйелдің шығатынын ойлағанда кілт бұрылып, шарбақ сыртынан кері қайтқысы келген. Бірақ жанындағы күйеуі, бала-шағасынан қаймықты. Аяғын біреу шідерлеп тастағандай әке үйінің босағасын ойнамалы сезіммен үркектей аттаған.

Әкесімен бірге есік алдында қарсы алған әйел бұған соншама жат көрінді. Тіптен, анасын қасақана осы әйел өлтіргендей, өгей шешесін сұмдық жек көріп тұрды.

Бір таңырқағаны, өгей шешенің жүріс-тұрысы тыс еркін секілденді. Күйеуінің бұрынғы әйелінен туған қызды ә дегеннен іш тарта сөйлеп, қарсы алды. Ішкі әлемі жыландай жиырылып тұрған Райханның жүзінен жылу байқалмайды. Алғашқы қауышу, шай үстінде де Райхан шешіліп сөйлей қойған жоқ. Қас-қабағы бір жібімей қойған қызына әкесі де батылданып ештеңе айтпады. Әкесі де, өгей шешесі де жанарларын тіктесе, көздерін ала қашып, белгісіз нүктеге ұзақ қарағыштады. Бұрындары жайраң қағып тұратын жанарларға мұң аралас қайғы қонақтағандай. Көзге көрінбес бір кедергі көлденендеп жатып алып, емен-жарқын әңгіме-

дүкен құруға жібере қоймады. Жанарына жас жиектеліп, оны өзгелерге сездіргісі келмей, басқа бөлмеге шығып кетті. Көңіл құйыны көпке дейін басылмай тұрды. Оңаша шыққан соң кемеріне келген сағынышы лап етіп төгіліп, жастыққа басын тұмшалап жұбанбастан ұзақ жылады.

Райхан әдеміше келген, қашан да қамқорлық танытып, іші-бауырына кіріп кеткелі тұрған, әрбір сөзіне сақтықпен қарайтын биязы әйелді әйтеуір бөтенсіне берді.

“Ол неге маманның тұтынған заттарын ұстайды? Неге менің бөлмеме рұқсатсыз кіреді? Ғұмыр бойы әкемді ғана тосып жүрген жан секілді тамақ тартқанда да, шай құйғанда да, тіпті жұмысына кетіп бара жатқанда киімдерін иығына ілгенде де еркелегендей қиыла қарап, құрақ ұшып, қызмет көрсететіні неліктен? Кеше осы бір бөтен әйел інімнің бетінен сүйді. Менің де екі қызымның мандайларынан иіскеп, беттерінен өпті. Өз балалары емес қой, несіне өліп-өшеді? Өз үйіндегідей тым еркін жүреді екен, басынуын қара. «Шешелері жоқ үй» деп бізді мүсіркемей-ақ қойсын. Құдайға шүкір, бауырларыма жүрек жылуымды өзім-ақ бөліп бере аламын. Кемерінен шықпаған балаларды бауырыма тартамын дейтін шығар. Қайдағы?! Біз оған бала бола алмаймыз. Қайран анам-ай, сенің жүріп өткен, табаныңның ізі түскен жердің садағасы емес пе ол? Ол неге біздің үйде жүр?”

Осы сауалдар санасын сұққылағанда Райханның жүрегі атқақтап, кеудесіне сыймай аласұрды.

Көңіл толқыны арпалысып жатқан сондай күндердің бірінде оның бөлмесіне өгей шешесі кірді. Біраз бөгеліңкіреп барып, батылсыздау үн қатты.

— Қарағым, мені қабылдай алмай жүргеніңді білемін. Бірақ, ерте ме, кеш пе, осы үйдің ошағына біреу ие болуы

керек қой. Мен де бір жетісіп жүрген жан емес едім. Әкен ұнатып, қиылған соң... Үлкендер де араға түсті. Ерте сөнген шырағым қайта жана ма деп ойлағанмын... Туған шешендей бола алмайтынымды білемін. Келгеннен қабағың бір ашылмады. Сендер бөтенсіне берсендер, бәрібір бұл үйден маған орын жоқ. Ер-азамат қой деп, әкеңнің етегінен кеш те болса ұстап едім, рұқсатын берсін, мен бұл үйге артық жан болмайын, — деді дауысы дірілдеп.

Райханнан жауап болмаған соң, орнынан тұрып, бөлмеден шығып кетті. Өгей шеше кеткен соң Райхан ұзақ ойланды. Күрең күздің өзінде тамырына нәр барған шөлдегі шөптердей қайта еңсе тіктей бастаған әкесінің суық ұрған гүлдей қайта солатыны еске түскенде өзінің қатаңдығына қымсынды.

Келесі күні бұлар кері қайтпақ болды. Өгей шешесі қалаға қайтқалы тұрған Райханнан оқыс шешім күтетіндей шошына қарайды. Оның ішкі тыншуын кетірген қандай ой екенін Райхан жақсы сезінеді. Әке ошағын қайта жағып жүрген әйелге деген іштей бір аяушылық сезімі бой көтеріп, ол өгей шешесінің алдына келді.

— Тәте, әкеме жақсы қараңыз, — деді біреу қуып келе жатқандай алқынып.

“Апа” деп айтқан жоқ. Айта алмайтын да еді.

Сөйтті де жанарындағы мөлдір шықтарды көрсеткісі келмей көлікке қарай аяғын жылдамдата басты.

Туған үйін қалдырып, басқа үйдің босағасына ұзатыларда да дәл осындай толқымаған еді. Әке шаңырағының бұдан былай бөтен тарта берерін ойланғанда жүрегі үзіліп кетердей ауыр күрсінді.

ЖҰМАҚТАН ҚАШҚАН ПЕРІШТЕ

Көзі ілініп барады екен, көрші бөлмеден іңгәлаған сәби дауысы естіліп, ұйқысы шайдай ашылды. Әрі дөңбекшіді, бері дөңбекшіді, кірпіктері айқасар емес. Ұйқы шіркіннен маза кеткеннен соң төсегінен тұрып, әлденені ермек етіп көргісі келіп еді, жанында бөренедей болып сұлап жатқан күйеуінен қаймықты. Жұмысынан шаршап келгенін міндетсініп, мұның талай рет ауызын қаққан. Сөйлетпейді-ау, сөйлетпейді.

Міне, қаншама уақыт өтті, дене қызуы өрт болып лапылдап тұрғанымен, екеуара сағыныса қауышатын төсектері мұздай. Осы суық төсекпен бірге жүректері де суысып бара жатқандай.

-Не жазып едім, Құдайым-ай!

Келіншектің аһ ұрған күрсінісі бөлмені өртеп жібере жаздаған.

Оның жас денесі өрт болып күйіп-жанып жатыр еді. Ол осы сәт қуатты қол мен ыстық құшақты аңсады. Көрпенің өзіне тиесілі шетін шиыршықтап тастады. Шоқтай ыстық ойы оны ұзақ уақытқа босатпай, жанын жеп барады.

Түндей тұңғиық жанары жасқа толды. Өзекті өртеген өксікті сыртқа шығарғысы келмей, еріндерін қымқырып тістеп алды. Өне бойы шоқ болып ысыған соң көрпесін серпіп тастады. Терезеден төгілген ай сәулесімен жұп-жұмыр балтыры жарқ ете қалды. Кеудесіндегі қос алма көріктей бір көтеріліп, бір басылды.

Жанындағы жұбайы осынау жаратылыс жұбаныштарынан мақұрым, теріс қарап пырс-пырс ұйқы соғып жатыр. Расында, жұмысы ауыр ма әлде ләззатын сырттан тауып келеді ме, ол арасын өзі біледі, соңғы кездері Ләззатқа жарым екен-ау деп жақындауды сиретті. Теріс қарап тоң-теріс жататын Күмісбектің күйбең тірліктен, тіптен, мынау айдай әлемдегі барлық қызықшылық - шаттықтан ада түріне

қарап қайран қалады. «Осындай да қамсыз адам болады екен-ау» деп іштей күйінді. Мына жатыс бәрінен де күдер үзген, үміті үзілген кісінің жатысы. «Не бітірдім деп жатыр екен?». Ләззат күйеуіне тұңғыш рет жек көре қарады. Көңілді бір ілкі сәтке болса да селк еткізер мерейлі мезгіл болмаған соң да шығар, Ләззат та ертеңіне енжар қарай бастады.

Арғы бөлмеден тағы да сәби дауысы естілді. Құртақандай сәби шешесінің аппақ төсіне тұмсығын тығып, мәмесін сылқ-сылқ емеді. Кенет Ләззаттың тұла бойы шымырлап кетті. Ол да аналық бақытты аңсады. Шіркін-ай, қойынында қыбырлаған бөбек болса ғой, ұйқым шала деместен түні бойы емізуге, жұбатуға бар. Бірақ қырсыққанда құрсаққа шарана бітпей-ақ қойды. Күмісбектің де күрсініске жиі кезек беріп, күрсінетіні сондықтан.

Шаңырақ көтергендеріне санап отырса жеті-сегіз жыл шиыршықтай зыр айналып өте шығыпты. Ләззатпен бірге келін боп түскен мына Жарқынай дөңгелетіп төрт-бес бала туып тастады. Мұрындарының асты жылт-жылт етіп біреуі аяғына оралып, екіншісі етегіне жармасып шешелерін әурелейді де жатады. Басында елемеуші еді, кейінгі кезде балалы келіншек көрсе Ләззаттың тұла бойы бір ысып, бір суынып, өзінен-өзі күйгелектенетін болыпты.

Күндердің күнінде абысындарының бірі ақыл айтты.

-Осылай қу бастарыңды сүйретіп жүре береміңдер, одан да дәрігерге барып қаралмайсыңдар ма? Бәлкім, біреуінде кінәрат бар шығар, - деген Гауһар жеңгесі.

Осы сөзден кейін Ләззат көп ойланды. Бір күні Күмісбекке еркелей қарап ойындағысын айтты.

-Бір-бірімізді кінәлай бергенше, дәрігерге барып көрінейік. Бәлкім, емделерміз. Менің сәби сүйгім келеді, - деген.

-Жарайды, - деп Күмісбек келісе кетті.

Бірақ, ертесіне жұмыстарының қауырт екенін айтып қызметіне кетті. Арғы күні де оның қолы босай қоймады.

Сосын Ләззат таныс дәрігер келіншекке жеке өзі барды. Ол Ләззатты әрі тексерді, бері тексерді, мұнан соң «күйеуінді ертіп кел» деген. «Неге?». «Негесін қайтесің? Сенде кінәрат жоқ. Бар кінә күйеуінде ме деймін». - Мен дәрігерге көрініп келдім, - деді Ләззат кешкісін күйеуіне.

-Е, не дейді олар?

-Жаным, сен де барып көрінші. Әзірге менен кінә жоқ сияқты.

-Немене, сонда мені белсіз деп отырсың ба? Бұл қай сандырағың? Белсіз болсам, түнде құшағындамын ғой, қашан еркектігімнен қалғанымды көрдің? - деп Күмісбек шатынап шыға келді.

-Енді дәрігерлердің айтқаны ғой...

-Олар не демейді? Жат, ұйықта.

Сол түні де ол булығып жылап шықты. Күмісбек келіншегін жұбатпаған.

Осы әңгіме қайталанған сайын екеуінің арасындағы сыйластықтың көзге көрінбейтін нәзік жібі бырт-бырт үзілгендей болды. Сол жібек жіпті жалғай-жалғай көкірекке бір түйін беріш болып қатты. Бұл қандай түйін? Оны әзірге Күмісбек те, Ләззат та терең таныған жоқ-ты.

Сол күннен бастап Ләззаттың қиялынан «бөпелі болсам-ау» деген бір ой кетпей-ақ қойды. Тамақ жасап жүріп те, үй сыпырып жүріп те соны ойлайды.

Күмісбектің ағасы Алтынбек пен жеңгесі Қарақат енші алыспаған, бірге тұрады. Қарақаттың үш ұл, екі қызы бар. Ләззат құлыншақтай асыр салған сол бес тентекті сұмдық жақсы көреді. Қолы қалт етсе ойнатып, беттерінен сүйеді, киімдерін ауыстырады. Қайнағасының құлдыраңдаған балаларына қарайласа жүріп «менің де осындай сәбилерім болса ғой, шіркін» деп армандайды.

Мына өмірде сәби иісінен артық қандай жұпар бар екен? Ләззат қайнағасы мен жеңгесінің балаларын шеттерінен шөпідетіп сүйіп шығудан жалықпайды-ау, жалықпайды.

Осылай жасаса Жаратқан да иіп, бұған сәби сыйлайтындай сезінеді. Қалай екенін өзі де білмейді, соңғы сәттерінде тым балажан болып алды. Тіпті, көршілердің де қарасирақ балаларына қарап, елжіреп отырғаны.

Бірде оның осы елжіреуік жүрегін көрші келіншек байқап қалды.

-Ләззат-ау, «сатып алмай құл болмас, өзіңнен тумай ұл болмас» дегенді білмеуші ме едің? Мына жас денең әлі де уыздай аппақ, балтырың толық, денең сау, бойыңнан базарың тарқамай тұрғанда әрекеттеніп көрсең қайтеді? Әдірем қалғыр, біреудің баласы саған бала бола ма? - деген.

Осы сөз Ләззатты тұңғыық ойға тартты да кетті. Сол-ақ екен, күн мен түнді ажыратудан қалды. Жатса да, тұрса да көз алдында құлдыраңдап ойнап балалар жүгіріп жүреді. Аппақ армандарын арқалап келіп, ақ төсегіне құлайды. Мұндайда әлдеқайдан жыланша ирелендеген сезім толқындары тамыр-тамырын қуалап, өне бойын шымырлатады. Денедегі дерттің уын қайтару үшін Күмісбекті жұлқылайды-ай келіп. Бірақ ол оңайлықпен оянбайды. «Мына дозақылардан құтылар ма екем?» деп тістене түскен сайын қара жыландар нәзік денесін еркін игеріп, ақ төсіне шабады, ақ тамағынан иіскелейді. Осы арпалыста ол Күмісбекті қалай да оятуға тырысады. Бірақ, оның қара жыландардың барлығын қырып салуға дәті де, ықыласы да жоқ. Әлден соң әрі аунап түседі. Ләззат болса сол күйіп-жанған күйі қала береді.

Түн еді. Қап-қараңғы. Ләззат оянып кетті. Арғы бөлмеден әлдеқандай үн естілетіндей. Тағы да абысынының ұлы шығар. Жоқ, олай емес сияқты. Япыр-ай, мынау Қарақаттың үні ғой. Тән тоятының тұңғыық тереңіне батқандағы көңіл қошының белгісіндей еркелей ыңырсыған бір сиқырлы әуен. Ләззаттың ынтық сезімдері оянып сала берген. Сол бойы ол жуынатын бөлмеге қарай жүгіріп барғанын да сезген жоқ. Суық су оған көмектесе қоймады.

Бірде ол қайнағасы Алтынбекпен әлдеқандай себеппен

соқтығысып қалды. «Түнде Қарақатпен...» деп ойлағанда денесі дір етті. Арсыз көңіл арқандауға көнбеді. Қымсынып тұрып қайынағасына құштарлықпен қарады. Бәленің басталған жері осы.

«Қайынаға айтпайды, келін қайтпайды» деген сорақылық басталды да кетті. Енді Ләззат үйдегілердің барлығы қашан жұмысқа кетеді деп аландап отыратын әдет тапты.

Бір ғана ойдын жетегінде жүрген ол өзін судан таза, сүттен ақ сезінді. «Бар жазығым отбасымды сақтап қалуға тырысқаным ба? Күмісбекке де, өзіме де бақыт сыйлаймын. Содан соң Алтынбек бөтен емес қой. Өз ағасы, өз тұқымы. Онда тұрған не бар?». Осы оймен ол өзін-өзі жұбататын. Өз дәлелі қисынды көрінгені соншалық, енді тіпті қайынағасынан қысылмайтын болды. Жас келіннің өзіне деген соқыр сезімі Алтынбектің де есін алғандай.

Ләззат беймезгіл құса бергісі келгенде барып өзінің көтеріп қойғанын сезді.

Қорыққан жоқ, қуанды. «Екеуі ағайынды. Бала бөтеннен емес. Өзіне тартып туған ұлдан Күмісбек те күдіктенбейді» деп өзін-өзі жұбатты. Баянсыз бақыт басын айналдырғандай еді.

Ләззаттың іші біліне бастағанда Күмісбек күрт өзгерді. Енді ол баяғысындай енжарлықтан айырылды. Ұйқыбастылықты да қойып, келіншегін түні бойы аймалап, сүйіп шығатын болды. Келіншегі шекесі торсықтай ұлды дүниеге әкелгенде тіпті есі қалмады.

-Мені кінәлай беруші едің, - деді бірде ол келіншегіне.

-Енді өзің ғой, бара салсаң қайтушы еді?

-Бармасақ та болды ғой, әйтеуір.

-Иә, болды, - деді Ләззат тұншығып.

Олар бақытты еді. Құлдырандаған сәби күлкісі үйге қуаныш үстіне қуаныш әкелген. Күмісбектің де келіншегіне деген өкпесі ұмытылып келе жатты. Тек мына бір кездейсоқ соққы көлденең кездеспегенде.

Бірде кешкі апақ-сапақта Қарақат қайынаға мен келіннің «махаббат ойыны» үстінен түсіп қалды. Ол көптен бері күйеуі мен келінінің бір-біріне тесіле қарайтынынан секем алып жүруші еді. Құдай тас төбелерінен қос қолдап ұрыпты. Ол Ләззаттың шашынан жұлып, әрі де, бері де сүйреді. «Күмісбектен ажырап кетемін бе деп амалсыз осы тірлікке барып едім» деп ақталғансыды. «Ал, туарыңды туып алдың ғой, енді неге тоқтатпайсындар?». Ләззаттың ауызына құм құйылды.

Ләззат енді кімді кінәламақ? Тайқы маңдай тағдырын ба? Ол осы тағдырын өзі тілеп алды емес пе? Ендеше, өз ыркымен барған азабынан неге қашады? Оған ақылы жетер емес. Ол өзін ғана емес, қайынағасын да екі оттың ортасына тастап кеткенін айналасындағы айқай асқынып бара жатқан соң барып сезінді. Өзін жанындай жақсы көретін жеңгесі әрі абысыны Қарақат та бұдан теріс айналды. Енді кімге барып мұңын шағады? Оның жаралы жанын кім түсінеді?

Ағайын екіге жарылды. Ләззатты жақтаушылар табыла қоймады. «Қара есекке теріс мінгізіп, ауылды аралату керек» деді екіленген бір ағайыны. «Ел бетіне қарағысыз етіп кетті, мұндай келсапты керіп қойып, тасаттық жасап өлтірген жөн» деді екіншісі. «Ислам дінінде неке өмір бақи жалғасу ниетімен қиылады. Ислам діні некені орынсыз бұзуды дұрыс санамайды. Пайғамбарымыздың хадистерінде: «Алла Тағалаға адамның ең сүйкімсізі - талақ. Себеппіз ерінен ажыраспақ болған әйелге жаннат есігі харам» деген. Ал туған қайынағасымен байланысқан әйелге Алла лағнет айтады» деген ауыл имамының сөзі талайлардың денесін түршіктірді. Имам сөзін қайта сабақтады. Ол некесізден туылған баланың да харам болатынын айтқанда көпшілік шошынды. «Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) «Ешкімі жоқ жетім балаларды өз асырауына алған адам менімен жұмақта көрші болады» деген. Мынадай масқаралыққа барғанша

неге бала асырап алмадыңдар?» деп жер тоқпақтатады келіннің шешесі. «Бала асырап алған келіншектер көп кешікпей құрсақ көтереді. Сосын бірінші баланы «майтөт» деп ерекше жақсы көреді. Ал қазақшылықта бедеулікті емдейтін түрлі тәсіл бар. Тепсе темір үзетін жігіт дәрігерге қаралса, ағасынан туған нәуетек ұлға малданбас еді ғой. Балалы болудан күдер үзгендер күйеулеріне екінші әйел әперіп жатады. Шарифатта мұсылман еркекке төрт әйел алуға рұқсат бар. Күнәһар болғанша неге бала асырап алмадың?».

Жан-жақтан жаңбырша жауған мiрдiң оғындай өктем сауалдар Ләззаттың денесiне инедей қадалып жатты.

Ақiлгек әже ортаға шықты.

-Қарағым, «бiрдiң кесiрi мыңға тиедi», «бiр түйенiң құмалағына қырық кiсi тайып жығылады» дегендi бiлмеушi ме едiң? Бiлмесең, бiлiп ал. Өзiңдi, күйеуiңдi, қайынағанды, абысыныңды ғана емес, тұтас елдi қара бет етгiң. Бiр отбасының шаңырағын ортасына түсiрдiң. Бұдан асқан қасiрет болар ма? Қазақ: «Құтырғаннан құтыл» деп жатады. Сондықтан сенен құтылғанша асығып отырмыз. Бiр отбасының шаңырағын ортасына түсiрдiң. Басқаларға да кесiрiң тимей тұрғанда ертерек қараңды батыр, - дедi ол зiлденiп.

Көпшiлiктiң де тоқтамы осы едi. Күмiсбек осы оқиғадан соң Ләззатқа талақ айтып, ауылдан кеттi. Алтынбектiң аярлығына төзбеген Қарақат та төркiнiне кетiп тынды. Айрандай ұйып отырған отбасы жетiмдiк, жесiрлiк, жалғыздық тауқыметiнен тобығы тайған тайлақтай шойнаңдап қалды.

...Ләззаттың ауылды төңiректеп жүргенiне бiрнеше күн. Бар ой-мақсаты тұңғышы Арманды бiр көру ғана. Алайда, адуынды ене күнәһар келiнге немересiн тiрiде көрсетер ме. Ләззатты бүгiнде таныстары да түнетуден қорқады. Кесiрлi келiннiң күйесi жұғып кетердей үркектейдi.

Ол ымырт түсе уақытша паналап жүрген үйден шықты. Өзінің бақытты өмірі өткен үйге жетіп, аулаға үздіге қарады. Өне, енесі немерелерін ойнатып отыр. Япыр-ау, мынау Арман ғой. Ләззат бар дауысымен «Арман!» деп айқайлап жібере жаздап, өзін зорға тежеп қалды. Құлындай шапқылап жүрген көзінің қарашығын көргенде жүрегі атша тулады. Шарбаққа сүйенген күйі жылай берді, жылай берді. Науетек ұлына қарай-қарай көзі талды.

Таныс аула. Таныс шарбақ. Таныс үй. Күні кеше ғана бақыттың базарындағы үйде үрей үйірсектепті. Балалар улап-шулап асыр салып ойнап жүрсе де көңілсіздік көлбеңдейді. Балақайлардың көздерінде тұңғиық терең мұң ұялаған. Ойнағансиды, алданғансиды, бірақ, ойынға алаңсыз кірісіп кетпейді. Жүректегі шер олардың да аяқтарын тұсаған, періште көңілге кіреуке салған.

Ләззат өзін жұмақтан қашқан періштедей сезінді. Жұмақ бағында жүріп Ібілістің соңынан ілесіпті. Ол ұлына тесіле қарады. «Сен кінәлі емессің, құлыным!».

Жүрегі жұлқынып, кеудесінен шығып кетердей аласұрды. Көріп тұрып аймалай алмау, қасында тұрып құша алмау қасірет екен.

- Қош бол, күнім! - деп кері шегінген келіншек әлденеге сүрініп, құлап түсті.

Күн қарақошқылданып батып барады екен. Жиектерінен қан сорғалағандай. Мұндайды бұрын-сонды көрмеген келіншек қалтырап, бүкіл денесі жансызданып бара жатқандай дел-сал күйге түсіп, тізерлеп отыра кетті.

Жасты жанарымен көкжиекке тесіле қарады. Қан көрді. Қорқынышты. Қап-қара...

ЖАНАРДАҒЫ ЖҰМБАҚ МҰҢ

Автобус салонындағы жолаушылардың әрқайсысына жәудірей қарап, әлдекімді іздегендей тағатсыздана мазасызданып отырған балақай назарымды өзіне аудара берді. Ол ешкімді де жатырқамайды, жатсынбайды. Балақайдың бейкүнә бал күлкісі, сүйкімді жүзі жүрек елжіретеді. «Япырай, қамсыз, уайымсыз балалық шақ қандай бақытты» деп ойлап үлгердім. Артынша «бұл бала неге мазасызданады?» деген ой жанымды жаншып өтті.

- Сүйкімді бала екен! Атың кім, балақай?- деп сұрады осы кезде билет кесуші.

- Самат!- деп саңқ етті балақай.

- Атың әдемі екен. Әжеңмен бірге қайда бара жатырсыңдар?- деп кондуктор оны сөзге тарта түсті.

- Балалар бақшасына!- деді Самат салмақтанып.

- Жарайсың! Немерелерін балалар бақшаларына апарып, әкеліп жүрген әжелер қандай бақытты!- деп сүйсінісін жасыра алмады билет кесуші келіншек.

Ол күлгенде екі бетіне шұңқыр пайда болып, сүйкімділігі еселене түседі екен. Шәлкем-шалыс шатаққұмарлықтан ада. Тентектіктен таза, еркелігі еркін. Сондықтан ба, айналамдағылар да оған көңіл бөле бастады.

Бірақ, жұмыстарына асығып бара жатқан әрбір жолаушының өз жоспарлары бар емес пе? Әлден соңақ балаға деген ынталы көңілдердің ыдырай бастағаны байқалды. Біреулер «біздің де осындай өз тентегіміз бар» деген ыңғай танытатындай. Балғындықтың, періште пейілдің өзін жік-жікке бөлетін ішмерездік-ай осы!

Кенет ну ормандағы қалың жыныс ішінен жазиралы жазыққа шыға келгендей басқа әлемге өтіп кеткенімді сезініп, селк ете қалдым. Айналамдағы адамдардың аңқаулығы, бәлкім, марғаулығы, сезімсіздіктері, мұз

кұрсаулы жүректері жанымның нәзік жапырақтарын сілкілегені соншама, өн бойым қалтырап сала берді. Мұз жүрек. Құдайым-ай, осы сөзді қайдан ғана санама сыбырладың екен? Бүгінде жер бетін бар арманы тек қана ақша табуға, байыған үстіне баюға бағытталған құлтемір адамдар қаптады емес пе? Ал, құлтемірде жүрек болушы ма еді?

Жоқ жерден жау тауып, өзіммен өзім албастыдай арбасып келе жатқанымды автобус келесі аялдамаға жетіп тоқтағанда бір-ақ аңғардым. Онда да кондуктордың ащы айқайынан соң.

Сәлден соң автобус орнынан қозғалды. Сығылысқан жолаушылар бірте-бірте өз орындарын тауып, тұрақтана бастады. Ұялы телефондарымен сыбырласа сөйлескен бірлі-жарым адам болмаса, салон іші тынышталғандай еді. Осы кезде әжесінің бауырына тығылып алған Саматтың әлденеге қыңқылдап келе жатқанын байқап қалдым.

- Әже! Әже!

- Әу, балам!

- Әкем қашан келеді?

Әжей ауыр күрсінді. Ол әлденеге кіржіндегендей болып көрінді маған.

- Айтшы, әже. Әкем қашан келеді деймін.

- Келеді, құлыным, келеді. Ол алыста жүр.

Әжейдің бұл сөзіне Самат қанағаттана қоймады.

- Әже! Ол сонда қашан келеді?

- Ол алыста жүр дедім ғой.

- Сонда ол енді ешқашан келмейді ме?

- Оны енді шешеннен сұра.

- Мамам «Әкең оңбаған. Ол басқа балаға әке болып кетті» деген.

Әжесінің амалы таусылды-ау, шамасы, немересін бауырына қыса түсіп, арқасынан қақты. Бала бұлқынып,

әжесінің құшағынан босанып шығуға тырысты.

-Әже! Әкем осы қалада тұрады ма?- деп сұрады сосын.

-Иә, оның енді өз үйі бар.

- Біздің үй ше?

Осы кезде автобус аялдамаға келіп тоқтады да, бейтаныс әже немересін қолынан жетелеп, көліктен түсіп қалды.

Мына опасыз жалған дүниеде қаншама сауалға жауап табылмайды. Алайда, өмір атты өксікке толы ұлы да улы жолға жаңа-жаңа талпынып, білмекке, тани түспекке ұмтылған періште жүрекке жауап табылмауы неткен азап. Қазір ғана автобустан түсіп қалған Самат әжесіне қойған сұраққа жауап ала алады ма екен? Тегі, кішкентайлар түгілі үлкендер шешімін таба алмайтын жұмбақ көп. Сол көп жұмбақтың бірі болып баланың шерлі жүрегіне тарқатылмас түйін мәңгі мұз болып қатпасына кім кепіл?

Көз алдыма жүрегі сағыныштан сыздап, ішқұса болып ілмиіп бара жатқан бала келді. Байқұс балапан-ай, өмірге келмей жатып соншама сордың шырмауына қайдан ғана түстің екен?

Қатігез де ояр біреу өкпемді өңешіммен бірге суырып алғандай белгісіз беймаза күйге түстім. Көкірегім ашып, көздерім бұлдырады.

...Жаздың жаймашуақ күндерінің бірі еді. Жердің жүзі масатыдай құлпырады. Кербез де көркем көрініс көңіл масайтады. Баудағы жеміс ағаштары самал желмен баяу тербеледі. Ауада әдемі хош иіс бар.

Осындай бір керім сәтте есік алдындағы сәкіде үй ішімізбен түскі тамағымызды ішіп отырғанбыз. Бір кезде дарбаза қақпасы сарт етіп ашылды да аулаға тәлтіректен Сәрсенғали кіріп келді. Түрі қарақошқылданып кетіпті. Әлдекімге өлердей өшігіп келгені түйюлі жұдырығынан, шатынаған көзінен, шаптыққан сөздерінен көрініп тұрды.

- Әй, мына антұрған, тағы да тойып алған ба?-деді апам.

- Ішіп алса басқа үй құрып қалғандай,біздікіне келетіні несі?- деп келіншегім қабақ түйді.

- Қойсаңшы, ырысыңды ішіп кетпейді ғой,- деп апам оған жақтырмай қарады.

Шегінерге жол жоқ, мен Сәрсенғалидың алдынан шығып, қолтығынан демедім. Бүкіл денесіне арақ сіңіп қалған-ау, шамасы, оның қасында шыдап тұру мүмкін емес еді. Ауызынан шыққан сасық иістен шыбын-шіркей тұрмақ, адам уланып қалатындай.

-Мына жерге жатқыз,-деді апам жаюлы көрпешені көрсетіп.

-Жоқ, мен жатпаймын,-деп Сәрсенғали табандап тұрып алды.

- Ішемісің?-деп сұрадым мен.

- Ішем,-деді Сәрсенғали аяғынан зорға тұрса да.

- Әуелі мына жерге отыр,- деп апам ығысып оған орын босатты.

- Осы апам болмаса, мені түсінетін бір жан жоқ,- деп Сәрсенғали аяқ киімін шеше бастады.

Ол алғашқы стаканды ешкімнің демеуінсіз-ақ алып қойды. Сосын «осы мен қай жерде отырмын?» дегендей айналасына алақ-жұлақ қарады.

- Осы атау-ақыретінді ішпесең өмірем қатамысың? Жан-жағыңа қарасаңшы, арақ ішіп, селтендеп сенделіп жүрген кімді көрдің?- деп апам оған ақыл айта бастады.

Ішкен адамға ақыл қайдан қона қойсын? Қайта ақыл айтқан сайын ерегісе, екілене түспей ме? Сәрсенғали шаптығып, шабалана түсер деп ойлағанмын. Бірақ, мен күткендей болмады. Оқыс одырайып, оспадарсыз ойын көрсеткен жоқ. Есесіне Сәрсенғали ботадай боздап,етпетінен түсіп жата кетті. Дауысы мұншалық зәрлі болар ма? Алпамсадай

адамның зәбір көрген баладай өксіп-өксіп жылағаны тосын көрінеді екен. Оның қорғансыз жандай азалана боздауынан сай-сүйегім сырқырады.

-Тағы да сол ма?-деп сұрады апам.

Апамның «тағы да сол ма?» деуінде зіл батпан салмақ жатыр еді. Сәрсенғалидың шайпау, тәйтiк әйелiнiң мiнезiн бүкiл ауыл бiледi. Жүрген жерiнде бозборан тұрғызып, найзағай ойнатып, жасын түсiрмесе көңiлi көншiмейтiн Зылиханың көк долы сайтан мiнезiнен талайлар қырық қадам қашық жүредi. Сәрсенғалидың екi аяғын бiр етiкке тығып, талай рет үйден қуып шыққанын бүгiнде ешкiмнен жасыра алмайтын болдық. Апамның меңзеп отырғаны осы.

Сәрсенғалидың түсi өлiм естiртетiн адамның түрiндей сұрланды. Жап-жасыл жапырақтарымен сая болып тұрған ағаш басынан әлекедей жаланып әлдеқандай сұр жылан салбырап түсiп келе жатқандай өн бойым түршiгiп сала бердi.

- Ей, адамды айтып өлтiрсеншi. Жауар бұлттай түнеретiндей әкең жаңа өлiп пе едi? Не болды, қараңқалғыр?-деп апам зiлсiз жекiдi.

-Келiнiңiз ғой. Зылиха!-деп мiңгiр еттi есi кiресiлi-шығасылы отырған Сәрсенғали.

- Ол жүзiқара не дейдi?-деп апам тағы да тағатсыздана сұрады.

- Күйдiрдi ғой менi,күйдiрдi, апа. Асылып өле қалайын десем, ана екi-үш жәутенкөздi қимаймын. Сойып тастайын десем, мал емес, сатып жiберейiн десем, зат емес, одан қалай құтыламын? Жақында ғана айлығымды әкелiп, алақанына санап тұрып салғанмын. Балаларға киiм, үйге азық-түлiк аламын деп отырған. Жұмыстан келсем, үй iшi жылан жалағандай. Ақшаны қайда жұмсағанын өзi де бiлмейдi. Төркiнiне берiп жiбердi дейтiндей емес. Олар тым алыста. Iшiп қойыпты деуге тағы келмейдi. Мен сияқты маскүнем

емес. Содан «үйге неге азық-түлік әкелмейсің?» деп сұрасам, ауызы-мұрыны қисаймай «ақшанның мөрін көрсем, көзім ойылып қалсын» деп отыр. Айқаптағы жының қозбай ма енді. Қамшымен бір тартып жібергенім есімде. Тоқал ешкідей баж етіп үйден ата жөнелді. Жұмыстан шаршап келгенмін ғой, мызғып кеткен екенмін,біреу түртіп оятты. Сөйтсем, учаскелік инспектор келіп тұр. «Әйелінді неге сабайсың?» дейді көздері ежірейіп. Түсіндіріп бақтым. Сөз өтпейтін біреу екен, айтқанға түсінбейді. Содан детектеннен детектетіп отырып аудандық ішкі істер бөлімінің темір торына апарып бір-ақ тықты. Ол жерде он күн жатып үйге келсем, кешірім сұраудың орынына тағы да көкбеттеніп шаптықпасы бар ма? Құлыншақтарым құлдырандап маған қарай жүгіріп еді, жолыңа жуа бітпегір жанторсығым оларды үйден тырқыратып қуып шықты. Сағынып келгенде құлыншақтарымды мейірімім қанып сүйе алмағаным қатты күйінгенім соншама, үйден атып шықтым да дүкенге тарттым,-деп үзіп-жұлқып әңгімесін аяқтаған Сәрсенғали апама қарады.

Апам маған қарады. Менің есіме түнеукүнгі бір оқиға түсті.

Бір жылғы төл-кластастар ай аралатып жиналып, бесалты бөтелкенің түбіне су құйып қайтатынбыз.Мұндайда тілі мен жағына сүйеніп қалған Тұңғыштан өтер заржақ табылмайды. Оның Салқынбектен екі-үш ай кішілігі бар. Сонысын желеулетіп Салқынбекті «көке» дейді.

-Бүгін көкемдікінде көсіліп сілтемесем бе? Көптен бері сусап жүр едім,-деп Тұңғыш келген бетте құлақтары тікелейген қос жастықты бүйірден бүріп «бүк» түсірді де жантайып жата кетті.

-Шіркін, «ағаның алды-ақ жайлау» деген осы емес пе? Салқынбек көкемнің сарымайдай сақтағандары сұмдық дәмді болады. Күләнда жеңешем ағама тауып қосылған

аққудың сыңары. Көңілі қандай кең болса, қолы да сондай ашық,-деп Жұман Тұңғышты жорта қоштап, бүйірі тоқ екі жастықты ол да “жантәсілім» етті.

Олардан мен қаламын ба, диванға сұлай кеттім. Осы кезде Зылихасын зыр жүгіртіп Сәрсенғали да межелі жерге табан тіреді.

Осыдан соң-ақ арақ деген ата жаумен бітіспес шайқас басталып кетті. Арақты әкемізден қалған өшіміз бардай өкіреш өңешке қарай бірінен соң бірін атып жатырмыз. Ара-арасында Салқынбектей сері мен Күләндалай керімді аспандата мақтап қоюды да ұмытпаймыз.

Ақырзаманнан ғайыптан құтылып шығып жиналған өңшең жайынауыздың алдына үйме табақ ет келе қалды. Алты жылғы ашаршылықтан арып-ашып келгендей табақтың о шетінен де, бұл шетінен де ашкөз алақандарды аямай салып-ақ жатырмыз.

Осы қарқынмен тағы бір табақты тауысып-ақ тастар едік, бірақ ойламаған жерден Зылиха шок басып алған мысықтай баж ете қалмасы бар ма? Сөйтсек ол келгелі Сәрсенғалидың санын шымшып отыр екен ғой. Осыған дейінгі шымшығаны шыбын шаққандай сезілмеген-ау,сірә. Бірақ, бұл жолғысы етінен өтіп сүйегіне жетсе керек. Санынан ет кесіп алғандай оңдырмай шымшыған соң Сәрсенғали қалай шыдасын,Зылиханы шынтағымен нұқып қалады.

«Барып-келіп» жатқан Зылиханың түрі кісі тіксінерліктей еді. Келгелі бері керіліп ішіп, кердендеп көсіп жегеніміз бойымызға құт болмады. Жұтқа келгендей жұтадық. Бір-бірімізге атар оғы жоқ адамдай өлермендікпен ішіп-жеп қарадық. «Осы сұмпайыны кім шақырды?» дегенді әрқайсымыздың көзімізден айтқызбай оқыдық. Келіншектер үйреншікті сықылықтарынан жаңылысып, ішқұсалыққа ұшырып, үрпиісті де қалды. Осы кезде Айша алымдылық көрсетті. Ол зыр жүгіріп асханаға барып, бір ожау су

әкелді де «талып» жатқан Зылиханың бетіне бүркіп-бүркіп жіберді. Сол-ақ екен, ол қорқынышты түс көріп шошынып оянған жандай екі көзі аларып орынынан қарғып тұрды. Содан соң зәр шашқан мыстан көзімен Сәрсенғалиды іздеді. Ол Нұртайдың артында бірнәрсені бүлдіріп, кінәлі болып қалған баладай моп-момақан мүшкіл қалде тұр еді. Оның осы мүсәпір рәпәтін көрген Зылиха өзеурей даурығып, қолындағы кесені бар пәрменімен күйеуіңне қарай жіберіп қалды. Құдай сақтап, кесе қабырғаға барып тиіп, құл паршасы шықты.

Әп-әдемі отырысты ойран етіп, отбасының шаңырағын ортасына түсірген келіншегінің кесір мінезіне жігіт намыстанды. Оны адам ғұрлы көрмей тұрған Зылиха ішіндегі бар запыранын аямай төкті. Сәрсенғали да іштей тығылып тұр екен, қара мылтықтай атылып, әйелін анадай жерге ұшырып жіберді. Аяқ астынан тұтанған аласапыраннан басқа бөлмедегі балалар да шошынып, үй іші азан-қазанға толды да кетті. Келіншектер Зылиханың қолындағы оқтауды зорға ажыратып алды. Қолдары мұншалықты тас болар ма. Құрдастар алдында масқара болғанына іші өртенген Сәрсенғали мықшиып отырып қалды.

Біз Сәрсенғалиды жаралы жандай екі қолтығынан демеп, үйіне зорға жеткіздік. Расында, ол жаралы еді. Жүрегі қан түкіріп тұрды.

Ертесіне Зылиха құлқынсәріден төркініне кетті деп естідік. «Қаралы хабарды» есітіп үйіне келсек, Зылиханың енесі «Осы кеткеннен мол кетсе екен. Қайтейін, баламды қор қылды ғой» деп мандайын тоқтақтап жылап отыр екен.

Алайда, арсызға дауа табылар ма? Арада ай өтті ме, жоқ па, Зылиха мүләйімсіп қайтып келді. Оны ет бауыры елжіреп ешкім қарсы алған да жоқ. Бірақ, бетсіздігіне басып Зылиха ештеңе де болмағандай тасырандап жүріп жатты. Сәбидің орынсыз көп қылығын кешіре салатын үлкендердің

әдеті бар емес пе? Сәрсенғали да кешірімпаздық кейіп танытты. «Ана қара домалақтар тұрғанда қалай ғана үйге кіргізбейін» деген жалғыз ауыз сөз шықты ауызынан. «Есі кеткен ерлі-зайыптылардың ортасына түседі» деген бар. Сәрсенғалидың өзінен сес көрсетерлік ыңғай байқамаған соң біз де түк сезбегендей селқостық таныттық.

Енді,міне, Сәрсенғали зұлымнан зәбір көрген баладай алдымызда солқ-солқ етіп жылап отыр.

-Сол мыстаннан баяғыда құтылуын керек еді,-деді келіншегім Айзере.

Мен оған алара қарадым.

- Ана үш жаманды көздерін жәутендетіп қалай ғана жіберемің?,- деді солығын баса алмай отырған Сәрсенғали.

Жүрегім аунап түскендей бүлк ете қалды. Әкенің бала алдындағы міндеті мен жауапкершілігін осы кезде анық сезінгендей болдым. Беймаза көңіл тыныштық таптырмады. Үгілмелі сезімге оранып, ойланып ұзақ отырып қалыппын.

Не керек, Зылиха зәлім дегеніне жетті. Етегінен бала сауғалап тұратын осы әйел құрдасымды бүгінде ауыздықсыз-ақ ерттеп мінетін деңгейге жетті. Арсын-гүрсін, ішіп алса бүкіл ауылды қырып кете жаздайтын құрдасымыз айғыр-қатынының алдында кесірткедей жорғалайды.

-Бәрі де ана балалар үшін ғой. Әйтпесе мен...-дейді ол бізбен зәуіде бір қалтарыста кездесіп қалғанда.

Сол «әйтпесесінің» соңы немен бітері жұмбақ күйінде қалды. Тегі, біз бұл жұмбақты шеше алмай-ақ кететін шығармыз. Кімнің көңіл сандығында ненің көмулі жатқанын кім білген? Десек те, Сәрсенғалидың сол бір тұңжыраңқы тұрпатының өзі оны тым-тым биіктетіп жібергендей еді. Біз оның көнтерілігіне, шыдамдылығына, сабырлығына босқа таңданып, сыртынан өзімізше бал ашып жүре беріппіз ғой. Тегі, адамды толық түсінбей жатып, сыртынан тон пішу біздің түбімізге жетеді.

Оны осы көңтерлі күйге түсірген балаларына деген шексіз де түпсіз махаббаты екен! Сол күні мен ешкім аспаған, ешкімнің табаны тимеген құпия арал ашқандай ерекше бір көтеріңкі көңіл-күйде болдым. Сәрсенғалидың тастаңқырап алса аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермей кететін сөзуарлығы да, кейде ұрынарға қара таппай тұратын тентектігі де көз алдымда бірте-бірте сағымға айналып, әлдебір кеңістікке сіңіп жоғалды да, қасымызда пайым-парасаты асқақ, адамгершілігі биік азамат тұрды. Сол күні Сәрсенғали екеуіміз біріміздің үйімізге бірімізді шығарып салумен жүріп төсекке таң құланиектенен құлаппыз...

...№34 автобусқа мінгенім сол, Саматты бірден көзім шалды. Әдеттегідей әжесінің алдына отырып алыпты. Балақай айналасындағыларға жатырқамай, жылыұшырай қарайды. Сүп-сүйкімді балақайдың әлденеге алаңдаулы екенін ішім сезе қойды. Сәби көңілінің тұнық түкпірінде түйін болып қатқан жараның дауасын қайдан табармын? Бала әжесіне әлденелерді айтып, қыңқылдай берді.

- Әже, әкем қашан келеді?- дегенін бұл жолы ап-анық естідім.

Жүрегім бұл жолы да солқ ете қалды. «Осы бала әкесін неге автобусқа мінгенде ғана іздейді?» деген ой санамды сілкіп өтті. Сірә, шешесі әкесі туралы үйінде сұрауға қатаң тыйым салған шығар-ау. Сыртынан осындай қатаң үкім шығаруына қарағанда әкенің де кінәсі аз болмаған сияқты. Жүрегі бар адам мынадай сүп-сүйкімді баланы қалай ғана көзі қиып тастап кетеді? Әлде кінә Саматтың шешесінде ме екен? Зылихадай шайпау ауыз, нағыз жезтырнақтың өзі болса, онымен бір шаңырақтың астында тұру мүмкін бе? Қалай дегенде де Саматтың ішіне беріш болып қатқан түйіннің тарқатылар тұсын тап басып таба алмадым.

Маған Самат бүгін тым бұйығы болып көрінді. Көздері өткендегідей ұшқын шашпайды. Бала жанарына жасырынған

жұмбақ мұн бар. Бұл жұмбақтың шешуін кім табады? Әжесі оған бәйек болып, бауырына қыса түсті.

- Қарашығым-ай, бір жерің ауырады ма? Көзің кіртііп қалыпты ғой. Әлде, суық су ішіп қойдың ба екен?- деп әжесінің дегбірі кетті.

Самағ торға түскен торғайдай томпиып әжесінің бауырына тығыла түсті.

Оны осы азаптан бір құтқарса аймалап сипар аялы алақан құтқарар еді. Жәудір көздер жыпылықтап жұмыла берді. Мен балақайдың жылап не ұйықтап келе жатқанын білмей дал болдым.

Өкініштің өрті жанымды жегідей жеп, тұла бойым түршікті.

Бұл жолы мен межелі аялдамаға жетпей түсіп қалдым.

Сосын жұмысыма жаяу тарттым. Жол-жөнекей кездескен жандардың жүздеріне тіктеп қарауға батылым жетпеді. Өзімді неге сонша кінәлі санайтынымды түсінбей-ақ қойдым. Бәлкім, Самағтың жүрегіндегі жазылмас жараға шипа-шапағат таппағаным үшін өзімді кінәлі санаған шығармын.

Содан бері автобуста бала қыңқылдаса-ақ жүйкем сыр бере бастайды.

Жазылмас дерттің дауасы қайда?

МЕН ОНЫ КІНӘЛАЙ АЛМАДЫМ

--Ту-у-у, сіз де бір, шаршаттыңыз ғой, қайта-қайта... Немене бала болып кеттіңіз бе?-деген Бану жорта ашуланып, баладай бұлтиып, мені нәзік те жып-жылы саусақтарымен ашуландырып алмайын дегендей ептеп қана ұрғылаған болып денесін көрпемен орап алды.

Жаңа ғана тұнық суаттан мейірімім қанғанша сусындап, тояттаған мен сахараның шөлінен келгендей қайта қаталап шөліккеп сала бердім.

Оның омырауына дейін ашық еді. Аршыған жұмыртқадай аппақ иықтары менменшіл сезімнің құмар құрттарын қайта оятып, құштарлық отын маздатты. Көрпенің бір шетін ашып, күйіп-жанып жатқан қыздың ыстық құшағына сүңгіп, оны өзіме қарай тарттым.

Ол орнынан тұрғанда қайындай балтырлары судан шоршып шыққан ақ сазандардай жарқ ете қалды. Сұңғақ та сүйкімді сұлу ақ торғын көйлегін киіп, ваннаға өтті. Ауаға сіңіп қалған хош иіс бас айналдырды. Тоят түнінің талбесігінде қаншама тербелсем де тұла бойында бір міні жоқ оның балғын денесін тағы да көргім келді.

Жуынып келген Бануға көзімнің сұғын тойдырып ұзақ қарадым. Кеудесі көріктей бір көтеріліп, бір басылып жатқан ол әнтек жымыып, сұңғақ саусақтарымен шашымды тарағыштай бастады. Басымда сүйкімді бір шымыр ойнап, көзімді еріксіз жұма беріп, қайта аштым. Оның тоқ балтырлары кімді де болса есінен тандырардай еді. Талықсып жатқан қыздың көздері соншалықты тұнық та тұңғиық. Осы тұңғиық тереңіне жұтылып бара жатқанымды сезіндім.

-Бану!

-Әу!

-Сен қандай сұлусың! Тіптен сөзім жетпейді.

-Енді ше?

Өзінің хас шебердің қолынан шыққандай мінсіз денесін

білетін әрі онысын жігіт алдында бұлдай да алатын қыз тәкаппар да паң болады емес пе? Ал, кешелі бері махаббат көліне бірге шомылып жатқан ол шолжаң баладай еркелей күлді. Бөлмеге мөлдір моншақтар шашылып түскендей маңайымыз сәулеленіп сала берді.

Біз ас бөлмесіне өттік.

-Шарап ішесің бе?

-Аздап.

-Шай қойсам қайтеді?

-Қажет емес.

-Бәлкім, кофе ішерсің?

-Мейліңіз.

Мен екі бокалға қызыл қошқыл шарапты орталап құйып, бірін Банудың алдына қойдым.

-Не үшін ішеміз?

-Бақыт үшін!

Бану мырс етіп күлді.

-Неге күлесің?

-Бақыт дегенге сенесіз бе?

-Сенемін.

-Ал, мен сенбеймін.

-Неге?

-Ол ұзақ әңгіме.

-Қанша ұзақ болса да тыңдауға дайынмын.

-Біреудің талайлы тағдыры біреуге қызық болмайды.

Сізді жалықтырып алмаймын ба?

-Сенің әңгіменді тыңдап, қасында осылай отыра беруге жалықпас едім.

-Ал, ол жалықты.

-Оның кім?

-Сатқын!

-Сатқыны несі?

-Сатқын болып туған соң, осы құбыжық күйінде қалады да.

Мен оның аппақ мәрмардай иығынан құшақтап, мойнынан сүйдім.

Бану бокалдағы шарапты сарқып ішті.

-Қашаннан ішесің?

-Нені?

-Шарапты.

-Сатқынға жолыққалы ішіп келемін.

-Оны жек көретін секілдісің?

-Иә, иттің етінен де жек көремін.

Бұрын-соңды көрмеген, білмеген бақталасымды мен де іштей жек көре бастағанымды байқадым. Ішімді қызғаныштың қызыл иті тырмалады. Егер оны тап қазір кездестірsem, түтіп жеуге бармын. Бірақ, ол көрінбеді. Көрінбейтін де еді. Бануды не үшін қызғандым? Әлде оны ұнатып қалдым ба? Бәлкім, жалт ете қалған ұшқыр сезім өткінші жаңбыр секілді селдетіп өте шығар. Не дегенмен бұл махаббаттан тысқары беймаза бір толқынды тербеліс еді.

Ішкі жан толқыныстарымды қыздарға тән сезімталдықпен тап басып тани алған Бану мені өзіне тартып құшақтады. Менің буырқанған бура бұлқыныстарым бірте-бірте басылып, оның сұлу келбетіне тоймай тесіле қарадым.

-Сен оны соншалықты жек көрсең де ұмыта алмаған сияқтысың.

-Қайтесіз соны?

--Оны айтқанда дауысында діріл пайда болады екен.

-Рас па?

-Рас.

-Сүйесің бе?

-Сіз не деп тұрсыз?

Ол орынынан долдана тұрды. Сұлудың сұрланғаны соншалықты сүйкімсіз болар ма? Мұрыны қушыып, көзінен от шашырады.

Япырай, мынадай хас сұлуды күресінге көзі қиып тастай салған қандай табаны тайғақ, жүрегі жоқ пенде еді? Тағдыр талқысына түскен тәкаппар қызды одан әрі қинағым келмеді.

-Тағы да құйыңызшы.

-Мас болып қалмайсың ба?

-Менің мас болғым келеді.

-Өмірдің өкініштері мен өңмендіктерінен мас болып құтылу мүмкін емес.

-Оны кім білмейді?

-Ендеше неге ішесің?

-Ішкім келген соң, ішемін.

-Бәлкім, осы да жетер.

-Немене, шарабыңызды қимайсыз ба?

-Қызықсың. Адам шарапты да қимай ма екен? Бірақ...

-Жоқ, мен бір жұтым ғана ішемін.

Екі бокалға шарапты тағы да орталай құйып шықтым. Бұл жолы тілек айтқым келмеді. Өйткені, Бануға қай тілек те ұнамас еді.

-Тілек айтпайсыз ба?

Мен аңырап қалдым.

-Айтайын.

-Тағы да сол бақыт үшін бе?

-Жоқ. Бұл жолы екеуіміздің кездескеніміз үшін.

-Бұған енді ішуге болады.

Бану жымың етіп күлді де бұл жолы да шарапты сарқып ішті.

-Менің жатқым келеді.

Балбырап тұрған қызды көтеріп алдым да төсекке қарай жүрдім. Оның жұпар иісі бұрқыраған шаштары ерекше бір нәзік те сыйқырлы сезіммен бетімді қытықтады. Банудың қызыл бүлдіргендей еріндеріне сүліктей қадалдым.

Біз арада едәуір уақыт өткен соң асханаға қайта өттік.

-Сіз мені жақсы көресіз бе?

-Иә.

-Еркектер үнемі осылай өтірік айтады.

-Бәрі емес.

-Түгелдей.

-Соның ішінде мен де бармын ба?

-Барсыз.

Дауласа алмадым. «Аттың сыры иесіне мәлім».

-Үндемей қалдыңыз ғой.

-Сенімен келісетін сияқтымын.

«Келіспей қайда барасыз?» дегендей ол өз шешімінің дұрыс шыққанына масаттанып сыңғырлай күлді. Сосын жеңісіне мәз болған жас баладай қуанып, мені сүйіріктей сұлу саусақтарымен түртіп-түртіп қойып,басын иығыма сүйеді.

-Жаңа бір әңгіме айтамын деп едің?

-Соның сізге керегі бар ма?

-Бар сияқты.

--Ендеше айтайын. Жек көріп кетесіз ғой.

-Сені жек көру мүмкін бе?

Бану теріс қарап аунап түсті. Иығының солқылдағанына, қолдарын көзіне жиі апарғанына қарап оның жылап жатқанын білдім. Оны қалай жұбатудың есебін таппадым. Ол жұбанбастан ұзақ жылады. Енді оны осы жұбанбаған күйі орынынан тұрып, қоштаспастан кетіп қалатын шығар деп ойладым. Бірақ, ол бері қарай аунап түсті де:

-Сізді ренжітіп алғаным жоқ па?-деп сұрады.

Түрі ештеңе де болмағандай жадыраңқы еді.

-Жоқ!-дедім мен ауызыма басқа сөз түспей.

-Егер сіздің уақытыңызды босқа алмасам, жүрегіңізге қаяу түсірмесем,айтайын. Әңгімем ұнамаса ескертпесіз.

-Жарайды.

Көңіл құйынының қалай-қалай құбылғанын қыздың бетіне ойнап шыға келген жұқалтаң арай анық аңғартқандай еді. Ол ішкі толқыныстары мен жан тербелістерін қанша жасырғысы келгенімен, ойнамалы жүзі сыр шашып алды.

-Кешіріңіз.-деді қыз өзінен-өзі қымсынып.

-Оқасы жоқ.

Ол «неден бастасам екен?» дегендей еріндерін қымқырып біраз отырды. Енді оны қамшылағым келмеді.

-Бәрі де сол жоқшылықтың кесірі,-деді ол.

Маған бір топ үйрек айдын-көлден дүр етіп ұшқандай сезілді. Қызға тіктеп қарамадым. Оның өңі тобарсып,

еріндері құрғап бара жатқанын ішім сезді. Алакөленкеде оның дауысы құмығып шықты.

-Жоғары оқу орынына түскеніммен, грант бұйырмады. Әке-шешемнің жиған-тергені бірінші курста-ақ сарқылды. «Енді не болар екен?» деп жүргенімде құрбыларым ақыл қосты. Содан екі-үш қыз мейрамханада даяшы болып жұмыс істей бастадық. Бірақ, оның қаржысы ешқандай жыртқымызды жамай алмайтын болмашы ғана тиын-тебен еді. Шыңын айтсам, әбден азып-тозып кеттім. Бәріне қолды бір-ақ сілтеп, ауылға тартып кетейін десем, оқуымды, құрбыларымды қимадым. Сіз білесіз бе, мектепте оқып жүргенімде «шіркін, жоғары білім алып, білікті маман болсам ғой» деп армандайтынмын. Мақтанғаным емес, сабақты жақсы оқыдым. Университетте «сабақты жақсы оқығандарды ақысыз курсқа көшіреді екен» дегендері бекершілік пе деп қалдым. Пәтерге, тамаққа, жүріп-тұруымызға, сейіл-серуенге, универге көп-көп теңге керек еді. Ауылдағы әке-шешемнің шама-шарқы белгілі.

Бану осы жерге келгенде сөзін кілт тоқтатып, жүзіме барлай қарады. Менің бет-жүзімнен құбылмалы құйтырқылық белгілерін таппады-ау шамасы, әңгімесін қайта жалғады.

-Сөйтіп сансырап сүйретіліп жүргенімде барлық бәлені Зағипа бастады. «Бір кісімен таныстырамын, үлде мен бүлдеге орап қояды» деді ол. Бастапқыда «маған неге бұлай дейсіз?» деп ер-тоқымымды бауырыма алып туладым. Оны суқаным сүймеді. Бірақ, сұр жыландай жаланып, күндіз-түні құлағымның құрыш етін жей берді. Солай оның құрған торына жыланға арбалған торғайдай топ ете түстім. Зағипа ақыры мені дегеніне көндірді. Сол күні шағын мейрамханада Зағипа мені Онымен таныстырды. Жасы келіп қалған кісі екен. Алайда, сонысына қарамай маңғаз, өзінше тәкаппарсынған біреу. Мінезі кіді. Айтуынша, байлыққа белшесінен батып қалған. «Бақытыңа енді жолықтың» деді Зағипа. Ол мені бір көргеннен-ақ ұнатты. Тіпті, өлердей ғашық болды десем, қателеспеймін. «Аспандағы Айдан

басқасын әперемін» деді. Жасыратын несі бар, солай етті де. Ә дегенде екі бөлмелі пәтер жалдап берді. Бөлмелерді жаңа жиһазбен толтырды. Енді мен сабағым, тамағым, жүрістүрысыма теңгені қайдан аламын деп уайымдамайтын болдым. Есесіне Ол шектен тыс қызғаншақ еді. Автокөлік жүргізушісіне менің жүрген-тұрғанымды аңдытып қойды. Ақымақ емеспін ғой, мен де аяғымды қия баспауға тырыстым. Бір жолы былай болды. Пәтеріме курстас құрбымды ертіп келе қалмаймын ба? Жалғыздан-жалғыз ішқұса болып өлуге айналғанмын. Қырсық шалғанда Ол есікті қағып тұр. Құрбым менің мына жасырынбақ ойынымнан бейхабар еді. Мұндай қорланбасын. Үйде бөтен жанның бар екенін біліп қатты ашуланды. «Көкем келіп қалды» деп құрбымды түн ішінде таксиге салып жібердім. Әрине, ол қандай «көкемнің» келе қалғанын біліп кетті. Содан бері пәтерге ешкім бас сұққан емес. Бөлмеде не керектің барлығы да бар. Дегенмен, жалғыздық әбден шаршатып та біткен еді. Ол апта аралатып қонып кетеді. Кейде екі-үш күнге келеді. Мұндайда пәтерден шықпаймыз. Әр келгенде Ол қалта телефонын өшіріп тастайтын.

Несін айта берейін, универді бітіргенше бетіме ешкім жел болып тиген жоқ. Ештеденен таршылық көрмедім. Есесіне ауылдағы әке-шешемнен, бауырларымнан, курстас құрбыларымнан бірте-бірте жырақтап бара жатқанымды анық сезіндім. Ол жазғы каникулда ауылға бір аптаға ғана жіберуші еді. Менің табан астында өзгеріп шыға келгеніме, несің айтасыз, барлығы да қайран қалды. Анам байғұс астарлап сыр тартушы еді. «Күндіз оқып, түнде жұмыс істеп жүрмін» деп құтылатынмын. Анам менің түнде қандай «жұмыс істеп» жүргенімді қайдан білсін? Ал, әкемнің қарасарға қотыр ешкісі де жоқ. Анам ауыр күрсінеді. Менің жүрегім парша-парша болып сөгіледі.

Алғашқында осы жүрісіме қатты қысылатынмын. Сөйтсем, универдің қыз-қырқыны бір-бір «көке» тауып алған екен ғой. Ал, бай-бағыландардың қыздары желігіп түнгі клубтардан шықпайды. Астарында қымбат көлік,

ауыздарында қымбат шарап, қымбат темекі. Беттері жылтырағанмен, сөздері өктем болғанымен көбісінің аяғы сұйық. Осыларды білген соң өзімді кінәлай да бермейтінмін. Тіпті, еркінсіп, бойым жеңілдеп қалды. Алдымнан үміт шамы жанғандай еді.

Бану ауыр күрсінді. Жанарынан жаһұттай моншақтар төгіліп, ақша жүзінде төмен қарай сырғанақтап құлдилай берді. Мен оның көз жасын сүрткенім жоқ. Ол да сүйріктей сұлу саусақтарымен іліп тастамады. Іштегі шер мұң толқытса шығады. Оны жұбатқансып, көлгірсінгім келмеді.

Хас сұлудың жылағанының өзі қайталанбас ғажайып сурет секілді. Япырай, Жаратқан адамды да осылай мінсіз жаратады екен-ау. Жас кезімде ертегілерден перінің қызы дегенді оқушы едім. Көрген адам есінен танып қалады делініп суреттелетін. Дала кезіп, жынданып кетеді деседі. Мына қыз пері нәсілінен емес пе екен? Бану жылап емес, балқып-еріп жатқандай көрінді маған.

-Шарап ішіміз бе?-деді ол басын көтеріп.

-Ішеміз.

Ол жібектей толқынды шашын сілкіп тастап, басын кеудеме қойды. Өн бойымды ыстық леп шарпыды. Оңашада санамды тағы да оқшау тілек сансыратты.

--Кейін, кейін...-деді ол менің тағатсыз тілегімді әйелдерге тән түйсігімен сезініп.

Ол маған қарап күлімсіреді де ақ торғын көйлегін киіп алды.

-Мен-маскүнеммін,--деді ол шарап толы бокалды сығымдай ұстап отырып.

--Қайдағыны айтпашы.

-Сіз білмейсіз ғой. Пәтерімде ішімдіктің түр-түрі толып тұрды. Ол әсіресе вискиді көп әкелуші еді.

-Вискиді сен де ұнатасың ба?

-Жо-ға.

-Онда вискиді кіммен ішеді? Әлде достарын ертіп келуші ме еді?

--Жоқ. Үйге достарың ертіп келмейтін еді дедім ғой.

-Сонда ол вискиді жалғыз өзі ғана ішеді ме?

-Иә.

-Сен ше?

-Мен алғаш жұмсақ шарап ішіп жүрдім. Үйрене келе арақтан да тартынбайтын болдым.

-Түсінікті.

-Ол айтқанын істетуші еді.

-Сабақ ше?

-Жайына қалды.

-Сонда курстан курсқа қалай өтіп жүрдің?

-- Тәйірі, сол да сөз болыпты ма? Теңге деген Тәңірі барда сабақ деген шопақ емес пе?

--Дәуренін жүрген-ақ екен.

Бану бокалына шарапты қайтадан толтырып алды. Темекінің мен көрмеген ерекше түрін ерініне қыстырып, оттықты жарқ еткізіп тұтатты. Қою түтін сақина-сақина болып доғалана өріліп, шеңбер жасап қалқи ұшты. Оның түтін шығарғанда еріндерін түртітіп алатыны да өзіне жараса кетті. Темекі күлін күлсалғышқа балаңүйрек саусағымен шертіп түсірген ол әңгімесін бұл жолы сұратпай-ақ бастады.

-Биыл қолыма көптен армандаған диплом тиді. Бірақ, қуанышым ұзаққа бармады. «Қатырлағынды қолыңа алған күні өзің қалаған қызметке орналастырамын. Одан әрі қызмет сатысымен биіктей бересің» деген қамқоршым қысқа күнде қырық құбылып, нілдей бұзылды. Сөйтсем, оның өмірінде тағы бір сұлу пайда болыпты. «Дипломыңды алдың. Мен қарызымнан құтылдым» деп пәтерден қуып шықты. Төрт жыл бойы жолына қарайлап, оны пірім санап келдім емес пе? Мына қылығы мені түңілдіріп жіберді. Өзімді ішіндегі шырынын сорып алып, қоқысқа тастай салған қабықтай сезіндім. Сөйтіп, бір-ақ күнде жетім лақтай маңырап далада қалдым,--деген Бану бокалға қолын қайта созды.

Ол ауыр күрсінді. Ауызынан жалын атқылады. Жайнақы жанары жұмылып, тұңғық бір тереңге жұтылып бара жатты. Денем тоңазыды.

-Кеше бұрынғы пәтеріме бардым. Ана немесін көргім келді. Пәлендей асып бара жатқан сұлулығы жоқ, тәмпіш танау ауылбайский аңқау қыз. Ендігі қыз емес қой (мысқылдай күлді). «Сіз кімсіз?» дейді ежірейіп. Оның қарсылығына қарамай бөлмелерді түгел аралап шықтым. Анау жиһаздарды жаңалапты. Бірқатар киім-кешегім, кітаптарым қалып еді. Көрінбеді. Сірә, оларды қоқысқа тастай салған-ау. Басынып, барлық бөлмені аралап жүрген бәлекеттен қорқайын деді ме екен, пәтердің жаңа қожайыны қамқоршысына қоңырау шалды. Тап осы кезде аңдып тұрғандай екі алпамсадай жігіт әлекейдей жаланып кіріп келді. Олар ай-шайға қараптастан қолтығымнан сүйрелеп далаға ала жөнелді. «Бұдан былай осы үйдің маңайынан көрсек, әке-шешен сүйегінді де таппай қалады» деді олар қабақтарынан қар жауып. Бұл екеуі Оның шабарманы екенін жақсы білдім. Мұндай қорланбаспын. Өлгім келді. Ақыл-есімнен адасып, жыңды кобелектей қалбандап келс жатқанымда сіз кездестіңіз,--деді Бану.

-Немене жаман болды ма?

«Бір ғана түндік жалдамалы пәтерде несіне кісімсіз? Ол сияқты дүние-байлығыңыз болса қырып жібереді екенсіз ғой» дегенді Банудың жүзінен оқығандаймын. Жігіттік намысым атойлап бас көтерді. Алайда, Банудың алған бетінен қайтпайтынын біліп қалған едім. Шамалы шамдандырсам, есікті тарс жауып шығып кетпесіне кім кепіл? Сондықтан «үндемеген үйдей бәледен құтылады» дегенге ұйыдым.

-Тағы да құяйын ба?

-Аздап.

-Енді не істемек ойың бар?

Ол қарсы сұрақ қойды.

-Сіздіңше ше?

-Жұмысқа орналасу керек.

(Дүниеде ақыл айтқаннан оңай не бар екен?)

-Сіз маған жұмыс тауып бере аласыз ба?

-Қарастырып көрейін.

Бұл шарасыздықтан айтылған екіұшты сөз еді. Дүниеде шарасыздықтан өткен қасірет бар ма? Қыл аяғы осындай ұрымтал жерде бір қайрат жасай алмаған соң жігіт болып жер басып жүргенім кімге керек? Ол менің дәрменсіздігіме мысқылдап қарап тұрды.

Жанымда отырып-ақ жырақтап бара жатқан Бану көз алдымда көк кептерге айналып, эне-міне пыр етіп ұшып кететіндей. Қолыма өзі келіп қонған бақ құсымды үркітіп алмау үшін неге де болса дайын едім. Ауа жетпей қалған адамдай жан-жағымды қарманып, шатқаяқтап құлап кете жаздадым. Тайқы тағдыр-ай десенші, біреуді зор, біреуді қор етіп қояды!

-Қызмет емес, жұмыс сұрап қақпаған есігім қалмады. Біреулері оскырына қарады. Біреулері сұқтана қарады. Бір мекеме бар. Бастығы мені көргенде есінен тапып қалды. Қызметке шақырып отыр. Бұл «көкемнің» де кесек кемшіліктері көрініп тұр. Бірақ, маған берген уәдесінде тұрса, қор болмайтын сияқтымын. Неде болса, маңдайыма жазылғанын көремін. Енді маған аянатын не қалды? Мен баяғы аңқау студент емеспін. Өзіме керектіні алып қалуға ақылым да, айламы да жетеді,-деді Бану.

«Оның үстіне мына сымбаттылығымды қайда қоясыз?». Мен оның ауызынан шықпаған осы сөзді айтқызбай-ақ түсінгенмін.

Әккі аңшыдан әбден қуғын көрген шуан қарсы алдымда көздерінен от ұшқындап тұрды. Мен оған тіктеп қарай алмадым. Өмірдің көптеген жойдасыз шырғалаңын көріп, ширығып алған оның қандай құбыжық болса да қаймықпастан қарсы шығарына шүбә келтіре алмадым. Қорқынышымды, денемдегі дірілді сездірмеуге тырыстым.

-Сатқын! Сүмелек! Оңбаған!-деп Бану қалш-қалш етті.

Үш бірдей қарғыс атқан қаралы теңеу қақ жүрекке дөп тиді. Кінәға белшеден бата отырып, өзіңді судан таза, сүттен ақ сезіне алмайды екенсің.

Қасқырдан қашқан көжектей дір-дір етіп, көздерім шарасынан шыға жаздап отырған маған Бану шаншыла қарады. Кірпіктері жебедей көрінді.

-Сатқындар! Шеттеріңнен сатқынсындар! Айуандар!

Қам сүт емген пенде шіркін қашанда өзің күнәдан пәк періште санайды. Пендешілігім басым түсті-ау, шамасы, үрейленіп отырсам да үмітімді үзбедім.

-Мен ше?

-Сен де сатқынсың! Барып тұрған екіжүздісің! Сорлысың!

-Қалайша?

-Қатыныңды, бала-шағаңды «іс-сапарға кеттім» деп алдап кетіп, осында ойран салып жатырсың. Сатқын емей, кімсің енді?

Ауызыма құм құйылып, тұңшықтым да қалдым.

Оның бойында әйелге тән нәзіктіктің, жылылықтың, сыпайылықтың, биязылықтың, ізеттіліктің, ілтипаттылықтың, жайдарылықтың жұрнағы да қалмапты. Жаңа ғана нұрлана түсіп, ұрлана қарап, «сіз» деп сызылып, сыпайысынып отырған ол сұрлана, сыздана түйіліп, «сенге» көшіпті. Бірақ, «сіз» деп басына көтеретіндей менің бойымда қандай игі қасиет қалды? Ол шындықты шыжғырып бетіме басты. Рас, мен сатқынмын! Иә, иә, сатқынмын! Нәжіске түсіп кеткендей өз денемнен өзім жиіркеніп, ал кеп құсайын. Жуыну бөлмесінде жарты сағаттай өз-өзіме келе алмастан сең соққан балықтай есеңгіреп тұрдым.

-Аға, қазіргі қоғамда аппақ арлы адамды қолыңызға майшам алып іздесеңіз де таба алмайсыз. Бұған қоқысқа белшесінен батқан қоғам кінәлі. Сондықтан, өзіңзді соншалықты жазғыра бермеңіз, -- деді Бану жуыну бөлмесінен оралғанымда.

Мен оның нәумез күй кешкен немқұрайлы жүзіне үңіле қарадым. Манағы тепсініп тұрған қыз көрінбейді. Орынында ойлы көзің әлдеқандай тұңғиыққа қадап, момақан, жуас бойжеткен отыр.

Диванға құлай кеттім. Әртүрлі бейнеге сәт сайын ауысып, мың құбылып жөнкіле көшетін құбылмалы бұлт сияқты

өзгермелі өксік өмір туралы ойладым. «Біреуге-- айдай алмас мал береді. Біреуге--шығар-шықпас жан береді» деп бұрынғылар қалай дәл тауып айтты екен? Дүние қызыл түлкі болып бұлаңдап, бағы тайғандарға бақыр да бұйырмай тұр емес пе? «Жігіттің бір қызығы—сауықты өмір» дегенмен, сол құрғырыңның өзі сатқындықпен туыс, сайтанмен қойындас екен-ау. Ксрек кезінде жігіттік таныта алмағанның жазасы—жер болып қорлану. Бұдан асқан қасірет жоқ.

-Малтып шыға алмас тұңғыық ойға батып кеттіңіз-ау, ағасы.

-?!

-Енді одан оңайлықпен құтылмайсыз.

-Солай секілді.

--Әне, еркектердің бәрі де сондай.

-Қандай?

--Олар сәл ғана қиындық көре қалса, қолға ұстаған қырықбуын секілді үгітіліп түседі. Шеттерінен жасық. Күйреуік. Соларына қарамастан бастарынан құс ұшырмайды. Бақастыққа бауыр басқан. Ішмерез. Іштеріне пышақ айналмайды. Қоянжүрек. Сөйте тұра «еркекпін» деп өзеурегенде өгіздей өлермен. Анау да сондай еді. Қатынынан сұмдық қорқатын. Талай рет түн ішінде іш киімін киюге де үлгермей тайып тұрды. Тіпті, ондайда «хош» деуге де шамасы келмейтін. Сужүрек! Опасыз! Оңбаған!

Банудың боран-бұрқасыны тағы да көтерілейін деген соң енді оның ығың ала сөйлеуге көштім.

-Жаным, шай қойып жіберсем қайтеді?

--Ықтиярыңыз.

Екі-үш кесе шай ішкен соң Бану байсалды қалпын қайта тапты.

-Артық кетсем, кешіріңіз. Менің де онып тұрған қылығым жоқ.

--Ештеңе етпейді.

--Күйіп кетемін ғой, күйіп кетемін. Түсініп отырған шығарсыз.

--Иә.

--Мына қайыршы заманда сұраншыдан--тіленші, соқырдан--көрмес, сараңнан--бермес туып жатыр. Қоғам ластанды. Лас жерде барлық былық иттей күшіктейді. Қазір сыйынғаныңнан сүйенгенін мықты болсын деген заман. Солай емес пе,аға?

-Солай!

-Солай болса,енді менің не істеуім керек?

--Оның жөн-жобасын тапқан сияқтысың ғой.

--Онда мен де сатқынмын! Иә, сатқынмын!

-Япырай, бүгін ауызыңа «сатқыннан» басқа сөз түспеді ғой.

-Өйткені, біз сатқын, жәдігөй қоғамда өмір сүріп отырмыз. Мұндай ортада береке,бірлік, адалдық, имандылық болмайды,аға. Кетеуі кеткен кері заманда адамгершілік, тазалық, ибалылық сияқты киелі ұғымдарға орын қалмайды. Мұны бордай тозу дейді.

Адам ашынғанда шешен болып кетеді екен ғой. Қалай-қалай тауып сөйлейді? Кейде қауып та сөйлейді. Оның мысы мені басып бара жатқандай ма, қалай өзі? Қарсы айтар уәжім қайда? Дәлелім қайда? Үш бірдей дипломын сандыққа салып тастап,бір танысымның ұлы базарда арба сүйретіп жүр емес пе? Шетелде оқып келген, адамгершіліктің, имандылықтың, тазалықтың шыңына шықты деген бір шенеуніктің баласы былыққа белшесінен батты. Ұлттың қауіпсіздігін сақтайды деген дәй ұлттың сатып кетті. Қызметтің ұшар шыңына шыққан тағы біреу жемқорлықтың торына маталды. Осындай масқараларды санап отырсаңыз, төбе шашыңыз өзінен-өзі тікірейеді.

Бану астынан су шыққандай ұшып тұрып, тез-тез киінді.

-Кетіп барамын. Хош болыңыз!

-Енді қашан кездесер екенбіз?

-Ешқашан да!

Бұл сөз соттың аса ауыр қылмыс жасаған қылмыскерге шығарған қатан үкіміндей жүректі жаншып, миды солқылдатып жіберді.

-Неге?

-Себебі, сіз тиын санаған бейшарасыз. Ал, менің бейшара болғым келмейді. Сау болыңыз!

Есік тарс етіп жабылды. Оның қатты жабылғаны соншалық, дүрс ете қалған дауысынан құлағым бітіп қала жаздады.

Тосыннан табыла кеткен тотым не деп кетті? Бейшара деді-ау. Иә, бейшара қоғамның ұлы бейшара болмай, қайда барады?

Көңілге шұғылалы сәуле себелеген Банудың бөлмеде елесі мен ауада аңқыған хош иісі ғана қалды. Жанымның бүкіл терезелерін ашып, оған деген ыстық та ынтық сезімімді білдіріп, ыстық ықыласына бөленген көлдей көңілім адасқан күшіктей далбасалап, үріп қалды! Көп –ақ қой, көп күнәларым, сондықтан оны қалай ғана кінәлармын?

Жалдамалы пәтерден құр сұлдерім сүйретіліп шықты. Аспан түнеріп, зілмауыр қою қара бұлт жыланбауырлап жылжып келеді екен. Тұңғыық та терең иірім мені шыр айналдырып шыңырауына тарта берді. Басым айналып, көзім қарауытты. Жын-пері жайлаған қара орманда жападан жалғыз келе жатқандай көңілім құлазыды, жаным жабырқады. Әлден соң төңіректі көзге түрткісіз қаратүнек басты. Мен енді осы тылсым түнектен енді қайтып шыға алмаймын-ау деп қорықтым.

Қара түнек шыңырауына шым-шым батырып барады. Неге екенін білмедім, оның құрсауынан құтылуға талпынудың орынына иірімдеріне орап әлдеқандай әлемге әкетіп қалса деп тілейтіндеймін.

Жарқ-жұрқ етіп найзағай ойнағанда барып селк ете түстім. Өкпемді өксік қысып, жүрегімді өкініш өрті жаншып келеді екен. Бұл ненің өкініші? Таба алмадым.

СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ СОЛДАТЫ

Назипа бүкіл ауылды адақтап, қарызға ақша таппай қалжырап келіп құлады. Көкірегін кере “уф“ деп ауыр күрсінгенде ауызынан жүрегі шығып кете жаздайды. Оның мына күйін көрген сырт адам “е, мына байғұстың байы өлген екен-ау“ деп ойлауы әбден кәдік еді.

Иә, Назипаның ауыр күрсінетіндей де бар. Мойынынан кедейшіліктің қамыты бір түспей-ақ қойды. “Ел қатарына қосылайық, біз де жарқырап киінейік” деп қолын — көсеу, шашын — сыпырғы қылып қара жұмысқа кіріскеніне талай жыл. Бірақ, киюын келтірмейін десе қолға дәулет құралмайды екен. Әйтпесе, осы ауылда Темірхан мен Назипадан асқан еңбекқор жан жоқ. Таңның атысы мен күннің батысына дейін бір тынбай еңбек ететін ерлі-зайыптының ісі өнбей-ақ қойған.

Кешегі Кеңес үкіметі тұсында ғой Темірхан кеңшардың тракторын жүргізді. Үсті-басы май-май болса да ай сайын Назипаның алақанына айлығын тұтас әкеліп салатын. Фермада сауыншы болып істейтін Назипаның да шаңыраққа кіргізер өзіндік үлесі бар-ды. Айлығынан бөлек күнара бірер шелек сүт әкелетін. Оны сепаратордан өткізіп, құрт-май алады. Ең соңғысы күбі түбінде қалған шалапты Темірхан таңертең тамсана сіміріп, тракторын тар-тар еткізіп қыр асып бара жатады. Оның да үйге қолғабысы көп. Жұмыстан құрқол қайтпайды. Тіркемеде бірер қап жем немесе бес-алты буулы шөп жатады. Қыстық отын да Темірханның мойынында. Өстіп жүріп ерлі-зайыпты екеуі ұл-қыздарын жетілдірді. Киер киімнен, ішер астан кем қылған жоқ.

Енді, міне, қолдағы бес-алты тұяққа қарап қалғанына көп болды. Темірхан мал басын көбейтемін деп тыраштанып-ақ бағады. Алайда, соның реті келіп жатыр ма? Қыстық соғым бар, балалардың киер киімі, тамағы бар, қорадағы малдың

басы кеміп-ақ қалады. Оның үстіне бес-алты тұяқтың қыстық жем-шөбінің өзі оңай емес. Бүгінде қырат-қырат, сай-саланың барлығының иесі бар. Алыстан шөп орып әкелу үшін көлік керек.

Ірыққа сырық жалғап өлмегеннің күнін көріп жатқаны есіне түскенде Темірхан тістенеді. Әттең, ауылда жұмыс жоқ. Баяғыдай еңбекақы төлеп тұратын жұмыс табылса қандай ауыр болса да қашпас еді ғой. Айтпақшы, кеңшар тарағанда Темірханға пай үлесі делініп 10 гектар жер, бес-алты тоқты және көне тракторы тиген. Назипаға ешнәрсе де шықпапты. Әншейінде көксау адамдай қақалып-шашалып жүретін тракторы есік алдында тұрып сау тамтығы қалмады. “Ұстай тұрайын” деп бірер бөлшегін таныстары сұрап әкетіп еді, өткенде барып қараса төрт доңғалағынан басқа түгі қалмапты. Кеңшар берген 10 гектар жерді айналдырмақ болып та әрекеттеніп бақты. Айдалада, қу мекиен жерден тиген жеріне су бармайды, орып алатын бір түйір қылтанағы болса-шы. “Мені мазақ етіп берді ме мынаны?” деп тастақты жер телімінен түңіліп қайтқан. Содан бері күнкөрісі бес саулығы мен балаларының жәрдемақысы болып қалған. Қырсыққанда өзі де, әйелі де зейнеткерлікке ілікпей қалды емес пе?

- Таптың ба?

Төргі бөлмеге етігімен кіріп келген Темірханның алғашқы сауалы осы еді.

- Жоқ! Бұл ауылдың адамдары бар болса да берер дейсің бе? Барлығы да битін сығып, қанын жалап отыр екен. Қу шөппен ауыздарын сүртіп, мені жұбатып шығарып салды. Темірхан-ау, енді қайтеміз, немізді сатамыз? — деген Назипа дауысына діріл араласты.

Қайыстай қара келіншегінің құмыға шыққан үні Темірханды да жасытып тастағандай еді. “Еркек болып бір

үйдің арбасын да дұрыстап сүйрей алмадым-ау” деген ой еңсесін басып, жасқаншақтай келіп, киіз үстіне тізе бүкті.

- Ана қызыл сиырды сатсақ қайтеді? — деді сосын амалы таусылған адамдай әйелінің бетіне тіке қараудан жасқанып.

- Балалардың ауызынан жырып жалғыз сиырды қайтіп сатамыз? Мына аш бөрідей шуылдап отырған бала-шағаң сосын не ішеді? Әлде өзімді сауып беремін бе? — деді Назипа түтігіп.

- Енді басқа амал таппай тұрмын ғой.

- Еркексің ғой, тап. Осы жұрттың еркегі жоқтан бар жасап жатыр емес пе? Немене, сенің солардан қай жерің кем?

Өмірінде Назипа ерінің бетіне қарап сөйлемеген. Мына жоқшылық, табан астында келген тапшылық оның да тілін шығарды. Әншейінде болса Темірхан төбесінен бір түйіп, әйелін тезек тергізіп жіберер еді. Кінәнің үлкені өзіне артылып отырған соң да еріксіз тілін тістеледі. Әйтсе де “сенің солардан қай жерің кем?” деген табалауы еттен өтіп, сүйекке жетті. Темірхан тістеніп, қабағын түйді. Орынынан қарғып тұрып сыртқа беттеді. Бұрын жасырақ кезінде ашуланса әйелін сабап та тастайтын. Қазір ғой, барлық күш әйел жағына ауып кетті. Қол көтермек түгілі қабақ шыта алмайтын деңгейге жеткен. Қартайғанда қатынның қорғаны ұл мен қыз, одан қала берді немерелер болады екен.

Темірхан қора жақты айналшықтап ұзақ жүріп алды. Көңді күреген болды. Шашылған шөптерді жинастырғансыды. Жыңғылдан жасалған шарбақтың бір бұрышынан мал сыйып кетерліктей ойық пайда болыпты. Бір құшақ жыңғыл әкеліп, арасына сым жүгіртіп тоқыды да, мал сүзіп жасаған қуысты тас қылып бітеп тастады.

Қолы істе болғанымен, ойы құрғыр қияда. Мына көршісі Батырбектің балалары шетінен жұлымыр болып өсті.

Мектепті бітірісімен барлығы ауылға алаңдамай, қалаға тартып кетеді. “Ойбай, Батекеннің баласы пәлен деген оқуда екен. Бітірген соң үлкен бастық болады екен” деп ел шулап жатады. Батырбектің тұңғышы университет бітірісімен қаланың бір беделді кісісінің қызына үйленіп, сонда қалып қойды. Өзі ғана қалалық болмай, іні- қарындастарын төңірегіне топтастырды. Қазір шетінен қызметкер, өткенде танк сияқты дөңкиген нән бір техниканы мініп келген. Әкесі мен шешесі отырған үйді хан сарайындай етіп жөндетті. Бүгінде Батырбек пен Күләйша шалқып ішіп, шайқап төгіп отыр. “Белорусьпен” ауылдан ұзап шықпаған Темірханның ұлдары шетінен ынжық болып өсті. “Оқиын, қалаға барып, қызмет атқарайын” деген бірі жоқ. Аанада ғой, Кенжебек “қалаға барып жұмыс істеймін” деп кетіп еді, рзкет дей ме, бәлекет дей ме, сондай бір бұзылған балаларға қосылып кетті деген хабар келген. Ағайыны Жандарбекке жалынып жүріп, Кенжебегін ауылға зорға қайтарған. Перінің үр қыздарына үйленіп, мәжнүн болып қалған жандай “қалаға кетемін” деп біраз күн аласұрып жүрді де Жандарбектің жуан жұдырығын иіскеген соң мастығы тарқаған жандай көпке дейін момақан күй кешіп жүрді. Өткенде қалаға қашып кеткен жерінен Серік ағасы соңынан қуып барып, бір мейрамханада қыздармен мәз-мейрам болып отырған жерінен ұстап, оңдырмай сабап ауылға әкелді. Содан бері Кенжебек ойнақтауын қойған. Туған-туыстың ақылымен оның аяғына тұсау салынды. Падашы Білістің қызына үйленгелі Кенжебектің “кетеміні” кеміді. Қазір ауылдың жекеменшік малын бағып Сауранбай жайлауында отыр.

Сол Сауранбайдан суыт хабар жетті. Келіннің аяғы ауыр деседі. “Егер осыдан келіндерінің қарыны қампаймай тұрғанда әкем мен шешем той жасап бермесе, жекеменшіктің малын ауыл маңына иіремін де қатыныммен қалаға кетемін” депті Кенжебек.

- Қағынғанның сөзін қара. Үлбіреп тұрған келінді “қатыным” дегені қай сасқаны? Тойды күзге салым, мал жайлаудан қайтқан соң- ақ жасасақ болатын еді ғой, — деп Назипа тұлданды.

Айыр ағаш ұстап қора жақта жүрген Темірхан мырс етіп күлді. Оның есіне осы Назипасымен алғаш отау тіккендегі күндер түскен-ді. Назипа ақ босағадан аттап, шымылдық ішіне кіріп сыңсып отырған-ды. Тетелестерімен тентексу ұрттап келген Темірханды түлеп түрткен.

- Әй, қатын, — деді ол әлі бетіне де қарап үлгермеген қалыңдығына өктемсі қарап, — сыңси бермей, қолыңа сыпырғы ал. Айналаң ыбырсып кетіпті ғой.

Мұны естіген Жұмабике жеңгесі екі бетін кезек шымшылаған.

- Көтек! Мына қағынды не деп көкіп тұр-ей?! Әлі қойыныңа да алмаған қызды “қатын” дегені несі, қатып қалғырдың. Жылы сөзін айтудың орнына әкіреңдегені несі? — деп Жұмабике қайнысының санынан шымшылаған.

Кенже ұлынын жайлаудан жолдаған сәлемдемесін естігенде Темірханның сол баяғы жеңгесі шымшылаған саны солқ еткендей болды.

Биыл қыраттарды көк көрпе ерте қымтады. Өне-міне дегенше сәуірдің самалы соқты. Елжірегіш күн қызуы бірте-бірте қалыңдап, дүркірей шыққан көкті сәулелі нұрымен биікке жетелеген. Еркелей жүріп бойжетіп қалғанын білдірмейтін қыздардай кеше ғана қылтиған көктесіннің еңсе тіктегенін көргенде Темірхан да тамсанған. “Бұ шіркін зырылдауық күнге шара бар ма? Байқатпай ілестіріп бақилыққа дейін тынымсыз жетелей бермек. Кеше ғана Наурыз мерекесін тойлап едік. Енді, міне, Бірінші Мамыр, содан соң Жеңіс күні жақындады деп бөркімізді аспанға атып жүрміз. Мерекеден мереке деп жүріп күн ұрлататынымызды білмейміз. Бұрынғы ата-бабаларымыз бір күн өтсе жылайды

екен. Ал біз “анаған жақындадық, мынаған жақындадық” деп қуанамыз. Алтынға айырбастап ала алмайтын жақұт күндеріміздің сынаптай жылтылдап өтіп бара жатқанымен ешкімнің ісі де жоқ” деп Темірхан тебіренді.

Жуа иісі аңқыған жасыл беткейге қарағанда жанары жасаурады. Көзі шіркін шаршады ма әлде мына қыраттар қалтарысында қалған қимас күндері есіне түсті ме, бұл арасына бажайлап көңіл аударған жоқ. Бірақ, жүрегі жиірек соғып, әлдеқайда асыққан асаудай атқақтап тұрғанын сезді. Сол жүрек жетегімен ол есік алдындағы жота басына көтерілді. Төңіректі қызыл, жасыл, сары, ақ гүлдер түкті кілемдей құлпыртып жіберген. Оның танауына жөргек иісі келгендей болды. Көзін жұмып осы бір жұпар иісті алыстан тартып, құмары қанғанша тұрды. Кенет ол сықыр еткен дауыстан көзіп ашып алды. Сонадайдан екі қосаяқ тышқан бірін-бірі қуалап, алаңсыз асыр салып жүр. Тіршілік-ай десеңші, тышқан да жайлылықты сезінеді, қуанады. Тірі атаулыға қуаныш сыйлаған сәуірдің бұларға келгенде селк етпегені несі?

Қырат басынан Темірхан қайраттанып қайтты. Ол неде болса кенже ұлдың тойын ертеңгі қоңыр күздің ызғырықты күндеріне қалдырмай, ертерек өткізуге тастүйін бекінді.

- Мен бір амал таптым. Ана Нұртайда үнемі тыққан-пыққан теңге жүреді. Содан 100 мың теңге қарыз ал. Жеңістің 65 жылдығында әкеме алпыс бес мың теңге беріледі. Әкімдіктен бір жолға жасалатын 25 мың теңге тағы бар. Содан қайтарамын десең Нұртай жалп ете қалады, — деді ол Назипаға ентігіп тұрып.

- Ойбай, бұл ой бұрын менің басыма неге келмеген? — деп Назипа жаулығын түзеді.

- Е, қашан да қатынның шашы ұзын, ақылы қысқа, — деп Темірхан қырланды.

Талмаурын тұстан талықсымай өткендей көңіл-күйі демде өзгеріп сала берді. Жаңа ғана түксиіп тұрған қабағы жадырап, сары самаурынды сыртқа өзі шығарды.

- Әй, қатын, тойға кімдерді шақырамыз? — деді отағасы ыстық шай толы кесені алақанына қондырып, аузына ала беріп.

- Кімдерді шақыратыныңды уақыт өзі көрсетер. “Отауын сайламай...” демекші, әуелі той жабдығын түгендеп алайық та. О, несі- ей, әлі мың құралынан бір құралы жоқ, “кімдерді шақырамыз» деп көкисің. Той жасауға қаражатың жетсе, шақыратын жекжатың да тез айқындалар. Қайдағыны айтып басымды қатырмай, шайыңды ішіп ал да ана Нұртай досыңа барып қайт. Құр бекер бармай, “әкемнің сыйлығынан қайтарамын» деп қарызды қайтарар шамаңның барын білдіріп, теңгені алып қайт, — деп Назипа сазарды.

- Сол ұры тазыдай жылмаңдаған Нұртайды суканым сүймейді әрі оның мен десе кірпідей жиырылып қалатыны бар. Әйелсің ғой, сен барсаң жібитін шығар, — деді Темірхан амалы таусылып.

- Еркек болып бір нәрсе тындыра аламысың осы сен? — деп қатпа қара әйел күйеуінің ұясына бір ұпай салды.

Жоқ жерден өзіне бедел жинап жүретін Нұртай бұл жолы да қолайлы сәтті қалт жіберген жоқ. Оңаша келген келіншектің білегін байқамағансып қысып отырып, кезінде өзіне қарамай кеткенін емеурінмен жеткізген болды. “Сондағы тапқан байың осы ма? деген табалау да жатыр еді сол емеуріннің астарында. Сұңғыла Назипа мұны аңғармады емес, аңғарды. Бірақ, бұлқан-талқан болып қолды бір сілтеп кететін жер бұл емес. Бегімсал тартқан бетінде намыс оты жылт ете ойнап шыға келгенімен, мұнысын Нұртайға сездіргісі келмеді.

- Дәсер етті деменіз. Менде теңге жоқ емес, бар. Бірақ осыдан екі күн бұрын Салқынбек сұрап алып кетіп еді.

Далақтың арасына тыққан 300 долларым бар. Бірақ ол саған аздық етеді. Асықпасаң, бірер аптадан соң қайта соқ. Тойыңа деп 150 мың теңге қарастырайын. Алайда, кешіктірмей қайтаратын бол, — деді Нұртай жомартсынып.

- Е, бәсе, құрдас деген осындай болушы еді. Өзіңнен үлкен үміт күтіп келіп едім, сенімім ақталды. Рахмет саған! Той өтісімен немесе атамның сыйлық ақшасы тиісімен қайтарамын ғой, — деді Назипа.

Оның осы бір жадыраңқы сәтін пайдаланып, Нұртай оның мықынына қол жүгіртті.

- Е, жастау кезде жуымадың. Енді құр шандырдан қандай шуақ алмақсың? — деп Назипа назданды.

- Е, келіншек кезінде уысқа бір түспедің. Түскенде ғой қабырғаларыңды күйретер едім, — деп Нұртай жаралы жолбарыстай жұтынды.

Содан бері Назипа Нұртайдікіне екі-үш мәрте соқты. Салқынбек қарызын әлі қайтармай жүрген көрінеді. “Уәде — Құдайдың аты” Нұртайдың 150 мың теңгені бүгін-ертең беріп қаларына сенімді ерлі-зайыпты той қамына кірісіп те кеткен.

Иықты басқан зілмауыр салмақтан Темірханның денесі де, жаны да жаншылып, бастырылып барып оянды. Шекпенін желбегей жамылып, сыртқа шығып еді, ауада дымқыл леп бар екен. Аспанды қазбауыр бұлт торлапты. Талмаусыраған торғын шөптің басы иіліп, топырақ құшқалы тұрғандай. Алыста, сонау Арқарұшқан тауының төбесінен найзағай жарқылдады. Сол жақтан жеткен самал өн бойын тоңазытқандай болған. Қыз мінезді көгілдір көктем бұл жолы да оқыс қылық көрсетті. Аспанды тұтас жапқан бозғылт бұлт тұтаса келіп сілкінді де көз жасын төгіп-төгіп жіберді. Жер бауырлай ұшқан қарлығаштар мен торғайлар бас сауғалап жоқ болды. Жаңа ғана мына әлемнің тұтқасын бір өзі ұстап тұрғандай маңғазсынып, құйрығын бұлғақтатып

тұрған тарғыл төбет үйшігіне жете алмай, қора ішіне зып берді. Мұқырау болған мырзадай Темірханның да салы суға кетіп, жаңа ғана пайда болған көлшік бетінде қайнаған қазан бетіндегі ойнақ салған түйіршіктердей жоғарыға біркелкі шапшыған жауын тамшыларына мағынасыз көз салып тұрды. Саптыаяқтай ерінді, қидасын кәріжілікті жігіт ағасы көктемнің осы бір тентек мінезін көріп, Сауранбай сайында отырған кенже ұлын ойлағанда жүрегі өрекіп сала берді.

Осы бір елжіремелі, екі ұдайлы әсерден шыға алмай тұрғанда өзіне қарай топ адамның адымдай келе жатқанын көзі шалды.

- Атам-ай, атам-ай! — деп ботасы өлген інгендей боздап келе жатқан Қалданның ащы дауысын естігенде құлағы тұнып қалғандай болды.

Қолындағы күрегі сусып жерге түсті.

Тоқсаннан асса да көкпардан қалмаған әкесі Мырзабайдың дәл бүгін ерегіскендей тырая қалатын реті жоқ-ты. Осыдан екі-үш күн бұрын ғана құла есегін қайқаңдатып мініп, Темірхандікіне келіп кеткен. Ол өзінің кенжесі Әмірханның қолында тұрады. Бұларға енші беріп, жеке отау жасағанына да отыз жылға жуықтапты. Өткенде келіншегі Назипамен бірге барып: “Әке, Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай әрқайсыңызға 65 мың теңгеден жәрдемақы бермек екен. Сондай-ақ әкімшіліктен қосымша 25 мың теңге бөлінгелі жатыр. Осының есебінен біз Нұртайдан қарыз алдық” деген. Содан Мырзақең сақалын саусақтарымен сауып отырып: “Е, пайдамыз немеремізге тигелі жатыр екен ғой, ала қойыңдар” деген жібіп. Сол үйдегі Қатираның қабағы түйіліңкіреп кеткені болмаса бұлар үлкен үйден көңілді оралған.

Енді міне, сол асқар таудай әке ең керек кезінде ешкімге қайыр-хош айтыспастан замандастары кеткен ауылға асыға

аттаныпты. О дүние-ай десеңші! Кімдерден қалмаған ғұмыр бұл.

Ауыл әкімі Болат белсенділерді түгел жинап, қаралы митингі өткізді.

- Бүкіл ауыл бойынша бізде бір ғана соғыс ардагері қалып еді. Ойда-жоқта сол аяулы атамыздан айырылып қалдық. Енді бізде соғыс тақырыбына естелік айтатын адам да қалмады. Соғыстың ауыр зардабы осы Мырзабай атамызбен бірге көмілді. Елде бейбітшілік, тыныштық болсын! Келер ұрпақ соғыстың атын да естімесін! Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, қадірлі ата! — деп бітірді ауыл әкімі сөзін.

Соғыстың соңғы солдатын жерлеп қайтқан сүйекшілердің ұнжырғалары түсіп, үн-түңсіз келе жатты.

Лықсып келген ащы өксік Темірханның да тоз-тозын шығарды. Бетін көлегейлеп, булығып үнсіз егілді. Саусақ арасынан төгілген ыстық жасты көрсеткісі келмегенімен, діріл қаққан денесі оның еркінен тыс өкініш-өксігін әйгілеп тұр еді. Әке қазасымен бірге оны жан азабы да қинап келе жатқанын ешкім сезген жоқ.

Арқарұшқан жақта тағы да найзағай жарқырады. Оның айқұш-ұйқыш жалыны Темірханның жүрегін тілгілеп өтті.



ТӨРКІНДЕП ҚАЙТҚАН КЕЛІНШЕК

Алыстан келген жүрдек пойыз алқынып тұрды. Жүктерімізді көтеріп билетте көрсетілген купеге кірдік. Ерлі-зайыптылар астыңғы орынға жайғасқан екен. Шалғайдан шаршаңқырап келе жатқандары аңғарылады. Дастархандары жиналмапты. Төсеніштерінде газет-журнал шашылып жатыр.

Әңгімеміз жараспады. Оның үстіне «ерлі-зайыптылар арасына есі кеткен түседі» деген де бар. Томсырайып жатқан күйеуінде томырық мінез бар сияқты болып көрінді. «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде». Кім білсін, бәлкім шаршаңқы көңіл шашыранды әңгімені кош көрмей келе жатқан шығар.

Шымкенттен шыққан отарба Түлкібасқа жеткенде біраз аялдаған.

- Саған не әкелейін? - деді күйеуі сыртқа шығып бара жатып.

Айтпақшы, купеге кірген бетте танысқанбыз. Жігіттің есімі - Тасболат. Иықты, білекті жігіттің расында қаржымды екені сырт тұлғасынан байқалады. Келіншегінің есімі - Гүлбала. Оған да өз есімі жараса қалған. Гүлдей жайнаған келіншек күйеуіне балаша еркелейді.

Тасболат бір дорба азық-түлік алып келіпті. Жолға деп ала шыққандарымды мен де ортаға қойдым. Гүлбала шай құйып отырып та күйеуіне еркелеумен болды. Қарын шіркін жұбанған соң бір-бірімізден жөн сұрасуға көштік. Оның үстіне «жол қысқарту» деген тағы бар.

- Ауылымыз пойызбен шыққанда үш күндік жер. Көптен бара алмаған едік. Сыныптастар жиырма жылдыққа шақырыпты. Содан еңбек демалысын алып, Тасболат екеуміз төркініме тартып кеттік. Ой, несін айтасыз, керемет бір кездесу болды. Сағынысып қалыппыз. Ауылдағылар үш күн, үш түн бойы ұйықтатпай, құдасындай сыйлады. Тасболатқа «күйеу» деп костюм-сым кигізді,- деді Гүлбала.

- О, төркіндеп келеді екенсіздер ғой. Қайың жұрт қоржынды толтырып жіберген шығар,- деп әңгімеге май тамыза түстім.

Төсек орынның астында тең-тең қапшық жатыр. Шеше байғұс төркіндеп келген шалғайдағы қыздан ештеңені аямаған сыңайлы.

Қою қараңғылықты қақ жарып пойыз жүйткіп келе жатты. Жол-жөнекей ұйқылары әбден қанған-ау шамасы, Тасболат пен Гүлбала жатуға ыңғай танытпады. Жолға шықсам менің де маубастығым жоқ-ты. Әңгіменің жалғаса түскенін қаладым.

Тасболат ішімдік атаулыдан татып алмайды екен. Алматыға түсе салысымен тығыз шаруаларым алдымнан шығатындықтан ішімдіктен мен де тартыншақтап келе жатқанмын. Ендігісі емен-жарқын әңгіме тиегін ағыту ғана. Төртінші серігіміз жап- жас бала екен, әлдеқайда жоғалып кетіп, екінші қабаттағы төсегіне қисайды да ұйқыға бас қойды.

Кешегі күннің қимас сәттері көкірегіне өшпестей жазылып қалған-ау, Гүлбала сонау бір сағымға оранған балғын балалық шағын жиі еске түсірумен болды. Біз оның елжіремелі күйін іштей ұғындық та үлбіреген сезімін сарқа тауысқанша сөзін бөлмеуге тырыстық. Тасболатты томырық мінезді адам-ау деп текке жазғырыппын: ауызын ашса көмекейі көрінетін ақжүректің нағыз өзі, адам жатырқауды білмейді, ақжарыла күледі. Келіншегіне күлімдей қарай қалыпты. Осы екеуінің бірін-бірі балаша еркелетуі маған тосын да қызық көрінді. «Бір-біріне деген ыстық сезімдері суынбаған қандай бақытты жандар» деп сүйсіндім.

Гүлбала ауызын әнтек ашып, жымия күлді. Оның бір қызық әңгіме айтқысы келгенін түсіне қойдық.

- Біздің сыныпта Жақыпбеков деген бір оқушы болды,- деп бастады Гүлбала,- сабақты нашар оқитын. Оныншыны бітірерде тарих пәнінен емтихан тапсыратын болдық. Кезек Жақыпбековке келді. Мұғаліміміз бір аяғын сылтып басып жүретін кісі еді. Көбіне қолынан таяғы түспейді. Қаталдығынан қаймығатынбыз. Тақтаға Жақыпбеков шықты.

- Фамилияң кім?
- Жақыпбеков.

- Билет нөмірі?
- Отыз жетінші.
- Жарайды, баста, батыр.
- Бірінші сұрақ. «Лениннің комсомолдың алғашқы съезінде сөйлеген сөзі». Ленин - революционер. Ол патша үкіметін құлатып, кедейлерге теңдік алып берген. Ленин бізге «оқы, оқы және оқы» деген.

- Кіріспеңе келістім. Енді сол Ленин атаңның жастардың алғашқы басқосуында не дегенін айт,- деді ағай.

- Ленин ата, Ленин ата. Күн көсем жастарға «оқындар» деген. Ия, «оқындар» деген. Ағай, күн көсем солай тұп-тура «оқындар» деген. Съезде «тәрбиелі болындар, үлкенді сыйландар» деді.

Түсіпбек ағай журналдан басын көтеріп алды да:

- Ленин ата жастар алдына қандай міндеттер қойды?- деп сұрады.

-Ленин атаның жастар алдына қойған міндеттеріне келсек, ол кісі «оқындар» деген.

- Сен өзі көбірек оқып жібергенсің-ау, шамасы. Екінші сұраққа көш,- деді Түсіпбек ағай сәл түнеріңкіреп.

- Екінші сұрақ. «XVIII ғасырдағы Сібір». Ағай, білесіз бе, XVIII ғасырда да Сібірде қатты суық болған. Орманның ішін сірескен қалың қар басқан. Су мұз болып қатқан. Адамдар ит жеккен шапамен жүрген. Орманның арасында мынадай- мынадай (Жақыпбеков қанатын жайып қомпия қалды) аюлар жүрген, ағай.

- Не дейсің?

- Мынадай-мынадай аюлар жүрген деймін.

Жақыпбеков қос қанатын жайып, қайтадан қомпия қалды. Ағайдың ашуы мұрынының ұшына келді-ау шамасы, «өзің аюсың» деп таяғын Жақыпбековке қарай бағыттады. Жақыпбеков жалма-жан сақтық шарасына көшіп, тұра қашты. Абырой болғанда таяқ мүлт кетті. Содан бері Жақыпбековты «аю» деп атаймыз. Осы «аю» досымыз бүгінде үлкен құрылыс компанияларының бірін басқарады. Өзі де аю сияктанып дөңгеленіп алыпты,- деп аяқтады әңгімесін Гүлбала.

- Расында, қызық әңгіме екен,- деп рақаттана күлдім. Тасболаттың күнделікті есітіп жүрген әңгімесі-ау деймін, езу тартумен ғана шектелді.

Мен Гүлбалаға «тағы бір әңгіме айтыңыз» дедім.

- Қандайы?

- Бізге бәрібір. Тек қызықты болсын.

- Мектептегі махаббат туралы айтайын,- деп сыңғырлай күлді Гүлбала,- Болат, сен мені текке қызғанып жүрме. Мектептегі балауса сезім ғой. Басқа түк те емес.

- Айтсаңшы енді,- деді Тасболат.

- Айтсам, тоғызыншы сыныпта оқып жүргенімізде маған оныншыдағы бір жігіт өлердей ғашық болды.

Келіншек күйеуіне «әсері қалай болар екен?» дегендей көзінің астымен қарап қойды.

Тасболат сыр бермеді.

- Әлгі жігіт жолдасы арқылы күн сайын хаттар жібереді де тұрады. Не жазғанын білгім келіп іштей ынтығып тұрсам да намысым тұсаулап, былай шыға хатты парша-паршасын шығарып жыртып тастаймын. Хатты оқымай жыртып тастап жүргенімді сезді-ау деймін, бір күні жолдасы келіп: «тым құрыса осы хатты оқышы» деп өтінді. «Оқысам, оқиын» дедім. Сөйтіп, үйге келгеннен соң сабақ қарамақ болып бөлмеге келіп конвертті ашпаймын ба? Бұрын-соңды жігіт хатын кім оқыған, денем дірілдеп, қолым қалтырай бастады. Жүрегім ауызыма тығылғандай ма, қалай? «Сүйіктіме» деп ерекше белгі қойылған хатты зорға оқығаным есімде. Көз алдым тұманданды. Хат орауын ашып оқи бастадым. Өз көзіме өзім сенер емеспін. «Жаным Жәмилә!» деп басталыпты үшбу хат. «Жанымы несі? », «Жәмиләсі несі?» деймін таңырқап. Сөйтсем, бұл пақырыңның «А» сыныбындағы Жәмиләда да дәмесі бар екен ғой. Екеуімізге қарлығаш хаттарын қатар ұшырып отырған. Бірде жолдасы шатасып Жәмиләға тиесілі хатты маған әкелген. Ашып оқи қойғаным мұндай жақсы болар ма? Басқаға жазылған хат болғаннан соң ба, тынысым ашылып, хатты ежіктеп оқи бастадым. Дегенмен, өзі хат жазуға әбден машықтанып алыпты. Кітаптарды көп

оқиды-ау шамасы, Жәмиләға төгілдіріп жан сырын жайып салыпты. Бірнеше қайтара оқып шықтым. Жатық жазылған. Парақтың бос жеріне «Жәмиләнмен жарасты бол! Бірақ, «екі кемеңің құйрығын ұстаған суға кетеді» дегенді де ұмытпа» деп баттита жаздым да жолдасының қолына ұстата қойдым. «Жауап келді-ау әйтеуір» деп қуанса керек, әлгі ғашығым хатты жалма-жан ашып оқыпты да түнеріп сала беріпті. Содан бері бұл пақырың мені көрсе қашқақтап жүретін болды. Кім білген, жаңылыспай хат қолыма тура тигенде балғын жүрек оның сезіміне бағынғандай ма еді? Кейіннен сол жігіт үріп ауызға салғандай әсем бір қызға үйленді. Өкініштісі, артынша ажырасып кетті деп естідік, - деп аяқтады әңгімесін келіншек.

Тасболатқа көз қиығымды жүгірттім. Аздап қызыл қошқынданыпты.

- Бәрібір саған бұйырдым ғой, - деп бұртиды Гүлбала.

Маған Тасболат өкпесін тез ұмытып, жадырағандай көрінді.

Желдей ескен жүйрік пойыз жер апшысын қуырып зымырап келеді. Жол бойындағы бағана шамдары әйнекке шағылысып, бөлмеге түрлі сәуле себезгілейді. Алыс күндердің арайлы тандары аңсарлы бақыт ұсынып тұрғандай ертеңімізге асығатын әдетіміз ғой. Жағудың қамымен сыртқа шықтық. Гүлбала жатар орынды реттемек болып іште іркіліп қалды. Дәліз қарабарқыттанып тұр екен. Әйнектен қалмай жанасып, қарақошқыл ағындай зулап қалып бара жатқан тал-теректер көрінеді. Сонау алыста малшының ба әлде дала қосының ба оты жамырайды. Тіршілік шіркін қашан да алға талпынады ғой. Мына зымыраған пойыздай зырлауық көңіл алыстарға самғайды. Иә, жер басып жүргендердің барлығы да тіршілік отының маздай беруі үшін күреспей ме? Алыстағы ағараңдаған сәуле мені де тұңғыық ойға жетеледі.

Тасболат екеуіміз тамбурға шықтық. Ол темекі тұтатты. Сөйлесіп ұзақ тұрып қалдық.

- Аға, осы келініңізбен тағдыр тоғыстырғалы бері төрт құбылам түгелденгендей. Бір көргеннен құлай сүйдім. Әлі

де сүйемін. Менің жанымды Гүлбаладай түсінетін мына әлемде ешкім жоқ,- деді Тасболат темекі түтінін құныға жұта тұрып.

- Ақылды адам екені көрініп тұр,- дедім.

Басқа сөз ауызыма түспеді.

Қайтып келсек, Гүлбала жатып қалыпты. Көрпе тысынан оның тоят төсінің бір көтеріліп, бір басылып жатқаны анық байқалды.

Таңертең тұрсақ, пойыз Алматыға жақындап қалыпты. Қара түнектің көбесі сөгіліп, айналаға ақ нұр себезгілей бастаған. Купенің терезесін ептеп ашып қойдым. Таңғы шықтай таза ауа тынысымды ашты. Қалаға әлі кіре қоймаппыз. Боз жусанның иісі бой- бойымды аралап өткендей, жеңілдеп қалдым. Жастық шағымның ең бір жалынды күндерін өткерген ару Алматы менің де сағынышым. Оралмасқа кеткен студенттік шақтар еске түсіп, жүрек жаншылды. Қымбат та қимас күндер қайта айналып келмесін ойлап, өзек өртенді. Барқыт бақыт пен мөлдір махаббат ұсынған ару қала әр келген сайын оттай ыстық көрінеді. Бәлкім, бал күндерді қалдырған жер бақилыққа дейін әр адамның жүрегінде өшпестей болып таңбаланып қалатын шығар.

- Тұңғиық терең ойға беріліп кетіпсіз ғой, аға,- деген дауыстан селк еттім.

Гүлбала ғой.

- Тасболат қайда?

- Темекі тартуға кетті.

Адамдарды аспандататын да, жермен жексен ететін де, куандыратын да, суалдыратын да, өсіретін де, өшіретін де - бір ауыз сөз. «Айтқан сөз — атылған оқ» деген бұрынғылар. Әйтсе де, ауызымыздан аңдаусызда бүкіл тағдырды тас-талқан етер бір ауыз сөздің оқыстан шығып кететінін, сондықтан екі елі ауызға төрт елі қақпақ қою керек екендігін біз парықсыз пенделер ылғи да ұмытып кете береміз. Сонымыздан опық жейміз. Өмір бойы өзімді көшіре алмастай сол бір сұрақты Гүлбалаға неге қойдым

екен деп сәт сайын бармақ тістеумен келемін. Қай түлен түрткенін білмеймін:

- Гүлбала! Төркінде армансыз ұзақ жатыпсыздар. Балаларды неге ерте бармағансыздар? Нағашыларына барып, аунап-қунап қайтар еді ғой,- дедім өзімше білгішсініп.

-Аға, арамызда әлі де алданыш жоқ. Қаралмаған дәрігер, бармаған әулие-әмбие қалмады. Тағдырдың маңдайға жазылғаны осы шығар,- деді дауысы құмығып шығып.

Тілімді жұтып қойдым-ау сонда. Не деген парықсыз едім деп өзімді-өзім жатша сөктім. Гүлбалаға қарасам, жүзінде әлденеге деген сағыныштың, сонымен бірге түсініксіз торығудың табы бар екен. Жанарына қос тамшы жас іркіліпті. Ет жүрегімді тағы да түсініксіз иірім толқыны талықсытып тастады. Өң бойым шымырлап, беймаза бір күй кештім.

- Кешір, айналайын,- деуге тілім зорға келді.

Алматының базарлы вокзалы жолаушыларды улап-шулап қарсы алды.

- Үйіміз қаланың сыртында. Үйге жүріп бірер күн аунап-қунап қайтыңыз,- деді Тасболат.

Риясыз көңілімен айтып тұрғаны жылы жүзінен, күлімдеген көзінен көрініп тұр.

- Тығыз шаруаларым бар еді,- деп қашқақтадым.

- Ешқандай қымсынбай үйге келіңіз,- деп Тасболат қалта телефонының нөмірін жазып берді,- Гүлбала екеуіміз қуана қарсы аламыз.

- Уақытым болса хабарласармын.

- Қош, аға! Саулығыңызды тілейміз. Хабарласыңыз. Күтеміз.

Жүктерін арбаға тиеп, қолтықтасып алған жұбайлар құмырысқадай қаптаған адамдар иіріміне бірте-бірте сініп, көзден тасалана берді. Сапырылысқан сан мыңдаған жүргіншілер арасында жалғызсырап, жаным жаншылып келе жаттым. Өң бойымды қай сезім серпілісі толқытқанын білмеймін, жүрегім езіліп, кеудеме бір өксік тығылды. Алматының өтпелі жаңбыры себелеп өтті...

Мазмұны

Алғысөз	3
Ақсақ Темірдің алмас қылышы (повесть)	8
Сұңғыла (повесть)	40
Үрей (әңгіме)	80
Елес кезген еңселі үй (әңгіме)	95
Көгентікен (әңгіме)	108
Құл (әңгіме)	118
Қызы жоқ кемпір (әңгіме)	130
Ақылды ойыншықтар дүкені (әңгіме)	141
Дәнібектің дарағы (әңгіме)	149
Жарқ етіп жоғалған бейне (әңгіме)	161
Жетіқарақшы (әңгіме).....	168
Шамның сынық сәулесі (әңгіме)	179
Жаңа үйдегі бөтен әйел (әңгіме)	192
Жұмақтан қашқан періште (әңгіме)	200
Жанардағы жұмбақ мұң (әңгіме)	208
Мен оны кінәлай алмадым (әңгіме)	219
Соғыстың соңғы солдаты (әңгіме)	234
Төркіндеп қайтқан келіншек (әңгіме)	244



Сабырбек ОЛЖАБАЙ

АҚСАҚ ТЕМІРДІҢ АЛМАС ҚЫЛЫШЫ

Повестер мен әңгімелер

Редактор **Аманхан ӘЛІМҰЛЫ**
Көркемдеуші редактор **Болатбек ДӘНІҚҰЛҰЛЫ**
Техникалық редактор **Мильсим ЖАМИЕВ**
Корректор **Жолдас ОЛЖАСҰЛЫ**
Пікір жазған **Жанна ИМАНҚҰЛОВА**

Дайын файлдан
ЖК “Канеев Е.К.” баспаханасында басылды.
Алматы қаласы Бурундай көшесі 107
ұялы телефон +7 777 382 44 08

Басуға 25.07.2019 қол қойылды.
Офсеттік басылым. Көлемі 60x84^{1/16}.
Қаріп түрі «Times New Roman». Баспа табағы 15,8
Таралымы 1000 дана.



Сабырбек ОЛЖАБАЙ

Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, Ф.Мүсірепов және С.Адамбеков атындағы әдеби сыйлықтардың лауреаты, Республикалық «Тарих. Тағылым. Тұлға» байқауының бірінші орын иегері, 2005 жылдың қорытындысы бойынша облыстың ең үздік жазушысы, «Алтын қауырсын» номинациясының иегері, Ресейдің халықаралық Психология академиясының құрметті мүшесі, Қазақстанның педагогикалық академиясының профессоры, Қазақстанның құрметті журналисі, Баспасөз саласының үздігі, Қазақ журналистикасының қайраткері, Созақ ауданының құрметті азаматы, ТҮРКСОЙ-дың Құрмет грамотасының иегері.